

Қ. СЕЙДАНОВ, Г. НИШАНОВА

# ӘДЕБИЕТ

*Жалпы орта білім беретін мектептердің  
5-сыныбына арналған оқулық*

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру  
министрлігі баспаға ұсынған*

*Төртінші басылым*



УЎК: 821.512.122(075)  
372.882  
КБК 82.3 (5Қоз)я72  
С31

### Пікір жазғандар:

**Е. Абдувалитов** – Низами атындағы Мемлекеттік педагогика университетінің қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, п.ф. кандидаты, доцент  
**А. Жаңбырбаева** – Ташкент облысы, Шыршық қаласындағы 17-мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәні оқытушысы.  
**А. Үмбетова** – Ташкент облысы, Қыбырай ауданына қарасты 9-мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәні оқытушысы.

### ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР



– жаңа тақырып



– сұрақтар мен тапсырмалар

**Республикалық мақсатты кітап қоры  
қаржылары есебінен басылды.**

ISBN 978-9943-01-738-2

© Қ. Сейданов, Г. Нишанова, 2005, 2011, 2015, 2020  
© «O‘ZBEKISTON», БПШҮ, 2005, 2011, 2015, 2020

## АЛҒЫ СӨЗ

Иә, ардақты жас достар! Сендер кітап оқуды енді ғана үйрене бастайсыңдар. Қолдарыңа алып, оқығалы отырған осы кітап – «Әдебиет» деп аталды. «Әдебиет» – негізінен араб сөзі. Оның бірден-бір мағынасын белгілі ғалым, әрі ақын Ахмет Байтұрсынов: «Асыл сөз» деп атаған.

Шынында да әдебиет – сөз асылы, бірден-бір сөз өнері, асыл сөз. Өйткені, әдебиеттің негізгі құралы – тіл. Ал, тіл – сөз арқылы іске асады. Сондықтан да, халқымыз: «Тіл – тас жарады, тас жармаса, бас жарады», – десе, енді бірде: «Сөз – сүйектен өтеді, таяқ – еттен өтеді», – дейді.

Бұл түгелдей шындық. Бір ауыр сөз айтып, өз достарыңды ренжітулерің де мүмкін, ал бір жақсы сөз айтып оларды қуантуларың да мүмкін. Сол үшін де, халқымыз: «Жақсы сөз – жан азығы, жаман сөз – жан қазығы», – дейді.

Солай екен, әрбір әсем де асыл, сырлы сөздермен жазылған көркем шығармаларды оқи отырып, олардан рухани нәр аласыңдар.

Көркем шығармаларды оқу арқылы бірде тебіреніп, бірде күлесіңдер. Ал, енді бірде, солқылдап жылауларың да мүмкін.

Міне, бұл – көркем әдебиеттің құдіреті, тамаша сипаты. Өзіне тән ерекшелігі. Өйткені, әдебиет арқылы өмірге деген көзқарастарың қалыптаса бастайды да, ақыл-ойларың жетіле түседі. Сол үшін де, әдебиет мәдени өмірлеріңнің рухани азығы болумен бірге, сарқылмас қазыналарың, үлкен байлықтарың.

Президентіміз Шавкат Миромонович Мирзиёев: «...**жас ұрпақтың рухани-интеллектуал дәрежесі, санасы мен дүниетанымын арттыру, Отанға және халқына деген шексіз махаббат сезімін оятуда және ұрпақ тәрбиелеуде кітап оқу мәдениеті ерекше маңызға ие**», – деген болатын.

Расында да, Сіз – жастар! Аса ақылды, дана, ерен ойлы, рухани дүниелерің бай болуы үшін халқымыз: «Кітап – білім булағы, білім – өмір шырағы», – деп айтқанындай, кітаптан қол үзбей, ылғи да ақын-жазушылардың көркем шығармаларын үзбей оқып, олардан нәр алуларың аса қажет. Ол Сіздерге, өмірді тануларыңыз үшін керек-ақ!

Рухани байлыққа ие болу үшін кітап оқуға ерекше мән берулерің керек. Өйткені, халқымыз: «Білегі күшті бірді жығады, білімі күшті мыңды жығады», – деген болатын.

Сол үшін, осы күннен бастап кітапты көп оқып, одан көп тәлім-тәрбие алуға ұмтылуға тиіссiңдер!

Бірақ, көркем әдебиетті оқығанда оған ерекше ықылас қойып, оны түсініп, зейін қоя оқу керек. Сонда ғана, жандүниелерің жарқырап, ойларыңа ой қосылып, сезімдерің барған сайын байи бастайды. Бойларыңда күш-қуат пайда болып, сендерді ерекше жігерлендіреді де, әсем сөйлеуге, жақсы адам болуға талпындыра бастайды.

Сендерге тағы бір, ерекше ұқтыра кетерлік жайт, көркем шығармаларды оқығанда, достарыңмен бірге талдап, өзара пікір алысып оқуға ұмтылыңдар. Кейбір асыл жанды адамдардың нұрлы бейнелерін, ыстық сезімге бөленген жүрек тебіреністерін аңғарып, олардың асқақ армандарынан, үлгілі істерінен сүйсініп, оларға мың да бір алғыс айтасыңдар. «Сондай адам болсам екен» деген арман, көңілдеріңді толқытып, өз жетегіне үйіре түседі. Ынтықтырып, тамаша адам болуға жетелейді.

Міне, мұндай тамаша ойлар, кемел шешімдер көркем шығармаларда кең көрініс табады. Сондықтан да, сен өз қолыңа алған көркем әдебиетті оқығанда, тым асығыстық жасама. Үнемі мұқият, зейін қойып оқы. Оқып болған соң, өзіңнің ақыл таразыңа салып, ойлан. Өйткені, әр сөйлемде, тіnten, әрбір сөзде айтылар терең ой, терең пікірлер жатады. Соны білуге, соны терең түсінуге ұмтыл. Сонда ғана, сенің нені жақсы көрін, нені жаман көретінің анық аңғарыла бастайды.

Оқулықта беріліп отырған әрбір шығарма соңындағы сұрақтар мен тапсырмаларға айрықша мән бер. Ол өзің оқып отырған шығармаларды дұрыс түсінуге, жан-жақты білуге жұмылдырумен бірге, ойлануға жетелейді. Ойыңды анық айта білуіңе көмектеседі. Пікіріңді айқындата бастайды.

Солай екен, ардақты жас достар! Қолдарыңа енді ғана тигелі отырған «Әдебиет» оқулығы, сендердің көмекші, ақылшыларың. Ең жақын достарың, қымбатты мүліктерің.

Сондықтан да, «Әдебиет» оқулығын ардақ тұтып, қастерлеп, күтіп ұстаңдар! Дұрыс пайдалануға ұмтылыңдар! Өйткені, оны, сенен басқа да, кейінгі іні-қарындастарың өз қолдарына алып оқиды. Сол үшін, қолдарыңдағы «Әдебиет» оқулығын жыртпай, сызбай, абайлап ұстай білу—сендердің негізгі міндеттерің.

Ұқыштылық пен тазалық, өзара бір-біріне деген адал достық, өзара сый-құрмет, әрбір оқушының басты міндеті екендігін де естеріңнен шығармауға тиіссiңдер.

Іске сәт, жас достар! Ардақты оқушылар!

---

## **БИРИНШИ БӨЛІМ**

---

### **АУЫЗ ӘДЕБИЕТИ**

Ауыз әдебиеті – сан ғасырлардан бері ауыздан-ауызға өтін, бүгінге дейін жетін келген халқымыздың бірден-бір байлығы, асыл қазынасы. Ауыз әдебиеті – елде жазу өнері болмаған кездерде пайда болған сөз өнері. Онда халықтың асқақ арманы, тарихы, тұрмыс-тіршілігі, өмір сырлары, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы ауызша айтылып, ауыздан-ауызға көшіп, бізге дейін жетін келген.

Ауыз әдебиетінің белгілі бір авторы, айтушысы болмайды. Сөндыктан да, ауыз әдебиеті үлгілері әр жерде, әр түрлі айтыла береді. Бірде біреу қосып, өзінше өзгертін айтса, енді біреулер қысқартып, ықшамдап айтуы да мүмкін. Сол үшін де, ауыз әдебиеті үлгілері көп нұсқалы, әр түрлі болып келеді.

Ауыз әдебиетінің түрлері көп. Мәселен: **ертегілер, аңыз-әңгімелер, тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, батырлық жырлар, ғашықтық жырлар, шешендік сөздер, ақындар айтысы** сияқты тағы басқалар.

Солай екен, ауыз әдебиетін қаншалық көп оқып, көп білсеңдер, сендер соншалық өз халқыңның не-не асыл салт-дәстүрлерін, тұрмыс-тіршіліктерін, тамаша асыл қасиеттерін жетік біліп, оны өз бойларыңа сіңдіре түсесіңдер. Ана тілдеріңнің тамаша байлығын терең меңгеріп, оның ерен сырларын жан-жақты ұғынып, көркем бейнелердің әр түрімен танысасыңдар. Бұл сендер үшін үлкен байлық, сарқылмас қазына.



## ТҰРМЫС-САЛТ ЖЫРЛАРЫ

Қазақ халқы арасында кең тараған ауыз әдебиеті үлгілерінің ең тамаша түрлерінің бірі – «Тұрмыс-салт жырлары». Өйткені, Тұрмыс-салт жырларында әрбір халықтың өзіне ғана тән тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, асқақ армандары жан-жақты көрініс табады. Әрі оларда төрт түлік малдарға байланысты ойлар да сыр шертіп, әр түрлі жан-жануарлардың өзіндік ерекшеліктері де сөз болады.

Тұрмыс-салт жырларының ең көне, әрі тамаша түрлеріне – «Бесік жыры», «Тұсау кесер», «Той бастар», «Беташар», «Жар-жар», «Сыңсу», «Бата», «Жоқтау» сияқты т.б. әр түрлі салттарға байланысты айтылатын жырлар жатады. Мәселен: «Бесік жырында» жас сәби өмірге келгенде, анасы оны бесікке бөлеп жылаған баласын жұбату үшін» әлди-әлди, ақ бөпем» – деп, бесікті тербете айтады.

«Бесік жыры» негізінен баланы жұбатуға ғана арналғанмен, оның ішкі мәнінде, ананың асқақ арманы, күнделікті тіршілік тынысы анық аңғарылады, әрі өз баласының келешегіне деген тілектері, арман-мүдделері, өз өмірімен тығыз байланысты айтылады. Онда тамаша ойлар, терең сырлар бар. Өйткені, ана өз баласын тербете отырып, басынан кешкен қайғысын да, қасіретін де, өмірден көрген қуанышы мен азабын да жасырмай қоса жырлап, баласының болашақта асыл азамат болып жетілуін мұрат етеді.

Сондай-ақ, «Бесік жырында» қазақ халқының балаға деген шексіз сүйіспеншілігі, жақсы адам болу жолындағы арман тілегі, эстетикалық көзқарастары да әдемі көрініс табады. Мәселен, ана әлди айту арқылы бала бойына, оның сана-сезіміне, тамаша сазды үннің әсем әуенін сіңдірсе, бесік тербету арқылы бала денесін ширатып шынықтыра түседі. Әрі, жаңа өмірге келген жас сәбиінің болашағын ойлап, қолынан келген бар мүмкіндіктерін соның жолына арнайтынын ашық айтып, өзінің асқақ арманын білдіреді. Өз еліне, Отанына адал қызмет ететін ерен азамат болып жетілуге, қоғамдық өмірден өз

орнын таба білуге жұмылдыра түседі. Сөйтіп, жас нәрестенің өмірге деген талпынысын қалыптастыра бастайды және баланың ойын жан-жақты жетілдіре түседі.

## БЕСІК ЖЫРЫ

Әлди-әлди, ақ бөпем,  
Ақ бесікте жат, бөпем.  
Жылама, бөпем, жылама,  
Жілік шағып берейін,  
Тарғыл иттің құйрығын,  
Жіпке тағып берейін.

\* \* \*

Айналайын, шырағым,  
Көлге біткен құрағым.  
Қолымдағы құндызым,  
Аспандағы жұлдызым.  
Сені бағып мәпелеп,  
Отанды ардақ тұтатын,  
Ер-азамат етейін.

\* \* \*

Айналайын, балам-ай,  
Айналсын сенен анаң-ай.  
Әлдилеп сені сүйгенде,  
Атаңның болар көңілі жай.  
Әкең де сенің қуанып,  
«Отанға еңбек ететін,  
Ерен жігіт болсын» – деп,  
Үмітін саған артады-ай.  
Әлди, балам, әлди-ай! –



деп, жас нәрестені әлдилей отырып, оның болашағына үлкен үміт арта тіл қатады. Келешекте өз Отанына адал қызмет ете білетін нағыз азамат болуын армандайды.

Жас сәбиінің шын мәніндегі асыл азамат болып жетілуін арман ете отырып, оның болашағынан үлкен үміт күтеді. Бұл – әрбір ананың басты арманы, бірден-бір мақсат-мұраты.

Ана арманын ақтауға, әрбір бала міндетті. Тінтен ана:

Айналайын, ақ бөпем,  
Ақ бесікке жат, бөпем.  
Күні ертең жетіліп,  
Айыр қалпақ киетін,  
Ақырып жауға тиетін,  
Батыр болар ма екенсің?!

\* \* \*

Бармақтарың майысып,  
Түрлі ою ойысып,  
Шебер болар ма екенсің?

\* \* \*

Таңдайларың тақылдап,  
Сөйлегенде сөз бермей,  
Шешен болар ма екенсің?  
Ел басқару ісінде,  
Көсем болар ма екенсің?

\* \* \*

Кең балағың түрісіп,  
Ойда, қырда жүрісін,  
Белінді мықты буысып,  
Балуан болар ма екенсің?

\* \* \*

Жау жағадан алғанда,  
Түн ұйқынды төрт бөлін,  
Қаймықпай соққы беретін,  
Батыр болар ма екенсің?



\* \* \*

Кұрығыңды майырып,  
Түнде жылқы қайырып,  
Жаудан жылқы айырып,  
Жігіт болар ма екенсің?

\* \* \*

Тәуелсіздік таңында,  
Терең білім игерген,  
Зейін салар әлемге,  
Ғалым болар ма екенсің?

\* \* \*

Айналайын, балдырған,  
Қылығың мейір қандырған,  
Өнердің отын жандырған,  
Күйші болар ма екенсің?



## ТҰСАУ КЕСЕР

«Тұсау кесер» жырында негізінен, бесікте жатқан жас сәби енді ғана қаз-қаз тұрып, тәй-тәй жүріп, аяғын апыл-тапыл баса түскен шағында, «құламай-сүрінбей тез жүрін кетсін», деген оймен, ылғи да ата-ана өз баласына «Тұсау кесер» рәсіміп жасап отырған.

Баланың ата-анасы ауылдың аяулы аналары мен құрбы-құрдас-тарын жиып, жас баласының аяғына кәдімгідей ала жіп, не ақ жіп байлап, тұсауын қарт әжелер мен аталарға, не ел арасында сый-құрметке ие болған ел ағаларына кестіріп отырған.

Баланың аяғына ақ жін, не ала жін байлаудың да өзіндік сыры бар. Енді ғана өсіп келе жатқан жас нәрестенің жолы ақ болсын, ешкімнің ала жібін аттамайтын адал болсын деген ойларға негізделген.

Көп ретте ата-ана өз баласының тұсауын елге аса қадірлі адамдарға, қарт-әжелер мен аталарға кестіреді. Кейде аяғын жылдам басатын, сөзшең, өнерлі әйелдерге де қидыратын болған. Онысы бала есейе

келе сүріншек, жайбасар болмасын, өнерлі, созшең, халық арасында сыйлы болсын деген оймен, баласының тұсауын өнерлі адамдарға да кестіріп отырған.

Сойтіп, тұсауы кесілген баланың қолынан ұстап, күллі жұртшылық алдында ары-бері жүргізетін болған. Баланың үстінен шашу шашып, ата-анасы «Тұсау кесер» кәдесін жасаған.

Тұсау кескен жандарға көйлек-орамал, не шапан кигізіп, оның соңы ән-күйге, ойын-сауық кешіне айналған.

## ТҰСАУ КЕСЕР ЖЫРЛАРЫ

Қаз-қаз, балам, қаз балам,  
Қадам бассаң мәз болам,  
Күрмеуінді шешейін,  
Тұсауыңды кесейін.  
Келші, жаным, кел, балам!

\* \* \*

Тағы, тағы баса ғой,  
Тақымыңды жаза ғой,  
Қадамыңа қарайық,  
Басқаныңды көрейік,  
Тұсауыңды кесейік.  
Келші, жаным, кел, балам!

\* \* \*

Қаз-қаз, балам, жүре ғой,  
Балтырыңды түре ғой.  
Тай, құлын боп шаба ғой,  
Озып бәйге ала ғой.  
Отан қамын ойлайтын,  
Ер азамат бола ғой.



Қаз баса ғой, қарағым,  
Бұрыла саған қарадым.  
Бұдан былай жүргенде,  
Құтты болсын қадамың!  
Есейіп ертең ер жетін,  
Таудай болсын талабың!



Құтты болсын қадамың.  
Дәл осылай әманда,  
Өмірге аяқ баса бер.  
Биіктерге қол созып,  
Асулардан аса бер.  
Тәуелсіздік таңында,  
Қарыштап қадам баса бер.



## ТОЙ БАСТАР

Қазақ халқы қашан да жас нәресте өмірге келген соң, оны қырқынан шығарып, шілдеханасын өткізеді. Содан «Тұсау кесер» рәсімін, ал мектепке барғанға дейін оның сүндет тойын жасайды.

Сондай-ақ, ұлын үйлендірін, қызын ұзатып қуаныштан-қуанышқа бөлене түскен сәттерде де, жұртшылықты жиып, халыққа той береді.

Сөйтін, қазақ халқы өз баласының сүндет тойын жасаумен бірге, ұлын үйлендіру, қызын ұзату тойларын да ерекше салтанатпен атап өтетін болған.

Осындай, қуанышты сәттерде тойға жиылғандар «Той бастар» өлеңдерін айтып, тойда туған-туыстары озара қуаныштарын бір-біріне білдіріп жататын болған. Той бастаушыларға өз кәделерін жасап, оларға сый-зияпаттар да беріп отырған.

## ТОЙ БАСТАР ЖЫРЫ

Бағлан серке, марқасқа қой бастайды,  
Қой алдына жануар ойқастайды.  
Құтты тойға кез болған жолды жігіт,  
Бұрынғының жолымен той бастайды.

\* \* \*

Құнан қойын сайлатып, сойдырған үй,  
Табақ-табақ ет тартып, тойдырған үй,  
Сәтті күні сәрсенбі той қылыпсыз,  
Құтты болсын тойыңыз, той қылған үй!

\* \* \*

Қотан толып қойыңыз қойға ұлассын!  
Қырға сыймай шуласып, ойға ұлассын!  
Құтты болсын айтамыз тойыңызға,  
Той иесі, тойыңыз тойға ұлассын!..

\* \* \*

Белгілі бұл қазаққа тілдің желі,  
Той қылдың жұрт жинап мерекелі,  
Сәрсенбі сәтті күні той қылыпсыз,  
Тойыңыз тойға ұлассын берекелі!..



## ЖАР-ЖАР

«Жар-жар» – тұрмыс-салт жырының бір түрі. «Жар-жар» айту негізінен, қыз бала өз елінен, екінші бір елге, екінші бір жұртқа келін болып, ұзатылып бара жатқанда айтылатын олең.

Ұзатылып бара жатқан қыз, өз елімен, ата-анасымен, ел-жұртымен, ауыл адамдарымен, туған-туыстарымен қоштасу барысында айтады.

Қызды оң сапарға аттандыру барысында, ауылдағы құрбы-құрдастары оны жұбата түсіп, ыстық мейірге жұмылдыра түседі. Қыздың көңіл-күйін көтерін, оған «Ақ жол», құтты қоныс тілейді. Өйткені, қыз қашанда ата-анасының үйінде қонақ. Сол үшін қыздар

ерекше ардақталып, ығни да құрметтеліп отырған. Тіптен халқымыз: «Елдің сәнін – қыз келтіреді», «Астың дәмін – тұз келтіреді» – деп те, қыздарды аса жоғары бағалай білген.

Қызды оң сапарға аттандырғалы отырған сәттерде, жігіттер мен қыздар оған арнайы жар-жар айтып, шығарып салған. «Жар-жар» негізінен ойын-күлкіге, әзіл-оспаққа негізделін те айтылған. Мәселен:

Алып келген базардан,  
Қара насыр, жар-жар-ау.  
Қара мақпал сәукеле  
Шашың басар, жар-жар-ау,  
«Мұнда әкем қалды», деп  
Қам жеменіз, жар-жар-ау,  
Жақсы болса қайын атаң,  
Орнын басар, жар-жар-ау!

деп, жігіттер жағы қызды жұбата үн қатса, оған қыз да, табан астында тауып айтып, қолма-қол жауап бере бастайды: Мәселен: ұзатылып бара жатқан қыз:

– Есік алды қара су  
Майдан болсын, жар-жар-ау,  
Ақ жүзімді көргендей  
Айнам болсын жар-жар-ау,  
Қайын атасы бар дейді,  
Осы жұртым, жар-жар-ау.  
Айналайын әкемдей,  
Қайдан болсын, жар-жар-ау!

деп, қайыра жауап айту арқылы, өзінің алдында үлкен сын, ерен жауапкершілік тұрғандығын да тілге алады. Әрі, елін, туған жерін, ата-анасын, туған-туысқандары мен құрбы-құрдастарын сағынатындығын айта білген.

Құрбы-құрдастары ұзатылып бара жатқан қыздың көңілін көтеріп, оған басу айтып, жұбата түседі. Сойтін, олар қызды елімен, жерімен, туған-туысқандарымен қоштастырады.



## БЕТАШАР

«Беташар» да тұрмыс-салт жырларының ең көне түрлерінің бірі. Қазақ халқының әдет-ғұрпы бойынша, жаңа түскен жас келінге «Беташар» рәсімін жасамай, оны ешкім көре алмайтын болған.

Жаңа түскен, жас келін басына ақ орамал жамылған бойда, жүзін томен ұстап, адамдарға тік қарай алмайтын болған. Ұялып, бетін көлегейлеп, өзінің жүзін ешкімге көрсетпеуге тырысқан.

Беташар сәтінде, қолына үкілі домбырасын алған ақын жігіт, күллі жұртшылық алдында, жас келінге ата-енесін, ел ағаларын, халық қадірмендерін, абысын-ажындарын, өздеріне тән ерекшеліктерімен арнайы таныстырып, әрбірінің азаматтық, адамилық келбетін аша түсіп, оны олеңмен айтып, келінге сәлем салдыратын болған.

Ауыл адамдарының әрбірінің өзіне тиісті бағасын беріп, кейде мақтап-марапаттап айтса, енді бірде жеңге, жезделерді абысын-ажындардан өлең жолдарында түйреп, сынап та, айтып та отырған.

Бет ашатын ақын жігіт жас келін жұбайының жақындарына лайықты әзіл-оспақ, қалжыңдар араластыра айтып, әрбірінен көрімдік сұрап, жиылған жұртты ду-ду күлдіре түсетін болған.

Ел ағаларын дәріптеп, биікке көтере айтса, кейбір қылжақбас, еңбек сүймейтін жалқаулардың тірлік-тыныстарына дейін дөп баса айтып, оларды келемеждеп, күллі жұртшылықты мәз-мәйрам ететін болған.

Сөйтіп, «Беташар» тойдың басы, әрі келін сәні болып, жас келіннің жаңа өмірге аяқ басқан сәттеріндегі, ең бір есінде ұзақ сақталып қалатын, қызықты күндерінің бірі болған. Мәселен:

Келін келді, көріңіз,  
Көрімдігін беріңіз.  
Анау-мынау деменіз,  
Жұмыртқадай ақ келін,  
Сауысқандай сақ келін,  
Түсіне қарап көріңіз, –

дей отырып, ата-енесіне, туған-туысқандарына, ел ағалары мен ақ жаулықты аналарға, абысын-ажындарына, қайнағаларына сәлем салдырады. Мәселен: Қу, көсе жезделерінің біріне арнап:

Там басында пақал жоқ,  
Сипайын десе сақал жоқ,  
Қонысбайға бір сәлем! –

десе, ауыл ақсақалдарына, ел ағаларына арнап, оларды дәріңтей түсіп:

Аулымыздың ағасы,  
Елтірі тонның жағасы,  
Ермағамбетке бір сәлем! –

дейді.

Кейде, кейбір әзілдесе беретін жеңгелерінің біріне арнап:

Арқалап отын тасыған,  
Қайрылып желке қасынған,  
Күнсұлуға бір сәлем! –  
дейтін де болған.



## БАТА

Халық арасында үлкеннен бата алуы – сан ғасырлардан бері қалыптасып, бүгінге дейін жетіп келген халық байлығы, рухани қазынасы.

«Бата» да ақ ниет, пәк сезім, елге, жерге, дастарқанға, не жаңа түскен жас келінге, немесе ұзақ сапарға аттанып бара жатқанда қадірменді үлкен қариялардан алынатын ақ ниет.

Былайша айтқанда, батаның түрлері аса көп. Оның негізінде асқақ арман, жақсы тілек, үлкен үміттер жатады. Көп ретте жастар орнынан тұрып, үлкендерден «Илаһи, әумин» деп, бата сұрайды. Мәселен:

Илаһи, әумин!  
Алла, ақ жүзді абыройлы қылсын.  
Бәле-жаладан сақтап,  
Дастарқан байлығын,  
Деннің саулығын берсін! –

делінсе, кейде:



Алла, эманда,  
Ақ жүзді, абыройлы қылсын.  
Бәледен-жаладан сақтасын  
Кеткеніміз келсін,  
Кемшілігіміз толсын.  
Біздің ауыл былай,  
Сіздің ауыл олай,  
Жарылқасын Құдай! –

десе, тіптен:

Ала биең құлындап,  
Алатауға сыймасын.  
Қара биең құлындап,  
Қаратауға сыймасын.  
Айың тусын оңыңнан,  
Күнің тусын солыңнан.  
Мал қосылсын малыңа,  
Бас қосылсын басыңа,  
Кетпесін дәулет қасыңнан, –  
Аллаһу, әкбар! –

деп те бата беріп отырған.





1. «Тұрмыс-салт жырларының» түрлерін айтып беріңдер.
2. «Тұсау кесердің» негізгі сырлары неде?
3. «Жар-жар» өлеңдерді өзара жатқа айтып беріңдер.
4. «Беташардың» мәнін қалай түсіндіңдер?
5. «Батаның» негізгі мақсаты не?
6. Үйлеріңде ата-әжелеріңнен бата беру жайлы кеңес алыңдар! (Жазбаша тапсырма)



## НАУРЫЗ ЖАЙЛЫ ТҮСІНІК

Тұрмыс-салт жырларының ең көне және аса тамаша түрлерінің бірі – «Наурыз жырлары». «Наурыз» мерекесі. Ол негізінен Шығыс елінің, бүкіл мұсылман халқының ұлы мерекесі. Бұл күнді халқымыз: «Ұлыстың ұлы күні» дейді.

Бұдан бірнеше ғасыр бұрын, Шығыс халықтары «Наурыз» мерекесін жыл басы – «Жаңа жыл» ретінде тойлап, оған айрықша мән бере қараған.

Егеменді ел, Тәуелсіз мемлекет болғаннан соң, «Наурыз» мейрамы қазақ, өзбек, қарақалпақ, қырғыз, түрікмен сияқты т.б. түркі тектес халықтар арасында үлкен салтанатпен атап отілін, ол жылдар өткен сайын қанатын кеңінен жая түсті.

Бұл – Егеменді ел, Тәуелсіз мемлекет болғанымыздың бірден-бір шапағаты, жемісі.

Орайы келгенде, бір айта кетерлік жайт, Шығыстың ұлы ғұламалары: Махмұт Қашқари, Әбу Райхан Беруни, Әл-Фараби, Әбілқасым Фердауси, Әлішер Науаи, Омар Хаям сияқты т.б. өрен ой иелері, «Наурыз» мерекесі жайлы тамаша ойлар айтып, ерекше ардақ тұтқан.

«Наурыз» сөзі парсы тілінде «**Нау**» – жаңа, «**руз**» – күн, яғни «Жаңа күн» деген мағына береді. Бұл қазіргі күн есебі бойынша, Наурыздың 21 жұлдызына тура келеді.

Бұл күнді қазақ пен өзбек те, қырғыз бен башқұрт та, түрікмен мен татар да, жалпы түркі халықтары: «Жаңа жыл» – «Жыл басы» деп есептеп, аса үлкен құрметпен назар аударған.

Бұл күнде: «Бүкіл жан-жануар, табиғат оянып, Самарқанның көк тасы еріп, жер көктеп, гүл-қызғалдақтар жайнап, Жер ана жусай түседі», – деп түсінген.

Ұлыстың ұлы күні: «Наурыздың» 21-інде, күн мен түн теңеседі. Сөйтіп, қыстың соңы, көктемнің басы ретінде күн жылынып, қар еріп, жыл құстары келе бастайды.

Ұлыстың ұлы күнінде жұртшылық ауыр жұмыс істемейді. Ұзақ сапарға шықпайды, тігіс тікпейді, құрылыс жұмыстарын жүргізбейді, адамдар бірін-бірі ренжітпейді. Бұрын-соңды ренжіскендер болса, олар қайта қауышып, құшақтаса көрісіп, мәре-сәре боп жата-тын болған.

Тінтен, бір-біріне дауыс көтеріп те сойлемейтін болған. Бұл күні әйелдер кір жумайды, ер азаматтар шарап ішпейді, құрбандық шалмайды, құран оқылмайды. Бұл күнді бүкіл Шығыс халқы тойлап, қуаныштары қойындарына сыймай жатады.

Кейбір аңыз-әңгімелерде, «бұл күнде Қызыр ата даланы аралап, елге, жерге құт-береке таратады» деген ойды алға тартады. Сөйтіп, еңбек адамдары қолдарына кетпен, күрек алып, арық тазалайды, бұлақ көздерін ашады. Қыр басындағы шалғын көкке жиылып, әркім өз тапқандарын сонда алып барып, «Наурыз көже» кәдесін жасап, мәз-мәйрам болып жатады.

«Наурыз көжені» әр отбасы жеті түрлі дәмнен: ет, сүт, тұз, су, бидай, жүгері, май сияқты т.б. нәрселерден жасайтын болған. Аса үлкен ас қазанға құйылған «Наурыз көжені» жиылған жұртшылыққа халық қадірлейтін, ел сыйлайтын бір қарт ана тартып беріп отырған.

«Наурыз» мерекесінде әр түрлі, көңіл күйді көтеретін ойын-сауықтар жасалған. «Балуандар күресі», «ат жарысы», «қыз бен жігіт айтысы», «қыз қуу» сияқты т.б. түрлі бәсекелер, ойын-сауықтар кеңінен жүргізілген. Әрі, көңіл көтеретін «Наурыз жырлары» оқылып, ән шырқалып, би биленіп, күмбірлете күйлер тартылған. Алтыбақанға мінген қыз-жігіттер өзара әзіл-оспақ айтысып, өзара қалжыңдар кең өріс ала түскен.

Жаңа жыл жарқын болашағымызда айтылатын «Наурыз» жырларында, халқымыздың салт-дәстүрлері, «Алтыбақан» ойындары ойналып, әсіресе, қыз-жігіттердің өзара қақтығысы, әзіл-қалжыңдары, олең-жырлары айрықша орнектеле түсетін болған. Жалпы айтқанда,

«Наурыз жырлары» халқымыздың аса үлкен мейрамы, негізгі рухани байлықтарының бірі болған. Сондықтан да, бір-біріне:

– Әй, аман ба?  
– Иә, аман!  
– Өзің ше?..  
Біз де аманбыз.  
– Ұлыс оң болсын!.  
Ақ мол болсын!  
Қайда барсақ жол болсын!

деп, амандаса, құшақтаса, көрісе түскен.



## НАУРЫЗ ӨЛЕҢДЕРІ

Ұлыс күні кәрі-жас,  
Құшақтасып көріскен.  
Жаңа ағытқан қозыдай,  
Жамырасып өріскен.  
Құшақтаса көрісіп,  
Шалдар бата беріскен.

«Сақтай гөр» деп терістен.  
«Дәулет пен бақ кел» десіп,  
«Кемел тілек бер» десіп,  
Қолын жая бата алып,  
Бет сипасып, қуана,  
Медет бер Алла, дейіскен, –

деп, бір-біріне ыстық ықылас пен ерекше ілтипат білдіріп отырған.

Ұлыстың ұлы күнінде,  
Құл құтылар құрықтан,  
Күң құтылар сырықтан,  
Кетік ыдыс шоміштің,  
Буы кетер бұрқырап.



\* \* \*

Ұлыс күні қазан толса,  
Ол жылы ақ мол болар.  
Ұлық кісіден бата алсаң,  
Сонда олжалы жыл болар,—

дей отырып, одан әрі:

Ұлыс оңды болсын,  
Мал қонды болсын.  
Төрт түлік – төлді болсын!  
Азаматтар тақты болсын!  
Бәрімізге бақ қонып,  
Жұмысымыз оңды болсын,—

дей түскенде, енді бірі:

Ұлыс – береке, бірлік әкелсін!  
Бәле-жала жерге енсін!  
Шайың қызыл болсын!  
Өмірің ұзын болсын!  
Балаң ұлды болсын!  
Бағың жанып,  
Несібең таса берсін!  
Дұшпаның қаша берсін!—

десе, тағы бірі:

Қойың өрістен кетпесін,  
Биең желіден кетпесін,  
Сауғаның бие болсын.  
Баққаның түйе болсын,  
Азаматтың бәрі де,  
Мал-жанға ие болсын!  
Дастарқаннан байлық кетпесін,  
Бізге қастық қылғандар,  
Мақсатына жетпесін, —

дейді. Немесе:

Ұлыстың ұлы күнінде,  
Ұлың оңға қонсын!

Қызың қырға қонсын,  
Өріс малға толсын.  
Дәулетің асып,  
Басыңа әман бақ қонсын!

\* \* \*

Оқ атса жетпесін,  
Тәңірің берген несібең,  
Тепкілесе кетпесін,  
Қойың өрісті болсын,  
Биең жемісті болсын,  
Түйең боталы болсын,  
Жігітің жоталы болсын! –

деп, бір-біріне жақсы тілектер, шынайы ойлар айтып, қуана түскен.



1. Өлеңдерді мәнерлеп оқыңдар.
2. «Наурыз жырларында» қандай тілектер айтылған?
3. Өлеңнің көтеріңкі пафосын, эмоциялық әсерін қалай ұғындыңдар?
4. Өлеңдерде нақыл, өсиет қалайша айтылған?
5. Ата-әжеңнен «Наурыз өлеңдерін» дәптерлеріңе жазып алыңдар.



## ТӨРТ ТҮЛІК ТУРАЛЫ

Қашан да, қазақ халқы үшін төрт түлік мал күн көрісінің бірден-бір байлығы, сарқылмас қазынасы болған. Сондықтан да, олар жайлы халқымыз арасында талай-талай тамаша жырлар айтылып, олар айрықша қастерленіп отырған. Өйткені, төрт түлік мал, олар үшін мінсе көлік, кесе киім, сойса ет, сауса сүт болып, халық жағдайының жақсаруына өздерінің игі әсерлерін тигізген.

Сондықтан да, ауыз әдебиеті үлгілерінде төрт түлік малдың ерекшеліктерін кеңінен таныстырып отырған. Мәселен: «Маң-маң басқан, маң басқан», «Түйе-түйе, түйелер», «Қасқырдың қойшыға айтқаны», «Малдың баласын сүюі» деген сияқты өлеңдерді ойдан

шығарып, әрбірінің өздеріне тән сипаттарын ашып, жыр жолдарына қосқан. Төрт түлік малды өздерінің байлығы ретінде танып, айрықша бағалаған.

Тінтен, жас балаларды кішіпейіл, өзінен үлкенді сыйлай білетін етіп тәрбиелеу үшін де, мал арасындағы мейірімділікті дәрінттеп, мысал ретінде, тілге алып отырған. Мәселен: «Малдың баласын сүйюі» жайлы айтылған өлеңдерге назар аударайық.

Қой сүйеді баласын – «қоңырым» деп,  
«Ештеңені білмеген момыным» деп.  
Сиыр сүйеді баласын – «торпағым» деп,  
«Қараңғыда баспаған қорқағым» деп.  
Түйе сүйеді баласын – «боташым» деп,  
«Жаудыраған козіңнен тоташым» деп,  
Ешкі сүйеді баласын – «лағым» деп,  
«Тастан-тасқа секірген шұнағым» деп.  
Жылқы сүйеді баласын – «құлыным» деп,  
«Тұлпар болып жүгірер жұрыным» деп, –

– деп, төрт түлік малдың өз балаларына деген мейірін, әдемі өлең жолдарында өрнектей түссе, түйе малының өзіндік ерекшеліктерін, төзімділігін теңеу сөздерімен:



Маң-маң басқан, маң басқан,  
Шудаларын шаң басқан,  
Төрт аяғын тең басқан,  
Екі өркешін қом басқан.  
Тілін тікен теспеген.  
Алабота, теріскен.  
Мұрындығы келіскен,  
– Шөк! – дегенде, «Бык!» деген,  
Шешіп үйін жүктеген.  
Түйе деген жануар!



– «Бұл не?» деп сұрағанда, сендер балдырғандар, айтылған ойлы сөздердің мағынасына қарап, бірден «Түйе» деп, жауап бересіңдер. Немесе:



Мүйізі айдай иілген,  
Мұрнын көкке шүйірген.  
Керілген желіп, сала емшек,  
Сауғанда жаның сүйінген,  
Ірімшікпенен үйірген.

– «Бұл не?» – дегенде, әрине, бұған «Сиыр» деп, жауап берулеріңде дау жоқ. Не болмаса:

Ешкі қойды бастаған,  
Қойды артына тастаған.  
Ешкі деген жануар,  
Сойса, саны қалақтай,  
Сауса, сүті бұлақтай,  
Ешкі деген жануар.  
«Баста!», десе бастаған.  
Қайырып мүйіз тастаған.  
Жанына лақ келгенде,  
Сүзіп-сүзіп тастаған.



немесе:



Құла бием құлын тап,  
Құлын таппа, құнан тап,  
Бәйгелерде озатын,  
Құнан тапсаң жүйрік тап!



1. Төрт түлік малдардың бір-бірінен қандай айырмашылықтары бар?
2. Төрт түлік мал жайлы өздерің не білесіңдер?
3. Өлеңдерді жаттап алыңдар.
4. Төрт түлік малдың ерекшеліктерін қалай түсіндіңдер?
5. Төрт түлік мал несімен құнды?



## МАҚАЛДАР МЕН МӘТЕЛДЕР

«Мақалдар мен мәтелдер» – қазақ халық ауыз әдебиетінде ерте замандардан бері айтылып келе жатқан, халықтың асыл ойының тобықтай түйіні. Онда, халықтың, асқақ арманы – өзінің шешімін табады. Мақал-мәтелдерде терең ой, тамаша пікір қозғалады.

Ей, жас ұландар! «Мақал-мәтелдер» – сендердің ақылдарыңа ақыл қосатын, ойларыңды тереңдете түсетін, жарқын болашақтарыңа дұрыс жол, бағыт-бағдар беретін асыл сөздің атасы. Ол – сөз асылы, тамаша сөз маржаны.

«Мақал-мәтелдерде» айтайын деген ой, аса ықшам болып келеді де, ол қысқа ғана мағынада көрініс таиқанымен, оның негізгі мәнінде үлкен ой, кемел мағына жатады.

Онда, сан қилы ойдың тамаша жемісі өрнекті, әрі қысқа да нұсқалы сөздермен беріледі. «Мақал-мәтелдің» мағынасы тым терең, сөзі аса ықшам, әрі көркем, есте ұзақ сақтауға да тиімді, жеңіл болумен бірге, оның тәрбиелік мәні де аса күшті болып келеді.

«Мақал-мәтелдер» сендерге терең ой салумен бірге, олардан үлгі, өнеге де аласыңдар. Мәселен: «Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың» – деп, игілікке жұмылдырады. Немесе: «Еңбек–ер атандырады», «Еңбегі бардың, өнбегі бар», «Не ексең,



соны орасың», «Аз сөйлеп, көп тыңда», «Ез, ез адамнан без», «Жақсы тауып айтады, жаман қауып айтады» деген сияқты т. б.

«Мақал-мәтелдер» өзінің ішкі мәніне, айтайын деген ойына қарай әр түрлі болып келеді. Мәселен:

## ОТАН, ТУҒАН ЖЕР ТУРАЛЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Отан – оттан да ыстық.  
Отан үшін от кешсең – күймейсің.

\* \* \*

Ел–ердің анасы.  
Ер–елдің егесі.

\* \* \*

Ел іші – өнер кеніші.

\* \* \*

Ерден безсең де,  
Елден безбе.

\* \* \*

Ит – тойған жеріне,  
Ер – туған жеріне.

\* \* \*

Кісі елінде сұлтан болғанша,  
Өз елінде ұлтан бол.

\* \* \*

Бақа–көлін сүйеді,  
Бұлдырық–шөлін сүйеді,  
Ер азамат–елін сүйеді.

\* \* \*

Опасызда отан жоқ,  
Жылпос жанда иман жоқ.

\* \* \*

Өз елім – өлең төсегім.

\* \* \*

Отансыз адам –  
Ормансыз бұлбұл.

\* \* \*

Кісі елінде күркірегенше,  
Өз елінде дүркіре.

\* \* \*

Мал қонысын іздейді,  
Ер жігіт туған жерін іздейді.

\* \* \*

Аққу – көлін аңсайды,  
Ер – туған жерін аңсайды.

\* \* \*

Ер жігіт елінің ұлы,  
Намысының құлы.

\* \* \*

Отан үшін күрес –  
Ерге тиген үлес.

\* \* \*

Іргесі берік елді –  
Жау алмас.

Ақылды ерді – дау алмас.  
Батырдың елін – жау алмас.

## ЕҢБЕК ТУРАЛЫ

Еңбек түбі – береке,  
Бейнет түбі – мереке.

\* \* \*

Еңбек етсең ерінбей,  
Тояды қарның тіленбей.

\* \* \*

Еңбегі бардың,  
Өнбегі бар.

\* \* \*

Ексең егін,  
Ішесің тегін (Өзбек мақалы)

\* \* \*

Еңбек – ер атандырады.  
Жалқаулық – жер соқтырады.

## ДОСТЫҚ, АДАЛДЫҚ ЖАЙЛЫ

Ақылдан асқан дос бар ма,  
Ақымақтан асқан қас бар ма.

\* \* \*

Досы жоқ басым,  
Тұзы жоқ асым (Өзбек мақалы)

\* \* \*

Бақыт – достықта,  
Ырыс – ынтымақта.

\* \* \*

Адал адам – арымас,  
Жалқау адам – жарымас.

## ОҚУ, ӨНЕР, БІЛІМ ТУРАЛЫ

Тәуелсіз елдің тірегі,  
Білімді ұрпақ жүрегі.

\* \* \*

Өнер алды – қызыл тіл.

\* \* \*

Өнерлі жігіт – өрде озар,  
Өнерсіз жігіт – жер соғар.

\* \* \*

Көре-көре көсем боласың,  
Сөйлей-сөйлей шешен боласың.

\* \* \*

Оқусыз білім жоқ,  
Білімсіз күнің жоқ.

\* \* \*

Өнер – аздырмайтын азық,  
Жұтатпас байлық.

\* \* \*

Кітап – білім бұлағы,  
Білім – өмір шырағы.

\* \* \*

Кітапсыз – білім жоқ,  
Білімсіз – күнің жоқ.

## ЕРЛІК, БАТЫРЛЫҚ ЖАЙЛЫ

Ерді намыс өлтіреді,  
Қоянды қамыс өлтіреді.

\* \* \*

Ел үмітін – ер ақтар.

\* \* \*

Елдің атын – ер шығарады.  
Ердің атын – аты шығарады.

\* \* \*

Ерлік білекте емес, жүректе.

\* \* \*

Айралы батыр – алдырмас,  
Ақылды батыр – шалдырмас.

\* \* \*

Көз қорқақ, қол батыр.



1. Мақалдар мен мәтелдердің озіне тән ерекшелігі неде деп ойлайсындар?
2. «Ит – тойған жеріне, ер – туған жеріне» деген мақалдың мәнін қалай түсінесіңдер?
3. Халық неге «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», – дейді?
4. «Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын», – деп не үшін айтылған?
5. Үйде «отан», «достық» туралы мақал-мәтелдер жазып келіңдер.



## ЖҰМБАҚТАР

Ауыз әдебиеті үлгілерінде ерекше орны бар, халық мұраларының ертеден келе жатқан тамаша түрлерінің бірі – «Жұмбақтар».

Қашан да, адамдар бір нәрсенің белгілі бір ерекшеліктерін, өздерінше ой түйіп, екінші бір нәрселердің белгілері арқылы

жұмбақтап айтып отырған. Ол халық арасында жұмбақ ретінде тілге алынып, кең өріс ала түскен.

Жұмбақтар да мақал-мәтелдер секілді, белгілі бір ұйқаспен, тапқыр оймен ерекше тапқарталып айтылады.

Жұмбақтар ерте замандардан бері, халық арасында кеңінен айтылса да, жаңа заманға, жаңа жағдайларға байланысты үнемі жаңарып, дамып, өзгерін отыруы да мүмкін.

Жұмбақтар негізінен, адам баласын жан-жақты ойлануға, ойқиялдарының дамып, ширай түсуіне мол мүмкіндік берді.

Жұмбақтап айтылатын мәселелер ылғи да, қоршаған ортаға байланысты туындаумен бірге, аспан әлемдері, жан-жануарлар дүниесі, жыл мезгілдері, адамдар мен оның дене мүшелері, құрал-жабдықтар – арналы арқау, өрісті өзек болған. Сондықтан да, жұмбақтардың тақырыптары үнемі сан алуан, әрқилы боп келеді.

Жас достар! Өздерің де, әр түрлі нәрселерді жұмбақтап айтуға талпынып көріңдер де, оның шешімін өздерің табуға ұмтылыңдар.

Жұмбақтар ойларыңның ұшқыр болуына, зейіндеріңнің жетіле түсуіне жан-жақты жағдай жасаумен бірге, сендерді тапқырлыққа жұмылдыра түседі. Ойыңды толғандырып, қиялдарыңды қырыққа бөледі. Жұмбақтар негізінен ойшылдыққа, тапқырлыққа, зейінділікке баулиды. Мәселен:

Ти десем, тимейді,  
Тиме десем, тиеді. *(Ерін)*

\* \* \*

Өзі тоқ, көлеңкесі жоқ. *(Ұра)*

\* \* \*

Қара күшігім қаңқ етті,  
Дауысы Бұхараға жетті. *(Мылтық)*

\* \* \*

Ерте тұрдым, алып ұрдым. *(Есік)*

\* \* \*

Мўрты бар, сақалы жоқ,  
Тоны бар, шапаны жоқ. *(Пияз)*

\* \* \*

Таңертең төрт аяқты,  
Түсте екі аяқты.  
Кешке үш аяқты.

*(Адам баласының сәби шағы, жигіттік кезі, қарттық шағы)*

\* \* \*

Бір нәрсе білмегенді білдіреді,  
Өзіңді тұрсаң қарап күлдіреді.  
Жалғанда әңгімесі сондай қызық,  
Жаныңды тындай берсең, кіргізеді. *(Kiman)*

\* \* \*

Ат басты,  
Арқар мүйізді,  
Бөрі кеуделі,  
Бөкен санды. *(Шегіртке)*

\* \* \*

Құлағы мен көзі жоқ,  
Жоқ, тіпті қол мен аяғы.  
Бірақ ғажап онерпаз,  
Мәнерлеп ою ояды. *(Қырау)*

\* \* \*

Асыл затты жолдай бөлып ағылған,  
Ішінде бір жібек тарам-тарам тағылған. *(Өнер-білім)*

\* \* \*

Айсыз қара түнде аса сұлу, әдемі,  
Нұрын төгін, күллі жұртты таң қылған. *(Электр жарығы)*

Ойланып мен жұмбақты енді жазам,  
Дүниеде бар тым күшті қара қазан.  
Үстінде жанды-жансыз толған мүлік,  
Ән салып кетін жатыр азан-қазан. (Пойыз)



1. Жұмбақтар қандай тақырыпта жазылғанын айтып беріңдер.
2. Өздерің үйде жұмбақтарды тауып, дәптерлеріңе жазып келіңдер.
3. Жұмбақтардың нұсқалы, әрі тым ықшам келетіндігінің себебі неде?
4. Үйде аталарыңнан, әжелеріңнен жұмбақтар жазып алыңдар.
5. Жұмбақтардың ішкі мәнінде не жататындығына ерекше көңіл бөліңдер.



## ЖАҢЫЛТПАШТАР

Қазақ халық ауыз әдебиетінде ұсақ жанрлар санатына қосылатын мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар ерекше орын алады.

Әсіресе, сендердің дұрыс, әрі айқын сөйлеулеріңді дамытуда жаңылтпаштардың алатын орны айрықша.

Жаңылтпаштар жастарды дұрыс сөйлеуге үйретумен бірге, олардың тілін дамытуға жаттықтыратын аса құнды жанрлардың бірі.

Кейбір жастар кей сөздерді, не бір жеке дыбыстарды дұрыс айта алмай, әбден қиналатын кездері жиі-жиі болып тұрады.

Тінтен, кейбір еркелеу өскен, шолжақай жастар он беске дейін сақаулана сөйлеп, кейбір сөздер мен дыбыстарды дұрыс айта алмауы да мүмкін.

Әсіресе, көбіне балалардың дұрыс айта алмайтыны, тілдері келе бермейтін «Р» дыбысы. Мәселен: кейбір балалар «Әй, Тайқарбай, жылқыңды жайлауға жай Тайқарбай». «Әй, Тайқарбай, дегенің қай Тайқарбай?» – деген сөздерді жылдам айттырған кезде, бала жаңылып «Р» дыбысын айта алмай, бұзып айтатын кездері жиі болып тұрады. «Р» дыбысы орнына «Й» дыбысын қолданып, «Тайқайбай» деп жіберетіндігі өмірде жиі кездеседі.

Жаңылтпаш сөздер жайдан-жай айтыла бермейді. Оның қоғамдық мәні де, аса үлкен болады. Өйткені, жаңылтпаш айту арқылы



балалардың тілін ұстартумен бірге, оларды қоршаған ортадағы талай көріністермен, өмірмен таныстырады.

Әрі, сөздердің мағынасын бұрмалап жібермеу үшін, оларды абайлап сөйлеуге, байыпты айтуға жұмылдыра түседі. Мәселен:

Тарта қойдым,  
Орта қойдым,  
Орта қойдым,  
Жорта қойдым.

Немесе:

Мынау қай арал?  
Қайың менен тал арал.  
Талға қарға ұялар,  
Тарғыл иттің құйрығы,  
Талға оралар, талға оралар.

Жаңылтпаштар бала тілін дұрыс сөйлету үшін, тек «Р» дыбысына байланысты айтыла бермейді. Кейде, айтылуы қиын, мағынасы жағынан бір-біріне тым кереғар тұратын сөздерді, бір-бірінен айыра білдіру үшін де қолданады.

Сондай-ақ, жаңылтпаштарды айтқызу арқылы балаларды ынтымақ пен бірлікке, татулыққа жұмылдыра түседі. Мәселен:

Қамаштан көріп қалашты,  
Қалашқа Жарас таласты.  
Бөлінсін десе қалаш тең,  
Таласпа, Жарас, Қамашпен.

Көбінесе жаңылтпаштар айтылуы қиын сөздерді айқын сөйлету арқылы, сол сөздердің мазмұны мен мәнін аша түсуге, дұрыс аңғартуға үндейді. Мәселен:

Ұлы тауда ұларлар бар,  
Ұларларды ұстар ұландар.

Оларды орағыта қашатын,  
Ұларлар айлалы ма?  
Ұларды орнынан босататын  
Ұландар айлалы ма?

Немесе:

Жақсы атты әп-сәтте,  
Асқаттар ақсатты.  
Ақсақты-тоқсақты,  
Жаза алмай бас қатты.  
Ақсатса жақсы атты,  
Кім болар жақсы атты?

\* \* \*

Әсен әсем билеймін деп әлек.  
Қасен шешен сөйлеймін деп әлек.  
Қашан Қасен шешен сөйлеп еді?  
Қашан Әсен әсем билеп еді?  
Әсем билегендерін де көргеніміз жоқ,  
Шешен сөйлегенін де көргеніміз жоқ.

\* \* \*

Төбесі төбел төрт бөрік,  
Төртеуі де көк берік –

Немесе:

Құдағиға сақтаған сұр бал қаймақ,  
Ол бал қаймақты мен жаламай, кім жалайды.

## ӨТІРІК ӨЛЕНДЕР

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінде өтірік өлеңдер де мол кездеседі. Өтірік өлеңдер халық арасында бүгінге дейін, жиі-жиі айтылады. Ол негізінен әзіл-оспақ, өтірік сынға құрылады да, тыңдаушы жұртшылықты өз жетегіне үйіріп, серпілте түседі.

Өтірік өлеңдер де қиыннан қиыстырылған тапқырлық болумен бірге, онда айтылған ойдың өткірлігі мен қисыны аса күшті боп келеді.

Өтірік өлеңдер балалардың ақыл-ойын дамыта түсумен қатар, қиялы ой-өрісін өркендете түсуге ерекше ықпал етеді.

Өтірік өлеңдердің кез келген тақырыптарында адам күлерлік, бой сергітерлік әдемі әзіл-оспақ болады да, тыңдаушыларын үлкен ойға шомдырады. Әрі, өтірік өлеңдердің мәнінде белгілі орын атқаратын кейіпкерлері де болады.

Әсіресе, өтірік өлеңдерде кездесетін кейіпкерлер арасындағы белгілі бір қарым-қатынастар, олардың өмір тіршілігі үшін еткен іс-әрекеттерінің бәрі де күлкілі болып келеді.

Оның үстіне, өтірік өлеңдердің кейіпкерлері көрініс тапқан өмір құбылыстары, олардың бір-бірімен болған қарым-қатынастары, ылғи да, бейнелі сөздермен әсірелеу арқылы сипатталады.

Өтірік өлеңдер негізінен қарт кісілер мен мектеп жасындағы балалардың оқуына да, жаттап алуына да, лайықты боп келеді. Ойларына оралымды, көкейлеріне қонымды болып отырады.

Қазіргі кезге дейін бізге жетін келген өтірік өлеңдерден: «Кербие, торы құлын», «Кірпі шешен», «Торы тай», «Өтірік өлеңдер», «Шыбын», «Бүркіт», «Қамыстың жауабы», «Ағаш пен шөптің ажырасқаны» деген сияқты т.б. өтірік өлеңдерді тілге аламыз.

Халық ауыз әдебиетінде өтірік өлеңдердің негізгі тақырыбы шыбын-шіркейлер мен жан-жануарлардың тіршілік-тынысына байланысты болатын. Кейінгі кездерде, өтірік өлеңдер қоғамдық өміріміздің түрлі салаларын қамтитын болды. Бұл да, өтірік өлеңдердің өміршендігін аңғарта түседі. Мәселен:

Ұстадым киттің өзін қармақпенен,  
Көтердім Көкшетауды бармақпенен.  
Галошын тұңғышымның қайық етіп,  
Мұхитты жиһанкездей шарлап келем.

Немесе:

Пойызға арттым жалғыз қауырсынды  
Тарта алмай тепловозым ауырсынды.  
Тышқанға қоса тіркеп беріп едім,  
Жүйткіді әлігі пойыз дауыл сынды.

\* \* \*

Бір күні, күн шыққан соң, таңда тұрып,  
Ойыншық резинка шарға мініп.  
Жөнелдім қуып жер серігін,  
Дем алдым Ай қасында жолда отырып.

\* \* \*

Тас жидым жұмсақ қой деп жастық үшін,  
Бес жаста әкемнен де асты күшім.  
Бастықтың бір дырауын таңдап мініп,  
Теңізге бидай ектім астық үшін.

Яки болмаса:

Айттым да өтірік өлең желдеп кеттім,  
Соңымнан көбелекке кел деп кеттім.  
Асауын бөгелектің ұстап мініп,  
Астыма бес қап бидай теңдеп кеттім.

Немесе:

Бөденемен қайырдым бөлтірікті,  
Басына қарағайдың көл тұрыпты.  
Өзгесі өтірік болса да осыным шын,  
Бір шалды шіркей теуіп өлтіріпті.

\* \* \*

Бір қоянды міндім де аспанға ұштым,  
Екпініне шыдамай жерге түстім.

Алты күндей-ақ боран соғып еді,  
Жалғыз қурай түбінде ас қып іштім.

\* \* \*

Аспанға алты жерден тіреу қойдым,  
Той қылып мың масаны сонда сойдым.  
Жүрегін біреуінің төрт бөлін жеп,  
Нансаңыз өмірімде бір-ақ тойдым.



1. Жаңылтпаштар мен өтірік өлеңдердің кейбіреулерін жаттап алыңдар.
2. Өтірік өлеңдердің мәні мен мазмұнын білесіңдер ме?
3. Үйлерінде «Қырық өтірік» әңгімесін оқып, бір-біріңе айтып беріңдер.
4. Қандай өтірік өлеңдерді білесіңдер?
5. Жаңылтпаштарды жаттап алып, өзара бір-біріңе айтып беріңдер.



## ҚЫРЫҚ ӨТІРІК

Бар екен де жоқ екен, аш екен де тоқ екен. Ерте, ерте, ертеде, откен заманда, халықты хан билепті, халық ханнан зар илепті. Хан бүлік болып, хан ерегiссe, халық ойыншық болыпты. Нақ, осы айтқанның өзiндей хан, ұстараның жүзiндей хан, қаны тасып, еріккен хан, шарап ішіп желіккен хан халқына жар шақырыпты:

–«Кімде-кім алдыма келіп, кідірмей, мүдірмей, қырық өтірік әңгіме айтып және артынан қырық ауыз өтірік өлең айтса, сол адамның төбесінен төмен қарай алтын құямын. Бүкіл өміріне жететіп байлық, мал-мүлкімнен бөлін беремін. Ол аз болса, қызымды беріп күйеу қып, қасыма уәзір етіп отырғызамын. Бірақ, сондай сертім бар: Егер әңгімесінің, яки өлеңінің ішінде бір ауыз да болса, рас сөз қосылса, тоқтаусыз дарға тартқызамын»,– депті.

Ханның бұл хабары ел арасында тарап, жұрттың құлағына тегіс тиген соң, «үмітсіз шайтан» дегендей, әркімнің-ақ арқасы қозып, иегі қыши бастапты. Небір аузы-аузына жұкпаған ділмар шешендер, небір ақындар ханның алдына барып, қиыстырып айта алмай, келістіріп сөйлей алмай, талайлар дарға күнәсіз тартылыпты.

Кейбіреулер даладан «айтармын-ау» деп, құлшынып келсе де, қаһарлы ханды, қанға боялып тұрған дарды көргенде, ақылынан адасып, есінен танып, үрейі ұшып, түк айта алмай сырттан қайтып кетіпті.

Сертін орындай алмай, күнәсыздан-күнәсыз ханның ойыншығы болып, дарға тартылған адамдардан ханның сарайы қан сасыпты. Жұрттың ең соңынан кедейліктен әбден сіңірі шыққан, мойыны ырғайдай, өмірінде жарып ас ішіп, бүтін киім кимеген, жарлылықтан міні жоқ, үсті-басы пәре-сәре, аяғы тілінген, алақаны жарылған, көзі аларған, ерні кезерген бір тазша бала келінті. Есік алдында отырған жұрт оған:

– Жаным-ай! Жауқазындай жас бала көрінесің, сенен небір шешендер, небір ділмарлар өтірік айтамын деп келін, айта алмай, босқа өлгендердің есебі жоқ. Жарқыным, тумай жатып, өлуге асығып жүрген не қылған баласың?! Ізіңше еліңе қайт! Тілімізді ала ғой, – деседі.

Бірақ бала көнбейді. Хан сарайына кіріп, ханның алдына келін, алдиярлап бас иіп, тізе бүгеді.

– Е, не арызың бар? – дейді сонда хан.

– Тақсыр! Жарлығыңызды есітіп, өтірік әңгіме мен өтірік өлең айтқалы келін тұрмын, – дейді, тазша бала.

Хан миығынан күлін, мысқылдап, тазшаны көзіне ілмей:

– Үлкендердің қолынан келмеген, сенің қолыңнан қалай келсін? Айта алмассың, қыршыныңнан қиылып кетерсің, – депті.

Сонда бала:

– Тақсыр! Сол көптен менің жаным ардақты ма? Айта алмасам, өз обалым өзіме, рұқсат етіңіз! – дейді.

– Ал ендеше, сөйлей ғой, – депті хан.

Тазша бала сөйлеп ала жөнелді.

– Тақсыр! Шешемнің құрсағында жүрген кезімде, әкемнің әкесінің жылқысын он бес жыл бағыппын. Жаздың сарша тамызында, ми қайнар ыстықта жылқымды суарайын деп құрық салып, жау тигендей қуалай жөнелдім. Айдын шалқар бір құдыққа тақсыр-ай, күннің ыстығын сонан білерсіз құдықтың суы қалыңдығы кісі бойы,

қол ұсыным мұз болып қатып қалыпты. Жалма-жан суат оя қояйын деп, үстінде тұрып, балтамен олай шапқыладым, ойылмады, былай шапқыладым, ойылмады. Балтамның жүзі жапырылып қалды, балтамды қойныма сала салып, сүйменді қолыма алып, олай түйгіштедім, болмады, бұлай түйгіштедім, болмады. Сүйменім майырылып қалды.

Енді не қыламын деп дағдарып тұр едім, бір амал ойыма түсе қалды. Дереву кеңірдегімнен ұстап, басымды кеудемнен жұлып алып, шекеммен мұзды ақырын бір нұқып қалып едім, тақсыр-ай, бірі өтірік болмасын, мың жылқым қатар тұрып су ішетін суат ойылды да қалды және менің бағыма құдықтың суы зәрдей ащы шығып, сонда да жылқым талғамай ішіп, қарны қампайды да қалды.

Онан соң, жылқыларымды көк мұзды жарып шыққан сар балауса мен көк жоңышқаға матап салып, санамай, түстемей түгендегенімде, алты құлаш ала биеден туған, жеті құлаш жирен құлыным жылқының ішінде де, сыртында да жоқ болып шықты. Ұры алғанын да білмедім, пері алғанын да білмедім. Әрі-бері қарап, тауып ала қояйын деп жалма-жан құрығымды мұзға шанша салып, басына шығып, тоңірекке коз жіберіп едім, – көрінбеді. Құрығым аласа болған шығар деп, құрықтың басына пышағымды шаншып, оған шығып қарап едім, тағы көрінбеді. Пышағымның басына қынымды шаншып, оған шығып қарап едім, сонда да көрінбеді. Коңілім әлі бниктету болып, қамшымды шаншып, тағы биіктеттім, оған да шығып қарап едім, жауалғыр тағы көрінбеді. «Енді не жалғаймын?» деп, козімді жұмып, ойға қалып тұрғанымда, қалт есіме түсе қалды: тілімнің астына салып жүрген тебен инем бар екен, қуанғанымнан соны ала салып, қамшының басына шаншып, оған көзімді адырайтып қарап едім және көре алмадым. Әбден дағдарған соң, құрығымнан: «Апырмай, енді не жалғайын, ақылың болса айтшы!» деп ақыл сұрадым. Ол ант ұрғанның жатып тұрып өзімді соккені ғой. Соккенде не дейді? «Ақылың болса, айналып үйіріліп жерге қарай бергенше, көзіңді шарт жұмып, аспан жаққа қарасаң болмас па еді?» – дегені ғой. «Апыр-ау, аспанды бұлт басып тұрғанын көрмейсің бе?» деп едім, одан сайын жаман сөгіп: «Әй, ант ұрған-ау, қолың жоқ па еді! Бұлттың әрісін әрі, берісін бері серпіп жіберсең, болмас па еді?!» – дейді.

Ойлап тұрсам, оның сөзі жөн екен, дереу қолымды созып жіберін, бұлттың былайғысын былай, олайғысын олай серпіп жібергенімде, күннің көзі жарқырап, шайдай ашылды да қалды. Көзімді шарт жұмып, аспанға қарасам: тамаша! Мұнан артық не болсын? Темірқазықтың ар жағында, Шолпан жұлдыздың бер жағында, Қап тауының етегінде манадан бері қарап таба алмай жүрген жирен құлыным, бір бәйтеректің бұтағына шығып, құлындап, құлынын емізіп тұр екен. Қуанғаным сонша, құрығымның басында тұрып секіре беріпшім. Жалма-жан құрығымды қайық қылып, пышағымды ескек қылып, теңізге түсе қалып едім, шым батып барамын. Дереу пышағымды қайық қылып, құрығымды ескек қылып, түсе қалғанымда, кірпік қаққанша сыр етін, теңізден өте шықты. Жирен құлынға міне салып, жас құлынды алдыма өңгеріп, қайта теңізге түсе қалғанымда, шым батып барамын. Дереу жас құлынға мініп, енесін алдыма өңгеріп түсе қалғанымда, жануардың сұшылын-ай, көзімді ашып-жұмғанша теңіздің бетімен де емес, түбімен де емес, ортасымен де емес, сыр етіп өте шықтым.

Жылқыға келген соң, жүріс алған шіркін тағы шығып кетіп, әуре қылып жүре ме деп, енесіп құлынына, құлынды айғырдың құйрығына байлап, жылқыға қоспай, далаға айдап қоя бердім.

Бір уақытта, айдын мұздың үстіне қарап тұрсам, бітпеген қу тобылғының түбінде тұмаған бір ту қоян жатыр екен.

Жалма-жан садағымды алып, оғымның масақ жағымен атып едім—өтпеді, масақ жағын кіріске қойып, кері жағымен тартқанымда, жұлдыздай ағып өтті де кетті. Асығып-үсігіп атымды бір қу қазыққа байлап салып, етегіме тезек тере бердім. Бір уақытта қарасам, атым өз-өзінен ер-тоқымын бауырына алып, тас-талқан болып үркін, тулап жүр екен. Етегімдегі тезегімді төге салып, атыма қарай жүрейін десем, сұмдық-ай! Манадан тезек деп тергенімнің бәрі де бодене екен, пыр-пыр етіп, алды-алдына ұшты да кетті.

Манағы қу қазық деп атымды байлағаным, аққудың мойны екен: соның серпіген қанатынан үркіп, атымның тулап жүргені де сол екен. Атымды ұстап алып, манағы инемді қазық қылып, басымды тоқпақ қылып, жерге қағып жіберін, атымды соған байлап қойып



«уһ» деп, бір дем алғаным ғой. Атып алған қоянымды сояйын десем, қынымда пышағым жоқ. «Апырым-ау, қайда қалды?» деп ойға қалып тұрғанымда, үш күн, үш түн дегенде, барып есіме түсе қалды, баяғы құрығымның басына шанышқан бойымен, сонда ұмытылып қалған екен. Соған қайта баруға еріндім де, күрек тісімнің біреуін суырып алып, сонымен соя бердім. Жылдамдығым қандай, қоянды үш күнде әрең сойып болдым.

Тазша баланың бір ауыз шын сөз араластырмай, қиыстырып айтқан әңгімесіне хан иін: «Қане бала, енді өтірік өлеңіңді айт!» депті. Сонда бала былай деп өтірік өлең айтыпты:

...Жүк артып инелікке ерте көштім,  
Шүйкелеп сары майдан арқан естім.  
Мұртына шегірткенің ат арқандап,  
Дегенде өлдім-талдым әрең шештім.

Міндім де ақсақ қоңыз аяндадым,  
Болдыртып аяғымен қоян алдым.  
Апырмай, сол қоянның семізін-ай,  
Көтеріп қоңызыма қоя алмадым!..

Үш жаста мергеншілік кәсіп қылдым,  
Ши оқпен мың құланды атып қырдым.  
Ауынан өрмекшінің кілем тоқып,  
Ұялмай жүз тұсақтан сатып тұрдым...

Балықтың қабырғасын отқа жақтым,  
Өтірік өлең айтып жұртқа жақтым.  
Бір сонам асыранды қашып кетіп,  
Меккеден он жыл іздеп, әрең таптым.

Қамысты жылқы ұстауға құрық қылдым,  
Жусаннан үйге тіреу сырық қылдым.  
Бір талын сақалымның кесіп алып,  
Көшкенде мал айдайтын шыбық қылдым.



Жүз салған қорғасыннан қара балтам,  
Шықпады он матадан сыңар қалтам.  
Дәулеттің маған біткен арқасында,  
Көшкенде жүз түлкіге жүтімді артам.

Айдадым жылқы қылып отыз түлкі,  
Борсықты ұстап мінсең, аттың мүлкі.  
Ішінде топ адамның тулап жығып,  
Қылды гой, ойбай қырсық, жұртқа күлкі!..

Мен көрдім қара шіркей бала қаздай,  
Жүк арттым бес қарсаққа ала жаздай.  
Түлкісін қырдың қызыл жайлаймын деп,  
Қан түсіп аяғыма өле жазды-ай!

Тамырға өтірікті қап-қап бердім,  
Найзасын нан қамысқа саптап бердім.  
Жүйрігін тасбақаның ұстап мініп,  
Түлкіге төсте қашқан тап-тап бердім.

Басынан Қап тауының қора салдым,  
Бітер деп бес мың жылқы жоба қылдым.  
Топан су тау басында дамыл бермей,  
Қылмасқа енді қора тоба қылдым.

Баласы қасқа айғырдың бөлтірікті,  
Айтпаймын өлтірсең де өтірікті.  
Мың кісі бір тышқанға мінгескенде,  
Апыр-ай, тулап жығып өлтіріпті!

Мен өзім кішкентайдан қарға бақтым,  
Қашырмай сол қарғаны зорға бақтым.  
Біреуі жануардың үздік шығып,  
Мойнына ақ киізден тұмар тақтым.

Басында керегенің үрген қарын,  
Көтердім балуандықпен соның бәрін.

Түйеге төстеп барып қойғанымда,  
Мертікті көтере алмай қара нарым.

Шымыныңтың шылым шектім бақайынан,  
Қоянның атым үрікті топайынан.  
Баланың ақылы артық, ойы жетік,  
Көргышқан етік қылдым шоқайынан...

Мыс егіп көбік қарда, алтын ордым,  
Ізіне абжыланның қақпан құрдым.  
Шегірткем мініп жүрген тулап еді,  
Жалғыз тал қамшыммен өлгенше ұрдым...

Биені қымыз іштім мұзға байлап,  
Тышқанды жауыр қылдым үш жыл айдап.  
Қырық тоғыз мүшелімде әкем туып,  
Жүгірдім қуанғаннан алақайлап...

Сауысқан алып ұшты бөлтірікті,  
Айтпаймын, өлтірсең де өтірікті.  
Шіркіннің тепкісінің қаттысын-ай,  
Бір шалды шыбын теуіп өлтіріпті!

Шаянның шаңырақтай омыртқасы,  
Кәнекей көлбақаның жұмыртқасы.  
Болмаған енді шындық несі қалды!  
Түбінде жау қияқтың ердің қасы!

Жонынан атжалманның айыл алдым,  
Үш жөргем, ішін жарып, майын алдым.  
Ізіне аттың басқан қақ тұрыпты,  
Қырық құлаш қармақ салып жайын алдым.

Шымшықтың шылым шектім қу басынан,  
Атжалман арқан естім шудасынан.  
Қырық қарға, отыз сона құда түсіп,  
Инелік киіт киді құдасынан.

Серік боп құрқылтаймен қылдым сауда,  
Айналды мұның арты үлкен дауға.  
Борсыққа жарап жүрген міне шауып,  
Ұрандап бір бүйірден тидім жауға.

Дарияға тоған салдым ебелектен,  
Жаратып, қасқыр құдым көбелекпен.  
Жығылып таскенеден мойны үзіліп,  
Бір кемпір «ә» дегенше өле кеткен.

Аспанға алты жерден тіреу қойдым,  
Борышыма қатынды кіреу қойдым.  
Жүрегін құрқылтайдың төрт бөлін жеп,  
Нансаңыз өмірімде бір-ақ тойдым.

Сауысқан әбден асты аққуды іліп,  
Елімді қызғыш шауып, салды бүлік.  
Қақалып кешке жеген асым етке,  
Қолқамда бес жыл тұрды кәрі жілік.

Хан мен бүкіл дүйім жұртшылық алдында айтылған баланың әңгімесі де, өлеңі де тыңдаушыларды таң қалдырады. Ханның өзі қойған шартындағыдай, бір ауыз шын сөз қосылмай айтылғандықтан, хан амалсыз жеңіліпті. Сөйтіп, хан айтқан уәдесіп орындапты.



1. Өтірік әңгімелерді, өлеңдерді оқып, оның ішкі мәнін түсініңдер.
2. Қырық өтірік әңгімесінің тууына не себеп болған?
3. Тазша баланың тапқырлығын қалай түсіндіңдер?
4. Өтірік өлеңдерден қандай әсер алдыңдар?
5. Үйде өтірік әңгіме мен өтірік өлеңдерді ата-аналарыңа оқып беріңдер.



## ЕРТЕГІЛЕР

Қазақ халық ауыз әдебиетінің ең көне түрлерінің бірі – ертегілер. Ертегілерде өмірде кездесе бермейтін оқыс оқиғалар, қызықты құбылыстар кең көрініс табады. Кейде, өмірде аса сирек кездесетін

тамаша оқиғалар, тым қызык, кездейсоқ құбылыстар шебер баяндалып, оқырмандарды өз жетегіне үйіре түседі.

Ертегілер негізінен, ауыздан-ауызға көшін, ел есінде сан ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа өтін, бүгінге дейін жетін келген. Оның үстіне, ертегі айтушылардың әрбірі, өздерінше жаңа-жаңа оқиғалар қосып, оны жаңартып, толықтырып, дамытып отырған.

Ертегілерде ылғи да, адамдардың асқақ арманы жан-жақты баяндалып, кең өріс ала түседі. Яғни, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған жақсы өмір мен мамыржай елді, жерді аңсаумен бірге, зұлымдыққа деген жиіркеніштері кең көрініс табады. Әрі, ертегілердің негізінде адалдық пен әділеттікке деген іңкәрлік жататындығы да анық аңғарылады.

Ертегілердің кейінкерлері гажап күшті, аса ақылды, асқан батыр болып келеді де, не-не ұзақ жерлерге бір сәтте, жете алатын тым жүйрік ат, жеті қабат жер астына түсіп, қазына-байлықтарды игеруге ұмтылатын арманшыл, батыл да, батыр жандар болып сипатталады.

Ертегілерде халықтың қиялы, арман ойы, асқан даналығы, сан ғасырлар бойында жинақталған өмір тәжірибелері кең көрініс тауып отырады.

Шынын айтқанда, сол ата-бабалардың асқақ армандарын оқып, олардан көп нәрсе үйренетін, одан рухани нәр алып, солардың мұрагерлері болатындар да, міне сендерсіндер.

Ертегілер ылғи да, қара сөзбен айтылып «Ерте-ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде» деп басталып, әділетсіздікті-әділет, жамандықты-жақсылық үнемі жеңіп отырады. Кейде, «Баяғы өткен заманда, бір шал мен кемпір болыпты» деп басталады да, жақсылық пен зұлымдық, адалдық пен арамдық арасындағы күрес-тартыстар сөз болады.

Халық ертегілері ішінде қиялға құрылған ертегілер де мол кездеседі. Ондай ертегілерде, еңбекші халықтың сан ғасырлар бойы жасап келген өмір тәжірибелері, мәдениеті мен салты, әдет-ғұрпы, шаруашылық кәсіптері аса шебер тілмен, тамаша тапқырлықпен айтылады. Үстем тап өкілдерінің озбырлық іс-әрекеттері, зұлымдықтары, қастандық істері әшкереленіп отырады.

Халық арасында ертегілердің әр түрі кездеседі. Бұл орайда, **«Қиял-ғажайып ертегілер», «Шыншыл ертегілер», «Хайуанаттар жайындағы ертегілер»** болып түрлі салаларда айтылады.

Халық ертегілерінің аса бай түрлерінің бірі – **«Қиял-ғажайып ертегілер»**. Ол жастардың ойына қозғау салып, сана-сезімін, ақыл-ойын, қиялын дамыта түседі. Мәселен, халық ертегілері арасында «Тазшаның қырық өтірігі», «Екі суайт», «Айлакер тазшаның өтірігі», «Жүз ауыз өтірік айтқан тазша», «Тоқсанбай мен тоғыз жасар бала» деген сияқты т.б. ертегілер балалардың ойына, қиялына ерекше әсер етеді.

Әрбір ертегіде айтайын деген ой, тартымды пікірлер мол болады. Міне, солар арқылы қулық пен сұмдықты, арамзалық пен дөрекілікті мінеп, сынап, ылғи да, әшкере етіп отырады.

Сөйтіп, ертегілерде батырлық пен ерлік, еңбексүйгіштік пен адалдық, таза махаббат т.б. адамилық қасиеттер тамаша сипат алады. Мәселен, «Қиял-ғажайып ертегілерде», батырлардың ерліктері, ержүректілігі, батылдығы көрініс тапса, «Хайуанаттар жайындағы ертегілерде», аң, құс, үй жануарлары жайлы сөз болады. Солар арқылы қулық, сұмдық, арамзалық пен дөрекілік мінеліп, сыналып, ылғи да әшкереленіп отырады. Сөйтіп, батылдықты, еңбекке деген сүйіспеншілікті, адалдықты, асқақ арман-ойды биікке көтере түседі.

Әсіресе, ертегілердің тілі аса бай, көркем, тым қарапайым, түсінікті болады да, ойға оралымды боп келеді. Ертегілердің бас кейіпкерлері бірде көкке ұшса, енді бірде жер астына түседі. Тінтен, азабы аса мол қиын-қыстау кездерде, сүрінбей сыннан өтетін батыл, батыр, қайратты, жігерлі боп келеді. Айла, ақылмен бар қиындықтарды үнемі жеңіп отырады.

Бұл орайда, Таусоғар, Саққұлақ, Желаяқ, Самұрықтар мен қарлығаштар жайлы айтылатын ертегілерді айтуға болады.

Ардақты жас достар! Сендер осы ертегілерді оқу арқылы, отан-сүйгіштікке, батылдыققа, еңбекті қадірлей білуге бой ұрумен бірге, шешен сөйлеуге, өз ойларыңды анық жеткізуге ұмтыласыңдар. Бұл – сендердің ойларыңа ой қосып, қиялдарыңды қанаттандыра түседі. Сол үшін халық ертегілерін сүйін оқып, сүйсіне ой толғап көруді ешқашан естен шығармаңдар. Әрі, әрбір ертегіде не айтылмақ болған

негізгі ойды терең түсінуге ұмтылыңдар. Ертегідегі кейіпкерлердің жақсы қасиеттерін бойларыңа сіндіре түсуге әрекет етіңдер.

## КЕРҚҰЛА АТТЫ КЕНДЕБАЙ

Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде, Қаратаудың ойында, Қарасудың бойында Қазанғап деген бір кедей болыпты. Қазанғап құс атып, балық аулап күн көреді екен. Әйелі ау тоқып, жамау жамайды екен. Осылай, өз күндерін өздері көріп жүре беріпті. Күндердің бір күнінде, Қазанғаптың әйелі босаныпты. Торсық шеке, апшақ ұл тауыпты. Ата-анасы қуанып, төбелері көкке жетінті. Баласына Кендебай деп ат қойыпты. Кендебай ай сайын емес, күн сайын өсіпті. Алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті. Алты жылда алып жігіт болыпты. Сондай күшті болыпты, алысқанын алып ұрыпты, күрескенді жыға беріпті. Шыңырау құдыққа құлаған атандарды жалғыз өзі тартып шығара беріпті. Аң аулап, әкесіне жәрдемдесіпті. Бара-бара құлан атыпты. Құралайдың көзінен тигізетін мерген болыпты. Арқар мен киікті, құлан мен маралды мая-мая үйіп тастапты. Қарасудың бойындағы жыртық үйлі кедейлер қарық болыпты да, қалыпты.

Күндердің күнінде, Кендебай аң аулап жүрсе, Қаратаудың ойында, терең құздың бойында, арыстандай көкжал қасқыр, бір буаз биені жаңа ғана жарып, енді жегелі жатыр екен. Кендебай жүгіріп барып, көкжалды құйрығынан ұстай алып, бұлғап-бұлғап лақтырып жіберіпті.

Қасқыр арс етіп, аузын қисандатып, өліпті де қалыпты. Кендебай қасқырдың терісін сылып алып, биенің қасына келсе, бие жантала-сып өлгелі жатыр екен. Кендебай алмас қанжарымен биенің қарнын жарып жіберіп құлынын суырып алса, сұқсырдай еркек құлын екен. Кендебай Керқұланы үйретіп міініп, түн қатып аң аулапты. Керқұла қуса жететін, қашса құтылатын, аузымен құс тістеген өрен жүйрік болыпты.

Сөйтін, Кендебай аң аулап, ел аралап жүре беріпті. Ол, мейлінше, қайырымды болыпты. Жылағанды жұбатып, қысылғанға жәрдем беріпті. Өзімдікі дегенді білмепті, жатсынуды сүймепті, табысына



бүкіл ел ортақ болыпты. Керқұла атты Кендебай батыр атанып, оның аты әлемге аян болыпты.

Күндердің күнінде, Кендебай аң аулап, алысқа ұзап кетіпті. Кетіп бара жатып, қозы бағып жүрген бір балаға кездесіпті. Бала еңіреп жылап жүр екен. Кендебай жанына жетіп келіп:

– Көзің жасты, көкірегің қайғылы не еткен жансың? – деп сұрапты. Бала-

ланың басы таз, киімі өрім-өрім екен.

– Ардақтаған ананды алса, көз жасың төгілмей не болсын! Асқар таудай әкенді алса, көрген күнің құрысын, – деп еңіреп жылап қоя беріпті.

Сонда Кендебай:

– Не болды? Жөндеп айтшы? – деп сұрапты.

Бала көзінің жасын көл қылып, ауыр күрсініп алып, былай деп жауап беріпті:

– Мен, Мергенбай деген батырдың жалғыз баласы едім. Қазір алтыға шықтым. Биыл төртінші жыл елімізге жау тиіп, жылқы біткеннен тұяқ қалдырмай айдап әкетті. Әкем алып ұйқылы батыр еді. Ұзақ жортуылдан келгенде, алты күн қатарынан ұйықтайтын. Осы ұйқыда жатқан әкемді жау әскері байлап әкетті. Әкемді арашалмақшы болып жетіп барған шешемді қайырымсыз жау алдына өңгеріп, жөнep кетті. Мен жетім қалдым. Ішерге асым, киерге киімім болмаған соң, амалсыздан, Тасқара байдың қозысын бағып жүрмін. Арыдым, тоздым, ериім жалақ, басым таз болды. Содан бері, көзімде жас, көңілімде қайғы. Мен әке-шешеме жылаймын, бай жылқысына жылайды, –депті.

– Олай болса, жылама. Мен әке-шешенді іздеп тауып берейін, – деп Кендебай жүріп кетеді.

Бала қуанып қала береді.

Керқұла ат құстай ұшып, құйғытып барады, айлық жерді алты-ақ аттайды. Бір жерге келгенде, Керқұла атқа тіл бітіп:



– Досым Кендебай, іздеген жоғың алыста емес, осы арадан табылады. Мынау таудан әрі ассаң, ағып жатқан өзенді көресің. Өзеннің ортасында бір арал бар. Сол аралда хан тұрады. Қойшы баланың әкешесі сол ханның қолында. Олар терең зынданда жатыр. Зынданның аузы құлыптаулы. Таудың арғы беткейінде сиыр бағып жүрген зор денелі бір адам бар. Ол жорықта қолға түскен адам, қазір ханның құлы. Сол адамға бар да, жолына жетерлік ақша бер. Оның киімін өзің ки де, оған өз киіміңді кигіз. Сөйтін, әлгі адамды азат ет те, өзің сиырды бағып қал. Қазір құйрығымнан бір тал қыл ал да, мені қоя бер. Сауыт-сайман, құрал-жабдықтарыңды менің үстіме сал. Әзірше, саған менің де, құралдардың да керегі жоқ. Егер керек бола қалсам, құйрығымнан алған қылды тұтат. Сонда мен дайын боламын. Ендігі, әңгімені барған соң көрерсің, – дейді.

Кендебай Керқұла аттың құйрығынан бір тал жұлып алды да, қоя берді. Оның айтқанының барлығын істейді. Малшыны азат етеді. Жолына ақша береді. Оның киімін киіп, сиырды өзі бағып қалады.

Кешке жақын оларды өзеннен айдап өткізейін десе, сиырлар суға түспейді. Кендебай ашуланып кетіп, сиырларды сирағынан ұстап, бір-біреулеп лақтыра бастайды. Лақтырған сиырлар өзеннің ортасындағы аралға томпылдап түсіп жатады. Сол кезде, ханның кіші қызы судың арғы жиегінде көрін тұр екен.

– Ой, оңбаған-ау, қырасың ғой малды. Күндегідей: «Айырылғырдың суы айырыл», – деп, неге айтпайсың? – дейді.

Кендебай: «Айырылғырдың суы айырыл!» деген екен, өзеннің суы екіге айрылып, ортадан жол ашылады.

Сөйтін, Кендебай мал бағып жүре береді. Күндердің бір күнінде, хан өзінің екі баласын шақырып алып:

– Бүгін қара бие құлындайды. Бұл – тоғызыншы құлындауы. Құлындаған күні, түнде құлын жоқ болып кетеді. Бүгін осы биені өздерің күзетіңдер. Не болғанын өз көздеріңмен көріңдер, – дейді.

Мұны Кендебай естіп тұрады.

Кешке ханның екі баласы күзетке барғанда, Кендебай да жасырынып барып отырады. Біраздан кейін, ханның екі баласы қорылдап

ўйықтап қалады. Кендебай ўйықтамай, отыра береді. Таң біліне берген кезде, бие алтын құйрықты, құндыз жүнді арғымақ құлын туады. Бір кезде, аспаннан бір бұлт шүйлігіп келеді де, құлынды ала жөнеледі. Кендебай шап беріп, құйрықтан ала түседі. Кендебайдың қолында алтын құйрық жұлынып қала береді. Кендебай алтын құйрықты қойнына тығып, ўйықтап қалады. Ертеңіне, таң сәриден хан екі баласын шақырып алып, не көргендерін сұрайды. Балалары:

– Бие құлындаған жоқ, еш нәрсе болған жоқ, – деп жауап береді.

Хан тағы да таңкалып отырғанда, Кендебай есіктен кіріп келіп:

– Уа, тақсыр! – дейді.

– Иә, айт! – дейді.

– Мен айтсам, бұлардың айтып отырғаны өтірік. Бұларға көрінбей, биені мен де, күзеттім. Түн ортасы кезінде екі балаңыз ўйықтап қалды. Таң алдында бие алтын құйрықты, құндыз жүнді құлын туды. Аспаннан бір бұлт шүйлігін келді де, оны көтеріп ала жөнелді. Мен құйрықты шап беріп ұстай алдым. Бұлтпен араласқан үлкен дәу құлынды алып кетті, құйрық менің қолымда қала берді, – дегенде, создiң аяғын күтпей:

– Құйрық қайда? – дейді хан.

– Тақсыр, сабыр етіңіз. Мен алтын құйрықты пайда қылғым келсе, сізге айтпаймын ғой, міне құйрық, – деп, Кендебай құйрықты қойнынан суырып алғанда, үйдің іші жап-жарық болып кетеді. Ханның балалары ұялып, жерге қарайды.

– Қазір үшеуің іздеп шығып, құлынды тауып келiңдер. Таба алмасаңдар, менің маңымды көрмеңдер! – дейді хан.

Кендебай озеннен өтіп, Керқұланың қылын тұтатқан кезде, ат жетіп келеді. Керқұла атқа мініп алып, қару-жарақты асынып, сауыт-саймандарын киіп алып, Кендебай жөнеледі. Кендебай жолда, әлденеше, қиыншылыққа кездеседі...

Алғаш алдынан, бір үлкен тау көрінеді. Тау теңселін, қозғалып, оған қарай жақындап келеді. Бұл – жеті басты дәу екен...

Кендебай қолына жүз батпан шоқпарын алып, Керқұла аттың барлық шабысымен дәуге қарсы шаба жөнеледі. Көзді ашып-жұмғанша ағып бара жатып салып кетеді. Дәудің бір басы ұшып

түседі. Кейін қарай, шауып тағы да соғып өткенде, екінші басы ұшып кетеді. Осылай, ерсілі-қарсылы жеті өтің, жеті рет соққанда, жеті басы бірдей ұшып кетіп, дәу төңкеріле құлайды. Кендебай дәудің көзін ойып алып қоржынға салып алады.

Бір кезде, алыстан арыстанның ақырған дауысы естіледі. Ілгері қарай екі-үш аттағанда, бір леп Кендебайды тартып ала жөнеледі. Бір уақытта, Кендебай арыстанның апандай аузын көреді. Кендебайды тартып жатқан соның лебі екен. Кендебай алты құлаш қылышын көлденең ұстай қояды. Алмас қылыш арыстанды екі бөліп, Кендебай ар жағынан бір-ақ шығады. Кендебай арыстанның азуын қағып алып, қоржынға салады.

Ақыры, Кендебай алтын құйрықты құлындарды тауып алып, аман-есен ханның үйіне қайтып келеді...

Хан қуанып, үлкен той жасайды. Той үстінде түк таба алмай, сандалып, мойындары ырғайдай, сирақтары шидей болып, азып-тозып ханның екі баласы келеді. Хан Кендебайды төрге отырғызып, аты-жонін сұрайды.

– Мен хан баласы емеспін, адам баласымын. Өз атым Кендебай, ел мені «Керқұла атты Кендебай» деп атайды. Сіздің еліңізге ерігіп келгенім жоқ, жұмыспен келдім. Рұқсат болса, айтайын, – дейді Кендебай.

– Айт, айт, балам! – дейді хан.

– Бұдан бірнеше жыл бұрын Сіздің жорықшыларыңыз елімізді шауып кетіпті. Малымызды айдап, қолға түскен батырымызды байлап алып кетіпті. Сол батырды әкетпек болып келдім.

Сонда хан:

– Сенің алдыңа қоятын бір шартым бар. Ол мынау: дүниеде жеті басты дәу бар, ақырған арыстан бар. Осыларды өлтіріп, бастарын алып кел. Осыны орындасаң, батырыңды босатып береміп, – дейді.

Кендебай Керқұла аттың қанжығасындағы қоржынын алып келіп, арыстанның азуын, жеті басты дәудің көздерін ханның алдына қояды. Хан риза болып, зынданда жатқан Мергенбай батырды, оның әйелін, қолға түскен басқа адамдарды азат етеді.

Ата-анасына қосылып, қойшы бала қуанады. Баласына қосылып, ата-ана қуанады. Ұлы думан, үлкен той жасайды. Кендебай тұрғанда, елге батып ешбір жау тие алмайды. Сөйтіп, бұл ел «Керқұла атты Кендебай батырдың елі» деп атанып кетеді.



1. Ертегіден қандай әсер алдыңдар?
2. Ертегіні оқи отырып, қандай сезімге бөлендіңдер?
3. Ертегінің қай эпизоды естеріңде қалды?
4. Кендебайдың ата-анасы кімдер?
5. Кендебай қалай өсіп, ер жетті? Ертегінің мазмұнын айтып беріңдер.



## АЛТЫН САҚА

Өткен заманда бір бай болыпты, ол бір перзентке зар болыпты, зарыға жүріп перзентті болыпты. Бай бір күні жылқысын суаруға келсе, колдің ішінде бір қып-қызыл окпе жүзіп жүр екен. Байдың айдап келген жылқылары көлде жүзіп жүрген өкпеден үркіп, суға жуымай қойыпты. Әлгі жерде бай жылқыларын қанша айдаса да, суға жаба алмапты.

Сол кезде, бай тұрып жүзіп жүрген өкпені құрықпен түртіп көреді. Өкпе суға батып кетіп, әлден уақыттан соң, жалмауыз кемпір болып, судан шығады да, байдың жағасынан ала түсіпті. Бай көзі алақандай болып, қорқып кетіпті. Бай жалмауыз кемпірге:

– Ат басындай алтын беремін, қоя бер, – дейді.

Жалмауыз кемпір жібермейді.

– Осы жылқыларымның бәріп берейін қоя бер, – дейді.

Кемпір көнбейді.

Бай сасып:

– Еиді не берейін? – дейді.

Кемпір:

– Жалғыз балаңды бер, жіберейін, – дейді.

Бай жалғыз баласын бермек болады, кемпір байды қоя береді.

Кемпір байға:

– Балаңды қай жерде бересің? – дейді.

Сонда бай:

– Ертең кошемін, сонда баламның алтын сақасын жұртқа тастап кетейін, сен жұртта сақаның жанында отырасың да, оны ұстап аласың, – дейді.

Сонымен, бай жалмауыз кемпірге уәдесін беріп, жылқыларын айдап кетін қалады. Ертеңіне ауыл көшеді, жалғыз баласының алтын сақасын ұмыттырып, жұртқа тастап кетеді. Ауыл жаңа қонысқа қонғаннан кейін, асық ойнайын десе сақасы жоқ, бала алтын сақасын жоқтап жылайды.

Сонда әкесі:

– Кеше кошін жүргенде, жұртта қалыпты. Барып алып қайта ғой, – дейді. Бала бармақшы болады да, әкесінен:

– Әке, қандай тайға мініп барайын? – деп сұрайды.

– Жылқышыдан сұрап мін, – дейді әкесі.

Жылқышы балаға:

– Құрығыңды құлдыратып, жүгенінді сылдыратып, жылқыға бар. Қайсы тай бетіңе қараса, соны мін, – дейді.

Бала құрығын құлдыратып, жүгенін сылдыратып, жылқыға келсе, шеттегі бір қотыр тай балаға қарай қалады. Бала сол қотыр тайды ұстайды да, жүгендейді. Жүгендегенде тайдың қотыры жазылады. Үстіне тоқым салғанда құнан болады. Үстіне ер салғанда донен болады. Айылын тартқанда бесті ат болады. Бала үстіне қуанып қарғып мінгенде тұлпар болып, көзді ашып-жұмғанша жұртқа келеді. Жұртқа келсе, алтын сақасы ошақ басындағы тезек түбінде жатыр екен. Сақа жанында бір кемпір отыр екен, бала кемпірге:

– Шеше, анау жатқан сақамды алып берші, – дейді.

Сонда кемпір:

– Шырағым, өзің түсіп ал. Кәріліктен: отырсам тұра алмаймын, тұрсам отыра алмаймын, – дейді. Сонда баланың тайы сақаның жанына жата қалады. Бала үзеңгіден аяғын суырмай, сақаны іліп алады. Тай тұра қашады. Жалмауыз кемпір тұра қуады. Бала қашып келеді. Әрі-бері қуып жете алмайтын болған соң, кемпір бір тісін жұлып алып, атып жібергенде, тайдың бір аяғын жұлып түсіреді. Тай үш аяғымен қашып жеткізбейді. Кемпір

тағы бір тісін жұлып лақтырғанда, тайдың тағы бір аяғын жұлып түседі. Тай екі аяғымен шауып бара жатып, жолында бір бәйтерекке кез болады. Тай әлсірейін дейді. Терек жанына бара бергенде, бала тайынан секіріп түсіп, бәйтеректің басына шығып кетеді. Жалмауыз кемпір бір тісін жұлып алып, бәйтеректің түбін қаза бастайды. Кешке дейін қазады. Бір кезде бір қызыл түлкі келеді де, кемпірге:

– Шеше, шаршаған шығарсың. Мен қаза тұрайын, сен ұйықтап демінді ал, – дейді.

Кемпір жатады. Түлкі тісті суға атады да, қазған шұңқырды қайта көміп, өзі кетіп қалады. Кемпір түрегелсе, тісі де жоқ, түлкі де жоқ. Кемпір тағы бір тісін суырып алып, кетпен қылып бәйтеректі қаза береді.

Бір уақытта тағы бір түлкі келіп:

– Шеше! Кетпенінді маған бере тұр, сен шаршаған шығарсың, мен қазайын, – дейді.

Сонда жалмауыз кемпір:

– Сен тағы да кетпенімді алып, қашып кетерсің, – дейді.

Сонда түлкі:

– Ол қырдың қызыл түлкісі, мен сайдың ақ түлкісімін. Баяғыда бұл баланың әкесі аң аулап жүргенде, мені қуып, соға жаздаған болатын. Сондықтан, бұл балада менің кегім бар, – дейді.

Жалмауыз кемпір түлкінің сөзіне сеніп, тағы да кетпенді түлкіге беріп, өзі ұйқыға кіріседі. Түлкі тағы да кетпенін суға лақтырып жібереді де, шұңқырды бітеп, өзі қашып кетеді. Кемпір тұрса, тағы да кетпені жоқ. «Алда, оңбаған-ай. Алдаған екен ғой», – деп, тағы да бір тісін суырмақ боп ауызын ашса, бір-ақ тісі қалыпты. Кемпір бәйтеректің түбін қаза-қаза құлатуға жақындатады.

Бір заманда, баланың төбесінен бір топ қарға өтеді. Бала қарғаларға:

– Ау, қарғалар, қарғалар! Қанатымен жорғалар, жайлаудағы бес төбетіме хабар бере кетіндер. Мені жалмауыз кемпірден арашалап алсын, – дейді.

Сонда қарғалар қарқ етіп ұшып кетеді. Бір мезгілде, үйректер ұшып өтеді, бала оларға да айтады. Олар да үндемей ұшып кете

береді. Бір мезгілде, бір қарлығаш бәйтеректің төбесіне әрлі-берлі ұшып жүреді де, баланың төбесіне келін қонады. Бала қарлығашқа жалынып тұрып, бұған тапсырады. Бұрын бала қыстауындағы ұя салған қарлығаштың балапандарына тимей, бұларды жақсылап өсіріп, ұшырып жіберген екен. Сөндықтан, қарлығаш баламен дос екен. Сонымен, қарлығаш баланы төбеттеріне тапсырғанын айтып барады. «Бәлен жердегі бәйтеректің басында бала тұр. Бәйтеректің түбін жалмауыз кемпір қазып жатқандықтан, ол құлауға таяу тұр», – дейді қарлығаш баланың төбеттеріне.

Мұны естіген соң, төбеттер жүгіргеннен жүгіре отырып бәйтерекке келеді. Сол кезде, бәйтерек те жерге құлайды.

Баланың төбеттері жалмауыз кемпірдің қолын қол, бұтын бұт қылып, быт-шытын шығарып, талап тастайды. Бала төбеттеріне кезек-кезек мініп, еліне аман-сау жетеді. Бала жалмауыздан аман-сау құтылып келгеніне әке-шешесі қатты қуанып, ел-жұртын жиып, үлкен той жасайды.



1. Ертегіден қандай әсер алдыңдар?
2. Ертегі не үшін «Алтын сақа» деп аталған?
3. Ертегінің басты кейіпкерлері кімдер?
4. Бай мен жалмауыз кемпір қалай келіскен?
5. Ертегіні мәнерлеп оқып, мазмұнын сыныпта айтып беріңдер.



## ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН ЖАМАНДЫҚ

Бұрынғы заманда Жақсылық пен Жамандық жолдас болыпты, екеуінің де ат-тоны болыпты. Бірақ Жамандық өз азығын шығармай, екеуі Жақсылықтың азығымен күнелтіп жүріпті. Жеп жүргенде, Жақсылықтың азығы таусылыпты. Жамандық айтыпты: «Жақсылығым, азығың таусылды, енді қайтесің», – депті. Жақсылық: «Жамандығым, өзің біл», – депті. «Өзім білсем, атыңды сояйық», – дейді Жамандық. Жақсылықтың атын сойып, етін екеуі бөлін жепті, азық тағы таусылыпты. «Жақсылығым, енді қайтесің, атыңның еті таусылды», – деді Жамандық. «Жамандығым, өзің біл», – депті Жақсылық. «Өзім білсем, Жақсылығым, бір құлағыңды

пісіріп өзіңе берейін, жеймісің?» – дейді Жамандық. «Жеймін, Жамандығым», – депті Жақсылық. Бір құлағын кесті, бір күнге азық болды. Жамандық айтты: «Бір құлағыңды бір күнге тағы да асып берейін», – депті. Жақсылықтың екінші құлағы да асылды, бір күнге азық болды, екінші күні тағы да азық таусылды. «Жақсылығым, енді қайтейін», – депті Жамандық. «Жамандығым, өзің біл», – депті Жақсылық. «Жақсылығым, өзім білсем бір көзіңді ойып, бір күнге азық қылып берейін», – денті Жамандық.

Сойтіп, Жақсылықтың ат-тоны, азығы, құлағы, көзі таусылыпты. Жамандық Жақсылықтың азығын бірге жеп тауысыпты. Жақсылықтың азығы таусылған соң, Жамандық азығын бермейді. «Жақсылығым, атыңды сойып жедік. Екі көзіңді ойып, құлағыңды кесіп төрт күн азық бердім. Жақсылығым, енді қайтесің? Енді құлағың жоқ, көзің жоқ, сені тастап кетемін», – деді. «Жамандығым, тастап кетсең бір қалың тоғайдың ішіне таста», – дейді Жақсылық. Жамандық қалың кара тоғайдың ішіне Жақсылықты әкеліп тастап кетті.

Тоғайдың ішінде Жақсылық отырса, бір жолбарыс, бір түлкі, бір қасқыр кеңеседі. Қасқыр айтады: «Жолбарысым, сен осы тоғайдан шықпайсың, тоғайда не істеп жүресің?» – дейді.

«Бұл тоғайда екі бәйтерек бар. Көзсізге қоз береді, құлақсызға құлақ береді. Мен соны аңдып отырамын», – деді жолбарыс.

Жолбарыс айтты: «Сен, қасқыр, осы жерден шықпайсың, не қылып жүресің?» – деді.

«Мына жерде бір мың қойы бар бай бар, ол байдың бір қара төбеті бар, осы қара тобеттің сүйегі олген кісіге жан береді. Мен соны алайын деп жүрмін», – деді қасқыр.

Қасқыр айтты: «Сен, түлкім, осы қара обаның түбінен шықпайсың, не қылып жүресің?» – деді.

«Қара обаның түбінде ат басындай алтын бар, осыны алайын деп жүрмін», – деді түлкі.

Бағанағы Жақсылық үшеуінің сөзін естіді, тоғайдың ішін аралады, аралап жүргенде екі бәйтерекке қолы тиді. Көзіне үйкеді – көзі бітті, құлағына үйкеді – екі құлақ бітті. Тоғайдан Жақсылық шықты, бағанағы қара обаның түбіне келді, түлкінің қарап жүрген ат басын-



дай алтынды алды. Ат басындай алтынды алып, мың қойлы байдікіне келді. «Бай, қара төбетіңді сатамысың? Ат басындай алтын берейін», – деді. «Ат басындай алтын берсең, ал», – деді бай. Қара төбетті ат басындай алтын беріп алды, қара төбетті далаға алып шықты. Қара төбетті бір жерге келін ұрып өлтірді. Жақсылық шақпағын шақты, от жақты, қара төбетті өртеді. Қара төбеттің құр сүйегі қалды, Жақсылық сүйегін алып түйіп, екі қалтасына салып алды да жүрін кетті, бір хандікіне келді.

– Неғып жүрген адамсың? – деді ханның ханшасы.

– Ұлсызға ұл болайын деп жүрмін, қызсызға қыз болайын деп жүрмін.

Ханның ханшасы айтты: «Ұлсызға ұл болсаң маған ұл бол, менің ұлым жоқ, хан ауырып жатыр», – деді.

– Ұл болайын саған, – деді Жақсылық.

Ұл болып, жылқыға кетті. Кешке Жақсылық жылқыдан келсе, хан өліп қалыпты. Ханша жылап отыр. Жақсылық жылқыдан келіп: «Жылама, тірілер», – деді. Бағанағы қара төбеттің сүйегінен ханшаға кішкене беріп: «Қара төбеттің сүйегі өлген кісіге жан береді, апарып ханның аузына сал», – дейді. Ханша барып ханның аузына салып еді, хан: «Қатты ұйықтап кетіппін», – деп түрегелді.

Ертеңінде хан ел-жұртын жиды. Жақсылық ханшаға айтты: «Хан ел-жұртын жиып алып, маған жақсылық қылған кісі бар ма деп сұраса, мені айтпа», – деп, Жақсылық жылқыға кетті.

Ертеңіпе ел-жұртынан хан: «Маған жақсылық қылған кісі бар ма?» – деп сұрады. Ел-жұрты: «Ешкім жақсылық қылған жоқ», – деді. Ел-жұрты тарқап кетті. «Енді кім қалды?» – деді хан. Ханша айтты: «Ханым, сен ауырып жатқанда мен бір жігітті бала қылып алып едім. Жылқыда бір сол-ақ қалды, соны шақыр», – деді.

Хан Жақсылықты шақыртып алды. «Сен маған жақсылық қылдың ба?» – деді хан. «Мен сізге көп жақсылық қылғаным жоқ. Ханшаға бір кішкене ақ дәрі беріп едім, ханша апарып сіздің аузыңызға салды. Сіз «қатты ұйықтап кеткен екенмін» деп түрегелдіңіз, мен содан басқа жақсылық қылғаным жоқ», – деді.

– Ханша, дәрі бергені шын ба? – деп хан сұрады.

Ханша айтты: «Шын, бергені рас», – деді. Хан алтын тағынан түсіні, алтын тағын Жақсылыққа берді. Ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, бір сұлу қызы бар екен, сол жалғыз қызын берді, қара құладан қақ жарып малын берді, күйеу қылып алды. Жақсылық байып тұрды.

Жақсылық бір күндері жылқыда жүрсе, баяғы жолдас болған Жамандық жолдасы кез келеді. «Жақсылық, сен қалай адам болдың?» – деді Жамандық. Жақсылық барлық шынын айтты.

Жамандық айтты: «Жақсылығым, мені қалың қара тоғайдың ішіне апарып тасташы, мен де, сендей адам болар ма екенмін?» – дейді. «Мен сенің екі көзіңді ойып, екі құлағыңды кесіп алып, тоғайдың ішіне тастап кетейін. Сен де, адам боласың», – деді Жақсылық.

Жақсылық апарып тоғайдың ішіне Жамандықты тастады. Барлық байлықтарынан айрылып, әбден ашуланған түлкі, қасқыр, жолбарыс үшеуі тоғайдың ішін қарап жүріп, бір жерде Жамандықты тауып алып, жеп қойды.

«Жақсылыққа жақсылық, жамандыққа жамандық» деген осы екен.



## Аңыз Әңгімелер

Қазақ халық ауыз әдебиетінің ең көне салаларының бірі – аңыз әңгімелер. Аңыз әңгімелер белгілі бір адамның атына, олардың іс-әрекетіне байланысты туындап отырады. Кейбір аңыз әңгімелерде шындық оқиғалар мен қиял-ғажайып оқиғалар аралас-құралас келуі де ғажап емес.

Аңыз-әңгімелер негізінен, тарихта болған адамдардың басынан өткен оқиғаларға құрылған болады. Ондай адамдар кейде батыр, не ел басшысы немесе әділ би, ақыл-парасаты аса мол, ел құрметіне боленген, елге аса қадірлі, сыйлы адамдар болуы мүмкін. Бірақ, ол адамдардың айтқан сөздері мен істеген іс-әрекеттеріне байланысты айтылған аңыз-әңгімелерге, кейде, әуелгі шындыққа, кейбір қоспалар қосылып: «сол істепті-міс, сол айтыпты-мыс» деген, әр түрлі лақап біртіндеп аңызға айналады. Оны әңгіме, жыр етіп, біреуден-біреу жаттап алып, кейінгі ұрпаққа жеткізіп отырған.

Қазақ аңыз-әңгімелерінде жиі-жиі айтылып жүрген Асан қайғы, Жиренше шешен, Қорқыт, Жошы хан сияқты т.б. кейіпкерлердің бәрі де тарихта болған, ел басқарған адамдар.

Дегенмен, олардың іс-әрекеттері, айтқан сөздері біреуден біреуге ауызша айтыла-айтыла аңыз болып кеткен. Оның үстіне, ел арасында Қожанасыр, Алдаркөсе сияқты қарапайым адамдар туралы да аңыз-әңгімелер аса көп. Солай екен, олардың кейбірімен сіз оқырмандарды таныстыруды жөн білдік.



## АСАН ҚАЙҒЫНЫҢ ЖЕРҰЙЫҚТЫ ІЗДЕУІ

Асан қайғы Желмаясына мініп, жаһан кезіп «Жерұйық» дейтін ну орманды, көкорай шалғынды, сулы да, нулы жерді іздейді. Бір сөзбен айтқанда, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоныс іздейді.

Нәтижеде, Маңғыстауға үш барып, үш қайтыпты: Содан: «Түбінде мал баққан шаруаға, Маңғыстаудан жақсы жер болмас», – деп, ой түйіпті.

Жетісуды көргенде: «Мынау, Жетісудың ағашының әр бұтағы жеміс екен, шаруаға жақсы қоныс екен», – депті.

Осы күнгі Мерке жеріндегі Аспараны көргенде: «Ей, Аспара, көршіңмен тату бол, шөбіңе суың жетер жайсаң жер екенсің», – деп, жүріп кетіпті.

Баянауыл тауын көргенде: «Баянға жаймай, қой семірмес», – деп, Асан қайғы қазіргі Баянауылды өзіне жайлау етіпті деседі.

Әулие атаның батысындағы Жуалы жерін көргенде: «Жерің семіз, шөбің шүйгіп, қарың мол, топырағың май екен, қадіріңді егін салған білер», – депті.

Қарсақпай аймағын көргенде: «Жезқазған жері, айналаң жалпақ тұз екен, тауыңның асты жез екен. Жұрттың ашықпас жері екен», – деп, жүріп кетіпті.

Шыңғырлау өзенін көргенде, Асан қайғы түйесінен түсе қалып, Желмаясын суарады да: «Жылқының өзі өскен жоқ, Шыңғырлау, сен күт болған екенсің, сен өсірген екенсің!» – деп, қонып кетінті.

Асан қайғы ылғи да шұрайлы қоныс, нұрлы өлке іздеумен өмір бойы Желмаясымен желіп өткен екен. Содан Ұлытаудың бас жағына келіп, сонда дүние салыпты.



1. Бұл әңгіменің неге аңыз екенін мына белгілер бойынша айтыңдар:
  - а) Асан Сәбитұлының тарихта болғаны;
  - ә) Жерұйықты іздеудегі мақсаты, арманы;
  - б) көрген жерінің бәріне қонымды баға беруінің мәні.
2. Өзіңнің туған жерлеріңе Асан қайғыша баға берін көріңдер.
3. Әңгімеден қандай әсер алдыңдар?



## АҚСАҚ ҚҰЛАН, ЖОШЫ ХАН

Жошы ханның ашамайға мінгізген жас баласы аңшылармен бірге жүріп, бұл жерде қашып бара жатқан Ақсақ құланды қуып кетіпті. Ақсақ құлан жүйткіп бара жатқан бір топ құланға қосылыпты. Баланың астындағы еріккен тұлпар еліріп, құйрығын шаншып құландарға қосылады. Құланның әңгісі баланы шайнап өлтіріп кетеді. Аңшылар баланы іздеп таба алмайды. Жошы аңшыларға қаһарын төгіп: «Баламды тауып бер!» – деп, қалың кісіге іздетеді.

– «Баламды өлді деп, естірткен адамның құлағына қорғасын құямын!» – деп, жарлық қылады. Аңшылар бір жерден баланың жұлмаланған қолын табады. Енді ешкім баласының өлгенін Жошы ханға айта алмайды. Ақыры көпшілік ордада отырып, бір домбырашыға күймен айтқызады. Сондағы күйдің айтқан жыры мынау екен:

Уа, иеміз, Жошы хан!  
Домбыра не деп жырлайды?  
Сарнап бір даусын қырнайды.  
Құлағың сал осыған...  
Ақсақ құлан, қу құлан,  
Қияннан қашқан ту құлан.  
Қиырсыз құла далада,  
Анда жүрген балаға

Кез болып қашыпты,  
Белден-белге асыпты.  
Ақсақ құлан, Жошы хан!..  
Елсіз құба далада,  
Қат-қат бұдыр салада,  
Мекендеп өрген, өрбісіп,  
Оралды құлан жосыған.  
Қуып асқақ құланды,  
Еріккен тұлпар құнан да,  
Ордалы үріккен құланға  
Құйғытып ойнап қосылған...  
Өлім деген тәңір ісі,  
Желіккен құлан әңгісі,  
Құлан мен тұлпар еріккен,  
Жосыған құлан желіккен,  
Балаңды шайнап өлтіріп,  
Жұмалап жалмап кетіпті,  
Ордалы құлан шошынған.  
Сөзді айтып жырлап, зарлаған  
Домбыраның балаңды  
Естірткені осы хан!  
Озгеге артпа жалаңды  
Еліктірген балаңды  
Сол қу құлан, ту құлан.  
Асқақ құлан, Жошы хан!..  
Илан, ханым осыған!!! –

деп, ханға ескерткен.

## **ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН МЕН ҚАРАШАШ СҰЛУ**

Қаракөз ханым олген соң, Жиренше үйленбей көп жүріпті. Ойлаған ойына сай қыз кездеспейді, кез келген қызды ұнатпайды. Сөйтіп, жүргенде бір жігіт кездесін, жолдас болыпты. Өзі үндемейтін



адам екен. Бір мезгілде, Жиренше жігітке қарап: «Жол қысқартайық» дейді, жігіт жауап қайырмайды. Тағы бір кезде, Жиренше жігітке: «Ағаш қазан қайнатайық» дейді, жігіт жауап қайырмайды. Тағы да біраздан соң, көшіп кеткен елдің жұртын көргенде Жиренше: «Мынау бір бейбас үйдің жұрты екен» дейді. Жігіт оған да жауап бермейді. Сонымен екеуі бір елге жақындағанда, жаңбыр құйып кетеді. Ауыл сыртында тезек теріп жүрген бір топ қыз, жаңбыр жауып кеткен соң қаптарын арқалап, ауылға қарай жүгіре жөнеледі. Тек, бір қыз сырт киімін шешіп, қапқа жауып отырып қалады. «Мына қызда бір сыр болар», – деп, Жиренше отырып қалған қызға келді. Қыз асқан сұлу екен, Жиреншеге қыздың көркі ұнайды. Енді ақылы қандай екен деп сынау үшін: «Сен көп қыздан неге бөлініп, жалғыз отырып қалдың?» – дейді Жиренше.

– Мен басқа қыздарға еріп, ақымақ болайын ба? – дейді қыз.

– Олар қалай ақымақ болады? – дейді Жиренше.

– Олардың ақымақтығы мынада: келе жатқан алды бар, арты жоқ, шағын бұлт. Бұл өткінші жаңбыр, аз жауып ашылады. Ал, олар үйге барғанша отындары да, барлық киімдері де су болады. Су болған отындары жанбайды, киімдерін кептіре алмайды. Мен отыныма шапанымды жаптым, отынымның ығына өзім отырдым. Менің су болған жалғыз-ақ шапаным. Отыным, өзге киімдерім құрғақ: үйге барғанда отынымды жағып, шапанымды кептіріп аламын, – дейді.

– Қыздың көркіне ақылы сай екеніне көзі жетің, қара көз, қара шашты сұлуға тағы бір сөз айтып көрейін деп, Жиренше:

– Бүркенін жалғыз отырсың,  
Бойға жеткен жас бала.  
Ұнатсаң айтқан сөзімді,  
Күлімдеп көзің бері қара!

Оңаша бір сөзім бар,  
Ақылың болса сен ұғар,  
Менің атым Жиренше,  
Жол берген маған хан-қара, –

дейді. Сонда қыз бөгелместен:

Сыртыңнан естіп қанық ем,  
Шешен деген атыңды.  
Түсіңе бұрын таңсық ем,  
Жаңа көрдім затыңды.  
Айтар жерің осы ма,  
Көңілдегі датыңды? –

деп күлімсіреп, өң бергендей болып:

Уәде қылып келін пе ең,  
Сөйлесем деп бұл жерге,  
Жалғыз атты жолаушы,  
Аулақ менен көш жерге.  
Құрбыңды іздеп тауып ал,  
Жас қыз сөзіңді есітер ме? –

дейді.

Жиренше шешен қызды әбден ұнатып, ішінен: «Құдай жазса, сені алармын», – деген ойға келеді. Ауыл мен екі арада өзен бар екен.

– Мынау өзеннің өткелі қай жерде? – дейді Жиренше.

– Мына жерде бір өткел бар–жақын, жақын да болса алыс, – дейді қыз.

– Ал, ана бір жерде бір өткел бар ұзақ, ұзақ та болса, жақын, – дейді.

– Сенің үйің қайсы? – дейді Жиренше қызға.

– Менің үйім–анау үлкен ақ үйдің жанындағы қараша үй, – дейді қыз.

Жиренше алыс өткелге кеткенде, жолдасы жақын өткелге бұрылады. Қыздың: «алыс, алыста болса жақын» деген өткелінің суы

саяз, асты құмқайыр екен. Жиреншенің аты желіп өтеді. Ал: «жақын, жақын да болса алыс» деген өткелдің суы терең, асты балшық екен, жолдасының аты батпақтан зорға өтеді.

Жанындағы жігітке: «Сен қайда қонасың?» – дегенде, «Мен мына ақ үйге қонамын», – дейді ол. «Ендеше мен қара үйге қонамын», – дейді шешен. Сөйтіп, екеуі екі бөлініп, бірі байға, бірі кедейге барып түседі. Бір уақытта отынын арқалап манағы қыз да келеді. Жиренше төрге жайғасқан соң, үйдегі кемпір амандықтан кейін: «Шырағым, мынау байдың үйі тұрғанда, біздің қосқа қалай түстің?» – дейді. Жиренше: «Менің баспанам да осындай еді, өз үйім тәрізді болған соң, өзімсініп түстім», – дейді.

Жиренше түскен үй іңір болған соң от жақты, келін сиыр сауды. Кемпір от басында, қыз үйдің іргесінде отыр.

Жиренше төрде отырып, қызға қарап басын сипайды. Бұл: «Сенің қалың малың шашымнан көп-ау», – дегені еді. Қыз оған түсініп, астындағы тақыр тулақты сипайды. Ол: «Теңімді тапса тақыр кедей болса да береді», – дегені еді... Жиренше мен қыз бірін-бірі ұнатқанын осылай ыммен ұғысады.

Таң атқан соң жұрт тұрып, жайланған кезде бай Жиреншені шақырып алады. Жиренше келсе, кешегі жігіт мез-мейрам болып сонда отыр екен. Амандасқаннан кейін бай: «Кешегі бірге келген кісі осы ма?» – дейді, жігіт: «Иә», – дейді. «Екеуің бірге келіп, екі бөлек түскендерің қалай?» – дейді бай. Жиренше: «Бұрынғының сөзі бар еді, сол есіме түсін, бөлек түстім», – дейді. «Ол не деген сөз?» – дегенде, Жиренше:

– Өзің білмес ісінді,  
Білгендерден сұрап біл.  
Өлін жатсаң, наданнан  
Қабірінді жырақ қыл! –

деген дейді.

Бай: «Екеуің жолда не сөйлестіндер, не айттыңдар?» – дегенде, жігіт түндегі жол-жөнекей айтылған сөзді баяндайды. Жиренше:



«Екеуден-екеу жапанның сары даласында келе жаттық. Әр түрлі сөз айттым, жолдасым біреуіне де жауап қайтармады. Сонан соң, мен де үндемей отырып едім, ұйқы келді, маужырап жүре алмадық. Ұйқыдан мезі болған соң: «жол қысқарталық», – дедім. Оным: «әңгіме айт», – дегенім еді. Екінші, «ағаш қазан қайнатайық», – дегенім «насыбай атып алайық», – дегенім еді. Үшінші: «бейбастық үйдің жұрты», – дегенім, бір жұртта екі бірдей күйік косеу жатыр екен. Айтқан сөзімнің біріне де жауап қайырмаған соң: «мына жігіт надан екен деп, бөлек қонған едім», – дейді. Бай Жиреншенің бұрын атын есітіп, бір көруге құмар болып жүреді екен. Өзін көріп, сөзін естіген соң, есі кетіп мал сойып, қымыз құяды. Бәйбіше: «Шырағым, бүгін осында бол!» – деп қондырады...

Бай Жиреншенің ақылына риза болып, қызын бергісі келеді. Қызы: «Мені бір жалғыз атты кедейге бар дегені несі, бармаймын», – деп, астан-кестен болып бүліпеді. Қызынан бұл сөзді есітіп, өтірікші болдым-ау деп, ойланып отырғанда, Жиренше: «Бай сіздің қиналып отырғаныңыз маған әбден батты. Конбеген балаңызды қояйық, мынау көршіңіздің қызының қалың малын төлеп, алып берсеңіз болады», – дейді. Бай көрші жігітті шақырып алып, сұраған малын беріп, Қарашашты Жиреншеге қосады.



1. Шығарманы оқып шығып, оның негізгі мәнін айтып беріңдер.
2. Аңыз әңгімеде Жиренше қыздың тапқырлығын қалай аңғарды?
3. Аңыз неге іштей екі бөлімге бөлінген деп ойлайсыңдар?
4. Аңыздың мазмұнын қалай түсіндіңдер?
5. Қыздың ақылдылығын қалай бағалайсыңдар?



## СҰРАТҚАН ХАН АҚЫМАҚ ПА, СҰРАҒАН СЕН АҚЫМАҚ ПА?

Баяғыда Жиренше деген өзі кедей бір шешен болыпты. Ол асқан ақылды, сөзге шебер, шешен адам екен. Жиреншенің шешендігіне қызығып, хан шақырып алып, оны өз қасына ертіп жүреді екен. Бірақ, Жиренше ханды жақтамапты, елдің сөзін сөйлепті. Ол ханның алтындаған сарайына тұрақтамай, өзінің кішкене күркесіне келіп жа-



тады екен. Өз үйіне келгенде, ол мың жасап, бой жазып қалады екен. Үйі өте кішкентай болса керек. Киізі қырық жамау күркесіне келіп: «Қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім» деп келгенде, Жиреншенің екі аяғы тізесіне дейін күркеден сыртқа шығып жатады екен.

Бір күйі хан нөкерлерін ертіп, серуенге аттаныпты. Еріккен ханға ермек керек. Хан Жиреншені шақырып алып, ертіп шығыпты. Хан сампылдап, әңгімені соғып келеді. Күн желкемдеу болса керек. Бір адырдан аса бергенде, ханның алдынан жел қуған қаңбақ домалап, ұшып бара жатады.

– Уә, Жиренше, анау қаңбақ қайдан келеді, қайда барады екен? Сұрап келші! – дейді хан.

Жиренше шауып ала жөнеледі. Жетіп барып, қаңбақты камшысымен ұрып тоқтады да, біраз бөгеледі. Аздан кейін қоя беріп, ханға қайтып келеді. Жел қуған қаңбақ бөгелсін бе, домалай жөнеледі.

– Уә, Жиренше, сөйлестің бе, не айтты қаңбақ? Қайдан келеді екен, қайда барады екен? – дейді хан.

– Сөйлестім, тақсыр! Сөгіп салды өзімді, – деп, жауап берді Жиренше.

– Ал айт, қаңбақ не дейді?

– Тақсыр, соны сұрап не қыласыз. «Желдің өтінен шықтым, ығына қарай ығып барам, желге ұшам, сайға қонам: «оның несін сұрайсың? Білмеуші ме едіңдер? Ұшарымды жел біледі, қонарымды сай біледі. Осыны сұрата жіберген хан ақымақ па, сұрай келген сен ақымақ па?» – деді де, қаңбақ ұша жөнелді, тақсыр, – дейді Жиренше.

Хан ұялғанынан еш нәрсе дей алмай қалады.



1. Ханның Жиреншені бағалайтыны қандай оқиғалардан аңғарылады?
2. Жиреншенің өз үйі, күйі әңгімеде қалай берілген?
3. Жиреншенің қаңбақпен сөйлесуін қалай түсіндіңдер?
4. Аңыз әңгімені өз сөздеріңмен айтып беріңдер.



## ӘДЕБИ ЕРТЕГІЛЕР

Ертегілердің аса бір қызықты саласы – әдеби ертегілер. Әдеби ертегіні кім жазғандығы белгілі болғандықтан, оны әдеби ертегі деп атайды. Әдеби ертегілер, көбінесе, халық арасында ауызша айтылып, кең таралған аңыз әңгімелер негізінде дүниеге келеді.

Әдеби ертегілер негізінен өлең түрінде де, кейде қарасоз түрінде де айтыла береді. Әдеби ертегілерде еңбек адамын қадірлеу, туған елін сүю, биік адамгершілік пен шыншылдық, әділет мәселелері кең уағыздалып, үнемі ол дәріктеліп отырады.

Мәселен, белгілі ақын Әбділда Тәжібаевтың «Толағай» атты әдеби ертегісінде Толағай батырдың ерлік істері, ол туралы және оның атымен аталатын Толағай тауы туралы халық аңызы арналы озек болады.

Орайы келгенде, бір айта кетерлік жайт, кейде ақын-жазушылар қызықты ертегілерді балаларға арнап, әдейі жазатын тұстары да жиі боп тұрады. Міне, олар да әдеби ертегіге жатады. Сондай ойдан шығарылған ертегінің бірі – Мағжан Жұмабаевтың «Жүсін хан» ертегісі. Орыс жазушысы В. Гаршиннің атақты «Саяхатшы бақа» атты ертегісі де, дүние жүзіне кең тараған аса тамаша әдеби ертегілердің қатарына жатады.



1. Әдеби ертегілердің халық ертегілерінен басты айырмасы неде?
2. Өздерің сүйіп оқыған әдеби ертегілер жайлы ой толғандар.
3. Сыныпта «Толағай» әдеби ертегісінің мазмұнын айтып беріңдер.
4. Ақын осы әдеби ертегіні жырлау арқылы нені айтпақ болады?



## ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ (1909–1995)

Әбділда Тәжібаев – туған әдебиетіміздің аса ірі тұлғаларының бірі. Ол 1909 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген.

Кейбір деректерге қарағанда, атақты ақын Нартай Бекежанов арнайы келіп, Әбділданың анасы Айманкүлмен айтысқа түскен екен.

Шындығында да: «Сыр елі – жыр елі» атанған Сырда туылып-өскен Әбділда Тәжібаевқа, озінен бұрын өткен ақындардың жыр сайысы да ерекше әсерін тигізсе керек. Солардан рухани нәр алған болашақ ақынның көркем әдебиетке деген құмарлығы ерте оянды. Нәтижеде, дарынды ақын, кең тынысты кемел драматург, тамаша әдебиет зерттеушісі болып қалыптасады.

Әбділда Тәжібаев «Күй атасы», «Ақын», «Портреттер» деп аталатын т.б. аса тамаша дастандар жазумен бірге, аса сырлы лирикалық поэмалардың озық үлгілерін жаратқан кемел де кеменгер ақын бола алды.

Солай екен, оқырмандарға ақынның «Толағай» атты аңыз-әңгімеге құрылған әдеби ертегісін ұсынып отырмыз.



### ТОЛАҒАЙ

*(ерлік туралы аңыз)*

#### I

Ел аузында ертектен,  
Ертект болған қызық көптен  
Бір әңгіме есімде бар,  
Айтып соны баяндайын.  
Ерінбейін, аянбайын,  
Тыңдау үшін кел, балалар.  
Бес жүз жылдар шамасында

Сонау Ертіс жағасында,  
Болған біреу Саржан атты.  
Даңқы шыққан мерген екен,  
Талай жерді көрген екен,  
Сүйіпті жұрт сол қазақты.  
Жұбайы да өзіне сай,  
Аты Айсұлу – ақ маралдай,  
Ақша беті айменен тең.  
Көркінен де ақылы басым,  
Көршілердің кәрі, жасын  
Сүйсіндірген қылығымен...  
Айы толды, күні жетті,  
«Ұл туды» деп ел шу етті,  
Дүниеге бір бала келді.  
Отыз күндік мерекені,  
Естен кетпес берекені,  
Сол ауылға ала келді.  
Ақ тілекті дос-жарлары  
Ат арытып жетті бәрі,  
Қалмай адам көңілі жақын.  
Ақсақалдар қол көтерін,  
Жас бөбекке бата беріп,  
Толағай деп қойыпты атын.  
Балғын бөбек жетті бірге,  
Ілінбесін көз бен тілге.  
Кереметтен туған жандай:  
Кере қарыс, ақша маңдай,  
Күн нұрынан жаралғандай,  
Көзі түскен таңқалғандай.  
Үштен төртке жетті жасы,  
Туған айдай екі қасы,  
Ақ тістері ақ меруерттей,  
Қос жұлдыздай көз жанары,  
Қос бетінің тамып қаны,

Жалындайды жанган өрттей.  
Тым ерекше, тұлға пішін,  
Өлшеп болар емес күшін,  
Қуанышты ата-анасы.  
Бота болып ойнағалы  
Арқаласа он баланы –  
«Алып болар» деді үлкендер,  
Тірі болсын, туды бір ер,  
Ер жетуін күтті халық.  
Арнап келіп көрер болды,  
Көрген соң көз сенер болды,  
Алыстағы ел хабарланды.  
Жеті жаста садақ тартты,  
Атқан оғы тасты уатты,  
Жай отынан кейін емес.  
Темірден де өткізеді,  
Түндік жерге жеткізеді.  
Ел осыны етті кеңес.  
Еріп кәрі мергендерге  
Әкесімен шықса бірге  
Аң аулауға кең даладан,  
Құтылмайды қашқан құлан.  
Жалғыз толғап тартуынан,  
Жан құтқармас болды қыран.  
Осындай бір аңшылықта  
Кетіп ұзап айшылыққа,  
Шексіз шетсіз көлге келді.  
Мөлдір судан қанып ішті.  
«Алайын, – деп – козімді іліп»,  
Әкесімен тілге келді.  
Жалғыз ұлы – көз жанары,  
Сұраса да берер жанын:  
«Ұйықта, қозым», – деді Саржан.  
Ұйықтады Толағай

Айналады, толғанады,  
Көбелектей от айналған.  
Елсіз, малсыз көлдің қасы,  
Қалың қамыс айналасы.  
Көз қызығар ұшқан құсқа.  
Оқта-текте үн береді,  
Үрейді ала күңіренді,  
Жем іздеген жолбарыс та.  
Жолбарыстың естіп үніп,  
Оятайын десе ұлын,  
Аң батырын атқызбасқа:  
Сабырсыз боп қызбайын деп,  
Тәтті ұйқысын бұзбайын деп,  
Өзіне-өзі салды тоқтау.  
Сол кезде бір сыбдыр шықты,  
Жалт бұрылды, көзін тікті,  
Көрді Саржан аң балуанын.  
Жортып жүрін келіп қапты,  
Жол тосқанын аңғармапты,  
О да торып қалды жауын.  
Оқтан ұшқыр өр жолбарыс,  
Жібермейтін жатқа намыс,  
Лақтыратын атандарды,  
Жымитты да қос құлағын,  
Көздерінен шашып жалын,  
Жер бауырлап жата қалды.  
Сонда мерген қатты састы,  
Адамды аңның сұсты басты,  
Жолбарыстан көз алмады.  
Қимылдаса, атқалы тұр,  
Қанды аузын басқалы тұр,  
Арбасуға төзе алмады.  
«Өлдім, балам, Толағайжан!»  
Деген дауыс шықты жаман,

Атып сонда тұрды бала.  
Тырнақтарын арандатқан,  
Аждаһадай аузын ашқан,  
Жолбарысты көрді бала.  
Әкесінен әл кетіпті.  
Қояр емес, жауы мықты.  
Мендеп барады, күші басым.  
Тал шыбықтай майыстырып,  
Теңбіл шұбар алған мінін,  
Күйрететін қабырғасын.  
Толағайды ашу қысты:  
«Келе қал, – деп, болсаң күшті»,  
Құйрығынан алды барып.  
Таяқ құрлы көрмей тіпті,  
Жолбарысты дөңгелетті.  
Ойнағандай шыр айналып,  
Ұршықтайын үйіргенде,  
Екпінінен соққан желге,  
Көк құрақтар қалды жатып.  
Әлден кейін аспандатып  
Айдын көлге жіберді атып,  
Күмп етті де, кетті батып.  
– Бұл не деген үлкен мысық,  
Салқындады-ау суға түсіп, –  
деді бала, күлімдеді.  
Әкесі де езу тартты.  
«Мысық» жүзін бара жатты,  
Қайырылатын емес енді.

## II

Жылдар өткен  
Жазғытұрым  
Басталды бір жаман ырым,  
Жаумай жауын жалғыз тамшы.



Ерте солды гүл-бәйшешек,  
Еркін өспей, қурады шөп,  
Етке тиді ауыр қамшы.  
Еккен егін өнбей жерге,  
Еткен еңбек ұшты желге,  
Ел күйзелді ем таба алмай.  
Жабырқаған жарлы қауым  
Жалбарынды тілеп жауын,  
Көкжиектен көзін алмай.  
Сезген мұны Толағай да  
Сабырсыздық болды пайда.  
Ойланады ұзақ күндер:  
«Қайтсем жауын жаудырамын,  
Ел сусынын қандырамын,  
Адал ақыл айтар кімдер?»  
Көп өтпеді. Бір күндері  
Шешесіне еркеледі  
Отыр сұрап әр нәрсені...  
– Тағы да бар бір сауалым:  
Көп жауады қайда жауын?  
Білсең апа, айтшы! – деді.  
Айғақ ете үлкендерді  
Апатайы жауап берді:  
– Деген сөз бар: «Тауда жаңбыр»  
Қарлы, шыңды тау жерінде,  
Тарбағатай өңіріпде  
Үзілмейді жылда жаңбыр.  
Толағайы тыңдап алды,  
Екі беті гүл-гүл жанды.  
Кідірмеді, жүріп кетті.  
Кеудесімен бұлт бөгеген,  
Бұлттан жаңбыр себелеген  
Асқар тауға келін жетті.  
Таңдап жүріп тау жотасын,

Толағай қарап орман, тасын,  
Тарбағатай өңірінен,  
Көңілі сүйген бір шатқалды  
Ұзақ ырғап бөлін алды,  
Өркештенген түйінінен.  
Басындағы қарын қоса,  
Баурындағы аңын қоса,  
Шайқап бұлақ, көк орманды,  
Күшпен әрең алды-дағы,  
Арқасына салды-дағы,  
Келген ізбен қайта оралды.  
Арқалады ауыр тауды,  
Жаншып бара жатыр жанды,  
Маңдайынан тер көл боп ақты.  
Жеткенше дем алмаймын деп,  
Жарты жолда қалмаймын деп,  
Шаршаса да, тоқтамапты.  
Тау жақындап қалды келін,  
Бұйраланған бұлт еңсеріп,  
Таңданысты көрген адам.  
Әлден кейіп танылды анық,  
«Төлағай» деп шулап халық,  
Қуанбаған қалмады жан.  
Құйды жаңбыр, сел боп ақты,  
Күн күркіреп шатырлатты,  
Күйген жердің кірді жаны,  
Шөлдегендер суға қанды,  
Ауыл қайта ажарланды,  
Тарқалды елдің бір құмары.  
Талған дене, жанған өкпе,  
Келген шыдап сонша көпке,  
Ұзақты күн сыр бермеген.  
Жетеріне жеткен кезде,  
Күн еңкейіп шөккен кезде,

Сүрінді алып әлденеден.  
Кетті құлап, тұра алмады.  
«Апа!» деді жалғыз гана,  
Тау да басып, шөге берді,  
Апасы жас төге берді,  
Отаны үшін өлді бала.  
Кім қалды екен егілмеген,  
Кім қалды екен төгілмеген,  
Көз көргеннен Толағайды.  
Күңіренді де анасындай,  
Күн де батты шарасыздай,  
Түн қап-қара шашын жайды.  
Ауысыпты заман талай,  
Атангалы тау – Толағай...  
Соны үлкендер ертегі еткен,  
Алыпты тау басып жатқан,  
Ана сүгін тас боп қатқан  
Көреді өткен, кеткен.  
Толағайдың төңірегінде,  
Толқындаған желмен бірге  
Көк теңіздей көк шалғыны.  
Алыпты жұрт ардақтайды.  
Алып атын бір атайды  
Жылда жаңбыр жауған күні.



1. Ертегі-дастанға қандай оқиға арқау болған?
2. Ақын суреттеп отырған оқиға қай заманға сай келеді деп ойлайсыңдар?
3. Толағайдың елге деген сүйіспеншілік сезімдерін қалай түсіндіңдер?
4. Шығарманың мазмұнын сыныпта өз сөздеріңмен айтып беріңдер.
5. Ертегіні бөлім-бөлімге бөліп, ой бөлісіңдер.



## ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің ең бай, аса қызық саласының бірі – шешендік сөздер. Шешендік сөздерді елге белгілі, аса зейінді де зерделі, зерек адамдар, биік парасат иелері, кейбір ел арасын-

да болған даулы оқиғаларға байланысты өздерінің шешімін айтып отырған.

Ел арасындағы айтыс-тартысқа орай, жер дауы, жесір дауы мәселелеріне байланысты да өз шешімдерін кесіп айтып, үнемі халықты ынтымақ-бірлікке үндеп отыратын болған. Бұл ретте, елге әйгілі Жиренше шешен мен Төле би, Досбол датқа мен Қазыбек би, Әйтеке мен Сырым Датұлы, Байдалы би мен Тайкелтір сияқты т.б. ерен ой иелерінің елді ынтымақ-бірлікке үндеген тамаша шешімдерін еске аламыз.

Шешендік сөздерде аса қысқа да нұсқалы, тапқырлық сөздер мол кездеседі. Шешендік сөздер негізінен тым өткір болумен бірге, көңілге қонымды, шынайы болғандықтан, ол халық арасына тез тарап, ауыздан-ауызға өтіп, бізге дейін жетіп келген.

Шешендік сөздер ылғи да, екі адамның белгілі бір нәрсеге таласуына орай туындап жатады. Сондай даулы, жанжалды мәселелерді елге белгілі билер, пайым-парасаты аса мол, барынша ойлы, шешен кісілер тауып айтып, дұрыс шешіп отырған. Олардың тауып айтып, тамаша байлам жасағанына халық үнемі дән риза болған.

Деғенмен, шешендер мен билердің сөздері хатқа түсіп, сақталмағандықтан, бізге тек ауызекі түрде ғана жетіп келген. Сондықтан, ел арасында сақталған шешендік сөздер әр түрлі өзгерістермен, түрленулермен бізге жеткен. Кейде кейбір, ұмыт болған шешендік сөздер, сан ғасырлардан бері, бізге дейін жетіп келгенмен, олардың кейбіреулері ертегілер мен батырлық жырлардың қисса-дастандардың құрамына еніп кеткендері де аз емес. Мысалы, Жиренше шешеннің айтқандары аңыз-әңгімелерге айналып кеткендігі соншалық, оны осы кітаптың өзінен де оқуға болады.

Орайы келгенде, бір айта кетерлік мәселе, шешендік сөздер тек дау-жанжал, айтыс-тартыстарда ғана айтылып, сонымен ғана шектелген емес. Онда, көпті көрген, көзі ашық, көкірегі ояу, өнегелі қарттардың бата-тілектері, насихат-нақыл сөздері түрінде де жиі-жиі айтылып отырған.

Шешендік сөздерде халықтың бастан кешкен оқиғалары, ақыл-ойы, арман-тілегі бейнеленеді. Оларда тіл байлығы, ой оралымдылығы жан-жақты байқалады.

Шешендік сөздер адамды, әсіресе жастарды жақсы мінезге, тапқырлыққа баулумен бірге, ынтымақ-бірлікке, татулыққа, достыққа үндеп, үлкен-кішіні сыйлауға жұмылдырады. Мысалы, халық арасында, бір шабындық жерге таласып, жанжалдасып жатқан екі кісіге, он үштегі бала: «Былай» – деп, айтыпты деген сөз бар:

Өзімнің атым Күдері,  
Ер Көшектің баласы.  
Талассаң бағың кетеді,  
Таласпасаң нетеді?  
Бірлік қылсаң, ағалар,  
Анау тұрған шабындық  
Баршаңызға жетеді.  
Дүние, шіркін, жалған ғой,  
Бастарыңнан әлі-ақ өтеді, –

деген екен.

Расында да, шешендік сөздер ылғи да дауларға байланысты туындап отырған. Екі кісі, екі ру арасындағы мал-мүлік тартысы, ар мен жер, ер мен жесір құны, барымта секілді даулар екі рулы ел арасында, кейде, мемлекеттік деңгейдегі келісім шарттарға дейін көтеріліп, оларды бітімге келтіретін билер мен шешендер, аталы сөз айтып, келістіріп отырған.

Мәселен, елдің намысын, бірлігін, елдігін ойлаған сондай даулардың бірін қалмақ ханы Қоңтажыны Қазыбек би жас бала болса да, өзінің ақылдылығымен, шешендік сөзімен тапқырлық жасап, келісімге келтіргені көне тарихтан аян. Мәселен, Қаздауысты Қазыбек:

Жаңа үйреткен жас тұлпар  
Жарысқалы келгенмін,  
Танымайтын жаттарға  
Танысқалы келгенмін.  
Қазақ-қалмақ баласы,  
Табысқалы келгенмін.  
Табысуға келмесең,  
Тұрысатын жеріңді айт,

Сен – қабылан, мен – арыстан,  
Алысқалы келгенмін, –

деп, он үш жасар Қазыбек, қазақ пен қалмақ елінің табысып, бітісуін тілейтіндігін ашықтан-ашық, ешкімнен тайсалмай батыл айтады.

Ардақты оқушылар! Сендер де шешендік сөздердің тамаша үлгілерін жиі-жиі оқып, өздеріңше тоқуға тырысыңдар. Сонда гана, сендердің ой-өрістерің, саналарың кең өріс алып, ылғи да биіктей түсесіңдер.

Әрі, сендер жақсы мінезге бай бола түсесіңдер де, байқағыштық қабілеттерің арта бастайды.

Оның үстіне, шешендік сөздер сендерді үнемі сергек те, зерек болуға жұмылдыра бастайды. Тінтен, тілдеріңді байытып, ұшқыр да, ойлы сөйлеуге жетелейді.

## ТАЙКЕЛТІРДІҢ ТӨРЕЛІГІ

Кезінде, Төле би жас Тайкелтірдің болашағын алдын ала болжай бастайды. Сондықтан да, Төле би: «Ұсақ-түйек ауыл арасындағы айтыс, айтыс-тартыстарға емес, намысын жібермейтін, қысылғанда халқына пана бола алатын алғыр, ұтымды адам болып өскелі тұр. Бұл мына шалдар ойлағандай Айдаболдың ұлы емес, халқының ұлы болары анық. Бұған түзу бағыт беріп, алға тарту керек. Мен қателесем, ел кешпейді. Олай болса, бұл баланың шешендігіне, тапқырлығына өзімнің де, мына отырғандардың да көзін жеткізейін», – деген оймен би атқосшы жігітінің бірін шақырып:

– Қонақ үйдегі екі кісінің таласып жүрген ер-тұрманын осында әкелші! – дейді. Сонда атқосшы:

– Құп, тақсыр! – деп, жігіт үйден шығады.

– Әдемі киінген екі кісі сәлем беріп, қол қусырып кіреді. Атқосшы жігіт алдыңғы қасына күміс қақтаған, былғары тоқымына зер тіккізген ерді ортаға әкеп қояды.

– Иә, балам Тайкелтір! Осы ер-тұрманға мына екеуі таласып жүр. Бұларға тоқтарлық бітім айтып, екеуін де риза етші, – дейді Төле би.

– Тайкелтір біраз бөгелін қобалжып қалады да, орнынан тұрады. Кереге басында ілулі тұрған Төле бидің тобылғы сапты қамшысын қолына алып, ортадағы ерге жақындап барып жүгінін отырып, жан-жағына ойлана қарайды. Әлігі, ер-тұрманға таласып жүрген екеуіне алма кезек қарап:

– Қасың қайың, қапталың тал,  
Шебер шапқан сары ерсің.  
Таласпен келген екеуің,  
Бір ерге қалай мінерсің? –

деп, алдағы ерді қамшымен тартып-тартып жібереді де, есік алдында тұрған Төле бидің жігітіне:

– Мә, осы ер-тұрманды саған беремін, ие болып мініп жүр, – дейді.  
Дауласып жүрген екі кісіге:

– Қалай, ризасындар ма менің айтқаным, жоқ па?.. – деп сұрайды.

– Ризамыз, төрелігіңе құлдық! Егер де бірімізге тисе, екіншіміздің өмір бойы өкінішіміз кетпейтін еді, дұрыс жасадыңыз. Төле ағамыздың атқосшы жігіті-ақ, мініп жүрсін, – деп, ризалығын білдірді.

## БАЙДАЛЫ БИДҢ КӨҢЛ АЙТУЫ

Шоқанның атасы Уәлихан қайтыс болыпты. Астында жарау аты жоқ, үстінде иығына жабар тоны болмаған Байдалы шешен, жаназаға бара алмапты. Өне барамын, міне барамын деп жүргенде Уәлиханның қырқы да өтіп кетеді.

– Қадірменді қария еді, келін көңіл айтпағаны несі, – деп, Уәлиханның бәйбішесі Айғаным ішінен өкпелеп жүреді.

Бір күндері Байдалы келін, өзінің келгендігін сыртта тұрып білдіреді. Бірақ, өкпелі Айғаным шешенді аттан түсіріп алайын деп, тысқа шыға қоймайды. Сонда, шешен атының басын кейін бұрады да, тұрып қалып:

– Ханы өлін,  
Қайғырып жатқан Айғаным!  
Қара жамылып,  
Ай-күні батқан, Айғаным!

Ханға сүйеніп,  
Қоқай көрмеген, Айғаным!  
Қамқаға оранып,  
Шоқай кимеген, Айғаным!  
Мен бір сөз айтайын, тыңдашы! –

депті.

Сонда, қара жамылып, жоқтау айтуға даярланып отырған Айғаным, Байдалы шешеннің сөзіне құлағын тіге қалыпты.

Одан әрі Байдалы шешен:

– Ер қартайды, мал тайды,  
Екеуледі, ей, ханым!  
Қатын жалқау, ұл ынжық,  
Төртеуледі, ей, ханым!  
Келін қатал–кер болды,  
Ағайын жат ел болды.  
Алтаулады, ей, ханым!  
Кәрілік пен кедейлік  
Егіз келді, ей, ханым!  
Мұның бәрін санасаң,  
Сегіз болды, ей ханым!  
Қаусаған жақ, иек бар,  
Саудыраған сүйек бар,  
Ауыл алыс жер болды,  
Тоқсан темір тор болды,  
Оннан асты, ей, ханым!  
Шығар жолды, осыдан  
Өзің тапшы, ей, ханым!  
Құла бие құлындап,  
Келе алмадым, ей ханым!  
Келдім, енді кетемін,  
Ықылассыз ордаға,  
Ене алмадым, ей, ханым! –

деп, жүре беріпті.



Содан, Айғаным үйден жүгіре шығып, Байдалы шешеннің шаужайына оралады. Құрметтеп аттан түсіріп, үйге кіргізеді. Төрге отырған соң, Айғанымның жоқтау айтып, жылауға ыңғайланғанын байқаған шешен:

– Әй, Айғаным! Сен жоқтау айтқалы отырсың, мен тоқтау айтқалы отырмын. Жоқтауды қоя тұрып, тоқтауды тындасаң қалай болады? – депті.

Сөзге тоқтаған Айғаным аңырып қалады. Сонда Байдалы шешен:

Қайрат деген қыран бар,  
Қайғыға тізгін бермейтін.  
Қайғы деген жылан бар,  
Өзекті шағып өртейтін,  
Үміт, сенім, тілек бар,  
Қуантып, қуат алдырар.  
Жылау деген азап бар,  
Қуартып отқа жандырар.  
Мен қайғынды қозғағалы келгем жоқ,  
Қайратыңды қоздырғалы келдім, –

деиті.

Әдетте, мұндай қадірлі адам дүниеден өткенде, оған келіп көңіл айтқанда, елдегі сыйлы адамдар келгенде, ханым ылғи да қара жамылып жоқтау айтқаннан кейін, Таумұрын деген молда құранын оқып, күңіренетеді екен. Қаралы ханым қайғылы қалпын сақтап, орнынан қозғалмай ұзақ отырып қалады екен.

Міне, бұл жолы мұның бірі де болмайды. Шешеннің келуі қайғылы ордаға қалыпты тіршілік орнатқандай болады. Айғаным өзі жүріп, ерекше құрметпен қызын алдырады, қой сойдырады. Ат қағып шөлдеп келген Байдалы шешенге өз қолымен сусын береді. Ханым жадыраңқы қабакпен жақсы қабылдаған соң шешен жайғаса отырып, шешіле сөйлейді. Мал-жан, ауыл-аймақтың амандығынан басталған әңгіме, одан әрі ағыла береді.

Шешеннің әрбір айтқан ойлы сөзі Айғанымға түрлі ой салып, көңілін жадырата түскендей болады. Соңыра, Айғаным қамыққан көңілімен назын айта бастайды.

– Ханмен қадірлес, халықпен сырлас қария едіңіз. Хан артында қара тұман қалды, қара тұман ортасында мен қалдым. Көзсіз көбелектей болып қалғанымда, осы уақытқа дейіп, ат ізін салмағаныңызға ренжігенім рас. Несін жасырайын, өкпелеп жүр едім. Мен сізді келер, келер де жылатар, жылатар да жұбатар, содан кейін ханға арнап бір жақсы құран шығартар деп ойлаған едім, мұның бірін де істемедіңіз. Қалайша сізге өкпелемейін? Ал, енді келдіңіз, рахмет, бір түрлі көңілім көтеріліп, сергіп қалдым. Мұның мәнісі қалай? – деп сұрапты. Сонда, Байдалы шешен:

– Келген жерден білместігінді бетіңе айттым. Ол жылатқаным емес пе? Қайғырып жатқан жеріңнен тұрғызып, ас суынды өзіңе басқарттым. Бұл жұбатқаным емес пе? Ал ханымның қайғысы жылаумен жеңілденбейді, ханның күнәсі құранмен жуылмайды. Сондықтан жылатпай, құрандатпай, тұмандатпай келгеніме риза боларсың! Мүмкін, менің созім сенің қайғыңды емес, қайратыңды қолдаған болар, – депті шешен.

Бұған дән риза болған Айғаным ерекше серпіне түсіпті.



1. Төле би Тайкелтірді қалай сынады?
2. Тайкелтір сыннан қайтін сүрінбей өтті?
3. Тайкелтірдің тапқырлық сөзін сыныпта оқып беріңдер.
4. Байдалы шешен Уәлиханның үйіне неге келді?
5. Шоқан Уәлихановтың кім екенін еске түсіріңдер.



## ҚАЗЫБЕК БИ МЕН БҰХАР ЖЫРАУ

Бұхар жыраудың әбден қартайған шағында, көңілін сұрамақ болып Қаздауысты Қазыбек би келіпті.

Төсекте жатқан Бұхар жырау:

– Бірден онға дейін, санның мағынасын маған ешкім айтып бере алмады. Қазыбек осының мәнін айтып берші? – деген екен.

Сонда Қазыбек:

– Бір дегеніңіз – бірлігі кеткен ел жаман.

Екі дегеніңіз – егесіп өткен ер жаман.

Үш дегеніңіз – бұтақты шідерден шошынған ат жаман.

Төрт дегеніңіз – төскейге шыға алмаған кәрілік жаман.

Бес дегеніңіз – білікті адамнан белгілі азамат тумағаны жаман.

Алты дегеніңіз – аймағын билей алмаған хан жаман.

Жеті дегеніңіз – жетем деген мақсатына жете алмаған жаман.

Сегіз дегеніңіз – серкесіз бастаған қой жаман.

Тоғыз дегеніңіз – толғаныңыз.

Он дегеніңіз – откеніңіз, о дүниеге жеткеніңіз деп жауап берген екен.

## АҚТАЙЛАҚ БИ МЕН ҚАНАЙ ШЕШЕН

Ақтайлақ би Қанай шешенге қарап:

– Ер басында бақыт нешеу? Кемдік нешеу? Құлазу нешеу? – деп сұрапты. Сонда Қанай шешен:

– Ер басында бақыт – бесеу, кемдік – үшеу, құлазу – төртеу дей отырып, одан әрі:

Астындағы атың жүрдек болса –

Жалғанның пырағы.

Алған жарың жақсы болса –

Үй мен қонағыңның тұрағы.

Балаң жақсы болса –

Екі көздің шамшырағы.

Әкең – асқар тау,

Шешен – қайнар бұлақ.

Міне, бес бақытың осы депті.

Онаң соң:

Атың шабан болса –

Жалғанның азабы.

Алған жарың жаман болса –

Дүниенің тозағы.

Балаң жаман болса –

Көрінгеннің мазағы.

Міне, үш кемдік осы. Ал, осындайлардан сақтасын! – депті де одан әрі:

Қалың ел көшсе –  
Көл құлазиды.  
Қаптаган мал кетсе –  
Бел құлазиды.  
Нарқын танымаған  
Сөз құлазиды.  
Қатарынан айырылған  
Шал құлазиды.

Міне, төрт құлазу осы, – деп, шешен тоқтапты.



1. Бұқар жырау: «Бірден оңға дейінгі санның мағынасын» Қазыбектен сұрағанда, оның мағынасын қалай түсіндірді?
2. Ақтайлақ би ер-азамат басында кездесетін (бақыт, кемшілік, құлазу) мәселеге қалай жауап берді? Сендер оны қалай түсіндіңдер?
3. Қарауыл Қанай шешеннің сөзіне ерекше мән беріп, зер сала оқындар.



## СЫРЫМ МЕН МАЛАЙСАРЫ

Сырым ат жалын тартып мінген кезінде, атақты Малайсары биден бата алуға барыпты. Би оған бұрыла қарап:

– Уа, кімнің баласысың? – дегенде ол:

– Дат баласымын, – дейді Сырым.

– Қой жая алмайтын жаманнан, қолақпандай бір ұл туды деуші еді. Сірә, сен сол бала боларсың, – депті, сонда ол:

– Болсақ болармыз. Бір құшақ отыннан бір оттық шыбық шықпаса па? – деп, үн қатқанда:

– Шешең қарадан қайратты адам еді. Күндіз келген жиырма кісіні де, түнде келген жиырма кісіні де қонақ етіп, ренжітпей аттандырып жіберуші еді. Сол шешеңе тартқан боларсың? – дегенде:

– Әкем би болмаса да, би түсетін үй ғой. Шешем қырық кісіні ренжітпей аттандырса, «қырықтың бірі қыдыр» деген, бәлкім маған, қыдыр дарыған шығар, ата, – депті.

Сонда Малайсары:

– Ал мына жерге отыр, балам, келген жұмысыңды айта отыр, – депті.

Сырым жайғасып отырғаннан кейін:

– «Үйіңнің алдында төбе болса, ерттеулі тұрған атпен тең. Аулыңда ақылгөй қартың болса, жазып қойған хатпен тең», – деуші еді. Сізге сәлем беріп, өзіңізден бата алғалы келдім, – депті.

Малайсары жүзі жадырап, ойлы созге тоқтап, шешіле сөйлей:

– Жайыңа енді түсіндім, балам. «Кісі болар баланың кісіменен ісі бар, кісі болмас баланың кісіменен несі бар?» – дейді халық. Топқа кіріп сөз бастайтын, атқа мініп қол бастайтын бала екенсің. «Асыл тастан, ақыл жастан» деген. Азуын алдырып, ақылын шалдырып отырған шалдан не сұрайсың? Бітпеген ісім көп... Соны ойлап отырмын, – дегенде ол:

– Ол қандай іс?

– Біздің Байұлының барымтаға барған бір жігітін Әлімнің кісілері өлтіргелі үш жыл болды. Сол ердің құны әлі жоқтаусыз... «Ердің құнын жастың жайсаңы, не қарттың шайтаны даулайды», – дейді бұрынғылар. Қартайғанда қазымыр атанып, Әлімнің Ақсуат биіне бара алмадым. Жастан жайсаң шығып, ағасының құнын сұрай алмады. Ел арасы дүрдараз болып бүлініп барады. Жапсарлас отырған елміз, бір-бірімізге қатынасудан, қыз алып, қыз беруден қалып барамыз, – дегенде:

– Онда, ата, осы тапсырмаңызды орындап келіп, сосын сөйлесейін! – деп, Сырым аулына қайтып кетеді. Қасына елдің басты-басты адамдарынан он шақты кісі ертіп алып, Әлім руының ақсақалы Ақсуат бидің аулына келеді.

Ең қызығы, Ақсуат би ауыл үстін ат тұяғы шаңдатады деп, аулына аттылы кісіні түсірмейді екен. Ауыл сыртына ат байлайтын арнайы ағаш қақтырып, арқан кергізіп қояды екен. Жолындағы кермені көргеімен, Сырым бастаған топ оған аялдамай, бидің ауылына атпен бастырмалата келеді.

Сонда сыртта тұрған Ақсуат би, ақ таяғын көтерін, жолаушыларға ақыра:

– Уа, тоқта түге! Тапа-тал түсте шабатындай, ауылымның үстін шаңдатып келе жатқан бұл қайсың? Елмісіндер, жаумысындар?–деп, дүрсе қоя беріпті.

Сонда Сырым Кертөбел атын шаужайлап, омыраулатып топтан оза:

– Уа, би! Ел десең–елміз, жау десең–жаумыз. Алты қырдың астынан ауылыңа жаяулап келетін Байұлы Әлімнің жас келіні емес! – депті.

Ақсуаттың құлағына Әлімнің бір жігіті сыбырлап: «Өздері он екі атты екен»–дейді. Сонда Ақсуат: «Онда он екі ата Байұлы атқа мінген екен ғой, онда үй-үйге бөлін түсіріңдер», – дейді де, өз үйіне кіріп кетеді.

Сырым екі жолдасымен Ақсуаттың үйіне түседі. Бірақ би шешіліп сойлесе қоймайды. Сонда Сырым:

– Би ата, жөн сұраса отырайық! – дегенде:

– Бала, менің не жөнімді сұрайсың? – дейді Ақсуат, қисайып жатып. Онан соң іле: – Елімді сұрасаң–Әлім, ал жерімді сұрасаң–Байырған, атымды сұрасаң–Ақсуат. Осы елде отырған, осы бір елдің қазығымыз, – депті. Сонда Сырым:

– Би аға, сөз білсеңіз «Суатпын», «Қазықпын» – деп, мақтанбаңыз, – дейді де, одан әрі:

– Су жаманы суат, басынан соқпақ кетпейді. Мүлік жаманы қазық, басынан тоқпақ кетпейді. Бұйрыған деген біздің жерде шөп болады, жеген мал тоқ болады, тоқ малды сойылдап айдаса, лезде жоқ болады. Әлім болсаң–әліңді біл, ағайымның құнын бер! –деп, өктем үн ката түседі.

Соңыра Ақсуат:

– Бала, сөзіңе қандым. Байұлының бір жігіті біздің елдің малшыларынан жазым болғаны рас еді. Ердің құны мың қой, үлесе келсе, үй басына бір қой. Бір қойдан Әлімнің үйі кедейленіп қалады деп жүргенім жоқ, жоқтаушысы кездеспей жүр еді. Іздеушісі болса, табылмас жоқ болмайды. Жорта өлтірілген емес, жортуылда болған жазым ғой. Билігін өзіңе салдым, қарағым, төрелігін оң айта ғой, –дейді. Сонда Сырым:

– Бір қора қойдың бір жазғы төлімен біз де, Байұлын байығтайын деп келгеніміз жоқ. Ағайын арасындағы қатынасты қалпына келтірейік деп келдік. Егер билікті маған берсеңіз, жорта емес, жор-

туылда болған «жазым» деп отырсыз ғой. Ерімнің құны жарты құн болсын және қой емес, қозы емес, елу жылқы болсын! – дейді.

Осы билікке екі жағы да тоқтап, екі рулы ел табысып тарқапты. Тиісті малын алып, Байұлының жігіттері түрегелін тұрғанда, Ақсуат Сырыммен былай қоштасыпты:

– Сырым шырағым! Баланың екі түрі болады: бірі үй баласы болса, екіншісі ел баласы. Ел арасының бүтіндігін ойлап, ел баласы болайын деген ер екенсің. Мұратыңа жет, қарағым! Алғашқы айтылған билігің екен. Әділдігің үшін жолыңа нар бастаған бас тоғыз байлаттым, бұдан былай сенің сыбағаң бас тоғыз болсын! – дейді.

Сырым елу жылқыны елге айдатып, олжасынан жолдастарына үлестіріп, қалың кілем жабылған қара нарды өзі жетектеп, Малайсары қарттың босағасына әкелін байлапты.

Малайсары қария Сырымға риза болып, қой сойып, қонақ қылыпты да:

– Кеудең тола бауыр болсын,  
Арқаң қара нардай жауыр болсын.  
Үйіңнің сыртынан дүбір кетпесін,  
Құлағыңның сыртынан сыбыр кетпесін,  
Бірақ жасың жетпіске жетпесін! –  
Әумин!

– деп, Малайсары Сырымға бата беріпті.

«Жасың жетпіске жетпесін» деген сөз Сырымның көңіліне келін қалыпты.

– «Кеудең тола бауыр болсын» дегеніңіз өкпешіл болма, кеңкешірімді бол, ат төбеліндей аз қазақты алыс-жақын деп бөлмей, бауырмал бол дегеніңіз болар.

– «Арқаң қара нардай жауыр болсын» дегеніңіз, ел жүгін арқама батты деп ауырсынба, шыдамды бол дегеніңіз болар.

– «Үйіңнің сыртынан дүбір кетпесін, құлағыңның сыртынан сыбыр кетпесін» дегеніңіз жора-жолдастарың көп болсын, ел мұңына, жетім-жесірге құлағың түрік, есігің ашық болсын дегеніңіз болар. Ал «Жасың жетпіске жетпесін» дегеніңіз не? Мұны түсіне алмадым, – деген екен Сырым.

Сонда Малайсары даусын көтерін:

– Менің жасым қазір сексенде, жетпіске жеткен соң, жеті пәлеге душар болдым: өткелсіз суға, асусыз тауға кездестім, қара шашты шешеге, қайырымсыз әкеге душар болдым... Мен сені сол пәлелерден аулақ болсын деп едім. Сен оған түсіпбеген екенсің ғой. Әйтпесе, мен саған жетпіс түгіл, жүз жетпіс жасты да көпсінбес едім? – дейді.

Сонда Сырым:

– Өткелсіз суға, асусыз тауға кездескеніңіз–буыныңыз босап, тізеңіз қалтыраған екен. Қолыңызға таяқ ұстаңыз, таяныш болады. Табылмас жоққа кездессеңіз көзіңізді мұнар шалған екен. Бес аспапты беліңізден тастамаңыз, шақша салатын жаңқалта салдырып алыңыз. Көргеніңіз жаныңыздан табылады. Қара шашты шешеге, қайырымсыз әкеге кездессеңіз бала мен келін қадіріңізге жетпейді екен. Оларға жағу үшін көзді соқыр, құлақты керең болыңыз. Дауасыз дертке кездессеңіз оны ұлғайған жасыңыздан көріңіз, – депті.

– Бәрекелді, балам! Бәрін дұрыс түсініп, дұрыс шештің. Енді, есіңе салатын үш сөзім бар: ол да болса обал, сауап, борыш. Осы үш сөзді есіңде сақтасаң, айналаңнан елің кетпес, елің сүйсе, басқа дұшпан ештеңе етпес, – дейді Малайсары қарт. Жас қонағын ертесіне аттандырып тұрып қарт:

– Ей, Сырым! – деп қолымен басын көрсетіпті.

– Ләшпай, ата!–деп, Сырым жалт қарап, қолымен тіліп көрсетіпті.

Ауылдан ұзап шыққан соң жолдастары Сырымнан:

– Әлгі шалдың, қолымен басын көрсеткені несі? Сенің тіліңді шығарғаның не?–деп сұрапты. Сырым миығынан ғана күліп:

– Шалдың басын көрсеткені: «Басқа пәле неден?» – деп сұрағаны. Менің тілімді көрсеткепім: «Басқа пәле тілден тиеді» дегенім. Сонда, ол басын изеп, қолын бұлғады. Ол: «бақыт та тілден, пәле де тілден, тіліңе сақ бол», – деді. Сондықтан «қалай ол қартты қадірлемейсің», – депті.



1. Сырымның шешендігі мен батыр болғандығын естеріңе алыңдар.
2. Малайсары мен Ақсуаттың белгілі би болғанын қалай аңғардыңдар?
3. Бала Сырым Малайсарыға барғанда, қарт оны қалай сынайды?
4. Сырымның тапқырлығын, ақылдылығын қалай аңғардыңдар?
5. Ақсуат би берген батаның мәніне көңіл бөліңдер.



---

---

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

---

---

### АСЫЛ МҰРАЛАР

#### ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН

Х ғасырда жасап, өз соңына тамаша із қалдырған, ұлы тұлғалардың әдеби мұраларына жан-жақты назар аударсақ, олардың айтқан тамаша ой-толғамдары, бүгінге дейін өзінің тәрбиелік мәнін жойған емес. Мәселен: Жетісу өңірінде жасап, өз соңына «Құдатғу-білік» («Құтты білік») атты аса тамаша тәлімдік-тәрбиелік мәнге ие олеңдер жинағын қалдырған ұлы ғұлама ақынның бірі – Жүсіп Баласағұн. Мәселен, ол өзінің өлең жолдарының бірінде:

Білімсіздің тілін тыйған жөн болар,  
Білімдінің сөзін жиған жөн болар.

Білімдінің нұрлы сөзі сарқылмас,  
Бастауы кең бұлақ көзі тартылмас, –

деген ойлы шумақтарын оқи отырып, ақынның кемеңгерлігіне таң қалмау мүмкін емес.

Бұл – ұлы ақынның ұпқыр ойының тамаша жемісі. Расында да, ғұлама ғалымның «Құтты білік» немесе «Құдатғу білік» атты кітабының өлең жолдарына жан-жақты назар аударсақ, оның өлеңдерінде өмірлік мәні аса зор, тамаша ғибраттарға тап боламыз.

Кейбір, тарихи мәліметтерден, Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білік» кітабы 1069–1070 жылдар аралығында, небәрі 18 айдың ішінде жазылып біткендігін анық аңғарамыз.

Кітаптың авторы Жетісудың Шу өңіріне қарасты Баласағұн елді мекенінде туып-өскен. Оның есімі жер атымен қосыла айтылып: «Жүсін Баласағұн» деп аталып кеткен.

Кейбір деректерге қарағанда, Жүсін Баласағұн аталмыш еңбегін 54 жасында жазған көрінеді. Кітабын жазып болған соң, сол дәуірдегі Қараханидтер мемлекетінің әмірі болған Бұхара хандығына тарту етіпті. Хан оның еңбегін аса жоғары бағалап, оған «Хас Хажиб», яғни «Аса жоғары мәртебелі» деген атақ беріпті. Содан, ұлы ақынның толық аты, ел арасында «Жүсін Хас Хажиб Баласағұн» деп аталып кетеді.

Ұлы ақынның «Құтты білік» атты бұл кітабы, сол дәуірдің өзінде-ақ, оның атақ-даңқын кеңінен жая бастайды.

Кітапты оқыған сәтте-ақ, Жүсіп Баласағұнның өз заманасының аса озық ойлы, шын мәніндегі ғұлама ғалым екендігін жан-жақты аңғара түсеміз. Әрі адам жанын терең түсінетін, аса нәзік сезімді, ақын екендігін де анық байқаймыз.

«Құтты білік» кітабы – өз ұрпақтарына бақыттылықты уағыздап, құт әкелетін білімді үйретуді мақсат еткен. Онда адамдық пен адалдық, пәктік пен азаматтық, әдептілік жан-жақты сөз болады. Еңбекте ой өнері, білім, ақыл, парасат үнемі мадақталып, дәрінтеле түскен.

Бұл кітап дүниеге келгелі, талайлар із-түзсіз жоғалып, келмеске кетсе де, «Құтты білік» өз мәнін жоғалтпай, бізге дейін жетіп келді.

«Құтты білік» – көне түркіше: «жазу», «жазба кітап» деген мағына береді. Солай екен, осы бір үлгілі «Құтты білік» кітабынан, сендерге үзінділер беруді жөн көрдік. Оларды оқып, оны өз бойларыңа дарыта түсіндер дегіміз келеді. Ойткені, бұл еңбектің тәлімдік-тәрбиелік мәні зор. Бұдан рухани нәр алған, жастардың пайым-парасаты мол болумен бірге, өмірге деген құштарлығы арта түспек. Әрі, ақыл ойы кең өріс алып, үнемі биіктен көрінбек.

## БІЛІМ ҚАЗЫНА ЕКЕНДІГІ ТУРАЛЫ

Адамзатты – топырақ, су, ауа, оттан,  
Құдіреті күшті жалғыз Алла жаратқан.  
Жаратқан соң, өте өткір көз берген,  
Сай-сүйекті сырқаратар сөз берген.

Ақыл берген теңіздейін телегей,  
Биіктерге самғасын деп жебедей.  
Кең дүниеде тек адамға қол берді –  
Ен мақұлық тең келмейтін болды енді.

\* \* \*

Зерде берген білімге бой ұрсын деп,  
Тірлігінде қайырымды іс қылсын деп.  
Ұят берді, намыс берді, ар берді,  
Намысына қамшы болар жар берді.

\* \* \*

Ар үшін, Ер күреспесе, несі өмір?  
Қосып берді күншілдік пен өсегін.  
Тағдыр кілті – өзімізде бәрі де,  
Лайықсың ба? Биіктеуге әріге.

Жетер болсаң, бұл тірліктің мәніне,  
Тағдыр, өзі-ақ айналады сәніңе!  
Есті сөзді еске түйіп ал енді:  
«Білген жаннан білікті жоқ әлемде!»

Әуелі оқып, оны ойыңа бере біл,  
Жақсы сөзді хат жазғанда тере біл.  
Надандықты құрта алмассың дәрімен,  
Тек біліммен құтын қашыр әріден.

## АҚЫЛ, БІЛІМ ТУРАЛЫ

Адамды Хақ жаратты да ескерді:  
Оган ақыл, білім, өнер, ес берді.

Көңіл берді, әрі тілін тербетті,  
Ұят берді, берді құлақ, келбетті.

Ділін оңдап, ерік берді тіліне  
Ұят берді қылық-құлақ тәніне.

Білік берді—адам бүгін жетілді,  
Ақыл берді—талай түйін шешілді.

Кімге құдай берсе білім, ақылды,  
Қолы жетін, алар мол асылды!

Ақыл, білім берсе құдай біліңдер,  
Қолы талай ізгілікке ілінер.

Ақылды ұл—біл, білімді—білікті,  
Қонса екеуі, ұлы етер жігітті.

Бұл сөзіме куә мұндай сөз де бар,  
Сөзді естін, аларыңды көздеп ал:  
«Ақыл қайда болса, ұлылық толады,  
Білім кімде, сол білікті болады.

Ақылды ұғар, білімділер біледі,  
Түгел болар білімді, есті тілегі».  
Білік мәнін біл, не дейді білген ер:  
Білімсіздер бар кеселді көреді,  
Емдемесе, тектен текке өледі.

Надандарды дерт пен бәле үйірер,  
Емдемесе, ерте сөніп, күйінер...  
Кел, ей надан, дертке дауа жасағын:  
Надан білім алса, құты тасады.

Ақылы болса, пайдасын ер көп көрер,  
Білім, эзиз тірлік өзгерер.  
Ақыл – күллі ісінді алып шығады,  
Ақылы бар бұл сөзімді ұғады!



1. Жүсін Баласағұнның «Құтты білік» кітабы қашан жазылған?
2. Онда қандай мәселелер көтерілген?
3. Өлеңдерін мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып беріңдер.
4. Өздеріңе ұнаған өлең жолдарын жаттап алыңдар!



## ҚАБУСНАМЕ

Бізге жетіп келген көне мұралардың бірі – «Қабуснаме». Оны жазған Кайковус деген адам. Ол Каспий теңізінің Оңтүстік жағалауында жасайтын Гилон деген рудан шыққан екен.

Кайковус ежелгі жыл санағы бойынша 412 жылдың (1021–1022) мамыр айында дүниеге келіпті.

Ол «Қабуснамені» 475 жылы жазып бітірген. Бұл кезде Кайковус 63 жаста болып, қартай түскен шағы болады. Сол үшін де ол, өз ұлына қарата: «Писарам, мен пир шудам»: «мен қартайдым» – деп, өзінің қартайғандығынан хабар бере тіл қатады. Әрі өз шығармасын ұлына арнайды.

Кайковустың атасы Қабус және оның үй-іші, Саманилер әулетімен тым жақын қарым-қатынаста болады да, олардың бірнеше жүрістеріне қатынасады.

Бір айта кетерлік мәселе, кезінде Шамсал Маолий Қабус өте залым, аса қатал басшылардың бірі болыпты. Ол арзымаған айыбы болса да адамдарды жиі-жиі жазалай береді екен.

Сондықтан да, Кайковус өзінің шығармасы «Қабуснамеде» Қабус туралы: «Менің атам Шамсал Маолий өте қатал еді және ешбір кісінің күнәсін кешірмейтін болатын» – деп, ашықтан-ашық жазады.



Тағы бір ескерте кетерлік жайт, Шамсал Маолий Қабус, өз заманына керек болған, барлық ілімді үйренген адам.

Әсіресе, әдебиетке айрықша мән берген, аса талантты ақын болыпты. Нәтижеде, парсы, араб тілдерінде бір жөн өлеңдер де жазды. Ол өз айналасына атақты ғалымдар мен әдебиет қайраткерлерін жинайды. Сөйтіп, өзі жасаған Журжонды белгілі әдеби ортаға айналдырды.

Орайы келгенде, бір ескертерлік жайт, белгілі өзбек ғалымы Әбу Райхан Беруни де Қабус қарамағында жасап, көптеген ғылыми шығармалар жазған. Әрі халық арасында аса үлкен құрметке ие болған ғұлама ғалым.

Қабустың немересі Кайковус та өз заманының аса сауатты, білімді кісілерінің бірі болған. Тарихи мәліметтерге қарағанда, ол саз өнері мен табиғат іліміне ерекше қызығушылықпен қараған көрінеді. Өйткені, оның көп ғылымдардан хабардар екендігі «Қабуснаме» еңбегінен де анық аңғарылады.

Қабуснаме 44 бөлімнен тұрады. Оның төртеуі діни мазмұнды қамтыса, қалған 40 бөлімі тұрмыстық, тәлімдік-тәрбиелік оқиғаларға байланысты жазылған.

Кайковус өз шығармасында жастардың мінез-құлқына ерекше назар аударады. Жастардың адамгершілігі мол, нағыз халықшыл, бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болуын насихаттайды.

Әрі өз шығармасында дос-дұшпандармен қандай қатынаста болу керек екендігі туралы да жан-жақты ойлар айтқан.

Әсіресе, «Қабуснамеде» тұрмыстық және ғылыми мәселелер кең көрініс тапқандығы сонша, Кайковус оларды өз көзімен көрген-білгендерін, кездестірген мәселелерін шынайы сезіммен жеткізе білген.

Қорыта айтқанда, Кайковус өмірлік мәні бар, тәлімдік-тәрбиелік ойларын—өз әңгімелері арқылы, сондай-ақ, ұлы данышпандардың ұлағатты ой-түйіндері мен кемел сөздері арқылы жеткізін отырады. Сол үшін, Қабуснаме, ХІ ғасыр Шығыс педагогикасы тарихында айрықша орын иелейтін, аса қымбатты шығармалар қатарынан орын алады.

Солай екен, Сендерге Кайковустың тәлім-тәрбие жайлы айтқан ой-пікірлерінен бір жөн мысалдар келтіруді орынды деп білдік.

## АҚЫЛЫҢ БОЛСА – ӨНЕР ҮЙРЕН

Ей, жас оқырманым! Кайковус өзінің «Қабуснаме» еңбегінде сендерге қарата: «Егер ақылың болса – өнер үйрен, себебі өнерсіз ақылсыздыққа тән, яғни ұсқынсыз адам сияқты. Білім дегеніміз – ақылдың белгісі», – деген ұлы ойды алға тартады.

Онан соң: «Ей, Перзенттерім! Есінде болсын: өнерсіз кісі барлық уақытта пайдасыз болар және ешкімге пайдасын тигізбес. Түк саясы жоқ, тікен басқан ағашқа ұқсайды. Озіне де, өзгеге де пайдасы тимейді», – деп, білімнің мәнін аша түседі.

Шынында да, білімді үйрену үшін ерінбей, еңбек ету керек. Бойды жалқаулықтан аулақ ұстау аса пайдалы. Ол жайлы ғұлама ғалым: «Өйткені жалқаулық, жұмысты жақтырмау – тәннің бұзылуына, кеселге шалдығуына себеп болады. Егер еңбек етін, дененді өзіңе өмір бойы бағындырмасаң, сау-саламат және биік мәртебелі бола алмайсың. Өйткені, дене (тән) әрекетсіздіктен, тыныштықты дос тұтқандықтан, өз ықтиярымен саған мойынсұнбайды. Сол үшін де, дене өз бетімен әрекет қылмайды. Ол әрекетті бұйрықпен жасайды. Сен бұйырмағанша дененің ешбір ісі көңілдегідей болмайды», – деген ойларды алға тартады.

Одан әрі: «Демек, әй балам, денені бағындыр және оның қаһарман болуына, ықтият болуға әмір ет. Әрбір адам өз денесін өзіне бағындыра алса, басқалардың да денесін өзіне бағындыра алады. Әрбір адам өз денесін өзіне бағындырса, ілім-білім мен өнер үйрену арқылы екі дүниеде де бақыт табады» – дейді де, одан соң: «Барша қасиеттің ішінен ілімге талапты болсаң, ықтиятты, қанағатшыл бол. Ілімді дос деп, бос өткен уақытыңды дұшпан деп біл. Сабырлы, шыдамды бол, оғаш мінезді болма. Кеш жатып, ерте тұр. Кітап пен сабаққа ден қой, жұмыстан зерікпе, жаттап, қайталап отыр» – дейді де, одан соң тағы да: «Турашыл бол, естігеніңді есінде ұста, еліктеуге көңілің

көншімесін. Кітап, қалам ұста және сол секілді нәрселер әрқашан қасыңда болсын.

Бұлардан басқа нәрсені тегі есіңе алма. Аз сөйле, алысты ойла. Егер ілімге талапты әрбір адам осындай тәрбиелі, тәртіпті болса, аз уақыттың ішінде заманның бірден-бір білімді кісісі болар», – дейді.

## АТА-АНАНЫ ҚҰРМЕТТЕУ ТУРАЛЫ

Тінтен: «Ей, балам! Ойыңа тоқып ал. Ата-анаңа құрмет-ізет қылуды мойыңға алуың ләзім. Себебі, баланың түп негізі ата-ана болып табылады. Ата-ана, сен үшін өлуге де дайын тұрады... Сен соны білуің керек.

Егер әрбір перзент ақылды, дана болса, ата-анасының мейір-махаббаты үшін, айтқанын орындаудан бас тартпайды. Ата-ананың жұмысы – сені тәрбиелеп өсіру, әрі сеіі жақсылыққа үйрету», – дейді де, одан әрі тереңдей түсіп: «Ата-ананың көңілін сен ренжітуші болма, олардың жан-жүрегіне қаяу түсірме. Сен ата-анаңның ақысын дін жағынан өтей алмасаң да, ақыл-санаңмен, адамгершілікпен өте. Қарашы: ата-анаң саған жанын салып қамқорлық жасауда. Ал сен оларға кереғар іс істесең, онда сен ешқандай жақсылыққа лайық емессің. Себебі, адам ата-ананың дәрежесін білмесе, басқа біреудің жақсылығына баға бере алмайды. Егер перзентіңнің өзінді құрметтеуін қаласаң, онда сен де, ата-анаңды құрметте. Себебі: ата-анаңа не істесең, балаң соны істейді», – деп, тамаша түйіндеулер жасайды.

«Адам жеміске, ата-ана жеміс ағашына ұқсайды. Жеміс ағашын жақсы қарап күткендей, ата-анаңды аялап бақсаң, сен туралы олардың дұғасы қабыл болады».

Иә, бұл шынайы шындық. Жас достарым! Міне, мұны бәрің де оқып, ойларыңа тоқып алыңдар!



## АМАНАТҚА ҚИЯНАТ ЕТУ – ЕРЛІК ЕМЕС

Ей, жас достарым! Қарашы, Кайковустың мына бір ойларына:

«Әй, перзентім! Егер саған бір адам аманат тапсырса, мүмкіндігінше оны қабылдама. Себебі, аманатты қабылдау өте қиын іс болып табылады. Аманатты аман тапсыруың керек. Адамгершілік пен мәрттік жоралғысы солай: аманатты қабыл алсаң, оны жақсы сақта, сонда, иесіне аман тапсырасың» – дейді. Одан әрі өз ойын:

«Мен былай естіген едім: бір адам бірде, сәресі кезінде үйінен шығып, моншаға бармақ болды. Достарының біріне: «Маған серіктесіп, моншаға жүр!» – дейді. Ол: «Сенімен бірге баруға барайын, бірақ моншаға түспеймін. Өйткені, аса зәру жұмысым бар» – дейді.

Сөйтін, әлгі адам жолдасымен бірге моншаға қарай бет алады. Екі жолдың айырығына жеткен кезде, жолдасы моншаға бара жатқан кісіге сездірмей, басқа жолмен кетіп қалады. Ал, әлігі кісі жалғыз өзі моншаға бара береді. Әрі, жолдасымен бірге келе жатырмын деп ойлайды.

Кенет, бір ұры бұл адамның ізіне түседі. Бірақ, мұны ол адам еріп келе жатқан досым деп ойлайды. Оның қойнында жүз ділдасы бар болатын. Моншаның есігі алдына келгенде, сол жүз ділдасын қойнынан алып, қараңғыда түрін ажырата алмаса да, жаңағы ұрыға беріп, былай дейді: «Әй, бірәдар! Мен моншаға түсіп шыққанша, мына ділдалар сенде болсын. Моншадан шыққан соң өзіме берерсің», – дейді.

Ұры ділданы алып, сол жерде күтіп отырды. Әлгі адам моншадан шығып, киімдеріп киіп, кетуіне айналды. Ұры оның артынан дауыстап: «Әй, мырза! Мә, мына алтындарыңды ал. Мен бүгін сенің аманатыңды сақтаймын», – деп, шаруамнан қалдым», – дейді. Сонда әлігі адам: «Сен кімсің? Ол неғылған алтын», – дейді. Ұры оған: «Мен бір ұры адаммын. Ал бұлар сенің тапсырған алтындарың» – дейді.

Ол адам сонда былай дейді: «Егер сен ұры болсаң, онда неге алтындарды алып кетіп қалмадың?» – дегенде ұры: «Жүз мың түгіл, мың

дiлда болса да, ойланбай-ақ алып кете берер едiм. Бiрақ, сен бұларды маған аманатқа тапсырдың ғой! Ал аманатқа қиянат ету—ерлiк емес, ол надандық» — дептi.

«Әй балам, аманатқа алғаныңды қайта тапсырғанша, сен де қиналасың. Аманат иесi саған ешқашан мiндеттi болмайды және «тапсырған затымды алдым, оған не зияны тиiптi» — дейдi де қояды. Сенiң шеккен азап-еңбегiң текке кетедi.

Егер, бiр апаттың кесiрiнен аманаттан айырылып қалғандай болсаң, сенiң сөзiңе ешкiм иланбайды. Сөйтiн, халыққа «қиянатшыл» деген атың шығады.

Әне, ондай ауыртпалықты мойынға алу жақсы емес. Ал, егер мойынға алмасаң, онда күшпен зорлап алады. Содан кейiн, саған ешкiм сенбейтiн болады.

Өзiң бiреуге аманат бергiң келсе, нәрсеңдi жасырын берме, екi әдiл куәнiң алдында бер. Сойтсең, қазының алдына барудан құтыласың. Егер қазының алдына бара қалсаң, жасқаншақ, жалынышты болма. Бiрақ, ант iшу арқылы атың шықпасын.

Зәрулiктен iшкен ант қабыл болады. Кейiн бай, атақты болсаң да, өзiңдi дәруiштер қатарында санап, кiшiпейiл бол...

Бiреуден алданып қалмауға тырыс және бiреудi алдау—өте ауыр күнә деп бiл»—деп, өмiрлiк мәселелердi алға тартады.



1. «Қабуснаме» шығармасының авторы кiм?
2. Ол бұл еңбегiн кiмге арнаған?
3. Кайковустың атасы қандай адам болған?
4. «Қабуснамеде» қандай мәселелер көтерiлген?
5. Өнер, бiлiм үйрену туралы «Қабуснамеде» не айтылған?
6. Ата-ананы қалай құрметтеу керек екен?
7. Нелiктен ата-ана жемiс ағашына ұқсайды?
8. Аманатқа қиянат етпеудi қалай түсiндiңдер?
9. «Қабуснаменi» мәнepлеп оқып мазмұнын айтып берiңдер.
10. «Аз сөйле, алысты ойла» деген қанатты сөздiң мазмұнын айтып берiңдер.

## ҮШИНЧИ БӨЛІМ

### ХІХ ҒАСЫР ӘДЕБИЕТИ ҮЛГІЛЕРІНЕН

#### МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ (1803–1846)

Махамбет Өтемісұлы – аса жалынды, жауынгер ақын. Ол 1831–1841 жылдар аралығында Батыс Қазақстанның Бекей ордасында болған шаруалар көтерілісіне қатысып, өзінің азаматтық тұлғасын кең танытқан күрескер ақын.

Махамбет Өтемісұлы өз өлеңдерінде еркіндікті, ерлікті, батырлықты, теңдікті аңсаған. Нәтижеде, ылғи да халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған, қылыштай өткір тілді, жалынды жырларымен күллі жұртты күреске шарлай түскен.

Сондықтан да, ақын өлеңдері көтеріліс ұранына айналып, халық жүрегіне үлкен сенім ұялатып, олардың жігеріне жігер қосып, жарқын болашаққа талпындырып отырған.

Ақын жырларының бірден-бір құдіреті, күші мен мәні, күні бүгінге дейін, өз оқырмандарын ерекше сезімге бөлейді. Қазіргі жас ұрпақты, халқын, Отанын, ел-жұртын сүйеге жұмылдыра түседі.



#### ЕРЕУІЛ АТҚА ЕР САЛМАЙ

Ереуіл атқа ер салмай,  
Егеулі найза қолға алмай,

Еңку-еңку жер шалмай,  
Қоңыр салқын төске алмай,  
Тебінгі терге шірімей,  
Терлігі майдай ерімей,  
Алты малга ас болмай,  
Өзіңнен туған жас бала  
Сақалы шығып жат болмай,  
Ат үстінде күн көрмей,  
Ашаршылық шөл көрмей,  
Өзегі талып ет жемей,  
Ер төсектен безінбей,  
Ұлы түске ұрынбай,  
Түн қатып жүрін, түс қашпай,  
Тебені теріс тағынбай,  
Темір қазық жастанбай,  
Қу толағай бастанбай,  
Ерлердің ісі бітер ме?!

\* \* \*

Беркінін садақ асынбай,  
Біріндеп жауды қашырмай,  
Білтеліге доп салмай,  
Қорамсаққа қол салмай,  
Атқан оғы жоғалмай,  
Балдағы алтын құрыш болат,  
Балдағы қанға боялмай,  
Қасарысқан жауына  
Қанды көбік жұтқызбай,  
Халыққа тентек атанбай,  
Ерлердің ісі бітер ме?!

Ақынның «Қызғыш құс», «Мен ақсұңқар құстың сойылымын», «Соғыс» сияқты т.б. өлеңдерінде де ерлік, батырлық, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігі ерекше дәрінтеледі.



1. Махамбет Өтемісұлы қай өңірде дүниеге келген?
2. Ақын өлеңдерінің өзіндік ерекшеліктері неде?
3. Ақынның «Ереуіл атқа ер салмай» деген өлеңінің мәнін қалай түсіндіңдер?
4. Халқының азаматтығын, еркіндігін қорғайтын ерлер қандай болу керек екендігін қалай аңғардыңдар?
5. *Ереуіл, найза, тебінгі, терлік, малта* деген сөздердің мағынасын әдебиет дәптеріңе жазып кел.



## ҚЫЗҒЫШ ҚҰС

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,  
Қанатың қатты, мойның бос,  
Исатайдан айрылып,  
Жалғыздықпен болдым дос.  
Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!  
Ел қорыған мен едім,  
Мен де айрылдым елімнен.  
Көл қорыған сен едің,  
Сен де айрылдың көліңнен.  
Сені көлден айырған –  
Лашын құстың тепкіні,  
Мені елден айырған –  
Хан Жәңгірдің екпіні.  
Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!  
Айтып-айтпай не керек,  
Құсалықпен өтті ғой  
Махамбеттің көп күні!



1. Ақын өлеңінде өз сөзін қызғыш құсқа арнау арқылы не айтпақ?
2. Өлеңнің айтайын деген ішкі мәніне көңіл бөліндер.
3. Ақынның табиғат құбылыстарымен салыстыра суреттеудегі шеберлігі қалай?
4. Өлеңді жаттап алыңдар.
5. Ақын өлеңдерінің патриоттық сипатын қалай аңғара алдыңдар?



## АБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН (1841–1889)

Абырай Алтынсарин – өз халқына білім берін, оларды мәдениетті ел қатарына қосуды арман еткен, мектептер ашып, бала оқытқан ұлағатты ұстаз.

Өзінің бар өмірін оқу-ағарту саласына арнаған кең тынысты кемел адам болумен бірге, тамаша ақын, әрі аудармашы.

Абырай Алтынсарин – қазақ балаларына арнап тұңғыш мектептер ашумен бірге, алғаш рет «Қырғыз хрестоматиясы» атты оқулық жазған аса талантты ғалым. Әрі, бала оқыту жұмысымен кеңінен шұғылданумен қатар, тәлімдік-тәрбиелік өлеңдер жазған.

Ол – балаларға арнап әр түрлі тақырыпта көптеген өлеңдер мен шағын әңгімелер жазған жазушы. Әрі, орыс әдебиетінен балаларға арналған көркем шығармаларды аударып, жастардың рухани дүниесіне нәр себуде де қыруар қызмет атқарған.

Сөйтін, көркем шығармаларының бәрінде балаларға білім мен тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге беруді басты мақсат еткен. Сондықтан да, Абырай Алтынсаринды «Қазақ балалар әдебиетінің атасы» деп, тілге аламыз.

Ақын өлеңдерінде жастарды оқуға, өнер, білімге шақырумен бірге, табиғаттың да тамаша көріністерін өзінің өлеңдеріне арналы арқау, өрісті өзек ете білген.



### ӨЗЕН

Таулардан өзен ағар сарқыраған,  
Айнадай сәуле беріп жарқыраған,  
Жел соқса, ыстық соқса, бір қалыпта,  
Аралап тау мен тасты арқыраған.

Көңілің суын ішсең ашылады,  
Дененде бар дертіңді қашырады,

Өксіген оттай жанып жануарлар  
Өзеннен рақат тауып басылады.  
Қынарда тілсіз тұрған тоғайлары  
Шуылдап желмен бірге бас ұрады...

Он мың мал айдап өтсең, лайқалмайды,  
Тасыса су бармаған сай қалмайды.  
Тасыған өзен судың қуатымен  
Көк шалғын шөп бітпеген жай қалмайды.

Ел қыстап күн көреді жанабында  
Дәм болар, алуан-алуан балығында...  
Тас таста, алтын таста сынамаққа,  
Сонда да аққан өзен қалыбында...

Қүдіретін құдайымның көресін бе?  
Не нәжіс тоқтар өзен денесінде...  
Арыстан демалуға суға кірсе,  
Балықтар шымшып ойнар терісіне...



1. Өлеңде табиғаттың адам өмірінде атқарар жүгін қалай сипаттаған?
2. Өлеңде қандай тамаша сөз тіркестері қолданған?
3. Өлеңнің мазмұнын өз сөздеріңмен айтып беріңдер.
4. Өздерің көрген, шомылған өзендерден қандай айырмашылығы бар?
5. Өлеңді жаттап алыңдар.



## ӘКЕ МЕН БАЛА

Бір адам он жасар баласын ертін, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп, баласына айтты:

– Анау тағаны, балам, ала жүр, – деп.

Бала әкесіне:

– Сынып қалған ескі тағаны не қылайын, – деді.

Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді.

Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен. Соған жеткен соң, әкесі қайырылып, манағы тағаны соларға үш тиынға сатты. Онан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бір-бірлеп алып жеп, баласына қарамай, аяндап жүре берді.

Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала тым-ақ қызығып келеді екен. Жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. Бірталайдан соң және бір шие, онан біраз өткен соң және бір шие, сонымен әр жерде әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында, әкесі тоқтап, баласына шиені орамалымен беріп тұрып айтты:

– Көрдің бе, мана тағаны жамансынып, жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің. Енді тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп, бір еңкеюдің орнына, он еңкейдің. Мұнан былай есінде болсын: «Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың: азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың», – деді.

## ЖОМАРТ

Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып, жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын, таныстары сұрады дейді:

– Жомарт, Құдай берген дәулетіңіз бар, ашқа–тамақ, жалаңашқа–киім, үйсіздерге үй болдыңыз. Сөйтіп тұрып, өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мәнісі не?–деп.

Жомарт айтты дейді:

– Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді, сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. Екіншісі: бар бола тұрып, мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер өнеге алсын дейміп. Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен



тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәм тәтті, сіңімді болады екен. Төртіншісі: ...дәулетті өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ініп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, – деді.

## ӨРМЕКШІ, ҚҰМЫРСҚА, ҚАРЛЫҒАШ

Атасы он жасар ұл баласымен далада келе жатып, баласынан сұрады:

– Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?

– Көремін, өрмек тоқып жүр.

– Анау құмырсқаны көремісің?

– Көремін, аузында бір нанның уалшығы бар, жүгірін кетін барады.

– Жоғары қара, көкте не көрінеді?

– Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр. Аузында кесе тістеген шөбі бар.

Сонда атасы айтты:

– Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған ғибрат: өрмекші маса-шыбынға тұзақ құрып жүр, ұстап алған соң, өзіне азық етерге; құмырсқа бала-шағаларына тамақ аулап, бір нанның уалшығын тапқан соң, өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан үйіне жүгіріп қайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя істеуге шөп жинап жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сен де жұмыс істеуге әдеттен.

## БАҚША АҒАШТАРЫ

Жаздың бір әдемі күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштар мен жеміс, гүл жапырақтарын көріп жүрді.

– Мына ағаш неліктен тіп-тік, ана біреу неге қисық біткен? – деп сұрады баласы.

– Оның себебі, балам, анау ағашты бағу-қағумен өсірген, қисық бұтақтары болса кесілген. Мынау ағаш бағусыз, өз шығу қалпыменен өскен, – деді атасы.

– Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой! – деді баласы.

– Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым. Мұнан соң өзің ғибрат алсаң болады. Сен жас ағашсың, саған да күтім керек, мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, жақсы, түзік кісі болып өсерсің. Бағусыз, бетіңмен кетсең, сен мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің, – деді.

## ҚЫПШАҚ СЕЙІТҚҰЛ

Қыпшақ Сейітқұл жұрттың тегіс аттаныс, барымтасы бар уақытта, бұл отыз үй кедейді қалайынша етсем байытып, халық қатарына қосамын деп ойға қалды. Сауда етуге мал жоқ, барымтамен мал алсам, бір күндерде жау да бізден қуып алады, ақырында, бұрынғылардың айтып кетуінше, «жортуыл басы жолда қалса керек», – дейді.

Соның бәрін де шамалап қарап, ақыр бір қиялға түсін, Сейітқұл әуелі мекен еткендей бір орын іздеді. Көп жерлерді кезіп жүріп, ақырында, Қабырға деген өзен судың бойына тоқтады: «Мына жақта Үргеніш–Қоқаннан, мына жақта Естек–Қалмақтан шетірек және жаманшылық болса, қалың Қыпшақ деген руға жақынырақ екен», – деп, сол жерді ұнатып қайтқан соң, қысты өткізіп, жаздың жылы уақытында, кедейлерін жалаңаш-жалпы көшіріп, Қабырға бойына алып келді.

Сейітқұлдың бір ағасы бар еді, жол жүріп, ұрлық-барымтаны әдет еткен, іпісінің қанша айтқан ақылына болмай, үш-төрт үймен жалғыз-ақ сол көшпей, ескі орны Түркістан жағында қалды.

Қабырғаның бойына келген соң, Сейітқұл қолына кетпен алып, отыз үйлі кедейіне де кетпен беріп, жер тегістеп, егін етуге кірісті.

Түркістан жағында көрген үлгісімен судан арық қазып шығарып, егінге су жіберді. Егіні піскен соң, орып, жиып алып, артығын төңірегіндегі көшпелі елге сатып, мал етті. Жаңа мекен еткен жеріне орныққан соң, Сейітқұл егінді жылдан-жылға күшейтіп, арық басында шығыр салып, суды шығырмен айдап, астықтың (ол күнде бидай, тары, арпа егеді екен) артығын төңіректегі елге малға айырбас етумен бұлардың малдары көбейіп, бай болды.

Мұны көріп, әрбір көшпелі елдегі жарлы-жақыбайлар да келіп, Сейітқұлға қосылып, бес-алты жылда Сейітқұл елі деген төрт жүз үйге таянды дейді. Қош, Сейітқұлдың өзі де, жиылған халқы да малдары көбейіп, байыды, елі жиылып, Сейітқұл жұрт ағасы болды. Сейітқұл енді сол жұртының адал бейнет, табан ет, маңдай терімен тапқан дәулетіп аңдыған жаудан, ұрыдан, даладағы бөріден сақтаудың қамын ойлап, уайымға қалды. Солардан сақтану үшін, Сейітқұл жұртын жиып кеңесіп, судың бір қолайлы жеріне пшымнан биік қорған салдырды, малдарына реттеп бақташы, қару-жарақты қарауылшы жүргізді. Бұлардың бұлайша бір ауызға қарап, бекінген халық екенін байқаған соң, малға қызыққан сырттағы көшпелі халықтар батып келе алмады. Көшпелі халық белгілі уақытта малын, жүн-жабағысын, тері-терсегіп келтіріп, егіншілер оларға астығын, тауарын айырбас етіп, сол қалыпша бір жағы егін, бір жағы саудамен Сейітқұлдың жұрты жұрттан асқан бай болыпты.

Манағы Сейітқұлдың ағасы аттаныс, жүріспен жұрттың малын ұрлап, бай боламын деп жүрғенде, Қоңырат жағында қолға түсіп, кім екені де белгісіз біреу өлтіріп кетінті. Қалған мал-жанын ұрының малы деп Түркістан әкімдері талап алып, жамағаттарын Сейітқұл көп жылдар іздетіп, таптырып, қасына алыпты-мыс.

Сейітқұл, құрметті Тілеу Сейдалин сұлтанның айтуы бойынша, 1830 жылдарда өтіпті-міс. Сол данышпан кісінің ақылымен егінді әдет еткен халық Қабырға суының бойында әлі көп.

Жарлы болған ботен кәсібі жоқ кісілер Торғай жағында дереу егінмен айналысады. Ерінбей азаптанса, бірнеше жылда түзеліп, халық қатарына қосылады.



1. «Әке мен бала» әңгімесінде еріншектікті қалай бағалайды?
2. «Әке мен бала» әңгімесінің мазмұнын айтып беріңдер.
3. «Жомарт» әңгімесінде жомарттықты қалай бағалаған?
4. Өзі бай болса да, еңбек етудің төрт себебін қалай ашады?
5. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде адал еңбектің мәнін қалай түсіндіңдер?
6. «Бақша ағаштары» әңгімесінде, ағаштың қисық, не түзу өсуінің себебі неде екенін қалай аңғардыңдар?
7. Қыпшақ Сейітқұл өзіне қарасты 30 үйлі тобырын қалайша байытпақ болады?



## АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ (1845–1904)

Абай Құнанбаев 1845 жыл, бұрынғы Семей облысына қарасты Абай ауданы, Шыңғыс тауының баурайында дүниеге келген.

Абай жас кезінен бастап-ақ өлең-жырларды сүйіп оқыған, өзі де, 10 жасынан есейе түскен шағында, өлеңдер жазумен шұғылданған. Нәтижеде, XIX ғасырдың 2-жартысында жасап, өз соңына тамаша, тәлімдік-тәрбиелік мәні аса зор шығармалар қалдырған.

Сөйтіп, ұлы Абай қазақ жазба әдебиетінің негізін қалай отырып, ұлы гуманист ақын дәрежесіне көтерілді. Оның көптеген өлеңдері, қара сөздері мен поэмалары халық арасында кеңінен тарап кеткендігі соншалық, оны әр дәуірде оқыған әрбір оқырман, одан жаңа-жаңа сыр, тамаша ойлар ұғына түседі.

Әсіресе, Абайдың өсиет өлеңдері жастарымыздың сүйіп оқитын, рухани нәр алып, жаттап алатын шығармалар тобына жатады.

Ақын өз өлеңдерінде жастарды оқу-білімге, өнерлі болуға шақырумен бірге, нағыз халық ұлы, асыл азамат болып қалыптасуға үндейді.

Сондықтан да, Абай өлеңдерінде ақыл мен биік пайым-парасат, тазалық пен пәктік, шынайы сезім сырлары кеңінен дәріптеледі.



### ЖАСЫМДА ҒЫЛЫМ БАР ДЕП ЕСКЕРМЕДІМ

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре тұра тексермедім.  
Ер жеткен соң түспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.  
Бұл мақрұм қалмағыма кім жазалы,  
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?  
Адамның бір қызығы бала деген,

Баланы оқытуды жек көрмедім.  
Баламды медресеге біл деп бердім,  
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.  
Өзім де басқа шауып, төске өрледім,  
Қазақта қара сөзге дес бермедім...



## ӘСЕМПАЗ БОЛМА ӘРНЕГЕ

Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсаң, арқалан.  
Сен де бір кірпіш дүниеге,  
Кетігін тап та, бар қалан!

Қайрат пен ақыл жол табар  
Қашқанға да, қуғанға,  
Әділет, шапқат кімде бар,  
Сол жарасар туғанға.

Бастапқы екеу соңғысыз  
Біте қалса қазаққа,  
Алдың–жалын, артың–мұз,  
Барар едің қай жаққа?

Пайданы көрсең бас ұрып,  
Мақтанды іздеп, қайғы алма.  
Мініңді ұрлап жасырып,  
Майданға түспей, бәйге алма.

Өзіңді бармен көзге ұрып,  
Артылдым деме өзгеден.  
Күндестігін қоздырып,  
Азапқа қалма езбеден.

Ақырын жүріп, анық бас,  
Еңбегің кетпес далаға.  
Ұстаздық еткен жалықпас,  
Үйретуден балаға.



## МЕН ЖАЗБАЙМЫН ӨЛЕҢДІ ЕРМЕК ҮШІН

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,  
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.  
Көкірегі сезімді, тілі орамды  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.  
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,  
Көңлінің көзі ашық, сергегі үшін.

Түзу кел, қисық-қыңыр, қырын келмей  
Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.  
Шу дегенде құлағың тосаңсиды,  
Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей.  
Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай,  
Және айта бер, – дейді жұрт тыным бермей.

Өлеңі бар өнерлі інім, сізге  
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге.  
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,  
Есіл өнер қор болып кетер түзге.  
Сәнқой, даңғой, ойнасшы, керім-кербез  
Қанша қызық болады өзіңізге?



1. Абай бұл өлеңінде не нәрселерді үйренуді өсиет етеді?
2. Бес дүшпанға нелерді жатқызады?
3. «Дүние де өзі, мал да өзі», – деп ақын, нені айтып отыр?
4. Кімге еріп, кімнен бойды аулақ сал дейді ақын?
5. «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінің мәнін түсіндіріп бер.
6. Абайдың өлең жазудағы мақсатына сипаттама жаса.



## БІЛІМДІДЕН ШЫҚҚАН СӨЗ

Білімдіден шыққан сөз  
Талаптыға болсын кез.  
Нұрын, сырын көруге  
Көкірегінде болсын көз.

Жүрегі – айна, көңлі – оят  
Сөз тыңдамас ол баяу.

Өз өнері тұр таяу,  
Ұқпасын ба сөзді тез?

Әблет басқан елерме  
Сөзге жуық келер ме?  
Түзу сөзге сенер ме  
Түзелмесін білген ез?

«Айтшы-айтшы»лап жалынар,  
Ұққыш жансып шабынар.  
Ұқпай жатып жалығар,  
Ұйқылы-ояу бойкүйез.

Жас баладай жеңсік қой,  
Байлаулы емес ақыл ой,  
Ойлағаны—айт пен той,  
Біржаң-қылжаң ит мінез.

Сұлу қыз бен я батыр  
Болмаған соң, тәңрі алғыр,  
Шығып кетер, я қалғыр,  
Оған ақыл—арам без.

Жақсыға айтсаң, жаны еріп,  
Ұғар көңіл шын беріп.  
Дертті ішіне ем көрін,  
Неге алтынды десін жез.

«Ой, тәңір-ай»шыл кер өсек,  
Құлық, сұмдық не өсек.  
Болмаған соң, бір есеп—  
Мейлі қамқа, мейлі без.

## **СӘУЛЕҢ БОЛСА КЕУДЕНДЕ**

Сәулең болса кеуденде,  
Мына сөзге көңлің бөл.  
Егер сәулең болмаса,  
Мейлің тіріл, мейлің өл.

Танымассың, көрмессің,  
Қаптаған соң көзді шел.  
Имамсыздық намазда –  
Қызылбастың салған жол.  
Көп шуылдақ не табар,  
Билемесе бір кемел?

Берекелі болса ел –  
Жағасы жайлау ол бір көл.  
Жапырағы жайқалып,  
Бұлғақтайды соқса жел.  
Жан-жағынан күркіреп  
Құйып жатса аққан сел,  
Өның малы өзгеден  
Өзгеше боп өсер тел.  
Берекесі кеткен ел –  
Суы ашыған батпақ көл.  
Құс қаңқылдап, жағалап,  
Сулай алмас жазғы төл.  
Көл деп оны кім жайлар,  
Суы құрсын, ол – бір шөл.

Единица – жақсысы  
Ерген елі бейне нөл.  
Единица нөлсіз-ақ  
Өз басындық болар сол,  
Единица кеткенде,  
Не болады өңкей нөл?



1. Ақын «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» атты өлеңінде нені айтпак болады?
2. Ақын «Әсемпаз болма әрнеге» деген өлеңінде өнерді қалай бағалайды?
3. Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңдар.
4. Абайдың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» атты өлеңі лириканың қайсы түріне жатады?
5. Ақын өзінің «Білімдіден шыққан сөз» атты өлеңінде жастарға нені меңзеп отыр?
6. Абай «Сәулен болса кеуденде» атты өлеңінде қандай мәселелерді көтерген?



## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ (1858–1931)



XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихында үлкен орын иелейтін, Абайдан кейінгі ірі тұлғалардың бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы.

Шәкәрім – аса талантты ақын, әрі прозашы, шебер аудармашы, білікті тарихшы-шежіреші, бір сөзбен айтқанда, көркемсөз шебері. Сонымен бірге ол, аса ойшыл-пәлсапашы.

Шәкәрім негізінен ағасы Абай дәстүрін жалғастырушы ірі қаламгер. Өйткені ол – Абай үлгісімен тәлімдік-тәрбиелік мәнге ие өлеңдер жазған аса талантты қаламгер.

Шәкәрімнің мол әдеби мұрасында өзі өмір сүрген дәуірдің қоғамдық-әлеуметтік мәселелері жан-жақты көтерілумен бірге, ақыл-ой ізденістері кең орын алған.

Шәкәрім мұраларының идеялық мазмұны тым бай, тақырыптық ауқымы кең, тілдік шеберлігі ерекше жоғары. Шәкәрім – көптеген мысал өлеңдер де жазған талант иесі. Солардың бірін сендерге оқуға ұсынып отырмыз.



### ҚАСҚЫР, ТҮЛКІ, БӨДЕНЕ

Бір күні түлкі болыпты жұртты құртқан,  
Тышқан аулап жейді екен ескі жұрттан.  
Жем таба алмай бір жылы арықтапты,  
Тышқан ауып кеткен соң нұқыл сырттан.

Түлкінің тышқан жемей мәні болмас,  
Кемірсе сүйек-саяқ қарны тоймас.  
Жемтік түссе, жермін деп қалғанынан,  
Қасқырға іздеп барып болды жолдас.

Қасқыр айтты: – Тоясың маған ерсең,  
Болады малды көріп шолып келсең,  
Қарным тойса қалжыңдап ойнаушы едім,  
Ойынға ыза болмай шыдай берсең.

Аш күнімде жатамын шабым жалап,  
Ол кезде жақын келме жанасалап.  
Тойғанда тұрпайылау мінезім бар,  
Өкпе қылма ойынды шыңға балап.

Көнді түлкі қасқырдың бұл сөзіне:  
«Шыдаймын қалжыңдаған мінезіңе,  
Өлтірмесең болады, ойнайық бір,  
Тамақ тапсам болады күнде өзіме».

Түлкі көріп келеді малды шолып,  
Қасқыр бір қой әкетті сүйреп алып,  
Екеуі әбден тойып алғаннан соң,  
Ойнайды ары-бері асыр салып.

Қасқыр тұра жүгірсе көзі жайнап,  
Түлкі еркелеп тұрады ағатайлап.  
Алып соғып үстіне ойнағанда,  
Азар жаны қалады, а құдайлап.

Запы болып ұстатпай жүрсе жатып,  
– Уәдені кеттің бе, – деді – ұмытып?  
Тамақ үшін амалсыз қайта келсе,  
Ойнайды бұрыңғыдан қатты ұмытып.

Түлкі жатып ойлайды әрбір ойды,  
Өсірмеді қасқыр деп біздің бойды.  
Жегенімді желкемнен сығып алып,  
Бергені де құрысын жемтік қойды.

Буындырып ойнады, қиқылдатып,  
Жегенімді құстырып, шиқылдатып.  
Тұла бойым сірескен қара қотыр.  
Тойғанымның үстіне тырқылдатып.

Осыдан құтылайын өлсем-дағы,  
Аштықтан қандай азап көрсем-дағы.  
Тәуекел, өз бетімен күн көрейін,  
Бадамшаның басын жеп жүрсем-дағы.

Ойлайды бір мұратқа жетейін деп,  
Қасқырдан кегімді алып кетейін деп,  
Осыны өз көзімше өлтірелік  
Бір айла не қылсам да етейін деп.

Жер шола түлкі шықты дөңге шауып,  
Жылқының бір жемтігін алды тауып,  
Қараса, қазған ұра, қақпаны бар,  
Қойыпты шөп-шарменен бетін жауып.

Түлкі қатты қуанды мұны көрін,  
Қасқырды ертіп келді хабар беріп,  
Семіз жылқы жемтігін көргеннен соң,  
Ауызды көкжал батыр салды келіп.

Түлкі жүр жер қақпаннан айтпай қашып,  
Арсаландап аш бөрі жүрді сасып.  
Қақпан жаққа қасқырды жіберді алдап,  
Орға түсіп кетсін деп қапы басып.

Екеуі де тоюға қам қылысып,  
Тұс-тұстан жемтікті жүр жұлмаласып.  
Шегінгенде ернеуін басып алып,  
Көкжал ноян ұраға кетті түсіп.

Алаңғасар итіңді құдай атып,  
Терең зындан түбіне кетті батып,  
– Ойбай, түлкі келе гөр, мен құладым! – деп,  
Айғай салып ұлыды орда жатып.

Түлкі келіп ұраны жағалады,  
Мазақ қылып арсылдап абалады.  
– Мықтысың ғой, секіріп шығарсың, – деп,  
Күлкіменен қасқырды табалады.

– Үстіме аунап ойнаушы ең тойған сайын,  
Сендей арсыз ақымақтың орны дайын.  
Осы қазған ұраның иесі кеп,  
Көз алдымда сойғанын бір байқайын.

Қасқыр айтты: – Кешіре ғөр, қылдым тәуба,  
Кетемісің шын тастап мені жауға,  
Айла тауып осыдан босатып ал,  
Аузымнан ант берейін ойнамауға.

Ойнамасаң омағал, онан да арман,  
Ойын түгіл тіршілік сенен қалған.  
Жон терінді сойғанын көзім көрмей,  
Осы ұраның басынан кете қалман.

– Табалама, шырағым, кеш жазамды,  
Айтпасаң да тарттым ғой мен сазамды.  
Шығармасаң құдықтың аузынан кет,  
Ала бермей күйдіріп көп мазамды.

– Әлі бұйрық айтасың босқа шатып,  
Өзің қазір өлгелі орда жатып.  
Тіпті, көрмей кетпеймін, былшылдама,  
Бас терінді сойғанын ыржыңдатып.

Қасқырға түсті осындай ақыр заман,  
Өлімнен де табасы батты жаман.  
Аңдаусызда шоңқиып түлкі отырса,  
Құйрығы салбырапты орға таман.

Жиналып алды қасқыр оны көріп,  
Жабысты сол құйрықтан шапшаң келіп.  
Түлкіні ор түбіне ала түсті,  
Құдайым қасқырға да кезек беріп.

Сонда қасқыр айтады: – Түлкі шырақ,  
Иманыңды айта ғой жылдамырақ.  
Өзімнен сені бұрын өлтірейін,  
Өлгенімді көре алмай кетші бірақ.

Түлкі айтады: –Сөйледім қалжың қылып,  
Жұмысты бітіріп ем сөйтіп жүріп,  
Тістетіп сізді ордан шығаруға,  
Әкеліп ем бір ұзын тал сындырып.

Байқамай орға түстің мені де алып,  
Өлдік қой екеуіміз де мұнда қалып,  
Тым болмаса, мен болсам жағасында,  
Шығарып алмас па едім талды салып.

Қатты кейіп айтады түлкі сөзін,  
Қасқыр нанып тігеді екі көзін:  
– Енді бар ма құдықтан шығар айла,  
Тал таптым деп айтпадың бұрын өзің.

Түлкі: – Айланың орны осы ара,  
Сен өрмелеп созылып тұрып қара.  
Төбеңе шығып алып секірейін  
Ернеуғе шықпас па екем мен бишара.

Онан соң сені алайын талды салып,  
Шығарсың ұзын талдан тістеп алып,  
Неде болса кешікпей тез істелік,  
Қапы болар қақпаншы келіп қалып.

Бар әлінше созылып қасқыр тұрды.  
Төбесінде өрмелеп түлкі жүрді.  
Пәрменінше шегінін қарғығанда  
Ернеуге екі аяғы тура ілінді.

Айламен түлкі кетті шығып алып,  
Артына қайрылмады қайта айналып.  
Қаңқылдап қасқыр ұлып қала берді,  
«Мені шығар енді деп, талды салып».

Түлкі сөйтіп кетіпті қасқырды алдап,  
Көкжал қалды өз қолын өзі жалмап.  
Тобылғының түбіпен іздеп жүріп,  
Бір бөдене ұстапты түлкі қармап.

Бөдене айтты: – Сен мені не деп жейсің?  
Бір уыс жүн жегенді тамақ дейсің.  
Ана жерде мен көрдім талай жемтік,  
Ерінесің, дөң асып іздемейсің.

Түлкі айтады: – Мынаның қулығын көр,  
Мені алдамақ сендерге бірталай жер.  
Жалған айтып алдасаң сені жеймін,  
Ұядағы балаңды көрсетіп бер.

Бөдене көрсетеді өз баласын,  
Кепіл беріп босатып алды басын,  
– Мен бастайын, артымнан еріп отыр,  
Қарық қылайын жемтікке, не қыласың.

Түлкіні алып жүрді сайды өрлетіп,  
Бөдене бір бел асты бұрын кетіп,  
Түлкі жортып кезеңге таянғанда,  
Жалаң қаққан бір тазы келді жетіп.

Байғұсты кетті тазы қуып алып,  
Түлкі де қашып барар жанын салып.  
Жүйрік тазы адымын аптырсын ба,  
Көк желкеден бас салды бір-ақ шалып.

Мықты қасқыр, айлакер түлкі қайда,  
Алдампаз, рақымсыздық кімге пайда?  
Аяғында түлкі де, қасқыр да өліп,  
Бөдене аман қапты сол бір сайда.



1. Өлеңде қандай мәселе көтерілген?
2. Қасқырдың озбырлығын қалай түсіндіңдер?
3. Түлкінің айлакерлігін қалай бағалайсыңдар?
4. Өлеңді түсінін оқып, сыныпта мазмұнын айтып беріңдер.

## ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ (1846–1945)



Жамбыл Жабаев қазіргі Жамбыл облысына қарасты Шу өзенінің бойындағы Жамбыл тауының етегінде 1846 жылы дүниеге келген. Жастайынан-ақ, өлеңді қолма-қол жанынан шығарып, суырып айта алатын аса талантты ақын болған.

Қаршадай баланың ақындығына ерекше сүйсінген, атақты Сүйінбай ақын, оған өз батасын беріп, «ақ жол» тілеген.

Сөйтін, «Өлең сөздің даңғылы, жүйрігі» болып танылған Жамбыл Жабаев, талай ақындар айтысына қатысып, бірде-бір рет жеңіліп көрмеген дарабоз, жүйрік ақын болып қалыптасады.

Әсіресе, оның қазақ жерін, қазақ елін жырға қосқан өлең-жырлары, бүгінге дейін халқымыз арасында кең тараған.

Суырып салма, аса дарынды ақынның жас ұрпақты отаншылдыққа, еркіндікке, ерлікке шақырған өлең-жырлары, екінші дүниежүзі соғысы жылдарында күллі жұртшылықты ерекше серпінткен болатын.

Орайы келгенде, бір айта кетерлік жайт, халық ауыз әдебиетін, ондағы ескі жыр-дастандарды жақсы білген Жамбыл Жабаев, оларды жадында сақтап, кейбіреулерін жаңарта жырлап та отырған.

Әсіресе, эпикалық көлемдегі жыр дастандарды халық арасында кеңінен дәріптеген. Өзі де, елге әйгілі болған батырлар туралы жанынан дастандар шығарып отырған.

Бұл ретте, ұлы ақын Жамбылдың «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» деп аталатын дастандарын атай аламыз. Бұл дастандар қазақ әдебиетінде ерлік, отаншылдық тақырыпта жазылған іргелі туындылар қатарына қосылады.



### ӨТЕГЕН БАТЫР

*(поэмадан үзінді)*

...Әттең сені, дүние-ай!  
Дариядан су алып,

Көшіп келсе елімнің,  
Жарасар еді қонысы.  
Шаруасы көбейіп,  
Өрлер еді табысы.  
Екпей шыққан ол жерде,  
Жабайы шыққан арпасы.  
Сол араны көргенде,  
Өтегендей батырдың  
Іштен шықты-ау қапасы.

Өттең сені, елім-ай!  
Көшіп мұнда келмейді-ау,  
Қадіріңді білмейді-ау,  
Айтқаныма көнбейді-ау!  
Осы жердің қадірін  
Біздің қазақ білмейді-ау!  
Ақыл айтқан кісінің  
Тілін ешкім алмайды-ау!  
Жол бастаған ерлердің,  
Соңынан елім ермейді-ау!  
Ел тілімді алмаса,  
Бұл жерге көшіп келмесе,  
Қайтып жүрем денім сау?!  
Алып келсем елімді,  
Жиделібайсын жеріне,  
Қалмас еді арман-ау!—

деп, Өтеген батыр жұрттың қайғысын жеп, бір жылдай жатып, аңдарын атып, қызыққа батып, бұдан оңаша, әрі шұрайлы жер таба алмай, еліне қайта оралады. Содан неше айлар жүріп, тағы өз жеріне келеді.

Өтеген аман-есен келді дейді,  
Аралап талай жерді көрді дейді,  
Бір жайлы қоныс іздеп он жеті жыл  
Ел-жұртын аман-есен көрді дейді...



...Жұртымен амандасып қойдай шулап,  
Өтеген демін алды аунап-қунап.  
Той қылды ат шаптырып Өтегенге,  
Құлпырды Өтеген де құрдай жайнап.

Айтады көрген менен білгендерін,  
Аралап жиһан кезін көрген жерін.  
Қаншама қауін-қатер бәрін көріп,  
Еліне қоныс тауып келген жерін.

Мен келдім сіздерге, елім, қоныс тауып,  
Көп көрдім жүрген жерден қатер-қауін.  
Жиделібайсын деген жақсы жерге,  
Көшелік, тіл алсандар жерден ауып.

Сонан кейін, Өтеген батыр көрген-білгендерін айтып, ел-жұртымен тегіс амандасады. Жұрты: «Өндай болса, бұған баруға болады екен, оған қалай жетеміз?»–дейді. Сонда Өтеген: «Өған бір жылда жетуге болады. Қырық күндік шолі бар, одан қысты күні өтеміз. Қалың қара шеңгелді қырық күнде қиып өтеміз. Сонан соң, ол елді мекенге жетеміз. Жері кең, бір аймағына бес мың үй сияды, сол жақтағы көк майса жерде емін-еркін жатамыз. Ақылдасып, ойласып айтқан тілді алыңдар»,–деп отінеді. Одан, әрі, Өтеген: «Малдың бәріне жақсы, бірақ жылқыға оншалық жайы жоғырақ», – дейді. Сонда Ерсары, Байсары деген кісі: «Ой, олай болса жылқы–адамның қанаты, сүті–қымыз, еті–бал, жылқыдан айырылсақ, күн көру қиын болады, онда оған бара алмайды екенбіз?»–деп, жұртқа алауыздық сап айнытқан екен дейді.

Ақырында жұрт Өтегеннің тілін алмауға бел байлайды. Содан Өтеген батыр құдайға зарланып, елімен-жерімен қоштасып, өкпелеген бойда Түркістанға кетін қалады деген ойды алға тартады.



1. Жырда көрініс тапқан Өтегеннің іс-әрекеттерін қалай түсіндіңдер?
2. Асан қайғының жерұйықты іздеуінде қандай ұқсастық бар?
3. Жырда туған жерге деген ақын ойын қалай аңғаруға болады?
4. Жырда егіншілік кәсібін қалайша дәріптелген?
5. Жырдың толық мазмұнын біліп алыңдар.

---

---

## ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

---

---

### XX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТИ ҮЛГІЛЕРІНЕН

#### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ (1873–1938)



Қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол 1873 жылы бұрынғы Торғай облысында, орта дәулетті шаруа отбасында дүниеге келген. Кезінде жазықсыз жалаға ұшырап, 1938 жылы «халық жауы» делініп атылған.

Ахмет Байтұрсынұлы – халқымыздың тарихында аса үлкен орны бар, ірі қоғам қайраткері. Әрі, тамаша оқулықтар жазған педагог, аса дарынды ақын, шебер аудармашы, кең тынысты, кемел ғалым болған.

Ол орыс ақыны И.А. Крыловтың мысалдарын Абайдан соң аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте кітап етіп бастырып шығарған.

Ахмет Байтұрсынұлы орыс әдебиетінің ірі тұлғаларының шығармаларын аударма жасағанда, оны қазақ оқушысына, қазақ халқының ұғымына жақын да түсінікті етіп аударуға айрықша мән берген.

Оның үстіне, шығармада көтерілген тұрмыстық-әлеуметтік мәселелердің қазақ халқына да ортақтығына айрықша көңіл бөлген. Айтылатын ойдың салмағына беретін ғибратына назар аударып, әдемі жеткізе білген.

Сондықтан, «Қырық мысал» Ахмет Байтұрсынұлының төл туындылары қатарынан орын алғандығын қуанышпен атай аламыз.



## ӨГІЗ БЕН БАҚА

Бір өгіз айдын шалқар көлге келді,  
Жағалап суаты бар жерге келді.  
Шілденің сарша тамыз ыссы кезі,  
Бек қатты қаны қашып шөлдеп еді.

Су ішіп көлдің шықты жағасына,  
Мал еді көз тоятын қарасына.  
Артықша бір көлбақа күншіл екен,  
Сол көлдің Бақасының арасында.

Өгізді суға тойған Бақа көрді,  
Секіріп көршісіне жетіп келді.  
«Боламын сонау мен де өгіздей» деп,  
Жел тартып, ісіп-кеуіп, қарнын керді.

Сұрады жолдасынан: «Толдым ба?» –деп,  
–Өгіздей анау тұрған болдым ба?» – деп.  
Өгіз бен екеуіне қарап тұрып,  
Жолдасы жауап берді сонда бүй деп:

–Өгіздей болу саған қайда, шырақ?!  
Араңыз екеуіңіздің тым-ақ жырақ!  
Онымен бірдей болып толмақ түгіл,  
Қалпыңнан асқан жоқсың артығырақ.

«Қарашы! Енді қандай болдым? – деді, –  
Міне, мен жаңа айдай толдым!» – деді.  
Жолдасы тағы қарап денесіне:  
«Қалпыңда қараң менен пормың», – деді.

Дүниеде мұнан күншіл кемді Бақа!  
Зорланды қарнын керін, енді Бақа.  
Шыдамай жұқа қарын керуіпе,  
Жарылып сол арада өлді Бақа.

\* \* \*

Күнәсі күндегеннің жаман қатты,  
Күндей ме біреуге берген бақты?!  
Өгізді күндеп, сондай боламын деп,  
Көлбақа онан қанша пайда тапты?

Әуелде құдай өлшеп берген дене,  
Қаншама зорлағанмен артылмапты.  
Нақыл сөз: «Әлін білмес әлек» деген,  
Осындай әуре болған жаннан қапты.



1. Мысалды мәнерлеп оқыңдар.
2. Мысал өлеңнің композициялық құрылымын талдандар.
3. Мысалдарда тұспалдап айту арқылы адам мінездерін қалай ашады?
4. Көрсекызарлық, мақтаншақтықтың мәніне көңіл аударыңдар.



## ЕГІННІҢ БАСТАРЫ

Бір адам жас баласын жанына алды,  
Екеуі сайран етіп кетіп қалды.  
Қыдырып арлы-берлі жүрді-дағы,  
Егінші егін еккен жерге барды.

Аралап әр егінді қарап жүрді  
Кез еді пісіп болған егін түрлі.  
Бастарын дөнге толған төмен салып,  
Бидайлар бейне тағзым етіп тұрды.

Жалғыз-ақ бір бидай тұр көкке қарап,  
Бейне бір жалғыз өзін көпке балап.  
Баланың сол бидайға көзі түсіп,  
Білмекке кетті көңіл жөнін сұрап.

Құбылып бидайлар тұр басын салып,  
Жіберген мырза құдай нұрға қанып.  
– Өй, әке! Мұның мәніп түсіндірші?  
Бір іске тұрмын өзім қайран қалып!

Бір бидай көтеріп тұр басын көкке,  
Қарайды шекірейіп өзге көпке.  
Өзіне өзгелерді теңгермейтін,  
Соншама бұл бидайдың дәні көп пе?

– Айтайын мұның мәнін, балам, саған:  
Шырағым, түрін көріп таңданба оған.  
Өзгесі төмен қарап бүгілгенге,  
Ойлама, кем екен деп бәрі сонан.

Және де әкесі айтты баласына:  
– Сұқтанба құр сорайған қарасына!  
Құдайым өзгесіне дән бергенде,  
Бұл бидай дәнсіз қапты арасында.

Бидайлар басы толық иліп тұр,  
Дән берген қожасына сиынып тұр.  
Басында бұл бидайдың дәні болмай,  
Кекірейіп, көкке қарап, бүлініп тұр.

\* \* \*

Елде көп бұл бидайдай адам, – дейді.  
Тәкаппар, оны халық жаман, – дейді.  
Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның,  
Тұтынба бұл мінезді, балам, – деді.



1. Әке мен баланың диалоғын кезектесіп оқыңдар.
2. Мысалдан қандай ойды аңғардыңдар?
3. Мысалдың қорытындысын түсіндіріп айтыңдар.
4. Ақын өлеңінің ішкі мәнінде не жатыр?



## СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ (1893–1920)

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихында ерекше орны бар, көрнекті ақынның бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров.

Ол – өзі жасаған дәуірдің шынайы шындығын жан-жақты сипаттайтын көптеген шығармалар жазған белгілі талант иесі.

Өз шығармаларында қазақ ауылында белең алған жағымсыз көріністерді қатты сынап отырып, қазақ халқын мәдениетке шақырады, нағандықтан аулақ болуға үндейді.

Сұлтанмахмұт Торайғыров кейбір өлеңдерінде жыл мезгілдерін, табиғат көріністерін шебер суреттегені соншалық, оларда арайлап атқан таңның, жазғы мақпал түннің келісті суреттері аса тамаша, әрі көркем бейнеленеді.



### ШІЛДЕ

Түскендей әуе жерге қырық күн шілде,  
Ішкен мас, жегендер тоқ күнде-күнде.  
Қысқа түн қымқырылды, таң көрінді:  
«Кел, шық» деп, иек қағып жарық күнге.

Ән салды таңды мақтап сансыз торғай,  
Бас иіп, бәйек болып, жерге қонбай.  
Шайқалып таң желіне тербетілді.  
Көк майса көзі ілініп тұрған сондай.

Асыл шөп, жастық шақтың иісі аңқып,  
Батқандай мелдегінен нұрға қалқып,  
Күлімдеп көктің жүзі көңілі шат:  
Жауһардай күн шығар деп бізге балқып.

Көлбеңдеп көкке қарай жердің буы,  
Айнадай анадайда көлдің суы.  
Күй билеп суда тұрған барлық қамыс,  
Ән салды домбырамен құстың шуы.

Мақтанып қара түнде нұрын шашқан  
Айдың да өлеусіреп түсі қашқан.  
Шығарын сұлу күннің сезгеннен соң,  
Бірі жоқ, тәмам жұлдыз бетін басқан.

Жайылып төрге қарай таңның ағы,  
Көрінді ауыл-ауыл маңайдағы.  
Қарайып, өрген сиыр түйеменен  
Ауылдың малға толды әрбір жағы.

Ыңыранып қой қотанды таңды көріп,  
Күн шықса, жайылысқа кетпек өріп.  
Төбеттер үй алдына жаңа жатты,  
Түн бойы қой күзеткен, ұйқы бөлін.

Таяқты, жалаң аяқ шалдар тұрып,  
Сүйкенген үйлеріне қойларды ұрып.  
Бір молда шәугім ұстап, тысқа шықты  
Бүкшендеп, арба айнала қақырынып.

Қисайған қос секілді жалғыз қара –  
Ауылдан арқан бойы тұрды дара.  
Қолтықтап «Әптиек» пен «Құрандарын»,  
Жиылып жатыр сонда біткен бала.

Күн хабар сонда берді нұрын шашып,  
Бір күлді жүзіменен амандасып:  
«Ал бізге сәуле түсті, алақай!» деп,  
Ой мен қыр қарап тұрды жымындасып.



1. Өлеңді оқып шығып, шілде таңының келбетіне көңіл бөліңдер.
2. Өлеңдегі әрбір көріністің өзіндік ерекшелігі қалай сипатталған?
3. Өлеңдегі кейіпкерлерді тауып оқыңдар.
4. «Туған жер» тақырыбына шығарма, өлең жазыңдар.



## КЕЙІПТЕУ

Кейбір ақындар, кейде жансыз табиғат құбылысын кәдімгідей тірі адамға, тірі жан иесіне ұқсатып, жандандыра, құлпырта суреттейді. Әдебиеттегі осындай тамаша тәсілді кейіптеу деп атайды. Мәселен: Абайдың «Қыс» өлеңіндегі мына бір өлең жолдарынан кейіптеудің тамаша түрін анық аңғара түсеміз.

Ақ киімді денелі, ақ сақалды,  
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.  
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,  
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Өлеңдегі: «ақ киімді, денелі, ақ сақалды» – деп, қыс көріністерін адам бейнесінде тілге алады. Дүлей қысты ақын тірі адамның бейнесінде сипаттаған. Тіптен, «соқыр, мылқау, танымас тірі жанды» дей отырып, қыстың қытымыр суығын, өлең өрнегімен әрлей түседі. Ақын «ақ киімдінің басқан жері сықырлап» тұрғанына дейін жандандыра суреттейді. Бұл ақынның ұлылығы, барынша кемеңгерлігі.

Сондай-ақ, Сұлтанмахмұт Торайғыров та жазғы күннің таң атар алдындағы табиғат көрінісін:

Күлімдеп көктің жүзі, көңілі шат,  
Жауһардай күн шығар деп бізге балқып...  
... Күй билеп суда тұрған барлық қамыс,  
Ән салды домбырамен, құстың шуы.

Міне, қараңызшы! Бастапқы жолдағы: «жүзі күлімдеп, көңілі шат» деген сөздер, әдетте адам туралы айтылады.

Ал, ақын таңмен бірге нұрланған көк әлемін, «күлімдеген кісі жүзіне» ұқсатып суреттейді. Тіптен, «қамыс би билеп», «құстар домбыраға қосылып ән салады», – деп аса тамаша түйіндеулер жасайды.

Солай екен, осылайша табиғат құбылыстарын жандандырып, адам кейпінде суреттеу тәсілдерін кейіптеу деп атаймыз.



1. «Кейіптеу» деп қандай көркем сөздерді айтамыз?
2. Кейіптеуге үйлерінде мысалдар тауып келіндер.



## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ (1893–1938)



Қазақ әдебиеті тарихында ерекше орын алатын, аса тамаша ақындардың бірі – Мағжан Жұмабаев. Ол 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданында, дәулетті жанұяда дүниеге келеді. Жастайынан-ақ аса зерек Мағжан Жұмабаев, төрт жасында өзінің әкесі Бекен болыстың мектебінде оқып, сауат ашады. Тінтен, жас кезінен-ақ қазақ халқының арғы-бергі өлең-жырларын, ертегі-дастандарын жаттап алып, рухани дүниесін байытып өседі.

Бала жасынан зерек болып өскен Мағжан Жұмабаев, «Табиғаттың өз тілі бар» дегенге сенгендігі сонша, оны жан-жақты білуді, үйренуді армандайды екен.

Сондықтан да, оның табиғат мөлдіріне ұзақ қарап, көл жағасындағы ақ маржан тастарды уыстап алып, оны иіскеп, көзін жұмып, рақаттанып тұрғанын әлденеше рет көрген апасы Күләндам, қызы Күлзипа өз естелігінде ашық айтады.

Білімге дені құштар Мағжан Жұмабаев, Упадағы (Уфа) Ғалия медресесінде оқиды. Медреседен алған терең білімін одан әрі жетілдіре отырып, ол әдеби ортаға ерте араласады. Нәтижеде, араб, парсы, түрік, орыс тілін жақсы меңгереді.

Ылғи да іздену, үйренуде жүрген ақын күллі түркі халқының тарихымен жете танысу мүмкіндігіне ие болады. Әсіресе, оның түркі халқының тарихын терең білуі оны қазақ топырағында бірден-бір аса талантты ақын болуына мүмкіндік жаратады. Ол өзінің «Түркістан» атты өлеңінде:

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,  
Тұранда Ер Түрігім туып-өскен...  
...Түркістан – екі дүние есігі ғой,  
Түркістан – Ер Түріктің бесігі ғой.

Тамаша Түркістандай жерде туған,  
Түріктің тәңірі берген несібі ғой, –

деп, Түркістанды емірене тілге алған.

Иә, жас оқырмандар! Әманда, елді, жерді сүйсеңдер, Мағжандай сүйіп, өлең жазсандар, Мағжандай жазуға ұмтылыңдар.



## ҚЫСҚЫ ЖОЛДА

Қараңғы түн, сар дала,  
Көрінбейді айнала.  
Боран соғып тұр борап,  
Жолды басқан құр сорап.  
Астымдағы жануар  
Құлағын қайшыландырып,  
Зорға борт-борт желеді,  
Ызғарлы жел долданып,  
Екі иінінен дем алып,  
Ішін тартып оскырып,  
Кейде қатты ысқырып,  
Аңдай ұлып бір мезгіл,  
Екі санын шапақтап,  
Біресе сақ-сақ күледі...  
Боранын тәңір ашпады,  
Жол білінбей бастады,  
Көрінген бір жарық жоқ,  
Босаңсиды Қаракөк...  
Сар далада адасып,  
Суық кебін жамылып.  
Қаларын кім біледі?..



1. Өлеңді мәнерлер оқындар.
2. Өлеңнің мазмұнына орай сурет салып көріңдер.
3. Ызғарлы желді ақын қалай суреттеген?
4. Кейіптеу тәсілін еске түсіріңдер.
5. Өлеңнен теңеу сөздерді тауып, оның мағынасын айтып беріңдер.



## САҒЫНДЫМ

Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,  
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.  
«Қарашығым, құлыным» деп зарланған  
Алыстағы сорлы анамды сағындым.

Жатқан үйім – қабырғасы қара тас,  
Жарық сәуле, жылы күнге жаны қас.  
Ауыр иіс, ылғи көлеңке,  
Ерте-кеш те, күндіз-түні арылмас.

Тапал, салқын, тым қараңғы үңгір тар,  
Есігімде мықты қара құлып бар.  
Кіп-кішкене терезелер темірлі,  
Мұндай үйден кісіге естілер ащы зар!

Алтын күнді, қара жерді сағындым,  
Жан жолдасым – жүйрік желді сағындым.  
Асау тайдай еркелетіп өсірген,  
Ағайынды, туған елді сағындым.

Ас бола ма сасық сорпа, қара нан,  
Алма бетте қалмады ғой тамшы қан.  
Қоңырау қағып оятады ақырып,  
Тым болмаса сібірлеп те атпай таң.

Бостандықта өткен күнді сағындым,  
Желдей зулап кеткен күнді сағындым.  
Жыл құсындай ұшсам, қонсам ерікті,  
Ойдағыны еткен күнді сағындым.

Ойыны бір құрдастарды сағындым,  
Тілегі бір жолдастарды сағындым.  
Келешекке бірге жоспар құрысқан,  
Сырласатын жан достарды сағындым.

Не көрсем де – Алаш үшін көргенім,  
Маған артық ұлтым үшін өлгенім!  
Мен өлсем де Алаш өлмес, көркейер,  
Істей берсін қолдарынан келгенін.

Қазағымды, қалың елді сағындым,  
Сарыарқамды – сайран жерді сағындым.  
Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті,  
Арқадағы айдын көлді сағындым.

Тәңірі ием, өзің алшы панаңа,  
Тас бауырлар зарға құлақ сала ма?!  
Баласынан тұтқын болып сарғайған  
Кім жеткізер сәлемімді анама?

Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,  
Сарғайдым ғой, сар даланы сағындым.  
«Қарашығым, құлыным!» деп зарлаған  
Алыстағы сорлы анамды сағындым.



1. Ақын нені, кімдерді сағыныпты?
2. Ақын абақтыға кімдер үшін түсті?
3. Ақынның қайтпас, қайсар мінезін қалай тануға болады?
4. Өлеңдегі толқытып-тебіrentкен жыр жолдарын жаттап алыңдар.



## БАЛАЛЫҚ ШАҚ

Балалық шағың –  
Патшаның тағы  
Тіл жетпес оны бағалап.  
Көп өтпей жыл,  
Тек жүрмей – біл  
Ілгері күнді сағалап.  
Үйрен білім жастықта!  
Білмей өс жанға қастық та!

Білімге көңіл  
Жоқ үйден түңіл –  
Ерікке қоймай ентелеп.  
Қайтпас уақыт,  
Қал дәмін татып,  
Босқа өткізбе еркелеп!  
Жастық деген – бағасыз,  
Қадірін білмес санасыз.  
Жастық – алтын,  
Құрып алсалтын,  
Салты оның – үйрену!  
Өнер қуып,  
Белді бекем буып,  
Надандықтан жирену!..  
Білген жан – көсем!  
Сөйлесе – шешен,  
Жұртты аузына қаратар.  
Білімдінің сөзі – ем,  
Мейірімі көп, өзі – кең!  
Нәрсені іске жаратар.  
Жұртына ол мақтаулы,  
Сыбаға үлкен сақтаулы.  
«Пәлі!» деп қарсы алар.  
Іс қылар тежел,  
Жас жүрек өжет  
Бет келгенді қарсы алар.  
Қайда барса сыйымды,  
Білімі мол – бұйымды.



1. Ақынның балалық шақты патша тағына қалай теңегенін байқаңдар.
2. Ақын білімді адамның бойында қандай қасиеттер болатындығын айтқан?
3. Неліктен ақын: «Балалық шағың – патшаның тағы» – дейді?
4. Ақын осы өлеңі арқылы нені айтпақ болған?



## СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН (1894–1938)

Қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі – Сәкен Сейфуллин. Ол 1894 жылы Қарағанды облысының Нілді өзені жағалауында елді мекенінде дүниеге келген.

Сәкен Сейфуллин – жастайынан ән салып, өз жанынан өлеңдер шығарып, өнерге ерте әуестенумен бірге, саяси тартысқа да ерте араласады, талай рет айтыс-тартысқа түсіп, қоғамдық өмірге қызығуы жан-жақты артады.

Әсіресе, қазан төңкерісінің от-жалынында өртеніп жүріп, өзінің «Аққудың айырылысуы», «Көкшетау», «Қызыл ат» секілді т.б. поэмаларын жазумен бірге, «Қыр балалары», «Жер қазғандар» атты т.б. әңгімелерін, хикаяттарын, «Тар жол, тайғақ кешу» сияқты өмірбаяндық романын жазған аса талантты қаламгер.

Ол – асқақ та әсем сазды әндер шығарып, оны өзі де орындаған сегіз қырлы, бір сырлы тарлан талант иесі.

Сәкен Сейфуллин өз шығармаларында үнемі ерлікті, сұлулықты, адалдықты, ынтымақ-бірлікті асқақтата жырлаған жыр дүлдүлдерінің бірегейі бола алды.



### АҚСАҚ КИИК

Арқаның Бетпақ деген даласы бар,  
Бетпақ – шөл, ойлы-қырлы панасы бар.  
Сол шөлде ел жоқ, күн жоқ өсіп-өнген,  
Жәндіктің киик деген баласы бар.

Бетпақта қысы-жазы ел болмайды,  
Ел жайлау, өзен яки көл болмайды.  
Бұтасы қу баялыш, қара жусан,  
Көгала бетегелі бел болмайды.

Бетпақтың көлденеңі сегіз көштік,  
Сайланып қыс ішінде талай көштік.

Азамат, ат пен айғыр, атан гана.  
Шыдар деп қоста отырып, талай дестік.

Бетпақта елсіз-көлсіз өсіп-өнген,  
Жалғыз-ақ, құлан, киік шөлге көнген.  
Қазақтың малдарындай қыбырласып,  
Әр ойдан топ-топ болып жусап өрген...

Бетпақтың көкпек, жусан, шөбі сұйық,  
Сол шөпті қорек қылған байғұс киік.  
Таңы аппақ, екі көзі мөлдір қара,  
Тиғендей емес адам көзі қиып.

Киікті қазақ және дейді бөкен,  
Бетпақты бұл бейшара қылған мекен.  
Бөкенді атып мерген өлтіргенде,  
Жазасыз жан өлді деп ойлай ма екен?

Бөккеннен сұлу аңды мен көрмедім,  
Өзге аңға жануарды тең көрмедім.  
Көздері мөлдіреген ақ бөкенді,  
Адамның баласынан кем көрмедім.

Қап-қара екі көзі мөлдіреген,  
Өдемі екі танау желбіреген.  
Елеңдеп жас балаша жалтандайды,  
Жел түрткен жусаннан да селдіреген.

Азайды соңғы кезде байғұс бөкен,  
Мың-мындап баяғыда өреді екен.  
Бұл күнде келе жатқан жолаушыға  
Кез келді анда-санда саяқ-некен.

Кей қазақ әдет қылған киік атып,  
Мүйізін пайда қылып, шетке сатып,  
Сандалып бір киікке ұшырастым,  
Бір жылы Бетпақ шөлде келе жатып.

Бетпақта келе жатты ақсақ киік,  
Сандалып қаңғырақтап басын иіп.

Пана іздеп шыбын жанға сүйретіліп,  
Мергеннің кеудесіне оғы тиіп.

Тамады қара жерге аққан қаны,  
Қиналып еңтігеді шыбын жаны.  
Боялып ақ денесі қызыл қанға  
Келеді әлі кетін жығылғалы.

Қиырсыз, Бетпақ дала...қураған шөл...  
Жалғыз-ақ сырғанайды қоңылтақ жел,  
Меңіреу... тірі жан... жып-жылмағай...  
Ел қайда? Ел алыста – шулаған ел!

Сандалып келе жатты ақсақ киік,  
Бір тоқтап, анда-санда әлін жиып...  
Ақ бөкен сахараның ботакөзін,  
Атты екен қандай мерген көзі қиып?

Келеді қаңғырақтап жалғыз өзі,  
Тілі жоқ, құр жүректе айтар сөзі.  
Шағады шыбын жанның қиналғанын  
Жалғыз-ақ мөлдірген екі көзі.

Жапанда еш сая жоқ шыбын жанға,  
Моншақтап жерге тамған қызыл қанға.  
Жапанда басын сүйер тірі жан жоқ,  
Әл кетіп сорлы киік жығылғанда!

Ботакөз сахарада қына терген,  
Кім екен жапан түзде сені көрген?  
Аяныш сезімі жоқ бір қазақ-ау,  
Дәл көздеп жүрегіне атқан мерген.



1. Өлеңді оқып, мазмұнын өз сөздеріңмен айтып беріңдер.
2. Өлеңдегі «таңы», «баялыш», «қос», «бетеге» сөздерінің мағынасын мұғалім көмегімен түсінін алыңдар.
3. Өлеңнің қанша буын, қандай ұйқасқа құрылғанын түсінін оқыңдар.
4. Өлең мазмұнында қандай мәселе көтерілген?
5. Өлеңдегі табиғат көрінісін, киіктің сұлулығын қалай түсіндіңдер?



## ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ (1894–1938)



Қазақ халқының аса талантты ақындарының бірі – Ілияс Жансүгіров. Ол 1894 жылдың 14 мамырында Алматы облысына қарасты, Ақсу ауданында дүниеге келген.

Ол небәрі төрт жасқа келгенде, анасынан айрылып, бірыңғай әкесінің тәрбиесінде болады.

Аса зейінді, тым зерек бала алғаш өзінің әкесінен хат танып, сауат ашады. Ол 1911 жылы өз ауылындағы қазақ-татар тіліндегі бастауыш мектепте оқып тәлім алады. Одан кейін, Ташкент қаласындағы Қазақ-қырғыз институтында оқып, сол жылдары Ташкентте қазақ тілінде шығып тұрған «Жас қайрат» газетінде корректор болып жұмыс істейді. Әрі, ауыз әдебиеті үлгілерін жинау ісімен де шұғылданады.

1925 жылы отыз бір жасында Мәскеуге оқуға барады. Онда үш жыл оқып, 1928 жылы Журналистика институтын бітіріп, мол білім бұлағынан нәр алып еліне қайта оралады.

Шынында да, Ілияс Жансүгіров – жан-жақты талант иесі болған кемел ақын. Ол балаларға арнап, тәлімдік-тәрбиелік мәні зор, өлеңдер жазумен бірге, бірнеше эпикалық көлемдегі «Күй», «Күйші» сияқты т.б. поэмалар жазған кеменгер ақын.

Әсіресе, оның тамаша өлең-жырларын оқып, тыңдап өскен бүлдіршіндер – туған елін, жерін, өскен ортасын, ата-анасын сыйлап, қадір тұтып өсерінде дау жоқ.

Өйткені, ақынның қайсы өлеңін оқысаң да, ол сізбен ашық сырласып тұрғандай, ішкі жан дүниенді барынша ақтарып тастайды. Нәтижеде, сан алуан өмір құбылыстарын анық сезінесіңдер де, бір адал дос тапқандай қатты қуанасыңдар. Мәселен, ақынның «Күй» поэмасына көңіл көзін қадалық.



## КҮЙ

(поэмадан үзінді)

### I

Қобызшы – Молықбай шал Матайдағы,  
Матайда – Кенже, Тұңғат Сақайдағы.  
Қазақта қобызшының қалғаны сол,  
Жорға еді маймаңдаған бақайшағы...

Жайлауда ала қарлы, Аман текше,  
Қарлатып, жаңбырлатып нөсер төксе.  
Тоқсыртып кәрі аршаны, от маздатқан  
Шал үйін сағынушы ек біз ерекше.

Құмар ек қобызшыны қолқалауға,  
Жақсы едік жалынуға, аталауға.  
Қобыздан құздың күйін, мұздың күйін,  
Құмартып келуші едік біз тыңдауға.

Бұлттанса, құрыстанса мұз бенен құз,  
Мас етіп, маужыратқан ішкен қымыз.  
Тасқындап, көңілі өрбін, күйі буып,  
Дейтұғын: «Кәне балам, әпер қобыз...!»

Кейде күй талмаураған, талықсыған,  
Кейде өжет, кейде долы албыртсынған.  
Кейде паң, кейде дарқан, кейде сергек,  
Шаршы өрге кейде шапшып, шауып тынған.

А, деген, асқақтатқан, әнін қосқан,  
Үн қатса қосылуға қобыз тосқан.  
Кәрі саусақ қалтылдаған қаздаң қағып,  
Ойнақтап, үркіп билеп қыл да босқан.

Қыңқылдап қыл күшігі қыңсылады,  
Жә, әлде танысқан қыз сыңсығаны.  
Жүректің қылмен қабат шегін шерткен  
Саусақтың ыршығаны, шымшығаны.

Қайырған, текектеткен, жорғалатқан,  
Сарқыған, екшеп қағып, сорғалатқан.  
Талмаурап самайдан тер сыпырғанда,  
Тартуын «Бозінгенді» қолқалатқан...

### III

«Баяғы, баяғы атам заманында.  
Бай бопты Бағлан деген баяғыда.  
Арқа оттап, асқар жайлап, құм кезеген,  
Қыстауы Әмудария аяғында...

Болыпты бір боз тайлақ желесінде,  
Ол өзге, өзге түйе төбесінде.  
Өренде, өлкеде жоқ айуан екен  
Тартпаған бурасына, енесіне.

Туғаннан ардақтапты бай-бәйбіше,  
Мал айтып амандыққа әлденеше.  
Сақта деп, тілден-көзден сиыныпты,  
Су іпсе, қырға кетсе, шөбін жесе.

Батқанда қырдың түні тұмандатқан,  
Қатқанда Сырдың суы бұлаң қаққан.  
Күл көрпе, қорда төсек, қолға байлап,  
Үкілеп қара таспен тұмарлатқан.

Қызылда қыстың күні шұнаң қаққан,  
Аязда түкірігің түспей қатқан.  
Жабұлап Самарқанның жібегімен,  
Жабыла жануарды солай баққан.

## IV

Күннен күн, аптадан ай, айлар өтті,  
Төлежін, түгі түлеп, желін жетті.  
Күн бітті, боз інгенше боталапты.  
Ботасы алтын басты, күміс депті.

Бір ұры бұл ботаны ұрлап апты,  
Бай-дағы, бақташы да білмей қапты.  
Ботаны ел аулаққа буып тастап,  
Енесін керуенге әкеп сатты.

Ақшамда апақ-сапақ сауда біткен,  
Інгенді тіркеп керуен жүрін кеткен.  
Артына қарай-қарай, боздай-боздай,  
Құба құм, қоңыр түнді күңіrentкен.

Боздаған ботасына зар илеген,  
Қозғалған қоңыр іңірде әлдилеген.  
Екі көз жасты өзендей сорғалатып,  
Төрт табан құмды қосып нан илеген.

Сыр суы көңілі босап сыңқылдаған,  
Аспанда қаз бенен қу қаңқылдаған.  
Тұнжырап жиде, жыңғыл дым үндемей,  
Күйініп көкте жұлдыз, жел жылаған...

Сатылған, саудаланған құл да ашулы,  
Айырылған ботасынан бұл да ашулы.  
Басы бір–біреуі адам, біреуі айуан,  
Білсін бе бірақ бұлар мұндасуды...

Елсіз жер...еңіреген інгенде күй,  
Селеулер жел оятқан билеген би.  
Аулақта қорқақ қоян зар тыңдаған,  
Тұқырып қала берген, шеңгел мен ши...

Қозғайтын қобыз тартса, әсіресе,  
Төңкерін жан көңілін әлденеше.  
Құм кезіп, түзде безін тыңдайтынбыз,  
Түйенің күйін сонау тартқан кеше.

Түн қандай жазғы өліарадағы,  
Үн қандай күңіренген даладағы!  
Тартынса тақымына таяқтаған.  
Таранган тазша-дағы бағанағы.

Құл ұрса, тартқан бұйда іркілмеген,  
Бұйда үзсе, қайта мықтап тірке деген.  
Телмірін құлға төніп төгілген зар,  
Дегендей: неткен қатал шіркін деген.

Артығың менен сенің: білесің тіл,  
Тіліңнің пайдасы не? Жайымыз бір.  
Богама босанайын, бұйдамды қи!  
Маган мін, кел қашалық, қайталық жүр!..

Дегенге түсінсін бе, құл көнсін бе?  
Құлы қашып қожасынан құмда өлсін бе?  
Құл айдап, түн жамылып, інген зарлап,  
Керуен кете берген Үргенішке ...», –

Деп, күйші отырушы ед ертегі айтып,  
Зары деп Бозінгеннің күйін тартып..  
Әсем күй саусақта би, саңғырған,  
Жүйрік үн, жүрек жалмап жамыраған.

Боздатса «Бозінгенді» зарлы қобыз,  
Сарыны сар даланың аңыраған.

Кер дала, күрең керуен қандай,  
Қоңырау күлдір-күлдір жүрген қандай.

Еңіреп күңіреніп сарындаған,  
Зарлаған тіркеудегі інген қандай!

Боздауын қобыз боздап, аңырауын,  
Қыл сарнап, керуеннің дабырауын.  
Ұғасың анда-санда ойнақы үннен,  
Кей қағыс күмбірлетіп қоңырауын.

Алатау айрыларда алтын күннен,  
Күйменен шал сөгілген, күңіренген.  
Кеш батып, кешкі қозы жамыраумен,  
Қобыздан «інген зары» сонда үзілген.

## V

Осындай ертегі айтып Мольқбай шал,  
Қобызға «Бозіпген» деп қосқанда зар.  
Жүректі жебе сауған мұнды дауыс,  
Жанды улар, жыға жығар, жүрек құлар...

Күй күшті, тауды-тасты бұзатұғын,  
Орнына өз өрнегін сызатұғын.  
Талқандап тас керенді үн оятып,  
Дүкені дүниенің қызатұғын.

Күй күшті, істі, еңбекті сүйдіретін,  
Тамырын тас емшектің идіретін.  
Жарлының тілек күйі, жүрек күйі,  
Өмірді бүлдіретін, күлдіретін...



1. Поэманы ерекше мән беріп, түсінін оқындар.
2. Ақынның айтайын деген ойын қалай түсіндіңдер?
3. Оқиганың қай жері сендерге қалайша әсер етті?
4. Шығарманы бөлімдерге бөліп, назар аударындар.

## БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН (1894–1938)



Бейімбет Майлин – қазақ әдебиетінің ірі тұлғаларының бірі. Ол – проза, поэзия, драматургия жанрларында өндірте қалам тебіrentкен, аса талантты суреткер.

Бейімбет Майлин шығармаларының негізін нақты өмір шындығынан ала отырып, оны нағыз көркемдікпен бейнелеуде тың табыстарға жеткен. Сондықтан да, оның шығармаларын қазақ қоғамының көркем шежіресі дей аламыз.

Ол – балалар әдебиетінің дамуына да аса мол үлес қосқан суреткер. Оның «Байшұбар», «Тәй, тәй, қаз, қаз», «Әлди – ана жыры» (1923), «Қағыңғыр ананың ашуы» (1926), «Жас қыран түлектер» (1929), «Қос жетім» (1933), «Кемпірдің ертегісі» (1927), «Естегілер» (1928), «Бекберген мектебі» (1939) сияқты т.б. шығармалары, жас ұландар ойына қозғау салып, олардың ойын кең өріс алдыра түсерінде дау жоқ.



### ҚАНДЫ КЕК

(әңгіме)

#### I

Күн бесіндікке келген кезде Көркемтайдың аулы астан-кестен болды. Кемсеңдеп кемпір-шал жылады. Қанын тартып, сұрланып, сең соққан балықтай мең-зең болып жастар тұрды. Ауыл дағдарысқа кездесті. Әркім өз ойымен шұғылданады, біреуге ақыл айтып, біреуді-біреу сүйей алмайтын секілденеді...

Сақалы сапсифан шалдар, таяқтарына сүйеніп, ербиіп, есіктерінің алдына шықты. Шүйделі желке, шермиген қарындар да термен боршып, кештің самал салқынына шығып, бойларын жазған сияқты болды. Бәрінің ойында бір түйін. Бәрі де нақ осы сағатта бір кемеге мініп, телегей-теңізге түсіп, аққалы тұрған сияқты еді.

– Уа Қалеке, бері келіңіз,–деп, мыртық денелі, толық бет қара кісі есік алдында тұрған Қалиды жанына шақырды.

Жұрт тұс-тұстан аңдап, бұлардың қасына жиналды. Екі қолын артқа ұстап, еңкедеп кәрі кемпір де келді, жаулығын ысырып, құлағына дейін түріп, топқа келе алмай одағайлап, жас әйелдер бір өңкей жиналышты. Беттері білеудей ісік, солықтарын зорға басып, қыз-келіншектер де біртіндеп көріне бастады.

– Ал, енді қайтпекпіз?

– Қайтпек керек? Ақылға келетін көрінбейді ғой.

– Не көрінді сендерге? Адамшылықтарың қайда? Кілең бағланды қолдан тізіп беріп, үйде тыныш отырмақсыңдар ма? Неге ізденбейсіңдер, неге жұртшылық қылмайсыңдар?–деп, денелі келген қара торы әйел шаптыға сөйлеп, көз жасына булығып, жылап та жіберді...

Ауылдың сыртындағы белес басында шапанын желең жамылып, бір адам тұр. Бұл–осы ауылдың мұғалімі Бөлкебай еді. «Окопқа жігіт алу» хабары бұған да жеңіл тиген жоқ. Оның үстіне, ауыл адамы жылап-сықтап, үрейін алып болды. Екі күннен бері бала оқытқан жоқ. Ауылдың жастары жиналып, мұның мазасын алды:

– Оқығансыз ғой, көзіңіз ашық қой, бұған не амал бар?–деседі.

Не амал болсын? Білсе, айтпас па еді? Озі де білмейді, өзіне де жұмбақ.

## II

Ауыл ызың-шу, қым-қуыт: шапқан ат, жүгірген адам, жылаған дауыстан құлақ тұнғандай.

– Уа, не болды?

– Аттаныңдар, аттан!

Етектері делегейленіп, екі салт атты ауылдың басынан кіріп, аяғынан шықты. Ешбір үйге кідіріп тоқтаған жоқ, бірақ ауыл адамы бұлардың жұмысын айтпай біліп отырған секілді еді. «Аттан!» деген дауысты естісімен ер-азамат өре тұрып, жүген алып, жылқыға жүгірісті. Түскі ыстықта бөгелектеп, жыландай шумақталып тұрған жылқы быт-шыт болып бөлінді.



Шапқыншының біреуі желін қасына келіп, кідірген соң, Болкебай оған жақын келіп, жұмысының жайын сұрады. Бұжыр бетті қара жігіт екен, самайынан кірі айғызданып терлеген қара донен тыпыршып тұрғысы келмейді.

– Бес жүздей жиналып, ішінде Жарықбас бар, екінші ауылға келін қалды. Сол жерге жиналып, содан болысқа барып, тізімді алып, өртеміз? – деді ол.

– Тізімді өртегенмен, бармай қалуға болар ма екен? – деп, Бөлкебай желкесін қасыды.

– Болады дейді, тізім өртенсе, қайтадан жазып бермесе, адамды қайдан тауып алмақшы?

Бөлкебай ойланып тағы сөйлегенше, шапқыншы жігіт қаракер доненді борбайға салып жіберін, жөнесп кетті.

Ауыл жігіттері аттарына мініп, ауылдың тұс-тұсынан аңдағайлап шыға бастады.

– Атыңды ерттедің бе? – деді біреу Бөлкебайға.

Бөлкебай не дерін білмей, апалақтап қалды: бармаймын деу қиын соғып, шарасыздан бұл да еретін болды.

Алды-артын жиып алған соң, бұл шыққан жігіттер аттың басын қара томарға қарай түзеді. Жел шоқытып жүре бергенде, алдыңғы жақтан:

– Бас қамшыны! – деген дауыс шықты.

Тобылғы сапты қамшы ат бауырына орала тартылды. Шапқан аттың тұяғы жолдың тозаңын уыстап аспанға атты. Жайлаудың жазық даласы асқа жиналған адамдай болып қыбырлап кетті. Қайғылы жастар ат үстіне мінген соң серпіліп, уайым-қайғы, қорқыныш ойдан кетіп, бет алған жұмысын қайтсе де орындайтын күйге мінді. Оннан, жиырмадан бөлініп, лек-лек болып жүрін келеді. Үн жоқ, бірінің ішіндегі сырды, екіншісі айтпай сезіп келе жатқан сияқты. Ел үстін басқан қара тұман, азамат басына іліккен тұзақ осы жолы быт-шыт болып үзіліп, ел жастары содан былай еркін тыныс алатын секілді...

Шапқан аттын екпінімен алдағы белеске шыға келгенде, күлімдеген көлдің аңғары көрінді. Қосынның алды иіріліп тоқтады.

– Уа, не бар?

– Кеңесеміз дейді. Сөзді бір жерге байлаймыз дейді...

Аттарын шарт түйіп тастап, ортаға келін бәрі де отыра қалысты. Алқа-қотан отырған жұрттың қақ ортасында Жарықбас отыр. Жарықбас сөзін бастады:

– Уа, балалар!... Сендердің басыңа төнген қара күн мені амалсыз атқа мінгізіп отыр. Сендер үшін өзімді құрбандыққа атап шығып отырмын. Болыстың хабарын өздерің де естіген шығарсыңдар, жастарды матап, тізімге алып жатқан көрінеді. Дұрысына күйдірсе, онда бір сәрі ғой. Болыс жалмауыздығын бұрынғыдан да асырып: «Топалаң кезінде тойдың» кебін келтірін отыр. Азамат жаннан, ел малдан түңілетін күн туғанда, болыс абыройды, арды, ел қамы дегенді былай қойып, құлқынын тойдырудың қамына кірісіп отыр. Елдің «игі жақсылары» болыстың көңілін тауып, балаларын аман алып қалмақшы дегенді де естіп отырмыз. Ал, жастар, көп айта берін қайтейін, біз бет алып шықтық қой, барармыз; барғанда не істемекшіміз, осыны ойлағандарың бар ма?

Жұрт біріне-бірі қарап, күбір сөзге кіріп, аз-кем бөгелді. Бір мезгілде арт жақта отырғандардан:

– Болысты өлтіру керек!–деген дауыс шықты. Бөлкебай жалт қарап, тани кетті. Қайрақбай еді, ол қамшысын бүктеп, қайраты бойын кернеп, жүгінін-ақ алып еді.

— Шын айтасыңдар ма?

– Шын айтамыз: өлтіру керек!

Отырған жұрт бірден қозғалып, теңселін, дабыр сөз басталды.

Сойлеген сайын көпшілік «өлтіру» дегенді пысықтап, одан басқаны ауызға алмады.

–Өлтіргенде бір адамға бәріміз бірден жабыспаймыз ғой. Осы көптің ішінен белсеніп шығатындарың бар ма?–деді Жарықбас.

– Мен шығамын!–деп, Қайрақбай ұшып тұрды...



1. Шығарманың мазмұнын еске түсіріңдер.
2. Әңгіменің қай эпизоды ерекше естеріңде қалды?
3. Әңгімеде суреттеліп отырған оқиға қай жылы болған?
4. Көркемтайдың ауылы неліктен астан-кестен болды?.
5. Бөлкебай кім? Ол жігіттер пікіріне қалай қарады?

## МУХТАР ӘУЕЗОВ (1897–1961)



Қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі – Мұхтар Әуезов. Ол 1897 жылдың 28 қыркүйегінде, қазіргі Шығыс Қазақстан облысына қарасты Семей өңірі, Шыңғыстау бауырында, ұлы ақын Абай ауылында, «Бөрілі» деген елді мекенде дүниеге келген.

Мұхтар атасы Әуездің тәрбиесін алады. Кіп-кішкентай немересінің зерек, тым алғырлығын байқаған Әуез ата, жас Мұхтарға Абай өлеңдерін жаттатып, сөз қадірін жан-жақты үйрете бастайды. Сөйтіп, бала Мұхтар жастайынан-ақ Абай шығармаларымен сырласып, зейінді боп ер жетеді.

Сондықтан да, ол өмірінің көбін Абайға арнады. Нәтижеде, «Абай жолы» роман-эпопеясы арқылы бүкіл әлемге қазақ халқын танытты. Мұхтар Әуезов ұлы ақын Абайдың өрімдей бала кезінен бастап, өмірден өткенге дейінгі ғұмырын, өзінің «Абай жолы» роман-эпопеясына арналы арқау, өрісті өзек етеді.

Орайы келгенде, ерекше айта кетерлік жайт, жазушының «Абай жолы» роман-эпопеясы ХХ ғасырдың тамаша туындысы болды.

Сондықтан, оны дүние жүзі халықтары сүйіп оқып, «Ғажал шығарма», – деп таң қалысты. Мәселен, француз жазушысы Бержерон: – «Мұхтар Әуезов – ақын. Ол елінің далалары мен тауларын, адамдарын үлкен эпик ақынша, асқан суреткерлікпен бейнеледі. Әуезовтей кісі жырлаған халық шынымен бақытты ғой», – десе, қырғыз жазушысы, «әлемнің Айтматовы» атанған Шыңғыс Төрөқұлұлы: «Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып, өзіммен бірге ала жүретін екі түрлі ұлттық асылым бар: бірі – «Манас», бірі – Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы...», – дейді.

Иә, халқымыздың асыл шежіресіндей мақтанышымызға айналған, тамаша көркем шығарма «Абай жолымен» сендер де таныс болыңдар.

Шығарманы мұқият оқи отырып, өздеріңмен жасы қарайлас Абай мінезінен үлгі-өнеге алуға тырысыңдар. Әсіресе, анасы Ұлжан мен әжесі Зереге бала Абайдың еркелеуі, оған деген аналардың мейірімі қандай болғандығына ерекше көңіл бөліңдер.

Сондай-ақ, Барлас пен Байкөкше ақындарға деген халықтың ықылас-пейілі, ол қонақтарға деген анасы Ұлжанның ризашылығы, оларды дән риза етіп қайтарғанына Абайдың қуануы—бәрі-бәрі мейлінше нанымды, суреттелгендігіне көңіл бөлін оқыңдар.

Мұхтар Әуезовтей ұлы жазушының «Абай жолы» роман-эпопеясынан мына бір үзіндіні оқып, одан үлгі-өнеге алуға тырысыңдар.



## АҚЫН ҚОНАҚТАР

*(«Абай» романынан үзінді)*

Биыл Абайдың жасы он үшке толған еді. Денесі де бір аралық кейінте. Бойы өскен. Қол-аяғы ұзарған. Бұрын мұрны шолақтау болушы еді, биыл біраз ұзарып қалыпты. Бет бейнесі баладан гөрі ірілеңкіреп, бала-бозбалалық қалпына бейімделген. Бірақ, әлі сол мүсіндік жоқ. Толық балғын емес. Сидиып арықтап, құр созылған сияқты. Күн көрмей өскен реңі солғын, бойшаң ғана өсімдік бейнелес.

Бұрын қара болушы еді, бетінің қызылы да бар еді. Қазірде қаладан қайтқандық және ауру қосылғандық бар ма, әйтеуір бозғылданған. Сұйықтау қоңыр шашының арасынан бас құйқасы да қыланданып көрінеді. О да ауырғандық пен күн көзінде болмағандық белгісі.

Абайдың осы сияқты қалпына ендігі мінез машығы да бір алуан боп, өзінше үйлесті.

Ол атқа мінін жүруге жарағанмен, үйден көп шықпайды. Өзге баладан гөрі, басқа бір ермек, бөлек бір дос тапты. Онысы—әсіресе әжесі, шешесі.

Абай биыл ғана анық бағалады. Бұның әжесі бір түрлі шебер әңгімеші екен. Қызық сөйлейді. Әңгімесінің барлық жерін дәмді қып,

қызықтырып айтады. Әуелі, Абай ауыра бастағанда, бір күні кешке ұйықтай алмай жатып, әжесінен әңгіме айтуды сұраған. Сонда ол ойланып отырып:

– Е-е ...Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыда кім өткен...–деп, кішкене тақпақтап бастап еді. Абай соны ұғып қапты. Келесі жолы сұрағанда әжесінің тізесінен ақырын қағып:

– Е-е ...Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыдан кім өткен? – деп, тағы да әңгіме тілегенін білдіруші еді.

Әжесі әуелде көп-көп ертегілер айтқан. «Еділ-Жайық», «Жұпар қорығы», «Құламерген» – бәрі де айтылды, оның әңгімелерін түсте де, кешке де, тіпті көш бойы да Абай айтқыза беретін болды.

Бертін келе, тәуір болып алған соң, әжесінен тағы бір әңгімелер тапты. Ол – осы ел ішінде Зеренің 1 жасынан бергі көргені, естігені жайындағы әңгімелер. Ел мен елдің шабысы, таласы жайында бірталай күндер айтты. Осыдан жиырма-отыз жыл бұрын Найманның осы елге, осы ауылға шапқанын, сонда Бостанбек деген өзінің асыранды баласы өлгенін, Найман қолынан осы ауылға тұтқынға түсіп, жыл жарымдай кісенде жатқан Қожаберді деген ақын жайын айтады. Соның көп өлеңін шұбыртады. Басқа да, «Қара шор шапқан» сияқты шабысты, жортуылды айтады.

Тағы бір күндер Мамыр, Еңлік қайғыларын да айтып берді. Абай қажымай, жалықпай, ылғи ғана ынтыға тындайтын. Кейде әжесі шаршап, айтпай қойса, өз шешесіне жабысатын. Ұлжан да көп әңгіме білуші еді және ол, көбінесе, өлеңді жиі айтады. Оқымаған шешесінің әлі күнге ұмытпай, білдірмей сақтап жүрген зейініне таң қалады. Нелер ескі заман жырларын, айтыс, өсиет, әзілдерін де көп айтып береді. Екі анасын көңілдендірін тағы айтқызу үшін кейде өзі қаладан әкелген кітаптарының ішінен «Жүсін-Зылиқа» сияқты қиссаларды оқып береді. Әндетін, мақамдап қояды. Шешелеріне ұғымсыз болған түрік тілінің жеке сөздерін жолшыбай қазақшалап отырады. Осымен қайта көңілдендірін алып, ескі әңгімелерді тағы айтқызады.

Сондай шеше әңгімелеріне бар пейілін беріп жүрген күндердің бірінде, бұл үйге екі бөгде қонақ кеп қонды: бірі – қартаң, бірі – жас қонақ. Жасын Абай біледі. Таныған жерде қуаныш кетті. Ол былтыр



жайлауға келіп, осы үйде үш күндей жатып, «Қозы Көрпеш-Баянды» жырлап берген Байкөкше деген жыршы. Қасындағы қартаң кісіні Абай өзі білмегенмен шешесі әбден таниды екен.

Қонақтармен жай сұрасып, аманда-сып болған соң, Ұлжан Абайға қарап жымыып:

– Ал, балам, әжеңмен екеумізді кажай беруші едің, әңгіме, жырдың дүкені, міне, жаңа келді. Мына кісі Барлас деген ақын, – деді.

Шоқшалау ғана ақ сақалы бар, келбетті келген зор дауысты ақсары кісі. Барлас Абайға салғаннан ұнады. Білгеніп ішіне бүгні, үндемей отырған өзге үлкендердей емес.

Барлас іле сөйлеп кететін жарқылдақ, ашық. Осы үйде талай күннен жатып жүрген ауыл адамы сияқты.

– Е, балам: «Шешенің судай төгілген, тыңдаушың бордай егілген» дегендей, сөйлеуді де, тыңдауды да сүйген ел–ел-дағы. Тыңдауға өзің жалықпасаң, айтуға Байкөкше жалықпас, – деп, жас жолдасына қарап күліп қойды.

Үй іші тегіс қош алған соң, екі ақын да оңай шешілді. Осы түнде ас піскенге шейін Барлас «Қобыланды батыр» жырын жырлады. Абайдың қазақ аузынан да, кітап ішінен де өмірі естіп білмеген ең бір сұлу, бір әсерлі, күшті жыры осы еді. Барлас жырын бітіріп, қол жуғалы қамданған уақытта Абай:

– Мұны айтқан кім? Осы өлеңді шығарған кім екен? – деп, бағанадан бері өзін сүйсіндірген ақынның атын білмек еді.

– Әріден келе жатқан деседі-ау, балам, бұның түбін... – деді.

Қобыландының қоштасқаны, Тайбурылдың шабысы еліткендей болатын. Жатқанда көпке дейін қызып ұйықтай алмады.

Ертеңінде Ұлжан Барлас пен Байкөкшені жібермеді.

– Жүрмендер, асықпай, әлі біраз қонақ боп жатып кетіндер, – деді. Бұл – Абайдың тілегі...

Тілі ұғымды, өмірі таныс болғаннан ба, немесе Барлас пен Байкөкшенің кезектеп айтқан жырларының кейде шырқаған, кейде қалқып баяулаған, кейде лекітін соқтырып, ескектете желген әнінен бе? Бебеу қаққан қоңыр майда домбырадан ба? Қалай да болса, Абай бұл күнге шейін өмірінде дәл осы Барлас, Байкөкше баян еткен дас-тан, жырларға барабар еш нәрсе естімеген сияқты болды.

Күндіз де, түнде де Барластардың қасынан шықпайды. Екі ақын Ұлжан үйін барлық осы үлкен ауылға базардай қалың жиын үйі қып жіберді...

Осы жолы Абай әрі өзі ысылып, әрі шешесі арқылы салмақ салып, Барлас пен Байкөкшені дәл бір айдай жібермеді. Бұл уақытта жас бала Барлас, Байкөкшемен біржолата дос, жақын боп алды. Бертін келе, түнде ол Барластың қойнына кіріп те жатады. Күндіз барынша күтеді. Мұның ұғымтал, зеректігіне қатты риза боп, шын сүйген Барлас, бір оңашада жай ғана тақпақтап:

– Шырағым, ер жетерсің,  
Ер жетсең, сірә, не етерсің?  
Алысқа шырқап кетерсің,  
Шындасаң, шыңға жетерсің,—

деп, Абайға домбырасын ұсынды...

Ертеңінде ақындар аттарын ерттеп, жүрерге қамданғанда, Абай шешесін тысқа шығарып алып:

– Апа, екеуіне де жақсы қып тұрып сый беріп аттандыршы, – деді. Ұлжан үндеген жоқ.

Қонақтар қымыз ішіп болып, енді қоштасарға келгенде, Ұлжан Барласқа қарап, бір сөз айтатындай пішін білдірді. Қонақтар іркіліп қалған еді.

– Мынау балам оқудан қайтқалы сүле науқас боп, арыла алмай қойып еді. Сендер келгелі жақсы сөздеріңмен ем әкелгендей болдыңдар. Қадамы құтты қонақ болдыңдар,— деді.

Абай, шынында да дәл осы кезде өзін-өзі бір сырқаттан құлан таза болып, нық бір қайрат жиып алғандай сезінді. Шешесі үндемесе де, ашып айтпаса да «білгіш, танығыш, сыншы» сияқты көрінді. Ол бөгелсе де, сөзін бітірген жоқ-ты.

– Тағы да келе жүріңдер. Анау кәрі әжесі мен бізді де көп сейілттіңдер. Жолдарың болсын! Келген сапарларыңа тыста бір азырақ ырым байлаттым. Ала кетіңдер... Риза, қош боп аттаныңдар! – деді.

Абай тысқа шығып, Барластарды аттандырып салды...

Абай шешесіне риза боп қуанып кеп, бұрынғы бір кішкентай күніндегі еркелігіне басты. Ұлжанның мол денесін қапсыра құшақтап, қатты қысып, бетінен, мұрнынан, көзінен қайта-қайта сүйді.



1. Шығармада Абайдың сырт келбеті қалай суреттелген?
2. Зере мен Ұлжан қандай әңгімелер айтып берді?
3. «Абай жолы» романы туралы кімдер не айтқанын естеріңе түсіріңдер.
4. Барлас пен Байкөкше жырлары Абайға қалай әсер етті?
5. Абайдың зеректігіне қатты сүйсінген Барлас қандай бата берді?



## ПОРТРЕТ

Көркем әдебиетте адамның сырт бітімін, кескін-кейпін, келбетін, жүріс-тұрысын, қимыл іс-әрекетін суреттеуді «портрет» дейді.

Әрине, әрбір оқырман өзі оқып отырған шығармадағы кейіпкердің сыртқы түрін көргісі келеді.

Сөйтін, оның қандай адам екенін көз алдына елестетеді.

Әрбір жазушы, өз оқушысының кейінкерді дұрыс тануына жәрдемдесін отырады. Мәселен, көркем шығармада портрет бір-екі сөйлеммен де, бірнеше сөйлеммен де беріледі. Мысалы, Әуезов өзінің «Ақын қонақтар» әңгімесінде, он үш жасар Абайдың портретін былайша береді:

«Бойы өскен. Қол-аяғы ұзарған. Бұрын мұрны шолақтау болушы еді, биыл біраз ұзарып қалыпты. Бет-бейнесі баладан гөрі ірілеңкіреп, бала-бозбалалық қалпына бейімделген»... – десе, ал Барлас ақынды: «Шоқшалау ғана ақ сақалы бар, келбетті келген, зор дауысты, ақсары кісі», – деп суреттейді.

Міне, осылай көркем шығармада адамның кескін-келбетін, сыртқы пішінін сипаттауды **портрет** дейді.



## СӘБИТ МҰҚАНОВ (1900–1973)



Сәбит Мұқанов – ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі. Ол 1900 жылы Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Сәбит Мұқанов алғаш ауыл молдасынан хат танып, сауатын ашады.

Дарынды жастың қолына Абайдың, татардың ұлы ақыны Ғабдолла Тоқайдың кітаптары түседі.

Содан, Тоқайдың даналық ойлары, Абайдың тамаша асыл сөздері талапты жастың ой-қиялына ерекше әсер етін, көркем әдебиетке деген қызығуын ерте арттыра түседі. Өйткені, Сәбит Мұқанов Омбы қаласындағы мұғалімдер дайындайтын оқуда оқыған кезден бастап-ақ, әдебиеттің үлкен жанрларында қалам тарта бастайды.

Нәтижеде, әйгілі «Сұлушаш» поэмасын, бірнеше өлеңдер мен дастандарын жазып, шығармашылық жолға біржола бет бұрады.

Сәбит Мұқанов – қазақ әдебиеті тарихында «Өмір мектебі», «Мөлдір махаббат», «Аққан жұлдыз». «Балуан Шолақ», «Ботагөз» сияқты т.б. романдар мен повестер жазып, қазақ әдебиетін үлкен бір белеске көтерген дарынды тұлға.

Ол 1973 жылы 73 жасында өмірден өтсе де, өз шығармаларымен біздің арамызда мәңгі жасай бермек. Оның аса тамаша көркем шығармалары Сіз оқырмандардың ойына қозғау салып, көңілдеріңді нұрға бөлей түспек.



## ЛАШЫН

### *(«Өмір мектебі» романынан үзінді)*

Балтабай ауылы маған аса бір жайлы ауыл боп шықты. Бұрын балаларын қадым молдалары оқытып, басын қатырғандықтан, енді жаңа әдіспен оқытып, балалар тез сауаттанып кеткендіктен, әрбір баланың әке-шешелері мен туыстары мені, өте қадірлейді.

Бәрі де, жылы ұшырайтын бұл ауылдың адамдарынан мен, бірнеше адамды ерекше жақсы көрін кеткенмін. Соның біреуі – Балғабайдың Ахметі. Көк көзді, шабдай мұртты, ақсұр, қушық бетті, түрін байырғы орыстан айырып ала алмайтын бұл жігіттің бойындағы бар қасиеті – атбегілік пен құсбегілік. Оның «Қараторғай» аталып кеткен жүйрігінің алдына түсетін жылқы құлақ естір жерде жоқ...

Жаз айларында ол үнемі лашын салады екен. Денесінің бар көлемі жұдырықтай ғана, бірақ қанат, құйрығымен тұтас алғанда сүңгуір қайықтай ұп-ұзын көрінетін, маңдайы жалпақтау келген, тұмсығы жолбарыстың тырнағындай иілген сарғылттау, қияғының өткірлігі ұстарадай, мөлдіреген қарақаттай қап-қара көздері томпайып, сыртына қарай тепкен, бөтегесі жүйрік аттай төсектеу, сирақтары жіңішке, сарғыл саусақтарының басына имие біткен сұрғылт тұяқтарының ұштары егелген біздей өткір, жазған қанаты ойылыңқырап барып, ұш жағы істік боп кеткен, құйрықтары сауысқандай ұзынша, қарасұрлау қанатының түсі қоңырлау таңбалармен сапырылысып, түсін кейде қарасұр, кейде қара қоңыр көрсетін, құлпыртып тұратын... Бұл құстың көркемдігіне қанша қызықсаң да, дәл сол отырған түріне қарап, оны «құс алады-ау» дегенге, әсіресе, «қаз бен дуадақ алады» дегенге сенгің келмейді... Сол сөздердің растығына Ахметтің қасына ерсең ғана сенесің...

Ахмет лашынын салуға екі-ақ мезгілде шығады: бірі – таң ату мен күн көтерілудің арасы, бірі – күннің еңкеюі мен батуының арасы. Осы екі мезгілдің біреуінде, оның қасына салт атпен еріп шыға қалсаң, бұл кездерде қандай құстардың қайда жайылатынын жақсы білетін Ахмет: «Қазір үйректер пәлен жерде... қаздар пәлен жерде... дуадақтар

пәлен жерде)... болжалын айтады да, саған қызық көрсеткісі келген кескінмен: «Қане, қайсысына барамыз солардың?» деп сұрайды, сенің тілеген жеріңе қарай тартады...

Үйрек алу лашынға сөз емес екен. Әдетте, үйректер шалшықты көлдер, томарларда көп болады. Шалғынға тығылып отыра берсе оларды, әрине, лашын түгілі, шындықта жоқ, қиялда ғана бар «бидайық» та ала алмас еді. Алдыратын – ақылы жоқ үйректердің өздері. Әрбір құс салатын адамның қолында дабылы болады. Ол – шеңберлеп иген ағашқа сірестіре керген, кептірген тері. Оны қамшының сабымен қаққыласаң, күңгірлеген даусы маңайды шулатып жібереді. Қазақтың халық өлеңінде: «Құс салып, айдын көлді дабылдаттым» дейтін дабылы осы... Дабылды қақсаң, неге екенін кім білсін, шалшықта не томар арасында тығылып жүрген үйрек атаулының бәрі де дегбірі қалмай, үрейленген қалыпта ду көтеріле ұшады. Сол кезде Ахмет оң қондырған лашынның көзіндегі томағаны сыпырады да, астындағы дырауды тебіңкірей шоқыта жөнеліп, бытырай ұшып бара жатқан үйректерге қарай, лашынды сілтеп кеп жібереді...

Қазақтың халық өлеңінде: «Қыран құс қисық ұшып, түзу ілер» деген сөз бар. Осының өмір шындығынан алынғанын сен, Ахметтің қолынан ұшқан лашынға қарағанда көресің. Алғаш лақтырылғанда сен, лашынды құлап бара жатыр екен деп ойлайсың. Өйткені, ол жоғары емес, төмен қарай құлдырайды. Жерге жақындап барып бауырлай ұшқанда, ол аспанда аққан жұлдыздан кем зымырамайды... Және ол зымыраған қалпында қашқан үйректерді тура кумай, әлдеқайдағы қияға қарай қисая тартады...

Сол бетімен біраз қарқындап алғаннан кейін, ұшып бара жатқан үйректердің астына қалай жетіп қалғанына көзің де ілеспейді... Лашынның бір ғажабы – ілуге ойлаған үйрегінің дәл астына жетпей, аспанға көтерілмейді... Және ол көтерілгенде қиялап барып емес, атылған оқтай боп шаншыла тік көтеріледі.

Сонда ұмтылған үйрегіне қалай барып айқасып қалғанын шама-лап та үлгермейсің!..

Лашын әр түрлі болады екен: біреулері білген үйрегін ала жерге түседі екен де, енді бірі ілген үйрегінің не желкесін, не топшасын

аспанда қиып жіберін, құлатып, өзі екінші, үшінші... тағы сондай үйректерге ұмтылып, бір барғанның өзінде бірнеше үйректі түсіріп алады екен. Мен қасына ерген жылы Ахметтің лашыны осындай алғыр екен!.. Бұл—былтыр ғана баулып салған бір-ақ түлекті құс.

—Құстың,—дейді Ахмет,—ең алғыр болатын кезі екі мен үш түлектің тұсында, алғаш алаңғасарлау болады да, одан кейін қайраты қайтпағанмен, тыныстанып, жалқауланады...

Қазды алу үйректен әлдеқайда, қиын екен. Адамнан алысырақ жерде лашын бір қазды іліп түсіре қалса, бар қаз сол араға қона сап, лашынды қанаттарымен ұрып, не талдырып, не өлтірін кетеді екен. Бірақ, тәжірибелі лашын алған қазының қанатының астына тығылып қалады екен де, қаздар оны сабаймын деп, қазды сабап өлтіреді екен...

Ілуде біреуі ғана болмаса, лашынға алдырмайтын құс дуадақ болып шықты. Сонда ол, ұшқырлығымен қашып та құтылмайды, қаздардай тобелеспейді де, оның бар істейтін қайраты—лашын нақ үстіне келгенше отырады да, ілуге жақындай берген кезде басына саңғытып жібереді және көбінше лашынның көзіне саңғиды!.. Бұндай саңғуға ұшыраған лашын, енді қайтып дуадаққа жоламайды!..

Сол Ахмет салған лашынның неше түрлі қызықтарын козден өткіздім... Құс салудың ең қызықты айлары көктем емес, шілдеден былай. Осы кезде ғана құстар семіреді. Ахметтің де ерекше аңшылайтыны осы кез. Бұл кезде оның жарғақ құлағы жастыққа тимей, ертелі-кешті уақытын құс қонатын өлкелерде өткізеді. Саятқа оның құмарлығы сондай: қай кезде ұйықтап, қай кезде ас ішетінін білмейсің.

Балтабай аулында мұғалім боп қызмет атқарған жазда, менің аса бір қызғылықты өткен уақыттарым—лашын салған Ахметтің қасына ерген кездерім еді!..

Мынадай бір саят күндері бүгінге дейін, көз алдымда елестейді де тұрады:

Құстың отқа шығар мезгілі, таңның сібірлеуінен басталады. Сол кезде у-шу боп көлден көтерілген құстар отты жерге жапа-тармағай да, әр тайпа құс өз күзетшісін қарауылға қойып, оттауға кіріседі. Өзі құс болсын да, өзі қарауыл болсын!.. Кәне, көзін алдап көр оның!..

Әрине, алдай алмайсың... Ендеше, олардың оттап отырған жеріне, көздеріне шалынбай жету керек.

Білетіндердің айтуынша, аңның өзге сезім мүшелерінен, мұрнының сақтығы өткір, құстың құлағының сақтығы өткір, сондықтан жел жақтан жауды аң көзімен көрмей-ақ, құлағымен естімей-ақ, иісін алыстан сезеді де, қорғану қамына кіріседі: құстың мұрны ең топас сезім мүшесі, сондықтан көзі көрмейтін жағдайда оның алыстан сездіретін мүшесі—құлақ. Осындай жайын жақсы білетін Ахмет, жайылымға шыққан құстардың көзі мен құлағын алжастыру жабдығын қарастырады.

Не істеді ол? Құс салар күні ол таң қараңғысынан тұрады. Лашынын қолына алған ол, күн бұрын болжамға алған жеріне көбінесе жаяу тартады, ондағы ой—атпен қоқиып құстардың көзіне түспеу. Олардың көзіне жаяу да түспеу керек. Ендеше не істеу керек?

Балтабай аулы отыратын батыс жақ биік жар. Ахмет екеуміз сол жардың астына түсеміз де, етегін жағалап отырып, ойға алған жыраға жетеміз. Құрғақ, терең жыраны бойлап отырып, құс жайылымына жақындаған кезде, екеуміз ауыр киімді шешеміз, етікті тастап, балақты түрінеміз, сөйтіп, еппен қимылдап, құстың жайылымына жетеміз... Бойымызды көрсетпей, еппен ғана басып барған бізді, құстардың қарауылы қанша сақ болғанмен, аңғара алмайды...

Ес білгелі құс салуды кәсіп еткен Ахмет, жайылымға шыққан құстың оттайтын кезіне дәл барады. Бұл таңның жаңа ғана бозамықтана бастаған кезі... Тегі құс деген алаңғасар «халық» қой деймін, өйткені сақтануда бар қаруы құлағы, сол қарауылына келер жаудың дыбысын тыңшылықпен тыңдаудың орнына, құлағын өздері керек ғып, өздері азан-қазан, у-шу болады да жатады. Сондықтан ба, немене, жасырынып барған саятшыны, көбіне нақ жеткенше сезбейді.

Нақ қасына жақындап, Ахмет дабылын қағып кеп жібергенде, құстар у-шу көтеріле кеп ұшады, сол кезде Ахметтің қолынан лашын да ұшады...

Неге екенін кім білсін, дабыл даусынан үрке көтерілген құстар, сол қалпымен лағып кете бермей, кең сазды айнала жүйткін, қонып ұша береді... Лашын сондайда талайын іліп қалады...

Өте бір әдемі көріністер де болушы еді: таң сібірлеп келе жатқанда жер бауырлай құсқа ұмтылған лашынның денесі оның өзі емес, көлеңкесі ғана сияқтанады... Жердің бетін ала зымыраған көлеңке, жоғары көтерілген қаз не үйректердің астынан жарқ етіп, жоғары шапшығанда, жерден жоғары атқан тас сияқтанып, далбандап төмен құлдилап жөнеледі... Сол кезде, Ахметте де, менде де ес қалмай, екеуіміз өкпемізді қолға ала ұшамыз... «Бүркітші» деген өлеңінде «Бір қызық ісім екен сұм жалғанда» деп Абай айтқандай, сол бір сәт менің өмірімнің де аса бір рақаты еді-ау!



1. Әңгімені оқып шығып, оның мазмұнын айтып беріңдер.
2. Шығарма мәтінін бірнеше бөлімдерге бөлін шығындар.
3. Әр бөлімді жоспарға жинақтауды ұмытпаңдар:
  - I. Кіріспе, Балтабай аулында.
  - II. Негізгі бөлім. Саятшылық.
    1. Құсбегі Ахмет.
    2. Ахмет пен лашынның өнері.
  - III. Қорытынды. Саятшылық – өмірдің бір қызығы.
4. «Атбегілік», «құсбегілік», «лашын», «саят» сөздерінің мәнін айтындар.
5. Сәбит Мұқанов алғаш рет кімдердің шығармаларынан рухани нәр алған?
6. Сәбит Мұқанов қандай жанрларда шығармалар жазған?
7. Ақын өзінің «Сұлушаш» поэмасында қандай мәселелерді көтерген?
8. «Аққан жұлдыз» ақынның қандай шығармасы?

## ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ (1902–1985)



Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі – Ғабит Мүсірепов. Ол 1902 жылы Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Жамбыл ауданында туылған.

Орайы келгенде, бір айта кетерлік жәйт, ауыл ақсақалдары кешке жақын дөң басына жиылып, көк майса үстіне киіз жайғызып, неше түрлі қисса-дастандарды, жырларды Ғабитке оқытып, ұзақ-ұзақ тыңдайды екен.

Жастайынан-ақ зерек болып өмірге келген Ғабит, «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Қобыланды батыр», «Көрұғлы», «Ләйлі-Мәжнүн» сияқты т.б. інжу-маржан жырларды сүйсіне оқып, жиналған жұртшылықты қызықтырып, талай беттерін өзі де жаттап алып, рухани дүниесін нәрлендіре түскен екен.

Ғабит Мүсірепов қазақ әдебиетінде әңгіме жазудың Бейімбет Майлиннен кейінгі асқан шебері болып, көркем прозаның дамуына аса мол үлес қосты. Ол «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Амангелді» секілді классикалық үлгідегі пьесалармен бірге, «Оянған өлке», «Қазақ солдаты», «Ұлпан», «Кездеспей кеткен бір бейне» сияқты т.б. кесек романдар жазып, қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасына айналды



### ЖАҢА ДОСТАР

*(«Қазақ солдаты» романынан үзінді)*

Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытам... Зытып келе жатқаным – қашып келемін, артыма қарай беретінім – қорқып келемін...

Қашуымның да, қорқуымның да балаға лайық себептері бар. Бір табын сиырды айдалаға тастап, қалаға қашып бара жатсаңыз, екі көзіңіз алақандай болатын сияқты. Бала да болсам, бойым өрлей салған аз ғана егінге шүйгін барады.

Мен қазір ондамын. «Әліпті таяқ деп білмейсің» деп, ауылдың балалары мазақтай беретін еді, жазғытұрым қолыма сиыршының таяғы түсті.

– Енді естияр азамат болдың...Мына таяқты қолыңа ал, осы ауылдың сиырын енді сен бағасың!–деп, ағам Айдынғали таяғын маған ұстатты да, өзі еңбек іздеп, қалаға кетті.

Сол «естияр азаматыңыз» бүгін, міне, алды-артына жалтақтай қарап, Гурьевке қарай қашып келе жатыр. Ойында сиыршының таяғын әліптің таяғына айырбастау да бар... Одан әр жағы қараңғы, бірақ бір жақсылық қала жақтан келетінін біліп қалған сияқты.

...Жайықты өрлей, әр бұтаны тасаланып, алыстан ыңыранғаны естілін жатқан Каспийге қарай құлап келемін. Теңіз құшағына тез кіруге асыққан Ақ Жайық, төтелеу жерден жол салам деп жарын талай сабалапты да, шалқайып кейін бұрылыпты.

Қаракөк Каспийдің бір сарынмен ғана дем алған ауыр ыңыранысы естіле бастады. Күн де батты. Теңіз үстіне қорғасындай басқан бір ауыр тұман да көтерілді. Қара тұманның ауырлығынан теңіз беті қайысып, төмен түсіп кеткендей сезіледі... Алыстан жымың қағып, шақыра беретін қала оттарына да жақындап келем. Теңіз біресе ауыр күрсінгендей, біресе жалқау есінегендей болады.

Қалаға кіріп, қатар-қатар тізілген көп тақтай дүкендердің оңашарақ тұрған біреуінің жанына келдім де, жып-жылы жерге құлай кеттім. Жұмсақ құм өзінен-өзі үгітіліп, жанбасқа жайлы төсек бола кетті...

– О, қасқанның жатысын-ай!–деп, тап өзіме ұқсаған екі бала мені аяқтарымен бүйірге түртін тұрғандарын бір аңдағандай болып ем, көзімді ашуға дәрменім жетпеді. Ар жағын білмейміп, тас болып қатып қалсам керек...

– Түнде өліп жатқан бала сен бе едің-әй! – дегенде артыма қарасам, бір ересек, бір кішірек бала өзен жағасына жақындай берген екен. Біреуі ашан, сұңғақ денелі, үстінде шолақ шалбардан басқа еш нәрсе



жоқ. Күнге күйіп, күрең тартқан дененің бұлшық еттері иіріліп-иіріліп қояды. Енді, біреуі менімен тұстас болуы керек, ақшыл денелі, арық, бір аяғын ақсай басып келеді.

– Мен әлі, өлін көрген жоқпын! – дедім, тайынғым келмей. Жалғыздық жасқаншақ та етеді, жау жүрек те етеді. Мен жасқанбауға бел байладым. Аяғыма білінген бір қатты нәрсені суырып алып едім, түйенің қабырғасы екен. Қабырғаны оңтайлап қолыма алдым да, ана екеуінің жабыла кетуін күттім. Әдетте, таныс емес балалардың алғашқы кездесулері азды-көпті жанжалсыз, бірлі-жарымды жұдырықсыз өте қоймайтын.

– О!.. Сабаздың өзі екен! – деді ересек бала, менің кескін-келбетіме көңілі толып кеткендей. Мен ожырая қарап тұрған бойы үндемедім. Ойыма киімімді ала қаша ма деген қауіп те туа бастады.

Бірақ, менің ойлағаным болған жоқ. Екі бала менің шапанымның қасына барып, өз киімдерін де сыпыра бастады. Ересек бала билегендей бір қозғалыспен көз ілестірмей, шолақ шалбарын сырғытып жерге түсірді де, содан кейін ерекше бір достықпен кішірек баланы шешіндірді. Ақсақ бала ересектің көзіне дәрменсіз жәутендеп, жалыныш көзімен қарайтын сияқты.

Өзен жағасы аздаған жарлау еді, ересек бала ақсақ баланы суға дейін көтеріп әкелді.

«Анау ағасы, мынау інісі екен...» деген ойдың келуі-ақ мұң екен, Айдаш есіме түсіп кетіп, жалғызсырай бастадым. Иегім кемсеңдеп, бет-аузым бұзыла бастады. Ересек бала әуелі ақсақ баланы судың жағасына әкеліп қойды да, қарғыш қырға қайтып шығып, қыр басында жатқан барлық шокпытты аяғымен лақтырып, жағаға түсірді. Содан соң, кішірек баланы тағы көтеріп алып, суға беттеді... Ересек бала ақсақ баланы тап менің қасыма әкеліп, ақырын ғана суға түсірді де, маған қарап:

– Атың кім? – деді.

– Қайырғали... Өзіңнің атың кім?

– Шеген... Мынаның аты Борап... Мұны Боря дейтін боласың. Менің атым онша бұрмалауға келмейді. Шеген аға дерсің. Мен екеуіңнен де үлкенмін. Әкем байғұс баласын еркелете алмайтынын білген ғой сорлы, Шеген дей салыпты...

Шеген менің атымды «Қайырғали, Қайрош, Қайрушке» деп, орысша-қазақша оңды-солды бұрмалап көрді де:

– Атың ат емес екен... Сендей жеке батырға түк лайығы жоқ... Бүгіннен бастап Костя боласың!

Бораш бір аққұба ғана, қағылез, қыз мінезді бала екен. Көздері де жаңа туған бұзаудың көзіндей, бар дүниеге таңдана қарайтын сияқты. Қуануы да, ренжіп қалуы да оп-оңай. Мөлдір қара көзінен коңілінің түбі көрінін тұрғандай. Бұл, шынында да, өгей шешенің отын-суына пысықтық жасай алмаған соң, оңай ғана тентіретін жіберген бала болу керек.

– Енді қарын қамын ойлайық. Мына қарында түк жоқ, – деп, Шеген қабысқан қарнын қағып-қағып қойды. Шеген сұлу, сұңғақ денелі, бұлшық еттері болаттай иірілетін, күнге күйген, тобылғы торы екен.

Шеген менің аяғымдағы толып жатқан жара мен жарықтарды көріп, басын шайқады да:

– Уай, мынауың болмайды, – деді, түсінемісің дегендей, көзіме қадала қарап. – Ең алдымен адамға бас керек. Онсыз өмір оған молданың көрінен де қараңғы болады. Онсыз өмір құраннан жаман, түсіне алмайсың. Екінші бізге аяқ керек. Қашсаң – құтылатын бол, қусаң жететін бол. Керек боп қалса, құстай ұшатын бол! Мынадай табан бола ма екен, қырық тесік! Аяғыңның жалпы бітімі жаман болмағанмен, қазіргі халі қанағаттанарлық емес деп танымын. Жата тұр құмның үстінде. Мен қазір келем, – деп, Шеген қалаға қарай жүгіріп кетті.

– Дәрі әкеледі. Екі күнде жазып береді! – деді Бораш ұзай берген Шегенге риза көзбен қарап. Жүзіндегі күрсініс ізі осы арада ғана түгел бір жойылып кетті.

– Сен қалай ақсадың? – дедім, Борашқа іскен оң тізесіне қолымды апарып.

– Әй, апам қораның төбесінен құлатып жіберді.

«Әй апасы» өгей шешесі екенін түсіндім де, одан арғыны қазбалағаным жоқ. Бораш шорланып бітіп келе жатқан оң тізесін сипалай отырып:

– Соқаның үстіне құлап түстім... Шеген ағам жазды гой әйтеуір... енді бір айда жүруге жарайсың дейді... Балық майынан жазылды.

Тіпті жазылып қалып еді, әнеугүні «деғдом» ұстап ала жаздап, содан қашқанда тағы бүлдіріп алдым, – деді. Бұл жолы өзінің қашып құтылғанына мақтанатындай жымыш та қойды.

– Мен де керемет жүйрікпін! – дедім, мақтанғым келіп кетіп.

– Ойбай.. Шегендей емес шығарсың... Шеген қайда, ол!.. Ол ағыш бара жатқан машинаны қуып жетін, асылып кете береді! Біреу көріп қалса, қарғыш түсін, кете беруі де түк емес. Ол әншейін, желаяқ! – деді Борапш, масаттана сөйлеп.

– Е, сен қалай қаштың «деғдом» қуғанда?

– Шеген мені көпірдің үстінен өзенге тастап жіберді де: «Судан басыңды ғана шығарып, шомылған балалардың ішінде отыра бер: басқа баланың басынан сенің басың кем емес, тани алмайды» деп, өзі көпірдің үстімен тартып отырды...

– Шеген неліктен үйінен қашып кеткен?

– Үйінен емес, ол молдадан қашып кетіпті. Үш жұма бойы арабша оқын, әліп-би-күсін-ән деген бірдемеге түсіне алмапты да, «мұныңыз немене өзі, мен түсінбейтін нәрсені оқығым келмейді» деген екен. Оған молда он шыбық сынғанша дүре соғыпты. Оның үйі жоқ, жездесінің қолында жүреді екен, – деді Борапш, еріксіз күрсініп. Сол кезде:

– Я! Әуіш, – деп, биік жардан бір-ақ секіріп, Шеген де қасымызға келіп түсті.

Шеген мен Борапш екеуі үсті-басыма қара ала, торы ала етіп йод жағып, оның үстінен саргыш бір май жағып, ұзын ақ шүберекпен орап, асты-үстіме түсіп, достық көрсеткендері қатты ұнады.

– Бір жұмада табаның әміркен етіктің ұлтанындай жылтырайтын болады, – дейді Борапш.



1. Романда қай кездің оқиғасы сыр шертеді?
2. Шығарманың негізгі оқиғасы кімнің атынан баяндалады?
3. Қайрош қалаға не үшін қашып келеді?
4. Шеген мен Борапштың кескін-келбетін жазушы қалай сипаттаған?
5. Жазушы қолданған мақал-мәтелдерді дәптерлеріңе жазып алыңдар.



## САПАРҒАЛИ БЕГАЛИН (1895–1982)

Қазақ әдебиетінің дамуына мол үлес қосқан қаламгердің бірі – Сапарғали Бегалин. Ол 1895 жылы, бүгінгі Шығыс Қазақстан облысының (бұрынғы Семей) Абралы ауданында дүниеге келген.

Алғаш ол Семей губерниялық сотында, соң Түркістан – Сібір темір жолында басшылық қызметтер атқарса, 1935 жылдан бастап баспасөз орындарында жұмыс істейді.

Оның ең алғашқы «Қыран кегі» атты кітабы 1944 жылы жарық көреді. Бұдан кейін «Сәтжан», «Коксегеннің көргендері», «Көк бұтақ», «Ермектің алмасы», «Бақыт», «Ұрпақ», «Мектеп өрендері», «Сырлы қайнар», «Мұстафа қарттың әңгімесі», «Балуан шолақ» секілді т.б. жарық көрген көркем шығармалары, оқырмандар сүйіп оқыған туындыларға айналған. Біз сіздерге «Бала Шоқан» әңгімесін оқуға ұсынып отырмыз.



### БАЛА ШОҚАН

*(әңгіме)*

Шыңғыс аулы күзекке келгенде, сары бала сондай қуанды. Ала жаздай зарыға жалғыз ойнағандағы ойынан кетпейтін бір досы бар. Ол – төре баласы Шоқан. Шыңғыс Құсмұрын еліне сұлтан болып тағайындалысымен осы күзде екі бөлмелі кеңсе үйін салғызған. Сол үйдің жазғы, қысқы күзетшісі – сары баланың әкешесі. Сары баланың сол сағына күткен досы жолбарыстай шұбар құнанын елеңдете аяндап жетіп келді. Ә дегенде тосырқап қалған сары бала балшықтан жасаған ойыншықтарын жия қойып, орнынан ербиіп түрежелді.

– Ей, Мысық, аман ба? Мына ойыншықтарды кім істеді? – деп, Шоқан сары балаға жылы амандасып, күлімсірей қарады.

– Өзіміздікі, өзім істедім, – деп, танауын бір тартып, кішкене көкшіл көзі шүңірейіп, Мысық ойыншықтарын бауырына қарай икемдей берді. Шоқан қуана түсін, өзіне қарай жүргенде, сары бала:

– Иә, бермеймін, – деп ойыншықтарын жинай бастады.

– Ей, Мысық немене, өзің сонша қорқасың? Алмаймын, көрейін, – деп, күлімдей сұрады Шоқан.

– Жоқ, сенің құнаның бар, алып қашып кетесің. Мен жаяумын. Кеше әлгі бір тентек бала өзімді сабап кетті. Сен тимейсің бе? – деп, Мысық батылдана, мұңын шаға сөйледі.

– Жоқ, мен алып қашпаймын. Тек көремін. Мысық Шоқанға бұрынғы үйірлігіне сеніп, ойыншықтарын көрсетті.

– Сен немене, мені жатырқап қалғансың ба? – деп Шоқан, Мысықты өзіне тарта сөйлеп.

– Сен мына ойыншықтарыңды маған бересің бе?

– Жоқ, бермеймін, кешегі балалардай сен алып қашасың, – деп, ойыншықтарын көйлегінің етегіне сала бастады.

– Қорықпа, мен тимеймін. Кәне, көрсетші, өзің ұстасың ғой. Ақысына не аласың, маған ана балшық атыңды берші, – деп, Шоқан зорлық емес, ықтиярымен алмақ болды.

– Не бересің, бауырсақ бересің бе, қант бересің бе? – деп, Мысық икемге келе бастады.

– Беремін, сен маған ойыншықтарыңды бер. Біздің үйге жүр, апамнан көп қант, бауырсақ әперемін, – деп еді, Мысық бұрынғы көрген зорлықтарын айтып, жолағысы келмеді.

– Жоқ, мен тигізбеймін, өзім ертін барамын.

– Иә, апаң ұрсады, қорқамын, – деп, түйе қып жасаған бір ойыншығын етегінен алып, Шоқанға берді.

– Ей, кәдімгі түйе? Өй, өзің қандай шеберсің! Жүр менімен. Апама ұрыстырмаймын.

Бұрынғыдай емес, Шоқанға бойы үйренген Мысық тартынбай еріп келеді. Бұлар үйге таянғанда, алдарынан Шоқанның інісі Жақып жүгіре шықты. Кесек денелі Жақып келе Шоқанға:

– Ей, мынау кім, қайдан ерттің, түү өзі сап-сары, – деп, шайпау мінезбен Мысықты бір нұқып қалды.

– Өй, жынды. Әрі кет, мұнда нең бар? – деп, Шоқан тұра ұмтылып еді, қашып үйге кіріп кетті. Ерке, сотқар Жақыптың ұрыншақ мінезінен қаймығып, Мысық жылап та жіберді.

– Мысық, неге жылайсың? – деп, Шоқан қасына келді. Інісінің ешбір күнәсіз ұрып кеткен тентекігіне ішінен ыза да болып тұр. Бірақ ол, Мысықты қолынан тартып, үйіне қарай алып жүрді. Мысықтың тартынғанына жол берген жоқ.

Үлкен ақ үйдің есігінен Шоқан өзі кіргенде, Мысықты қалдырмай ерте кірді. Бұрын мұндай үйге кіріп көрмеген кішкене Мысық, аяғын ілгері басуға бата алмайды.

– Мысық, бері жүр, – деп Шоқан, оң қолынан тартты.

Үлкен ақ сары әйелдің қасында отырып, әлгі тентек Жақып қолына шыбыртқы қамшы ұстап, әлі де Мысыққа өшіге қарап:

– Өй, өзін қара, неге келдің, шық үйден! – деп тұр.

Шоқан Жақыпты ала көзімен атып:

– Аулақ кет, мұнда нең бар? Қорқытпа, тиіспе, бұл – менің жолдасым, – деп, апасына қарады.

Балалардың қағысып қалған сәттегі істеріне салмақпен қараған сары бәйбіше Шоқанға бір, Мысыққа бір қарап:

– Шоқан-ау, мынауың кім? Қайдағыны қасыңа ертіп, үсті-басы немене, қасына жоламашы. Ойнауыңа бір жөнді бала табылмады ма? – деп, Мысыққа қарап: – Ей, сен қай ауылдың баласысың? Мұнда қайдан келдің? – деді.

Мысық төмен қарап, үндей алмай тұр. Шоқан ертін келген жолдасын шешесінің қорлаған сөзіне қысылғандай, қорқып тұрған Мысыққа таман таянып, ақырын ғана:

– Қорықпа, – деді.

– Иә, мен кетемін. Бағана айтқаным қайда, ұрсады, сабайды деп. Осыны айтып, Мысық есікке қарай шегіншектей берді. Сырттан үйге кіріп келе жатқан Шоқанның әкесінің тізесіне соқтығып, етпетінен түсті. Сырттан өзін біреу ұрды деп ойлаған Мысық қорыққаннан бақырып жіберді. Шоқанның әкесінің әрі атқосшысы,

эрі қаршығасын ұстаған Сыдық еңкейіп үйге кіре бергенде, аяғының астынан шыққан ащы дауыстан шошып, қолындағы қаршыға жалпылдап, Мысықтың басына құстың қанаты келіп соғылды. Мені құсқа жегізгелі жатыр деп түсіпіп, Мысық басын қолымен басып, онан сайын бақырды.

– Өй, Мысық, қорықпа! – деп, Шоқан қасына жетіп барды.

– Мына шіркінді қайдан ертіп жүрсің? Даусы қалай ащы еді, әкетші, – деп, семіз бәйбіше сырттан кірген құсшы жігітке бұйыра сөйледі. Бәйбішенің жарлығы құлағына тиер-тиместен:

– Өй, кет былай, жолдан! – деп, Сыдық аяғымен нұқып қалғанда, аяғы Мысыққа тимей, босағада тұрған шылапшынға тиіп, қаңғыр еткізді. Шоқан Мысықты орнынан тұрғызып алды. Енді Сыдықтың Мысықпен жұмысы болған жоқ. Ол қолындағы қаршығаның аяқ бауын керегеден бір іліп жіберіп, сырлы тұғырға қондырды.

Кок қаршыға шегір көзін тоңкере шаңырақтан аспан әлеміпе құмарта бір қарап, бір рет дүр сілкініп қойды. Бұрын мұндай құсты кормеген Мысық, онан көзіп алмай, әрі таңданып, әрі қорқып қарайды. Мысықтың бағанадан бері көзі түспеген бір нәрсе шыға келді. Ол сонау биік төсектің бас жағынан түрегелген тарғыл арлан еді. Екі құлағының салбыраған шашағы төгіліп тұр. Күміс қарғылы тайдай тазы тұрып алып, алдыңғы екі аяғын көсіліп жіберіп, төсін жерге тигізе керілді. Мойындағы күміс қарғының күміс сақиналары сылдыр қағып, тазы есікке қарай бет алды. Мысық мұрны шуылдап, зәресі ұшып, Шоқанның артына қарай ығыстай берді.

– Қорықпа, тимейді, – деп, Шоқан Мысықты өзінің қатарына қарай ығыстырды.

– Апатай, мына Мысыққа бауырсақ беріңізші? – деп, шешесіпе өтінішті ерке тілек айтты.

Ши жақта ыдыс-аяқ әзірлеп жүрген қара торы әйелге:

– Өй, Камила, ана балаға бауырсақ әперші. Ана жерге отырғызып қымыз бер. Шоқанжан ертіп келіпті ғой, – деп, сары бәйбіше бағанадай емес, Шоқанның ығына иіліп жұмсай сөйледі. Шоқаннан именіңкіреп қалған тентек Жақып, апасының арғы жағынан Мысыққа мысқылдай қарап, сықылықтай жұдырығын көрсетіп, кіжініп қояды.

Бауырсақты бір-бірлеп жеп, қымызды имене жұтып отырған Мысыққа Шоқан:

– Сен, немене, әлі қорқып отырсың ба? Жеп қой бауырсақты, қалғанын етегіңе салып ал, – деді, оған тостағанды ысырып. Шоқанның сөзі ширатқан Мысық, сыпайыланып отырған қалпынан жадырап, қымызды жұтып салып, аяқты жерге қойып, бауырсақты етегіне төге бүктеп алып, есікке беттеді. Босағаға таяп барып, сілейін тұра қалды. Оның сырттағы иттерден қорқып тұрғанын сезген Шоқан қасына келіп:

– Сірә, қорқып тұрсың-ау, ә! Кәне, жүр, – деп, ертін үйден алысқа шығарып салып, – Ертең мен барамын, маған жақсылап түйе істеп қой! – деді.

– Жоқ, мен құс істеймін, – деді Мысық, кішкене шолақ мұрнын тартып.

– Иә, иә, істе, тіпті жақсы, – деді Шоқан, оның ойын құптап. Мысық иттен, тентек Жақыптан аман құтылғанына қуанып, жүгіре басып үйіне тартты.

Мысықты шығарып салып, Шоқан үйге келгенде, әкесі Шыңғыс киімін шешін, жеңілденіп, ат үстінен түскен шаң-тозаңын жуып, дастарқан басына келген-ді.

– Шоқанжан, ана бір балшықтарың не? – деп, әкесі қалыпты мейірбан лебізімен Шоқанға тіл қатты. Шоқан жаңағы Мысықтан қалап алған сиырдың, қойдың балшық мүсінін қызықтай қолына ұстап, әкесінің қасына алып келді. Кішкене балшық мүсін оншалықты көз тартарлық бұйым емес. Ал Шоқан оны, Мысық қолдан жасаған жанды дүниедей көрін, қызықтай ұстайды.

– Атеке, әлгі бала бар ғой, өзі шебер. Қараңызшы, мына сиыры аумаған Камила жеңгенің қоңыр сиыры емес пе?

Бала қиялын қызықтай, қолөнеріне әуестігі ішкі сезімнің әсері деп ұғатын ойлы Шыңғыс:

– Иә, дәл өзі. Бірақ, мына қойының құлағы тым үлкен екен, – деуі-ақ мұң екен, апасының ық жағында отырған Жақып:

– Түк те қойға келмейді, пәлі құйрығын қара, тап иттің құйрығы, – деп сықылықтады. Тентек інісінің Мысыққа еркін қол жұмсай алмай, ішінен өштесін отырғанын сезген Шоқан:



– Сен істей ғой, ондай шебер болсаң! – деді қабағын шытып.

– Қой, Шоқан, бұл есерді желіктіріп қайтесің, балшыққа түсіп әуре болады. Жақып ондай жаман балшықты ұстамайды, – деп апасы тентек баласын ерегестірмей, тыйым салды...

Ертеңіне әжесі Айғанның ауылына баруға әкесімен қабаттаса атқа мiпген Шоқан, кешегі Мысыққа айтқан уәдесі бойынша, кісілерден бөліне құдық басына тартты. Әңгімемен алданып, абайламай қалған Шыңғыс баласының жалғыз кетін бара жатқанын көріп, шақырып алды.

– Се-сен, жалғыз қайда бара жатырсың? – деп, баласына жүру себебін сұрады.

– Атеке, кеше Мысыққа – әлі мүсінші балаға келемін деп, уәде бергенмін, соған барамын.

– Кейін-ақ бармайсың ба, немене, ол бір жаққа кетін қалар деп пе еді? – деген әке сөзіне:

– Уәде беріп: артынан алдасам, ұят емес пе? Бұдан былай ол менің сөзіме сенбейді ғой, – деді.

Шыңғыс Шоқанға ойлана қарады да:

– Ә, жарайды бара ғой, екі айтпаған жақсы, – деді.

Шыңғыстың өңінде баласына іштей ризалық ажар бар еді...

Шоқан құйғыта шауып, құдық басына келгенде, Мысық алдынан қарсы шықты.



1. Шоқан кім? Ол жайында не білесіңдер?
2. Шоқан Мысықпен қай жерде кездесті?
3. Мысықтың негізгі ермегі не еді?
4. Мысық жасаған мүсіндерді Шоқан қалай бағалады?
5. Шоқанның қайырымдылығын, уәдеге беріктігін мәтіннен тауып оқып бер.
6. «Бала Шоқан» әңгімесін оқып, мазмұнын айтып беріңдер.



## ИСА БАЙЗАҚОВ (1900–1946)

Халық арасында «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген қанатты сөз бар. Тарихи мәліметтерге қарағанда, Исаның әкесі Байзақ, анасы Ғазиза тамаша әнші адам болған екен. Сондықтан да, Иса Байзақов жастайынан-ақ, ән жырдың бал-бұлақтарынан рухани нәр алып, сұлулықтың тамаша өшпес нұрына қанық боп өсіпті.

Иса Байзақов 1900 жылы Павлодар облысына қарасты, Ертіс өңірінде дүниеге келеді. Тоғыз жасында шешесі өліп, нағашы атасының қолында тәрбие алады. Туған нағашысы Рахмет те талантты әнші болған деседі.

Міне, осындай өнерлі жандардың ортасында өскен Иса Байзақов, табан астында ән салып, өткір де, отты өлең шығаратын, дарынды ақын болып қалыптасады.

Сондықтан да, Қазақстан халық артисті Елубай Өмірзақов: «Өзім жасымда Исадай ақынды көргем жоқ», – деп, талантына тәнті болғанын тілге алады. Мәселен: Иса Байзақов 1922–1929 жылдары әр түрлі драмалық үйірмелерге қатысып, өз талантын күллі жұртшылыққа паш ете түседі.

Қазақтың тұңғыш драма театрының артисті бола жүріп, өзінің аса дарынды артист екендігін көрсете білген дарын иесі.

Өйткені, ол домбыраны құйындата тартып, небір желдірме әндерді тамылжыта шырқағанда, жиылғандар дүр сілкіне, таңдай қағып тамсана түседі.

Әрі, өз жанынан өлең шығарып, оны төгілте шырқап, елді дән риза етіп, дүр сілкіштеді екен.

Оның үстіне, Иса Байзақов, талай-талай өлеңдермен бірге, әйгілі «Құралай сұлу» дастанын шығарған кемел ақын да.



## ЖАЗҒЫ КЕШ

Кеші еді жаздың сұлу нұр төгілген,  
Жібектей жерге жасыл гүл себілген.  
Көк шатыр, қызғылт теңбіл тақталанып,  
Жерге кеп алыс аспан төңкерілген.

Шымқаған көкжиекті қызыл арай,  
Көтерген күн шапағын қызыл тудай.  
Тарауы сан жамырап көкке самғап,  
Серпілген көк теңізі әрмен қарай.

Көкжиек белдеу тартып қызыл нұрдан,  
Шапағын шашыратып бұлттарға ұрған.  
Маяктың жаңа жанған шамындай боп,  
Жұлдыздар жаңа шықты сейіл құрған.



1. Ақынның кешкі шапақты қалай суреттегеніне мән беріңдер.
2. Өлеңдегі көркемдегіш сөздерді табыңдар.
3. Жазғы кешті елестетіп, сурет салыңдар, әңгіме жазыңдар.
4. Ақын «Жазғы кеш» өлеңінде кештің сыр-сипатын қалай жырлаған?




## КӨКТЕМ

Жазылып жарқын дала, сағым қалқып,  
Көк майса жұпар атты тамыры балқып,  
Жайқалып қызғалдағы жер құлпырып,  
Көкорай мұрын жарды исі аңқып.

Аңғардың алабында шешек жарып,  
Нұрланған еңбектен гүл шамдай жанып,  
Желкілдеп колхоздардың көк егісі,  
Көк түлеп топырақтан тамырланып.

Тау сұлу көсілдіре жасыл киді,  
Ақша бұлт ақ торғындай басын иді,  
Құрылған қыз, жігітке шымылдықтай,  
Жағалай қарағайдан шашақ түйді.



Көпіріп, тас-талқандап, өзен тулап,  
Таулардан ағып жатыр төмен құлап,  
Бүйірден бұлақтар да жамырасып,  
Ән қосты сылдырына жел шуылдап.

Етекте бау-бақшаның аңқып гүлі,  
Толқынтты әнге басып шат бұлбұлы.  
Алманың ақ күмістей ақ гүлдері,  
Күлісіп қарасады күнге жылы.

Қуанып шыңда шырқап тау тағысы,  
Тастүлек саңқылдайды ерке құсы,  
Гүл жамылып, көрпесін гүлмен шеккен,  
Бір мезгілі тамаша жаздың осы.



1. Ақын «Көктем» өлеңінде қандай мәселелерді көтерген?
2. Көктем көріністерін өз түсініктеріңмен айтып беріңдер.
3. Көктем жайлы сурет салып, мазмұндама жазыңдар.
4. Табиғаттың тамаша көріністерінен нені ұға алдыңдар?

## ҚАЛМАҚАН ӘБДІҚАДЫРОВ (1903–1964)



Тарихи деректерде, Қызылорда облысы, Шиелі ауданына қарасты «Қарғалы» ауылында, тұңғыш рет жастар білім алатын зәулім мектеп үйін, азамат ақын, тамаша прозашы, аудармашы Қалмақан Әбдіқадыров, өз қаржысына салдырған деседі.

Балалық шағында, жоқшылық тауқыметін көп тартқан, Қалмақан Әбдіқадыров, өз естелігінде: «Ендігі ұрпағым білім нәрімен еркін сусындасын»–деп, өз қаражатына сол бір мектепті салдыруы, кім-кімге болса да үлкен өнеге емес пе?..

Қалмақан Әбдіқадыров – балаларды тым жақсы көретін, бала жанды жазушы болғандықтан, бала өмірі мен олардың шынайы мінезін сипаттайтын бірсыпыра өлеңдер, әңгімелер жазып, бірнеше шығармалар жинағын сыйға тартқан қаламгер. Бұл орайда, оның «Өміртайдың ауылы», «Тапқыш», «Тәтті қауын» сияқты т.б. шығармаларын айтуға болады.

Жазушы Қалмақан Әбдіқадыров – әлем әдебиетінің ең озық үлгісінен саналған «Мың бір түн» атты халық ертегісін тұңғыш рет қазақ тіліне аударып, қазақ халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айналдырған талантты аудармашы.

Ол өзінің әйгілі «Қажымұқан» повесінде, французша күрес-тен дүние жүзінің чемпионы атағына ие болған Қажымұқан Мұнайтпасұлының өмірі, спорттағы өнегелі жолын қызғылықты баяндап береді. Аталмыш шығарма, туысқан халықтар тілдеріне де аударылған.

Жас достар! Қаламгердің «Қажымұқан» атты повесін, сендер де сүйіп оқысыңдар деген ойдамыз.



## ҚАР КҮРЕГЕН БАЛА

(«Қажымұқан» повесінен үзінді)

Ақпан-қаңтардың сақылдаған аязы. Қыламықтап қырау ұшқын-дап, барлық заттың сыртына мұздан сауыт кигізін тұрды. Қызылжар қаласының орталық көшесіндегі бір қорада, үлкен сарайдың темір қақпасы кең ашылып, ішінен «ауппалаған» дауыс естіліп жатты. Бұл саудагер Иван Ноғичтің қоймасы еді. Күзде сойылған малдың еті мен майы енді ішкі Ресейге жөнелтіліп, оны таситын 60 пар ат шана жұмсайтын кіреші бай Орлий Масликов кіресін алып еді. Отыз пұт май құйып қатырған кеспекті он адам жабылып, орнынан қозғалта алмай жатты. Сарай ішіндегі дауыс солардың үні.

Қораны басқан қарды күреуге жалданған он алтыдағы жас бала, сарайға қайта-қайта қарай берді.

– Ей, сенің әкеңнің аты кім? – деді бірде қара тонды, қойманың басқарушысы.

– Оны қайтесің?

– Сұраймын.

– Құда түсейін деп пе едің?.. Айтатыныңды айта бер, – деді кішкене көзін сығырайта қараған бала.

– Сен онда неге қарайсың? Қарыңды күре де, тиісті тиын тебеніңді алып, құры. Бөгде нәрсеге бұрылып қараудың саған қанша керегі бар?

– Сен маған сонда не істеп жатқандарыңды түсіндірші?

– Тау көтеріп жатыр.

– Сонда, сарайға кірген тау көтерілмей жатыр ма?

– О-хо-хо! Мынаны? Сөзі отыз пұттан гөрі ауыр екен? Жібер сарайға көтерілмей жатқанның не екенін көрсін, – деді қақпа аузында тұрған саудагер.

– Ей, бар енді. Әне, мырза көрсін деп тұр.

– Көрсенің немене? – деп, қар күреген бала, есік алдында тұрғандарды қаға-маға сарайға кіріп келді. Басқаны бөрліктірген аяз, оған шыбынсыз жаз сияқты. Үстінде мақталы жыртық шапан, биялайын беліне қыстырып, бас киімін қолына ұстап, қимылдап жүрген кісілерге ақырая қарады. Тұрған орнынан жарты кездей ғана әрең жылжыған кеспектің қасына жақындап, иығымен қағып, астындағы қалың тақтайды сынғыр еткізді.

– Көтерілмейтін тауларың осы ма?!

– Саған жеп-жеңіл көрініп тұр ма?

– Әй, тәйір-ай! Соны да сөз деп тұрсыңдар-ау! Тау дегенге таңырқасам, бұл шелектей-ақ ыдыс қой. Он кісі жабылып, қаланы «ауппалап» бастарыңа көтеріп жүргендерің осы ма? Өздерің шетке ысырылып, тиейтін шанаңды есік алдына әкеле беріндер. Әй, әдемі тұлыптылар, қалбалақтап жүрін бір жерлерінді қақтырып аларсыңдар, кейін қаш!

– Мынаның сөзі қандай дөрекі? Қожайындарға қалай түйеден түскендей сөйлейді, – десті мұртына мұз қатқан жұмысшылар.

Бала еңкейе беріп, кеспекті иығымен нығырақ тіреп, қағып жіберді. Астына салған ломдар мен қада ағаштар шатыр-күтір етін, біріне-бірі қағысып, бастары шошандасты да, отыз пұт тоң май құйған кеспек екі-үш қаққанда, желге ұшқан ебелектей домаланып, сарайдың есігіне барып та қалды. Енді бір сәтте шой табан екі зауыт атын жеккен жүк шанаға кеспектің қалай барып түсіп қалғанын, тұрғандардың көзі шалмай да қалды.

– Ей, мынауың не істеп жіберді?

– Не істегенін көрмей тұрмысың? Оны орнынан қозғай алмаған кеспекті шанаға апарып салып қойды...

– Неде болса, оны көтере алмағанды бір өзі көтере салды, жарайды. Міне, саған елу тиын, – деді май салған кеспектің қожасы.

– Жиырма тиынды мен берейін, – деді Масликов, кең барқыт шалбарының қалтасына баржыған семіз қолын сұғып жатып.

– Майлы бай, қанша қорбандаса да, қолына бір сомдық сарышұнақ ілінбеді-ау, – деді екі бай бірін-бірі әзілмен қағытып.

– Сен, енді байдан қар күрегеніңе тиын алма, – деді қораны күретіп жатқан қамбашы.

– Уәделескен он бес тиынды әкел. Мен бай кісі емес, сол маған тамақ болады. Жетпіс тиынды ауылда отырған әжеме жіберем, – деді жалпақ қайың күрекпен шөмелеген қарды биік қорадан асыра лақтырып жатқан, беті бұрқыраған термен буланған бала.

– Орлий, сен мына қазақты қолыңа түсіріп ал. Кіресіңе мұндай адам керек қой. Өл реті келгенде, жиырма кісінің, жұмысын істейді. Жотасын қарашы, буыны қатпаған бала, шойыннан құйған алыптардың ескерткіші сияқты...

– Өзім де солай ойлап, жиырма тиын сыйлап тұрмын. Бірақ, ол жиырма кісінің тамағын да ішеді ғой. Өзің айтқандай буыны қатпаған бала созыла беретін резеңке қанар сияқты болады.

– Немене, саған үсіген картоп пен Есілдің сасыған шабағы жетпей ме? Бере бер астырып...

– Иә, оның да есебін табармын. Қысы-жазы құмырсқадай шұбыртып жүргізін отырған кіреге мұндай күш керек. Әсіресе, ұзақ сапарға таптырмайды.

Бала қарын күреп болып, тиынын алған соң, Масликов қойын дәптерін алып, балаға жымия қарап, әңгімеге кірісті:

– Бала, сен қайдан келдің, ә?.. Мен білем, сен Қызылорданікі емес. Қай болыс, қай ауылдікі?

– Ақмола облысы, Сарытерек болысы, Құрама аулынан?

– Әкеңнің аты кім?

– Мұңайтпас Ернақов.

– Өз атың кім?

– Мұқан. Оны қайтесің?

– Сенімен тамыр болғым келін тұр...

– Тамыр болып ат мінгізесің бе?

– Жарайды, мінгізейін. Сен маған жігіт боласың, дұрыс па?

– Болайын, айына не бересің?

– Мен саған бәрін берем. Тамақ менен болады. Сенің киімің жоқ, киім берем. Мына үлкен жігіттерге қандай айлық берсем, сондай айлық берем, айыңа бір сом сексен тиын.

– Ей, тамыр, оның аз ғой. Рас, мен жұмыс іздеп келдім. Әжем, әке-шешем бар. Кедей кісіміз. Ең болмаса менің тапқаным солардың қант-шайына, нанына жететін болсын, аздап қосыңқыра.

– Менен басқа кісі саған сексен тиыннан артық бермейді. Мен сені аяп, үлкен жігіттерге беретін айлық беріп тұрмын. Оның үстіне мына алпамсадай денеңе, оны киіммен жабдықтауға, ішетін тамағыңа екі-үш жігітке беретін қаржым артық шығатынын білесің бе?

Бала ойланып тұрып-тұрып, келісім берді. Келешектегі әлемдік балуан Қажымұқан Масликовқа осылай келін жалшылыққа тұрды...



1. Қажымұқан жайында не білесіңдер, естеріңе түсіріңдер.
2. Мұқанның балалық шағы қайда, қандай жағдайда өтті?
3. Отыз пұт май қатырған кеспекті бала шанаға қалай салды?



## СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ (1922–1993)



Белгілі ақын Сырбай Мәуленов, 1922 жылы Қостанай облысының Жангелдин ауданында дүниеге келген. Педагогика институтын бітірген. Екінші дүниежүзілік соғысына қатысқан жауынгер ақын, көптеген жыр кітаптардың авторы.

Ол балаларға арнап «Барлаушы бала» (1961), «Құлыншак» (1962), «Бала жолбарыс» (1963), «Бала батыр» (1964), «Тартыс таңбасы» (1965) сияқты т.б. жыр жинақтарын ұсынған.

Сырбай Мәуленовтің өлеңдерінде өмір салтанаты, адамдардың сыр-сипаты әсерлі, тым тартымды суреттеледі. Ақын өлеңдері бейнелі сөздермен, дәл табылған теңеулермен ерекше көз тартып, көңілге құлай түседі.

Оның әрбір өлеңдері ойлы түйіндеулерімен бірден-ақ назар аударып, өз жетегіне үйіреді де, әрбір оқырманның көңіліне ұялай түседі.

Тіптен, ақын, қарапайым, елеусіз жайлардың өзін әр қырынан құбылта, ойната көрсетіп, болмыстың бойына қан жүгіртіп, өзгеше қимыл-қозғалысқа түсіруге шебер-ақ.

Сырбай өлеңдерінің ірі саласының бірі – табиғат, көңіл-күй лирикасы. Ақын туған еліміздің көрікті мекендерін, табиғат суреттерін тамсана жырлаумен бірге, өзі көрген-білгендерін, жол әсерлерін өлең жолдарына қосып, оқырмандарды еріксіз еміренте түседі.



### МЕНИҢ РЕСПУБЛИКАМ

Тауды көрсең күн көзімен таласқан,  
Аспан көрсең Ай мен Күнге жол ашқан,  
Менің байтақ Республикам таулары,  
Менің көгім – мөлдіреген сол аспан.

Дала көрсен көкжиекпен ұштасқан,  
Көлді көрсен секілді бір түскі аспан,  
Менің байтақ Республикам даласы,  
Менің көлім теңізбен қол ұстасқан.

Қызыл бұлттай көрсен қырдың гүлдерін,  
Көрсен ашық Алатаудың күндерін,  
Жерінде гүл, көгінде күн бір жүзген  
Ұлан-байтақ Республикам бұл менің.



1. Өлеңнің лирикалық туынды екенін қалай түсіндіңдер?
2. Өлеңдегі эпитет, теңеу, метафоралар қалай берілгенін талдаңдар.
3. Өлеңнің ұйқасын айқындаңдар.
4. Өлеңді жаттап алыңдар.



## ҚЫСҚЫ КҮН

Жөнелді жылы жаққа қаз  
Көлінен қуып қыс деген.  
Жайылды жерге ақ қағаз  
Жазулар әлі түспеген.

Ай аспанда тағадай,  
Өзендер киген көк көйлек.  
Жел бір мазаң балаңдай,  
Қатырған басты көп сөйлеп.

Теңселіп тентек бораннан,  
Басында қатып ақ мұздақ.  
Теректер көкке қадалған  
Телміріп жерден андыздап.

Лақтырған аспан саулатып,  
Жұлдыздай қардың ұшқыны,  
Тұрғандай жазды толғатып  
Аязды, ойлы қыс күні.



1. Ақын қыс көрінісін қалай сипаттайды?
2. Қыс мезгілін ақын өлеңімен салыстыра ой толғаңдар.
3. Сыныпта өлеңнің мазмұның айтып беріңдер.
4. Өздерің де қыс жайлы шығарма жазып көріңдер.

## СӘКЕН ЖҮНИСОВ (1934–2006)



Қазақ прозасын дамытуға аса мол үлес қосқан аса талантты қаламгердің бірі – Сәкен Жүнісов. Ол 1934 жылы Көкшетау өңірінде дүниеге келген. Көрнекті жазушы, белгілі драматург. Оның «Ақан сері», «Жапандағы жалғыз үй» секілді т.б. романдары мен «Заманай мен Аманай» хикаяты сияқты т.б. шығармалары қазақ әдебиетінің даму тарихында үлкен орын иелейді.

Сәкен Жүнісовтың қаламынан өмірге келген қазақтың атақты серісі, асқан әншісі, тамаша ақыны, сазгері Ақан сері туралы роман-дилогиясы – туган әдебиетімізде өзіндік орны бар аса тамаша көркем туынды. Сондықтан да, қаламгердің «Ақан сері» романы көркем әдебиетімізде ең бір шоқтығы биік, аса тартымды шығармасы ретінде жоғары бағаланады. Оның үстіне ол, аса талантты әнші, әрі күйші болатын.



### АҚЫРҒЫ БӘЙГЕ

*(«Ақан сері» романынан үзінді)*

Асқа келген жұрттың аузына Ақан мен оның Құлагері қатар ілікті. Түні бойы арғы киіз үйдің астында болашақ ұлы бәйгені шуылдасып сөз қылғандар қазақ даласында соңғы жылдары алдына ат салмай жүрген Көкшенің дүлдүлін көргенше асыққан.

– Әне, Құлагер келе жатыр!

– Мына бір сары ала жабулы Құлагер болар, – деген дауысты естігенде жұрт лезде жиналды.

– Кәне, кәне, қайсы?

– Мына бір әдемі жабулы ма? – деп үстіне төнін, қоршап алғандар, ынтыға жетіп көргенде, сенбей де жатыр...

– Жок, бұл Құлагердің нағыз өзі! – деп, шаңқ еткен дауыс шықты. Жұрт жым болып, жалт қарасты. Үстінде жеңі салақтаған кең шидем шапан, басына елтірі бөрік киген, жағына пышақ жанығандай арық шоқша сақал, шүйкіген шал екен мұны айтқан.

– Ойбай, Күреңбай ақсақал, – десін, атақты Күреңбай сыншыны жаңа танып, бәрі соның аузына үнсіз қарасты.

Күреңбай көп ішінен алға суырылып шығып, аттың жалынан сипап, мойнын қағып, кейін шегінін, тағы да алды-артын бір орап шықты. Жұртта үн жоқ. Ертеңгі болар бәйгенің болашағын табан аузында осы Күреңбай пешетіндей, демдерін іштерінен алып, сыншының әр қимылын бақты. Шал бір кезде:

– Апырмай, мақтаса мақтарлық алдынан аң құтылмас, бойына шаң жұқтырмас, нағыз ауыздығымен құс тістеген жануар екен. Мен көрген сәйгүліктердің ішінде, мұнымен үзеңгі қағыстырып, тізе соғар жылқы баласы әлі бұл өлкеде туған жоқ, – деп тамсанғанда, жұрттың аузы ашылып, Құлагерге тесіле қарады.

– Оны қайдан біле қойдың, сен де, айта береді екенсің! – деп Батыраш намыстан булыққанда, Күреңбай оған да мойын бұрмады. Жүйріктің әр мүшесіне баға беріп сөйлеп кетті:

– Шіркіннің тұрқын қарашы, тұрқын, он екі таспадан өрген ұзын бишіктей. Күзендей бүктегіле шапқанда тұрқы қысқа бұзау тұлып аттарының екі-үш аттағанын бір-ақ алатын қарышты жануар. Терісі қандай: жұқа, – көзел етіктің былғарысындай мап-майда, ет пен терінің арасында жылтыраған бір май жоқ. Басқа аттар ақ көбікке малынғанда, құлағының түбі де жіпсімейтін көнбіс-ақ. Денесінде бір жапырақ арам ет жоқ, тамырлары білем-білем боп одыраюын қарашы. Қанша шапса басы айналмайтыны, қаны мол, тынысы тарылмайтын құлаш кеңірдек, талыс танау. Тәует бастағы қос құлақ Балқаштың қисық кеткен қамысындай, жағында ұстарамен кесіп алар қырым ет жоқ. Топшысы қаршығаның топшысындай, қос шынтақ күреске ынғайланған балуанның шынтағындай, кең қолтыққа атан түйенің қос тобығы сыйып кеткендей. Аяғы қаққан қазықтай тік, тұяғы мүжілмейтін Оқжетпестің қайрақ тасындай. Быртық бақай, ит жіліншік тазы тізелі, бөкен санды, сіңірі бура тілерсек. Екі бұттың арасынан екі адам жүрелеп өткендей. Жібектей күлтеленген майда жал, жеңіл құйрық.

Жаясы қандай жазық, қасқыр жауырын, түлкі төс, қоян жонды тәулікке танбай шапса да, теңселіп, шатқаяқтамай, садақтың оғынша түзу шабатын малдың белгісі... Жарықтықтың маужырап, бейғам, марғау тұруын қарашы. Ала қашпа, тыз етпе ақпа емес, қаны қызып, денесі бусана келе ағындайтын нағыз ұзақ шабыстың деген өрен жүйрігі. Шапқан сайын үдей түсетіп, өрге салсаң, өршелене түсер ұшқыр, нағыз құйынның құйыны, – деп Күреңбай Құлагердің қасына келін, төспен астасқан, қолтық тұсындағы тасты қабырғадан сипап, бүйірге дейін барды да: – Па, па, біліп едім-ау, ерен туған ерекше мал екенін. Бәсе, бәсе, – деп таңдайын қақты. – Қанаты бар екен жануардың. Мынау жай мал емес, пырақ екен! Тіфе-тіфе, тіл-көзден сақтасын!

– Не дейді, канаты?.. Пырақ!..

– Қанаты бар дейді-ай!

– Ол қай жеріңде?

– Қолтығыңда ма-ай?.. – десіп таңырқағандар үнсіз қалған Күреңбайға шыдамсыз телмірді.

Күреңбай көпке дейін ынтықтырып айтпай тұрды.

– Неғылған қанат? Біраздан соң, сен шал, жаман керді Көкшенің басында ұшқан бүркітке теңестіресің, – деп Батыраш ерніндегі былжыраған насыбаймен қоса инашырата, түкіргенде барып:

– Кез келген жылқыда, өздерің білесіңдер, он екі қабырға болады. Ал Құлагерде бір қабырға артық, міне, қанат деген сол қабырға, көріктей өкпеі қыспай, кең тыныстауына бірден-бір себеп сол, – дегенде, жұрт:

– Не дейді?! Естімеген елде көп! Мынауың шынында да жаратылысы бөлек жануар болды ғой! Нанайын ба, нанбайын ба?

– Кәне, кәне, санайықшы, – десіп, Құлагердің қабырғасына ұмтылғандарды Күреңбай тыйып тастады.

– Әрі тұрыңдар, о несі-ай! Сенбей тұрмысыңдар?! Бәйгеге шабар атқа қол тигізбес болар. Еті қанталап кетеді: бұл қазір бабына келіп, сылап-сипаумен тұрған, сұлы бұлаудан бусанып шыққан сұлудай нәзік жануар емес пе. Қолдың уыты тиеді, – деп шаңқылдаған аңы даусымен көпті кейін шегіндірін, аттың терін жалады. Содан соң, сыртта жетекте көп жүріп келіп, бір-ақ құмалақ тастаған аттың қиын алақанына салып, сығып көрді де, қолын етегіне сұртті.

– Шіркін-ай, атым да ат-ақ, баптаушысы да сабаз екен. «Ат шаппайды, бап шабады» деген бар емес пе? Құлагердей аттың бабы келсе, мұның, алдына кім түсер, – деп Күреңбай тамсанып тұрды. – Терінде сықпа құрттың дәміндей дәм жоқ, жеті тері алынған, бір қасық ащы тері бойында қалмапты. Құмалағында да қоянның көз жасындай бір тамшы су жоқ...

\* \* \*

...Ерейменнің бауыры маужырап, желсіз тымық күндер жиналған тыңдаушылардың көңілін өсіріп, той-думанға дала табиғаты бар нұрын төгіп тұрғандай. Елдегі сәскеге дейін жататын бейғам ұйқы жоқ, жұрт таңсәриден тұрып, коршілеріне қатынап, ақ үйлердің арасында жосыла бастайды. Күн шыға Құсақ көлінің айдынына шомылып, қаздай жүзін, бойлары сергіген жұрт таңғы астарын шуласа, даурыға отырып ішкен. Кей үйлердің астында бірін-бірі қақпақылдап әзілдеп, ұзақ сонарға түсіп, қызық хикая шертісін, өзді-өзі мәз болысқан қонақтар, бір кезде, үріккен қойдай дүрлігіп, далаға ұмтылды. Өр үйдің киіз есіктері түріліп, желпілдеп, қызыл-жасыл оюлы қос есіктер шалқасынан сарт-сұрт ашылып, адамдар бірін-бірі баса, сыртқа атып-атып шықты.

Кең көшенің басында су жорғаны тайпалтып жалғыз аттылы келеді. Ат үстінде жас бала, тікесінен тік тұр. Қолыңда сырнай. Сырнайдың кеңірдек көрігін жыртып жіберердей, құлаштай созған бала айқайын салып әнге басып, шырқап барады. Көшенің екінші басына жеткенде, қайта бұрылып, қолындағы сырнайын анадай тұрған топқа лақтырып жіберіп, енді ат үстінде неше түрлі ойын көрсетін, жүз бұратылды. Тиіндей домалап, басымен тік тұрып, біресе екі қолымен көтеріліп, енді бірде жорғаның мойнына жыланша оратылып, аттың кеудесінен, астынан бикештей сумаңдап, қайтадан ердің үстінде қаздиып, оқыс құлап, бір аяғымен таралғыға ілініп, басын салбыратып, жерден күміс алғандай созыла түсіп, қайталап ат үстіне көзі ілеспей шығады.

– Ойпырмай, мына бала не деген өнерлі еді! Өзінде буын жоқ неме ғой! Ойпырмай, мерт болар ма екен!

– Әй, мынау кеше ақындармен бірге өлең айтқан бала емес пе?

– Иә, әлгі Шашубай деген бала, Қошқарбайдың Шашубайы.

Он бір-он екілер шамасындағы Шашубай енді бір, өткенінде қолына қабығы аршылмаған талдан қиған екі таяқ алып ойнатты. Саусағының басынан иығына дейін жорғалаған қос таяқ ұзын көк ала кесіртке сияқты. Енді бірде, кесірткелер оқ жыланша атылып, баланың басының айналасында зу-зу етеді. Енді, бір сәт, төбесіне қойған қос таяқ қаққан қазықтай қақиып, ін аузындағы суырша сілейіп, қимылдамай сіресіп қалады.

– Уа, жарандар, жарандар, бәрің де маған қарандар, тез арада тарандар, аттарыңа мініңдер, тауға қарай жүріңдер! Онда ат жарыс, онда көкпар, онда күрес– бәрі бар. Жасың да бар, кәрің бар, бірің қалмай бәрің бар, көмулі жатқан сап алтын ат үстінен ділда алсаң, садақ тартып биікке, жалтыраған жамбы атсаң, бірің қалмай бәрің бар. Бар қызықтан қаласың, қымыз ішіп, ет асып, құр жамбастап жай жатсаң. Ал, жарандар, жарандар, атқа жылдам қоныңдар, ал болыңдар, болыңдар, жұрт бас қосқан, неше күнгі ас тосқан, неше бір қызық ойын бар, белшеден батып тойыңдар, ал болыңдар, болыңдар!

Аттылы жігіттің үні де зор екен. Жағалай отырғандарды жеңіл бүлкілмен жағалап, тақпақтата жөнелді.

– Уа, жарандар, жарандар! Уа, халайық, халайық! Сарыарқаның белінде, Ақ сары, Күр сары елінде, жасыл құрақ ақ айдын шалқар Құсақ көлінде, жоңышқасы жайқалған, бәйшешегі шайқалған, ну орманы шулаған, ақ бұлағы тулаған Ерейменнің жерінде... неше бір жүйрік сәйгүлік, деменіз мұны қай мүлік, бағасына күн жетпес, шабысына үн жетпес, ұзаққа талмай салғанда, неше бір дүркін күн жетпес, тұлпарлар мұнда келіп тұр... Алдынан киік құтылмас, жетпесе сірә ұмтылмас, тасқа да салсаң шабатын, басқаға салсаң шабатын Алатаудың Аласы.

«Барсакелмес» аралда құланды қойша қайырған, жыланның көшкен ордасын үстінен таптап өткенде қанжоса ғып айырған кіші жүздің Қарасы...



1. Романда әнші, ақын, сазгер, саятшы, құсбегілерге мән беріндер.
2. Сағынайға берілген асқа көңіл аударыңдар.
3. Күреңбай сыншы Құлагердің қандай сипаттарына сүйеніп айтты?
4. Ат үстінде неше түрлі ән айтып жүрген өнерлі бала кім?
5. Ақан серінің «Құлагер» атты әнін естеріне түсіріндер.



## ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВ (1935–2013)

Тұманбай Молдағалиев – аса талантты ақын. Ол 1935 жылы Алматы облысындағы Еңбекші қазақ ауданына қарасты «Жарсу» деп аталатын ауылда дүниеге келген.

Бүгінгі таңдағы, Әл Фараби атындағы Мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіреді.

Ең қызығы, ол студент кезінің өзінде-ақ, 1975 жылы «Студент дәптері» деп аталатын жыр жинағымен халқын қуантып, «ақын бала» атанып кетеді. Алғаш «Пионер», «Балдырған» журналдарында, «Жазушы» баспасында, әр түрлі қызметтер атқарады. Ол өзінің «Махаббат оты сөнбейді», «Жаңа дәптер» секілді т.б. тамаша поэзиялық жыр кітабынан бастап, өзінің әрбір жыр жинақтарына дейін, туған елге, туған жерге, Отанға, ата мен анаға, дос-құрбыға деген сөнбес махаббат сезімін серпіле жырлайды. Балаларға арнап «Көл», «Менің оқуым», «Ұшқыш болам», «Мен ауылда боламын», «Бүлдірген», «Жанна оқып жүр», «Мен қашан оқимын» сияқты т.б. өлеңдерін жазумен, қазақ балалар әдебиетінің дамуына өзінің үлесін қосты.

Шынында да, оның өлеңдерінде көңіл күй лирикасы кең өріс алған аса талантты ақын. Ақынның тамаша поэзиясы оқырмандардың жүрегіне нәр беріп, көңілдеріне ұялай түседі.



### БАУЫРЛАР

Менің жерім мына жер – сенің жерің,  
Жарасып тұр сол жерге келулерің.  
Осы алқапта сенің де малың жатыр,  
Жайқалып тұр шабылмай егіндерің.



Менің көлім мына көл—сенің көлің,  
Сенің арқаң көңілге семіргенім.  
Жоғалмасын, ағайын, жоғалмасын,  
Жетем деген сол көлге сенімдерің.

Мынау өзен менікі, ел күніге,  
Сүйінеді ұрпақтың ерлігіне.  
Қимай кеткен сол суды аталарың  
Бетін жуып соңғы рет мөлдіріне.

Желбіреді көгімде, міне туым,  
Тұлпарым да дайын тұр мінетұғын.  
Мынау үлкен мәңгілік калаларда  
Үйлерің тұр көшіп кеп кіретұғын.

Кел, бауырым, несіне жүрсің жырақ,  
Сыртың да ұнап тұр маған, ішің де ұнап.  
Сендердің де бір салған әндеріңе  
Бар таулары қазақтың түрсін құлақ.

Жендік біздер тіршілік күресінде,  
Әні есімде, еліңнің жыры есімде.  
Қай қияға ұшсақ та қазақ болсаң,  
Абайымды еске алмай жүресің бе?

Жастау болсаң жайқалып жалындап ал,  
Бақыт өзі кеп сонда қолыңды алар.  
Қазақ болып туғаның рас болса,  
Сарыарқаға сағыныш қаныңда бар.

Оянады көңілден қайдағы арман,  
Бақыт желі ескендей жайлап алдан.

Президентім бар менің елі түгел,  
Ақ киізге көтеріп сайлап алған.

Қауқылдасып қалдық-ау, есендесіп,  
Таңнан тағы тербетті шешем бесік...  
Қарсы алуға дайын тұр бауырларын  
Өз жеріңе бәрің де келсең көшіп...



1. Өлеңнің қашан жазылғандығына мән беріңдер.
2. Ақын тарап кеткен қандас бауырларға нендей өтініш білдіріп отыр?
3. Өлеңдегі патриоттық сезім сырларын анықтап, оқыңдар.
4. Өлеңнің мазмұнын сыныпта айтып беріңдер.

## ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА (1939 – 2014)



Фариза Оңғарсынова – қазақ халқының аса талантты ақын қыздарының бірі. Ол 1939 жылы Атырау өңіріндегі Манап ауылында дүниеге келген. Сондағы педагогикалық институтты бітірген.

Фаризаның жырларында Жайықтың суындай жағаны соққан адуынды көңіл күй, ерекше серпін сезіледі. Оның өлеңдері Каспийдің алапат толқынындай айбынды, Каспийдің аққуларындай пәк, туған даласындай кең, ару анасындай маңғаз, күніндей ыстық, тауларындай асқақ боп келеді. Оның «Сандуғаш», «Маңғыстау маржандары», «Мазасыз шақ», «Асау толқын», «Көгершіндерім», «Шілде» сияқты т.б. жыр жинақтары, оқырмандар сезімін селт еткізген көркем шығармалары.

Ақынның 1967 жылы «Бұлбұл» деген атпен тұңғыш жыр кітабы жарық көрсе, бүгінге дейін 30 дан астам талай-талай өлең жинақтарын ұсынып, өзінің нағыз талант екендігін жан-жақты аңғарта түсті. Оның жас оқырмандарға арналған өлең-жырлары да мол. Бұл орайда, оның «Үй жақсы ма, бақша жақсы ма?», «Жазда», «Ботақан» сияқты т.б. өлеңдерін айта аламыз.



### ОЮЛАР

Түрін-ай текеметтің! Асыл қандай!  
Үңілдім үнсіз ғана басымды алмай.  
«Келе ғой, қошақаным өзіме!» деп,  
Әжем кеп сипағандай шашымнан жай.

Күйімді кешсеңдер-ау сол беттегі,  
Тұрғандай ана көңіл тербеп мені.

Жан бітіп жайраңдады жан-жағымнан  
Қазақтың қошқар мүйіз өрнектері.

Аңсаумен күнім өтті қанша менің,  
Желбауда, басқұрда ма аңсау емім.  
Әжемнің көзіндей бұл оюларды  
Таба алмай дала кезіп шаршап едім.

Елестеп көз алдымда сән шақтарым,  
Келгендей құлағым аңсатқан үн.  
Түрінен текеметтің көріп тұрмын,  
Әжемнің тарамысты саусақтарын.

Шебер көп бұл заманда кілең керім,  
Болмайтын ажыратып түр-өңдерін.  
Сүрінбей өте алар ма ғасырлардан  
Әжемнің оюындай, жыр-өрнегім...

Болардай басқұр, өрнек маған медет,  
Белгісі балғын шақтың қарар жебеп,  
Сүйеніп тұскиізге тұрып қаппын,  
Көз жазып оюлардан қалам ба деп.  
Мөлдір шық жасырынды жанарға кеп...



1. Фариза қай өңірде дүниеге келген?
2. Фариза Оңғарсынованың ең алғашқы жыр жинағы қашан, қандай атпен жарық көрген?
3. Ақын өз өлеңінде не мәселелерді көтерген?
4. Қазақтың ұлттық ою-өрнектерін қалай сипаттаған?
5. Ақын өлеңін жаттап алыңдар.
6. Ою-өрнектерді жырлау арқылы сендерді неге меңзеп отыр?
7. Фариза Оңғарсынова өлеңдерінен жаттап, сыныпта айтып беріңдер.

## БЕСІНШІ БӨЛІМ

### ТУЫСҚАН ХАЛЫҚТАР ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН

#### АЙБЕК (1905–1968)

Өзбек әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі – Айбек. Ол – поэзия, проза жанрларында өндірте қалам тебіrentiн, өзбек әдебиетін дамытуға мол үлес қосқан, шынайы талант иесі.

Айбек – жазушының жұртшылық арасында кең тарап кеткен лақап аты. Ал оның өз есімі – Мұса. Ол 1905 жылдың 10 қаңтарында Ташкент қаласында, тігінші жанұясында дүниеге келеді.

Жас кезінен-ақ, әкесіне қолғабыс тигізе жүрін, ескі мұсылман мектебінде оқып, өз сауатын ашады. Әрі, атасы Ташмұхамметпен бірге, қазақ аулына жиі-жиі барып, ол елдің өмірін, тірлік-тыныстарын өз көзімен көреді.

Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты, Қазығұрт бөктерін мекендеген қазақтар арасында бірнеше рет болған Айбек, қазақ ақындарының ән-күйі, термелерін есітіп, қисса-дастандарын тыңдайды. Той-жиындарына қатысып, ондағы қыз-жігіттердің айтыстарында болып, жүзік салды ойындарын да өз көзімен көреді.

Міне, бұлар оның шығармаларына өрісті өзек, арналы арқау болады. Оны ақынның 1933 жылы жазған «Бақтыгүл мен Сағындық» атты поэмасы мен 1963 жылы бастырып шығарған «Балалық» повесінен анық аңғаруға болады.

Нәтижеде, қазақ әдебиетінің ең жақын досы, қазақ ақын-жазушыларының сыйласы да, сырласы бола білді. Әсіресе, оның Мұхтар Әуезовтей дархан дарын, ғұлама ғалыммен болған достық байланысы, қарым-қатынасы, екі ел әдебиетінде үлкен орын иелейді.



Сондықтан да Айбек, өзінің «Науай», «Киелі хан», «Темірші жора», «Алтын өлкеден екен желдері» сияқты т.б. көркем шығармаларында өзбек халқының өмірін, тірлік-тыныстарын кең сипаттаумен бірге, қазақ өміріне де батыл барып, екі халық достығын «Достығымыз мәңгілік» сияқты т.б. өлеңдерінде емірене жырлады. Әрі, өзінің ең жақын досы болған Мұхтар Әуезовтың 60 жылдығына орай «Құттықтау» атты өлеңін де жазған.

Солай екен, сіз оқырман жастарға қаламгердің «Балалық» повесінен «Қыр елінде» атты бөлімінен үзінді оқуды ұсынып отырмыз. Онда қаламгердің туысқан қазақ халқына деген ыстық ықыласы мен туысқандық сезімі анық аңғарылады.



## ҚЫР ЕЛІНДЕ

*(«Балалық» повесінен үзінді)*

Таң алдында салқын самал еседі. Таң алдында құстар әнін шырқайды. Жол бойына өскен жүзім бейнебір ботаның көзіндей, таң алдында мөлт-мөлт етіп көрінеді. Шие, бүлдірген де албырттанып көздің отын алады.

Міне, Ағзам екеуміз арбада келеміз. Бау-бақша мен жүзімдіктің үстінен көк тотияйындай көк аспан көшін өтіп барады.

Кеше, мектептен қайтқан кезімде, анам шыттан тігілген менің жейдем мен тоқыма шалбарымды жуыпты да, жіпке іліп қойыпты. Анам мені жылы жүзбен қарсы алды.

– Ертең жүресің бе? – деді, ол маған.

– Қайда? – дедім, таңырқаған үнмен.

– Жаңабазарға барасың. Әлгінде, бір адам келді. Оны бізге екең жіберіпті. «Мұсабай дайын тұрса, ертең таң алдында өзім ертіп кетем», – деді. Ағзам да жүреді, оны да әкесі шақырыпты.

Қуанышым қойныма сыймады. Қыр, дала, таулы жер бірден көз алдыма келді. Әсіресе, ондағы қазақ ауылын, атан түйелерді, шашасына шаң жұқпас жүйріктерді көргендей боламын.

...Екі күндей жол азабын тартып, кешке қарай, Жаңабазарға жеттік-ау, әйтеуір. Өзі кең, өзі шаң, кең алаңға ма, әлде көшеге ме,

әйтеуір, бір шеті сонау кең далаға тірелсе, екінші бір шеті сырты балшықпен сыланып тасталған қамыс дүкенге тіреледі.

Қайдан келгенін байқамадым, қарасам әкем арбаның қасында тұр. Арбадан тік көтеріп, екі бетімнен кезек-кезек сүйіп жатыр, мен мойнынан құшақтап алыпшын, сағынғаным сонша, тіпті жіберетін емеспін.

Ағзам арбадан секіріп түсіп, әкесіпе жүгірді.

– Біз де жүрелік, ұлым. Сен Хасенді білесің ғой, – деді әкем, мені жерге қойып жатып.

– Білемін, біздің үйге келін еді ғой.

Соның үйіне барамыз, ол жақсы адам.

Бұрыла-бұрыла қараңғы көшемен біраз жүрдік. Әкем аласа қақпаның есігін ашты, біз өзі үлкен, өзі кең ауланың ішіне ендік.

Дәлізде шырақ жылтырайды. Бізді сырықтай ұзын, арық, бұрын-соңды көрмеген бейтаныс адам қарсы алды.

– Қош келдіңіз, төрге шық, құрметті қонағым бол, – деп, әлгі адам сәлемімізді ілтисиппен қарсы алды.

Дәліздің төріне сырмақ жайып, оның үстіне құрақ көрпе төсеп, әкеміз екеуімізді құрметпен отырғызды.

– Балаға мен барып ыстық сорпа әкелейін, жол азабын тартып, арып-ашып келді ғой. Жол жүру–ауыр азап, – деді де, көзден таса болды.

Тынық түн, төбемізде жұлдыздар жымындайды. Ауланың сонау қараңғы түкпірінде, шегірткенің шырылдағаны мен беделікте жайылып жүрген аттың дыбысы естіледі.

Әлгі кісі көп кешікпей қайтып оралды. Ол менің алдыма кесеге құйған ыстық сорпа мен жұмсақ екі күлше қойды.

– Қане, жиен бала, күлшені сорпаға турап, түк қалдырмай сілтеп ал. Барына пайғамбар риза. Бұйырғаны осы болды, жиен бала. Қатын-бала Ташкентте, ал біз базаршымыз, – деді.

*Өзбекшеден аударған Көбей Сейдеханов*



1. «Балалық» повесіндегі қазақ ауылы қалай сипатталған?
2. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне бала Мұса қалай қарайды?
3. Шығарманы оқып, мазмұнын айтып беріңдер.
4. Шығармадан көрініс тапқан қазақ ауылын қаламгер қалай сипаттаған?



## ҒАФУР ҒҰЛАМ (1903–1966)

XX ғасыр өзбек әдебиетінің ірі тұлғаларының бірі, аса дарынды ақын – Ғафур Ғұлам. Ол қазақ әдебиетінің ең жақын досы, қазақ қаламгерлерінің тым жақын сыйласы да, сырласы болатын. Ол туысқан өзбек халқының өмірін, тірлік-тыныстарын жан-жақты сипаттаумен бірге, қазақ-өзбек халықтарының достық қарым-қатынастарын ерекше серпінді әуенмен жырлаған дарынды достық күйшісі.

Қазақ өміріне де батыл барып, оны өзінің поэзиялық, прозалық шығармаларында биікке көтере, барынша дәріптеді. Өзі де: «Мен Қазақстанды көп уақыттан бері жақсы білемін. Жас кезімде Шымкент облысындағы Қапланбекте біраз тұрғаным бар. Шымкент, Сайрам, Жамбыл, Түлкібаста әлденеше рет болдым. Қазақстанның астанасы Алматы қаласына оннан аса рет келін кеттім», – дейді. Содан да болар, ол қазақ қаламгерлерімен, оның ішінде, қазақ әдебиетінің ірі тұлғасы Сәбит Мұқановпен етене араласып, өмірінің соңғы сәттеріне дейін шын мәніндегі достық қарым-қатынаста, шығармашылық байланыста бола жүрін, сырласа білді.

Нәтижеде, қазақ-өзбек халықтарының дәстүрлі достығын, мызғымас бірлігін кеңінен жырлап, оны өз шығармаларының өрісті өзегі, арналы азығы етті. Бұл орайда, оның «Түрксиб жолында» атты толғау өлеңімен «Түрксибді біз құрдық және құра алдық», «Қазақ даласының бір түп айдарлы кекілі» сияқты т.б. публицистикалық шығармаларын, Абай, Жамбыл, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов секілді, ұлы тұлғаларға арнаған өлеңдерін атауға болады.

Оның үстіне, ақынның «Қазақ елінің ұлы тойына» (1945) өлеңін айрықша атап өткен жөн.



Шынында да, кемеңгер ақынның «Сен жетім емессің!», «Уақыт», «Мен жәйтпін» секілді т.б. өлеңдерімен бірге, «Сұм бала» повесі, өзбек әдебиетін биікке көтерген кең тынысты, кемел шығармаларынан.



## ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҰЛЫ ТОЙЫНА

Үлкен қазақ—азамат халық  
Өзбекпенен туысқан анық.  
Бір ту асты бірлестірді,  
Мәңгі бақыт, мәңгі жарық.

Бір тамырмыз, бір шаруамыз,  
Бір қазанбыз, бір алау.  
Ортамызда зейнет толған,  
Дастарқандай кең жайлау.

«Өзбек елі—өз ағам» деп,  
Өтірік сөйлемес қазақ.

дей отырып, одан әрі:

Зор бүркіттей қанаттанды,  
Жетіліп ел жетесі.  
Күләш қыздың дауысындай,  
Аманкелді лепесі, —

дейді де, онан соң, қазақ-өзбек халықтарының дәстүрлі достығын,  
тарихи тамырластығын:

Мың жылдарға шылау бермес,  
Туысқандық тарихымыз.  
Екі басқа бір маңдайдай,  
Сәулелі жарығымыз.  
Бір кітаптың екі беті,  
Тұтас-жалғас жеріміз.

Бір-біріне күндей раушан,  
Сыры бірге еліміз.  
Қарындасым, туысқаным,  
Үлкен қазақсың өзің.  
Өзбекпенен бірге туған,  
Таңғы шолпан жұлдызың, –

дей түседі де, қазақ қыз-келіншектерінің әсем бейнесін:

Алматының алмасындай,  
Ал қызыл нұр жүздерің.  
Кәнібадам бадамындай,  
Қарақаттай көздерің.  
Алтай бөркі қыңыр киген,  
Қастары құндыздарың.  
Маңдайларын сәуле сүйген,  
Қаз омыраулы қыздарың.

Айнабұлақ суларындай,  
Болсын бағын жарқырақ.  
Жеңгем десем, алыс болмас,  
Сіңлім десем – жақсырақ, –

деп, одан соң, күн сәулелі Қазақстанның тамаша келбетін, мол табыс-  
тарын шынайы сезіммен былайша жырлайды.

Кешегі шөл бүгін көл боп,  
Бау-бақшасы майысты.  
Бетпақ дала, жазира шөл,  
Байлық толып қайысты.  
Сәтті өмірге сақтап жатқан,  
Алтын кенін ақтарды.  
Ураны мен байлығы артқан  
Ұлы Отан мақтанды.

Алтын, мұнай, көмір, темір  
Барлық байлық сенде бар,  
Менделеев тізімінің  
Барлығы да кенде бар.  
Қазақ жасы ен білімнің  
Дариясына бойлады.  
Шексіз сахра, алтын қазына,  
Салтанатын тойлады.

Күнің ұлы, күннен де сен,  
Берекелі ұлы халық.  
Миллион тонна арпа, бидай  
Қамбалары толған анық.  
Ер басына күн туғанда  
Ерлігі мол батыр халық.

Тұлпар мініп ту алғанда,  
Бірі мыңға татыр халық.  
Қарындасым, туысқаным,  
Үлкен қазақ аман бол!  
Тыныштықта аспан бол да,  
Тыныштықта жаһан бол.

Мақтанбаймын шын айтқанда,  
Бір шамалап қараймын,  
Айтысуға Сәбитпенен,  
Тартысуға жараймын.  
Өзбектің мен зор даңқты  
Мынадай ақынымын.  
Жан қазақ акындарының,  
Досымын, жақынымын.

*Өзбекшеде аударған Өтебай Тұрманжанов*



1. Ақын өзбек-қазақ халықтары достығын қалай жырлаған?
2. Өлеңде қазақ халқының мол байлығын, ел табысын қалайша дәріптеген?
3. Ақын Сәбит Мұқановпен болған достық байланысы жайлы не айтады?
4. Қазақ қыз-келіншектерінің бейнесі қалай сипатталған?
5. Өлеңнің мазмұнын түсініп, оны сыныпта айтып беріңдер.



## АБДУЛЛА АВЛОНИ (1878–1934)

XX ғасыр өзбек әдебиетінің дамуына, бір жөн сүбелі үлес қосқан қаламгердің бірі – Абдулла Авлони. Ол 1878 жылы Ташкент қаласындағы Мергенші махалласында, тоқушы жанұясында дүниеге келеді де, 1934 жылдың

25 тамызында дүниеден өтеді.

Ол 7 жасында Оқпы махалласындағы мектепте оқып, оны 1890 жылы бітірген соң, Шайхантаурдағы медреседе дәріс тындап, білімін одан әрі жетілдіре түседі.

Абдулла Авлони 15–16 жасынан өлең жаза бастайды. Ол 1905 жылдан бастап, өз өлеңдерімен баспасөз беттерінде жиі көріне бастайды. Әрі, 1905–1908 жылдар аралығында «Даму», «Хуршид» деген сияқты ғазеттерде жұмыс істейді.

1908 жылы «Даңқ», яғни «Шухрат», «Азия» газеттері жабылғаннан соң, Абдулла Авлони Ташкент қаласындағы Мирабад махалласында, алғаш рет, мектеп ашып, бала оқыту жұмысымен кеңінен шұғылдана бастайды. Ол ашқан алғашқы мектеп, өз дәуіріндегі ең жаңа үлгідегі озат мектептердің бірі болады.

Сондықтан, 1909 жылы «Бірінші мұғалім» деген атаққа, ал 1912 жыл «Екінші мұғалім» деген дәрежеге ие болды.

Сондай-ақ, ол 1913 жылы «Түркі Гүлстан», «Бір жақын түйін», 1916 жылы «Мектеп–гүл мекені» деген сияқты еңбектер жазады. Ал 1909–1916 жылдар аралығында 6 бөлімнен тұратын «Әдебиет», «Ұлт өлеңдері» деген секілді оқу құралдарымен бірге, «Әлінпе», «Оқу кітабы», «Қырахат кітабы» деген оқулықтар жазады.

XX ғасырдың 30-жылдарында 7-сыныптың «Оқу хрестоматиясын» жазып, алғаш рет оқырман жұртшылыққа ұсынады. Онда, өзбек

ақын-жазушыларымен бірге, бір жөн орыс қаламгерлері жайлы да мағлұматтар береді.

Сондай-ақ Абдулла Авлони 1919–1920 жылдары дипломатиялық жұмыстармен де айланысады. Өмірінің соңғы сәттеріне дейін Орталық Азия мемлекеттік университетінде, бүгінгі таңдағы, Ұлттық университетінде оқытушы болып қызмет атқарады.

Ол осындай, жемісті еңбегінің нәтижесінде, 1927 жылы «Еңбек Ері» атағын иелеген болса, 1930 жылы «Өзбекстан Халық ағарту ісінің үздігі» деген атақ алады.



## ОТАН

Сенің атың бұл өмірде киелі,  
Қадіріңді ессіздер қайдан біледі?  
Сезімдерің жүректерге ой салып,  
Өзге дертті таргып алар үнемі.  
Жерің, суың бізді бағып тойдырар,  
Семіз-семіз қойын беріп сойдырар.  
Алма, анар, әнжір, жүзім-өнімің,  
Ат пен өгіз, ешкі, теке, елігің –  
Біздер үшін қызмет етер барлығы.  
Азық-түлік сыйы болып әр бірі,  
Сенде туып, өссем дағы жетіле.  
Қайтып барып, кірем тағы тосіңе.  
Анамызсың!  
Өзің қамқор, мейірімді анамыз.  
Алақайлап, жасап тұрған панамыз.  
Өзің ойла, бола ма сені сатуға.  
Сойле!  
Тілің бар ма, мұңдарыңды айтуға?  
Айып бізден, сені сауып ембедік,  
Жем берсек те, алар жемді көрмедік.  
Байқамаппыз қойныңдағы қазынаны,  
Біле алмаппыз тас-таразы, базнаны.

Сатып-сатып, қалдық біз ғамға батып,  
Жапалақ боп, ойрандалған жерде жатып,  
Сені сатып, ақша етерміз – келіп кетер,  
Жыл өтпей-ақ, өз бағасын екі етер.  
Тәрбиесіз, білімсіздік жазасы ғой,  
Жауыздықтың басқа салған азасы ғой.  
Селдей қайғы келмейді ғой тез бірден.  
Беталысын тоқтатпаған мұң-жырмен

*Өзбекшеден аударған Сапарбек Иманбеков*



1. Абдулла Авлониді қандай қаламгер қатарына қосуға болады?
2. Ол қай жерлерде мектептер ашып, немен шұғылданған?
3. Оның «Отан» атты өлеңінде қандай мәселелер көтерілген?
4. Өлеңді үйде оқып келін, сыныпта түсінгендеріңді айтып беріңдер.

## ЕРКІН ВАХИДОВ (1936–2016)



Еркін Вахидов – өзбек поэзиясының жарқын жұлдыздарының бірі. Ол – 1936 жылдың 28 желтоқсанында Ферғана облысына қарасты Ақ алтын ауданындағы оқытушы жанұясында дүниеге келеді. Әкесі екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, жараланады да, 1945 жылы өз еліне оралған соң, өмірден озады. Арадан 2 жыл өткеннен соң, анасы да дүниеден өтеді. 10 жасқа жетер жетпесте, Ташкенттегі нағашысы өз тәрбиесіне алады.

Сөйтіп ол, өз оқуын Ташкентте одан әрі жалғастыра түседі. Әдебиетке деген ықласы, мектепте оқып жүрген шағында-ақ, ерте оянады. Ол мектепте оқуын үздік бағалармен аяқтаған соң, қазіргі Мырза Ұлықбек атындағы ұлттық университетінің филология бөліміне оқуға түседі де, оны аяқтаған соң баспасөз орындарында жұмыс істейді.

Ол өзінің тырнақалды өлеңдер жинағын алғаш рет 1961 жылы «Таң шапағы» деген атпен бастырып шығарған болса, 1964 жылы өзінің «Жан айқайы» дастанын оқырман жұртшылыққа ұсынады.

Сондай-ақ ақынның «Өлеңдерім саған», «Жүрек пен ақыл», «Менің жұлдызым», «Лирикалар», «Махаббат», «Қазіргі жастар», «Тірі планеталар», «Қайғы», «Арман бұлағы», «Шатырда жазылған дастан», «Шуақты мекен», «Рухтар көтерілісі» сияқты т.б. жыр жинақтары мен дастандарын жыр сүйер қауым, ерекше сүйіспеншілікпен қуана қарсы алады.

Оның үстіне ол, көптеген әлем ақындарының, оның ішінде аса талантты орыс ақыны Сергей Есенин өлеңдерімен бірге, неміс ақыны Гётенің «Фауысын» өзбек тіліне аударып, өзбек халқының рухани игілігіне айналдырады.

Еркін Вахидов тек өлеңдер мен поэмалар жазумен бірге, драматургия саласында да бір жөн еңбек еткен, қарымды қаламгерлерден. Бұл орайда, оның «Алтын қорған», «Стамбул қайғысы» деген сияқты драмалық шығармаларын атай аламыз.

Ол ХХ ғасырдың 50-жылдарынан бастап жазған өлеңдері мен дастандарын жинақтап, оларды «Махаббат машақаты», «Өлең әлемі», «Өмір – өзен» және «Көңіл үндері» деген атпен 4 томдық жыр жинақтарын оқырман жұртшылыққа ұсынады.

Оның үстіне, аса талантты ақынның «Рухтар көтерілісі» атты драмалық туындысында, ұлттар, ұлыстар арасындағы күрес-тартыстар, ылғи да, бүкіл әлемге қауіп-қатер туғызатындығын аса орынды сипаттайды. Сөйтіп, ақын достықты, ынтымақ-бірлікті биікке көтере түседі.

Міне, осындай аса талантты ақынның ел-жұрт, әдебиетке қосқан сүбелі еңбектері үшін, ол «Өзбекстан қаһарманы» деген ең жоғарғы марапатқа ие болды.



## ЖАН АЙҚАЙ

Айқайлаймын, тау төсінен бір-бірлеп,  
Айқай қайтар, жаңғырумен күмбірлеп.  
Ана жердің от түбінен айрықша,  
Балам! – деген дауыс келер біртіндеп.

«Балам!» – сөзі,  
Бар бойымды шарпып өтті жалыны,  
Ыстығынан тынысым да тарылды,  
– Міне, мен балаңыз!  
Дертті әлемге сізден жалғыз естелік.  
Бұл өмірде шырмап жүрген тәнімді.

– Сөйле әкешім! Сөйлеңіз шындайын,  
Бір сәт, құлақ салып тұрайын.  
Даусыңызды тыңдап тоймай жатырмын.  
Жоғалттым. Таппадым іздеп ұдайым.



Әкешім, ойымды оңдап алайын,  
Бұл – ұлы сөзді шынға балайын.  
Жиырма жыл алмадым ғой тіліме,  
Жүрегімде сақтадым, бұл – ұлы сөз арайын.

Арманда балаңыз, тыңдайды ақын боп,  
Сөйлеңіз, естімеуге хақым жоқ.  
Жүрегімді жандырды отты азаптар,  
Көзімде бір-ақ, бір тамшы жасым жоқ.

Көкейде.  
Бұл күндер маған беруде азап, от.  
Сіздің төсіңізді тескен қара оқ,...  
Сілкіп аққан жүрегімде бар қаным.  
Өміріме сансыз арман артқанмын...  
Сізге арнадым әкешім, жан әкешім!  
Қызыл қанмен жазылған бұл дастаным.

Ғасырластар, құрбы, бауыр, халайық!  
Келіңдер жым, бір сәт ойға шомайық.  
Бұл пәк жерде жан бергендер жатыр ғой,  
Бастарына гүл шоқтарын қояйық.

Бұл өңірде бақыт болсын, гүл болсын.  
Бұл жүректер мәңгілікке жыр болсын.  
Ешқашанда қара түнек болмасын,  
Өткен күндер оралмасын – нұр болсын.

Ғасырластар, бауырластар әр елде,  
Ояу болсын, назар салсын әлемге.  
Шарпымасын бұл жерді – от, жалындар,  
Қорымында тыныш жатсын әменде.

Тыңда жер ананың ыңырсуы үдеді,  
Қолтық таяқ зардабынан үнемі.

Атом зондтың қорқынышты кейпінен,  
Бұрдаланды бұл топырақ жүрегі.

Тыңда! Жер-Анамыз әлем шарлауда,  
Көкірегі алауланып зарлауда.  
Кел ғасырлас, бауырластар қол беріп,  
Ант етейік, жер-Ананы қорғауға.

Болайық біз, бұл әлемнің сүйері,  
Тыныштық майданының күйері.  
Бұл саған, бұл маған, бұл бәрімізге,  
XX ғасыр дауысы – киелі!

*Өзбекшеден аударған Сапарбек Иманбеков*



1. Еркін Вахидов озбек поэзиясына қашан кіріп келген?
2. Оның ең алғашқы өлеңдер жинағы қалай аталады?
3. Ақынның «Жан айқай» шығармасында қандай мәселе көтерілген?
4. Ақынның «Жан айқай» шығармасын үйде оқып, мазмұнын сыныпта айтыңдар.
5. Аса талантты ақынның «Өзбегім» атты дастанын оқып, қандай мәселелер көтерілгеніне көңіл бөліңдер.

## АБДУЛЛА АРИПОВ (1941–2016)



Абдулла Арипов – Ўзбекистон халық ақыны, әрі Ўзбекистон халық қаһарманы, Ўзбекистон Республикасы әнұранының авторы.

Ол 1941 жылы Қашқадария облысының Касан ауданына қарасты Некуз қыстағында дүниеге келген.

Абдулла Арипов Ташкент Мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне 1958 жылы оқуға түсіп, оны 1963 жылы бітіріп шығады.

Ол әдебиет майданына ХХ ғасырдың орта шенінде кіріп келеді де, талантты ақын ретінде халқымыз арасында кең таныла түседі.

Нәтижеде, ол Ўзбекистон халық ақыны, Ўзбекистон қаһарманы дәрежесіне көтеріледі. Оның «Майда жұлдыз», «Коз алдымда», «Рухым», «Анашым», «Ўзбекистон», «Қайрат» сияқты т.б. өлеңдер жинағы оқырмандар тарапынан ыстық ықыласпен күтін алынған.

Ўзбекистон Республикасының Тәуелсіздік таңында, Абдулла Ариповтың өлеңдері, оның өлеңдеріне жазылған әндері кіріп бармаған бірде-бір үй, Ўзбекистон өңірінде жоқ десек, ол артық айтқандық емес, бірден-бір шынайы шындық. Тіптен, оның жыр шумақтары ХХ ғасырдың 70-жылдарының орта шенінде-ақ, қазақ оқырмандары арасында кең таныла түскендігі соншалық, оны қазақ ақындары «Біздің Абдулла», – дейді.

Ақынның, «Бауырларыма», «Безерлік», «Қазақтар» сияқты т.б. өлеңдерін жыр сүйер қауымдар ерекше ыстық ықыласпен сүйіп оқиды.



## ЎЗБЕКСТАН

(Толғау)

Елім саған, жырды жаздым бүгіннен,  
Теңеуінді таба алмастан әлемнен.  
Әрбір ақын мақтан етер жырымен,  
Өзің жалғыз, өзің ұлы бар елден.  
Олар жыры шарықтайды ұзақтап,  
Қанатында ақ күмістей жері бар.  
Бір өлке бар, дүниеде бірақ та,  
Жазылмаған дастаны бар, елі бар.  
Тек, әлсіз ғөй менің қаламым,  
Өзбекстан – Отаным менің!

Жүре алмаймын жұмақты да іздеп мен,  
Таппасам да тартқым келмес азабын.  
Отырмаймын ертегіні сөйлеп мен,  
«Шарабы» – деп, аршылмайды қаламым.  
Көктемінен жыл ләззатын алып-ақ,  
Жыр жазды ғөй ұстаз Хамит Әлімжан.  
Ғафур Ғұлам мерейінен жалындап,  
Жазсақ еді жыр дастандар ағылған.  
Ұзақ тарих – қадамым менің,  
Өзбекстан – Отаным менің!

Көргенің бар, бар шындықта қаныққан,  
Іле алмайды барлығын да көздерім.  
Мақтамаймын кейбіреуін бірақ та,  
Өткенімді ойлайтын бар кездерім.  
Жаулап алды кең Азия жерлерін,  
Екі ғасыр билеп жарты әлемді.  
Бөлмағыр бір – өзімшіл боп ерлері,  
Зар қақсатты билеп-төстеп бар елді.  
Деймін мен, бүгінгі менің –  
Озбекстан – Отаным менің!

Бабаларды еске алсақ жан-жақты,  
Ежелгіге ешкімнің жоқ өкпесі.  
Аспан ілімі жаралғанда алғашқы,  
Қорғанидің дайын еді кестесі.  
Жауыз қолдар қан қылышын алғанда,  
Құстай болып ұшты алтын бастары.  
Жұлдыз емес, жарқыраған аспанда,  
Ұлықбектің көздерінің жастары.  
Жерде қалған, о, тәнім менің,  
Өзбекстан – Отаным менің!

Зауал корме ешқашанда бұл өлкем,  
Зауал білме, бұл жасыңнан күн ертең.  
Дос-жарандар, қандастармен бірге сен,  
Биік бол да, жеңімпаз бол нұр өлкем.  
Мәңгі тұрсын бой көтеріп сарайың,  
Ғасырлардың үніменен әрдайым.  
Ерікті елдер арасында бақ күліп,  
Мәңгілікке жарқырасын маңдайың.  
Жаса мәңгі, мекенім менің,  
Өзбекстан – Отаным менің!

*Өзбекшеден аударған Сапарбек Иманбеков*



## АҚЫН

Ойлама сен ақынды,  
Босқа өмір сүрер деп.  
Шынайы ақын – шын дарын,  
Сезбесті сезер жүдә көп.

Жақсыға да, жаманға,  
Алаң болар әманда.

Шындықтан бас тартпай,  
Айтар сөзің ойлайды.

Кейбір жанша бос күліп,  
Жандайшап, жасық болмайды.  
Айтқан сөзде нық тұрып,  
Өмір жайлы ойлайды.



## КӨП БОЛДЫ ҒОЙ

Көп болды ғой бармағалы ауылға,  
Хат жазуға қол да кейде тимейді.  
Елде шешем күнде мені ойлаумен,  
Таң атқанша қос жанарын ілмейді.

Жол қарайды әдетінше өзінің,  
Бірақ менен, хат та бара қоймайды.  
Сонда да, ол медет тілеп Алладан,  
«Аман қыл» – деп түні бойы ойлайды.

Ұзақ тұрып жол бойында тоңса да,  
Жол күтуден ешқашан да талмайды.  
Мен бір жүрген Мәжнүн болсам да,  
Сөз маржанын ағытудан қалмаймын.

Анам үшін тым қажет екенімді білсем де,  
Жұмысым көп ешбір текке жүрмеймін.  
Қандай қиын болса дағы кей сәтте,  
Жыр жазудан күдерімді үзбеймін.



## КҮЗГІ КӨРІНІС

Бақшаға, құмарлана қарасам,  
Ынтықтығым артады.

Сол үшін де қуанам,  
Күзгі иіс – мұңды алған.  
Жүрегімнің түбінде,  
Жалындайды жыр-маржан

Күзгі алтын жапырақ,  
Көз нұрымды тартады.

Бұтақтардың арасын,  
Жібек жіптер шырмаған.  
Әрине ол – жін емес,  
Ұйқасы ғой жыр-арман!

*Өзбекшеден аударған Қалдыбек Сейданов*



1. Абдулла Арипов қай жылы, қай облыста дүниеге келген?
2. Ақынның «Өзбекстан», «Көп болды ғой» атты өлеңдерін үйде оқып келін, онда қандай мәселелер көтерілгендігін сыныпта айтып беріңдер.
3. Ақын өлеңдерінде сүйіспеншілік сезім қалай көрініс тапқан?
4. Ақын «Күзгі көрініс» өлеңінде табиғат тылсымын қалай сипаттаған?
5. Ақын өлеңдерін жаттап алыңдар.

## АЛТЫНШЫ БӨЛІМ

### ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН

#### АЛЕКСАНДР ПУШКИН (1799–1837)

Александр Сергеевич Пушкин әлем әдебиетінің даму тарихына аса мол үлес қосқан ірі тұлға. Ол 1799 жылдың 26 мамырында Мәскеу қаласында дүниеге келеді. Александрдың әдебиетті сүюіне үйіндегі бай кітапхананың әсері болды. Табиғатында тым жуас, ойшыл бала, оңаша қалған сәттерінде кітап оқығанды жақсы көреді екен.



Кейбір, тарихи мәліметтердің айтуына қарағанда, Александр Пушкиннің отбасы, әсіресе әкесінің ақындармен қарым-қатынасы жиі болған екен. Нәтижеде, ол жастайынан-ақ француз тілін жетік меңгерумен бірге, театрларға жиі-жиі барып, өнерге ерекше көңіл көзін қадай түседі.

Әрі сол кездегі, атақты В.А. Жуковский, К.Н. Батюшков сияқты т.б. ақындармен тым жақын қарым-қатынаста болады.

Сөйтін, А.С. Пушкин бала кезінен-ақ, тіл мен әдебиет, өнер табиғатының ортасында өсіп, көркем әдебиеттің бал бұлақтарынан жан-жақты сусындай түседі.

А.С. Пушкиннің шығармалары әлем оқырмандарын өз жетегіне үйіре түсіп, дүние жүзін шарлады. Оның лирикаларын, ертегілерін, кең тынысты, кемел поэмаларын оқымаған адам, әлемде кемде-кем болса керек.

Өздеріңе ұсынып отырған «Балықшы мен балық» ертегісін қазақтың үлкен ақыны, ғұлама ғалымы Ахмет Байтұрсынұлы ана тілімізге аударған. Оқып шығып, рухани нәр ала түсіңдер.



## БАЛЫҚШЫ МЕН БАЛЫҚ

(поэмадан үзінді)

Теңіздің жағасында кемпір мен шал  
Тұрыпты отыз үш жыл нақ дәлме-дәл.  
Күн көрген бейшаралар балық аулап,  
Болмапты төрт түліктен ырымға мал.

Үсті шым, асты пұқыр, жерден жырған  
Баспана-мекенінің сикы тұрған.  
Бала жоқ қолғанаттық екеуінде,  
Иіріп кемпір жібін, шал ау құрған.

Бір күні шал апарып ауын салды,  
Балық жоқ, ауға оралған балдырды алды.  
Салғанда және ауын екінші рет,  
Теңізге бітетін бір шөп оралды.

Тағы да, үшінші рет ауын салып,  
Сүйретін шығарды бір Алтын балық.  
Шал байғұс өз көзіне өзі сенбей,  
Аңырып тұрды біраз аң-таң қалып.

Жарқырап, үсті-басы оттай жанып,  
Адамша сөз сөйлейді Алтын балық:  
«Жанымды бір шыбындай қи, ақсақал!  
Бар болса не қажетің менен алып».

Шал сасып, абдырады есі кетін,  
Балық деп, бұл неғылған, тілге жетік?  
Керемет мұндай, сірә, көрген емес,  
Ау салып отыз үш жыл кәсін етін.



1. Орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкин жайында не білесіңдер?
2. Автор балықшы шал мен кемпірдің теңіз жағасындағы өмір сүруін қалай суреттеген?
3. Бұл ертегі сендерге таныс па?
4. Ертегіні толық оқып шығып мазмұнын айтып беріңдер.



## ДАНИЭЛЬ ДЕФО



Ағылшын халқының, аса талантты жазушысы Даниэль Дефо, өзінің «Робинзон Крузо» деп аталатын жалғыз романымен-ақ, әлемге әйгілі болған қаламгер. Өйткені, ұлы мұхиттың бір түкпіріндегі бұрын-соңды адам баласы аяқ басып көрмеген, аралдағы жалғыз жанның жанкешті тірлігі, кім-кімді болса да, қайран қалдырады.

Расында да, Робинзон Крузоның өмір сүру үшін жасаған күрес, тартыстары, айлалары, іс-әрекеттері оқушылардың жігерін жандырып, қайратын қайрай түсетіндігі анық.

Кеме теңізде апатқа ұшырап, жалғыз өзі белгісіз аралға шығып қалған Робинзонның 28 жыл бойы жалғыздықтың жапасын шеккен өмірі, шытырман оқиғалары кез келген оқырмандарды өз жетегіне үйіре түседі.

Оның «Робинзон Крузо» туындысының оқиғасы тым қызық болғандықтан, ол аса тартымды көркем шығарма ретінде, әлем әдебиеті төрінен бекем орын иеледі.

Сондықтан, Даниэль Дефоның «Робинзон Крузо» романы әлем әдебиетінің ең озық үлгілерінің біріне айналды.

Нәтижеде, аталмыш кітап «Мәңгілік кітаптар» қорына енген, дүние жүзіне әйгілі шығарма бола алады.

Сендерге, оқу үшін ұсынылып отырған үзіндіде, тек қана, бір жылға жуық өмірі қамтылған. Ол өзінің өмірінде кездескен сан-қилы қиындықтарын көрсету арқылы, адам рухының мықтылығын, сол жалғыздықтың қасіретін қандай жолмен жеңе білгенін, ұстамдылығын, нені болса да, ақылға салып, іске асыра білгендігін жан-жақты аңғартады.

Сөйтін, ол адал да, қажырлы еңбек ету жайларынан хабар беруді бірден-бір мақсат етеді.



## РОБИНЗОН КРУЗО

(романнан үзінді)

Робинзонның күнделік дәптерінен:

1859 жылғы 30 қыркүйек. Біздің кемеміз ашық теңіз бетінде сұрапыл қатты дауылға кездесіп, апатқа ұшырады. Кемедегі менен басқа адамдардың бәрі де суға батты. Мен – бақытсыз Робинзон Крузо, шала-жансар күйінде қарғыс атқан, осы аралға лақтырып тасталдым. Ол аралға «Түңілу» аралы деп ат қойдым. Түнге қарай жыртқыш андардан қорыққандықтан, ағаш басына шықтым. Түнімен жаңбыр жауып тұрғанына қарамастан өте қатты ұйықтадым.

1 қазан. Таңертең, ояғанда қайырлап қалған кемені су тасқыны көтеріп, жағалауға жақындатып тастағанын көрдім. Бұл – жел басылған уақытта маған кемеге барып, тамақ және басқа керекті нәрселерді алуға мүмкіндік береді деген сезім туғызды. Су қайта бастасымен кемеге бардым. Әуелі, мүмкіндігінше бойлап бардым да, содан, аяқ жетпеген жеріне жүзе бастадым. Ол күні, тұтасымен жаңбыр жауды, бірақ, жел әбден басылды.

Қазанның 1-нен 24-іне дейін. Кемеден әр түрлі нәрселер тасумен айналыстым. Мен кемеге су қайта бастағанда, жүзіп барып, су таси бастағанда, қайта жүзіп шығып жүрдім. Нәрселерді салға салып тасыдым. Анда-санда болмаса, ашық күн болған жоқ, үздіксіз жаңбыр болды да тұрды, соған қарағанда, осы уақытта аралға жауынның көп жауатын мезгілі болу керек.

25 қазан. Күні-түні жаңбыр жауды, ызғырық жел соқты. Түнде кемені тұрған жерінен быт-шытын шығарып алып кеткен, тек орнында бөлек-салақ бірдемелері қалыпты. Қалдықтары су кейін тепкен уақытта ғана қылтып көрінді. Сол күні суға тисе, тез бұзылатын заттарымды қымтап, жабумен болдым.

26 қазан. Мекендеуге қолайлы жер қарадым. Көбінесе ойлағаным түнде қарағанда жыртқыш андардан және адамдардан қауіпсіз болу еді. Кеш жақындағанда тік жардың етегінен бір ғана орын таптым. Осы тапқан орнымды екі қатар қазық қағып, сыр-

тына шым үйгім келді; қазықтың ара-арасын кеме арқандарымен керіп қосқым келді.

31 қазан. Ертемен қолыма мылтық алып, бір аң атып алармын деген мақсатпен аралды аралап жүрдім, сонымен бірге маңайды да қарап шықтым.

1 қараша. Таудың жанында жаңа орынға күрке орнатып, оның ішінде қазықтарға керме төсек ілдім.

4 қараша. Аң аулау үшін, жұмыс істеу, ұйықтау үшін және көңіл көтеру үшін белгілі сағаттар белгілеп, өзімнің уақытымды бөлдім. Егер жаңбыр жаумаса ертеңмен тұрып, қолыма мылтық алып, екі-үш сағат аралды аралаймын, содан соң, сағат он бірге дейін жұмыс істеймін, он бірде ертеңгі тамақты ішемін. Он екіден, екіге дейін тынығамын (өйткені, бұл күннің нағыз ыстық уақыты), екіден бастап тағы жұмысқа кірісем. Соңғы, екі күн ішінде барлық жұмыс істейтін сағаттарымды стол жасауға арнадым. Мен, ол кезде, стол жасауға олақ едім. Бірақ мұқтаждық неге болса да үйретеді ғой. Мен он саусағымнан өнерім тамған шебер болдым. Сөз жоқ, кім болса да менің жағдайымдай халге кездесе, осындай шебер болар еді.

13 қараша. Жаңбыр жауып тұрды, жер де, көк те едәуір жаңарып, дем алуға жеңіл бола бастады, бірақ ұдайы күн күркіреп, жарқылдап тұрды, сондықтан мен мылтық дәрілерім тұтанып кете ме деп, қоркумен болдым. Жаңбыр өткеннен кейін, мылтық дәрілерім бәрі бірдей, біржолата, өртеніп кетпес үшін, олардың барлық қорын шағын-шағын бөлшекке бөлін, әр жерде сақтамақшы болдым.

17 қараша. Нәрселерімді қолайлырақ етіп орналастыру үшін, бүгін, күркенің сыртындағы топырақты таудан үңгір қаза бастадым. Бірақ, бұл жұмысты істеу үшін үш нәрсе: сүймен, қайла, күрек және қазған топырақты шығару үшін екі аяқты арба, немесе кәрзеңке керек болды, бірақ менде бұлардың бірі де жоқ. Сондықтан, жұмысты тоқтатуға тура келді. Мен әлгі керекті нәрселердің орнына не қолдансам екен, болмаса оларды қалайша істеп шығарсам екен деп, көп ойладым. Сүймен мен қайла орнына ломмен жұмыс істемекші болдым. Ол жұмыс істеу үшін жарайтын болса да, өте ауыр болды. Ендігісі күрек, онсыз болмайды. Бірақ, оны неден жасайтынымды білмедім.

18 қараша. Орманнан өзіме керекті материалдар іздеп жүрін, Бразилияда өсетін темір ағаш дейтін, ағашты таптым, (темір ағаш деп қатты болғандықтан айтылған). Көп азаппен, балтамды мұқатып, өлін-талып кестім де, әрең дегенде, сүйреп үйге әкелдім. Енді, осыдан, күрек істемекшімін. Ағаштың қаттылығынан көп уақытым кетті, басқа амал жоқ. Балтамен шапқылай-шапқылай әйтеуір күрек формасына келтірдім, сап жағы өте келісті болды. Ағылшындар істейтін күректердің сабынан бір де кем емес, үш жағында темір болмаған соң, көп ұзаққа шыдамады. Дегенмен, оны жер қазу жұмысына едәуір-ақ пайдаландым. Және ол көп қажетіме жарады, дүние жүзінде ондай әдіспен және ұзақ уақыт бір күрек те істелмеген болар деп ойлаймын.

Маған ендігі керегі – жәшік арба немесе кәрзеңке. Кәрзеңке туралы ойлап, бас қатырудың да керегі жоқ, себебі, тоқитын менде шыбық жоқ, ал шыбық бар жер маған кездескен де жоқ. Ал, енді, жәшік арбаны істеуге болады ғой деп ойлаймын. Ең қиыны доңғалағы: доңғалақты қалай істеуін мен тіпті білмеймін, бел ағашына темір керек, ол менде атымен жоқ. Сондықтан, арба жасауда да тасшылардың, әк салатын астауы сықылды бірдеме жасадым. Астау жасау күректен гөрі оңайлау болды, дегенмен бұл да, төрт күн уақытымды алды. Аңға шықпай қалған күнім өте сирек, шыққан сайын құр қайтпаймын, әйтеуір, түскі тамағыма бірдеме ала келем.

23 қараша. Әлгі айтылғандарды істеп болғанша басқа жұмыстарым қарап тұрды. Біткеннен кейін, үңгір қазуға кірістім. Күшім жеткенше күні бойы қаздым. Маған керегі заттарымды оңтайлы, әрі жайлы етін орналастыру. Осыған 18 күн уақытым кетті.

Ескертпе: Осы 18 күннің ішінде істеген жұмысым – үңгірді кеңейту. Кеңейтудегі мақсатым: жүк жиятын қойма, әрі тамақ пісіретін ас үй, тамақ ішетін асхана және азық қоятын жер болса екен дейміп. Жататын, отыратын орным шатырлы, қалың, жаңбыр жауып, тамшы аққанда болмаса, үңгірде көп отырмаймын. Ең соңында келіп, үйге шошайтып төбе істедім, сабан төбелі үйдің үсті тәрізді болды, үстін жапырақпен жаптым.

10 желтоқсан. Үңгір бітті, енді істейтін еш нәрсесі қалған жоқ, деп, ойлағанмын. Тап бүгін ішіне қарасам, бір жақ бүйірінің төбесі

құлап, едәуір жерін басып қалыпты (тым кеңейтін жіберген болуым керек). Көрдім де, қорқып кеттім; әрине, қорқудың да реті бар еді: сол минутта үңгірде болсам, өзімді басып қалар ма еді, егер баса қойса, көмушінің де керегі болмас еді. Тағы, үлкен жұмыс күтіп алды: құлаған құмды тасып шығару керек және тіреу қоюға тура келді, әйтпесе, тағы құламасына кім сенген.

11 желтоқсан. Амалым бар ма, бүгіннен бастап осы жұмысқа кірістім. Қазірше екі тіреу орнатып, олардың үстінен айқыш-ұйқыш етін екі тақтай қойдым.

17 желтоқсан. Он жетісінен жиырмамына дейін үңгірге айнала зат жинайтын тақтайлар салдым, бағандарға шеге қағып, тиісті нәрселерімді ілдім, үңгірдің іші енді үйдің ішіндей тәртінке түсті.

20 желтоқсан. Барлық заттарды тасып әкеліп, тиісті жеріне орналастырдым. Бірнеше кішкене тақтайды бірінің үстіне бірін қатарлап, азық-түлік қоятын сөре жасап алдым. Мұның өзі дәл буфет сықылды болды да шықты. Тақтай азайып бара жатқан соң, өзіме тағы бір, үстел істеп алдым.

24 желтоқсан. Күні-түні жаңбыр жауып, үйден шыққаным жоқ.

26 желтоқсан. Жаңбыр толастады. Күн жадырап ашылып, едәуір суыта бастады.

27 желтоқсан. Ешкінің екі аяғының сынған жері бітіп, секіріп ойнайтын болды. Лақты мәпелеп көп уақыт бақтым, өзіме әбден үйренді, тіпті қасымнан кетпейтін болды. Күндіз шатырдың алдында жайылып жүреді. Сол кезде, асыранды ешкіні көбейтудің қажет екендігі есіме келді, оқ-дәрім таусылғанша осыны жүзеге асыруым керек екен?

28.29.30 және 31 желтоқсан. Тып-тынық, жел жоқ, күн өте ыстық. Тек кешке таман аң аулау үшін үйден шығатын болдым. Өзімнің барлық шаруашылығымды біржолата ретке келтірдім.

1660 жылғы 1 қаңтар. Ыстық басылмады, сонда да, бүгін екі рет аңға шығып келдім: таңертең және кешке. Түсте жатып демалдым. Кешке таман жазық пен аралдың ортасына дейін барып, толып жатқан киіктерді көрдім. Бірақ, олар сондай үркек екен, тіпті маңайына жолатпады. Оларға ит қосып ауламақшы болдым.

2 қаңтар. Бүгін ит ертіп шығып, киіктерге қосып едім, бірақ бұл тәжірибемнің сәті түспеді. Бір топ киік итке қарсы шықты. Сірә, ит те өзіне төнген қауіпті жақсы білген болу керек, кейін қарай қашып, ешкілерге тіпті жақындамай, безіп кетті.

*Аударған Абдолла Құлыбеков*



1. Елсіз аралға Робинзон қалай тап болды?
2. Тосыннан кездескен талай қиындықты Робинзон қалайша жеңді?
3. Робинзон өмір сүрген аралдың ауа райы қалай өзгереді екен?
4. Робинзонның күнделік жүргізу әдісіне назар аударыңдар.

## БИЛИМЎДИ СЫНА

Таулардан өзен ағар сарқыраған,  
Айнадай сәуле беріп жарқыраған,  
Жел соқса, ыстық соқса, бір қалыпта,  
Аралап тау мен тасты арқыраған

Көңілің суын ішсең ашылады,  
Дененде бар дертінді қашырады,  
Өксіген оттай жанып жануарлар  
Өзеннен рақат тауып басылады.  
Қынарда тілсіз тұрған тоғайлары  
Шуылдап желмен бірге бас ұрады...

1. Қай өлеңнен алынған? \_\_\_\_\_

2. Авторы кім?

---

3. Өлеңде қандай сөз тіркестері қолданған?

Айнадай сәуле –

Оттай жану –

Тілсіз тоғайлар –

4. Әдеп-ғұрыптардың қай түрі бейнеленген?



---

---

5. Ақынның «Өзен» өлеңіне қарап, суреттегі айырмашылықтарды толықтырыңдар.



---

---

---

6. Өлеңде табиғаттың адам өмірінде атқарар жүгін қалай сипаттаған?

7. Берілген сөздерден ағылшын тіліне аударма жаса.

А. тау	1.
В. өзен	2.
С. табиғат	3.
Д. жел	4.



8. «Өзен» өлеңінің авторы кім?

A)



B)



C)



Д)



9. Қазақтың бас ақыны кім?

A)



B)



C)



Д)



10. Аңыз-әңгімелер кейіпкерлеріне мінездеме бер:

Қожанасыр \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Алдар көсе \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ауыз әдебиеті. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. – Алматы. «ҒЫЛЫМ» баспасы, 2002 ж.
2. Абай Құнанбаев. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-том. – Алматы. «ҒЫЛЫМ» баспасы, 2002 жыл.
3. Ахмет Байтұрсынов. Қазақ әдебиетінің тарихы. 5-том. – Алматы. «ҒЫЛЫМ» баспасы, 2006 жыл.
4. Ыбырай Алтынсарин. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-том. – Алматы. «ҒЫЛЫМ» баспасы, 2004 жыл.
5. Әбділда Тәжібаев. Қазақ әдебиетінің тарихы. 5-том. – Алматы. «ҒЫЛЫМ» баспасы, 2006 жыл.
6. Мұхтар Әуезов. Қазақ әдебиетінің тарихы. 6-том. – Алматы. «ҒЫЛЫМ» баспасы, 2006 жыл.
7. Сәбит Мұқанов. Қазақ әдебиетінің тарихы. 6-том. – Алматы. «ҒЫЛЫМ» баспасы, 2006 жыл.
8. Ғабит Мүсірепов. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы. «ҒЫЛЫМ» баспасы, 2006 жыл.
9. З. Ахметов. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы. 1998 ж.
10. Ахмет Байтұрсынов және қазақ филологиялық мәселелері. – Алматы. 2004 ж.
11. Д. Досжанов. Абай айнасы. – Алматы. 2002 ж.
12. М. Әуезов. Абай жолы. 1-том. – Алматы. 2006 ж.
13. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. – Алматы. 2012 жыл.
14. М. Мағауин. Қазақ хандығы дәуіріндегі. Әдебиет. – Алматы. 1992 ж.
15. Ө.Әбилманұлы. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы. 2002 ж.
16. М. Әуезов. Абайды білмек парыз, ойлы жасқа. – Алматы. 1997 ж.
17. С. Мақпырұлы. Қазақ әдебиеті. 1-бөлім. – Астана. 2007 ж.
18. С. Мақпырұлы. Қазақ әдебиеті. 2-бөлім. – Астана. 2007 ж.
19. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. – Алматы. 2008 ж.
20. Қазақ әдебиетінің 1–10 томдары. – Алматы. 2002–2008 жылдар.

## МАЗМУҢИ

АЛҒЫ СӨЗ .....	3
----------------	---

### БІРІНШІ БӨЛІМ АУЫЗ ӘДЕБИЕТИ

Тұрмыс-салт жырлары .....	6
Бесік жыры .....	7
Тұсау кесер .....	9
Тұсау кесер жырлары .....	10
Той бастар .....	11
Той бастар жыры .....	12
Жар-жар .....	12
Беташар .....	14
Бата .....	15
Наурыз жайлы түсінік .....	17
Наурыз өлеңдері .....	19
Төрт түлік туралы .....	21
Мақалдар мен мәтелдер .....	24
Отан, туған жер туралы мақал-мәтелдер .....	25
Еңбек туралы .....	27
Достық, адалдық жайлы .....	27
Оқу, өнер, білім туралы .....	28
Ерлік, батырлық жайлы .....	29
Жұмбақтар .....	29
Жаңылтпаштар .....	32
Өтірік өлеңдер .....	34
Қырық өтірік .....	37
Ертегілер .....	44
Керқұла атты Кендебай .....	47
Алтын сақа .....	52
Жақсылық пен жамандық .....	55
Аңыз әңгімелер .....	58
Асан қайғының Жерұйықты іздеуі .....	59

Ақсақ Құлан, Жошы хан.....	60
Жиренше шешен мен Қарашап сұлу.....	61
Сұратқан хан ақымақ па, сұраған сен ақымақ па?.....	65
<b>Әдеби ертегілер</b> .....	67
<b>Әбділда Тәжібаев</b> .....	68
Толағай ( <i>ерлік туралы аңыз</i> ).....	68
<b>Шешендік сөздер</b> .....	75
Тайкелтірдің төрелігі.....	78
Байдалы бидің көңіл айтуы.....	79
Қазыбек би мен Бұхар жырау.....	82
Ақтайлақ би мен Қанай шешен.....	83
Сырым мен Малайсары.....	84

## ЕКІНШІ БӨЛІМ АСЫЛ МҰРАЛАР

<b>Жүсіп Баласағұн</b> .....	89
Білім қазына екендігі туралы.....	91
Ақыл, білім туралы.....	92
<b>Қабуснаме</b> .....	93
Ақылың болса – өнер үйрен.....	95
Ата-ананы құрметтеу туралы.....	96
Аманатқа қиянет ету – ерлік емес.....	97

## ҮШІНШІ БӨЛІМ XIX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІМЕРІНЕН

<b>Махамбет Өтемісұлы</b> .....	99
Ереуіл атқа ер салмай.....	99
Қызғыш құс.....	101
<b>Ыбырай Алтынсарин</b> .....	102
Өзен.....	102
Әке мен бала.....	103
Жомарт.....	104
Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш.....	104
Бақша ағаштары.....	105
Қыпшақ Сейітқұл.....	106
<b>Абай Құнанбаев</b> .....	108
Жасымда ғылым бар деп ескермедім.....	108
Әсемпаз болма әрнеге.....	109
Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін.....	110
Білімдіден шыққан сөз.....	110

Сәулең болса кеуденде.....	111
<b>Шәкәрім Құдайбердіұлы</b> .....	113
Қасқыр, түлкі, бөдене .....	113
<b>Жамбыл Жабаев</b> .....	119
Өтеген батыр ( <i>поэмадан үзінді</i> ) .....	119

## ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

### XX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН

<b>Ахмет Байтұрсынұлы</b> .....	122
Өгіз бен бақа.....	123
Егіннің бастары .....	124
<b>Сұлтанмахмұт Торайғыров</b> .....	126
Шілде.....	126
Кейіптеу .....	128
<b>Мағжан Жұмабаев</b> .....	129
Қысқы жолда.....	130
Сағындым .....	131
Балалық шақ.....	132
<b>Сәкен Сейфуллин</b> .....	134
Ақсақ киік.....	134
<b>Ілияс Жансүгіров</b> .....	137
Күй ( <i>поэмадан үзінді</i> ) .....	138
<b>Бейімбет Майлин</b> .....	143
Қанды кек ( <i>әңгіме</i> ) .....	143
<b>Мұхтар Әуезов</b> .....	147
Ақын қонақтар ( <i>«Абай» романынан үзінді</i> ).....	148
Портрет .....	152
<b>Сәбит Мұқанов</b> .....	153
Лашын ( <i>«Өмір мектебі» романынан үзінді</i> ) .....	154
<b>Ғабит Мүсірепов</b> .....	159
Жаңа достар ( <i>«Қазақ солдатты» романынан үзінді</i> ) .....	159
<b>Сапарғали Бегалин</b> .....	164
Бала Шоқан ( <i>әңгіме</i> ) .....	164
<b>Иса Байзақов</b> .....	170
Жазғы кеш .....	171
Көктем.....	171
<b>Қалмақан Әбдіқадыров</b> .....	173
Қар күреген бала ( <i>«Қажымұқан» повесінен үзінді</i> ).....	174
<b>Сырбай Мәуленов</b> .....	177
Менің Республикам .....	177
Қысқы күн .....	178

<b>Сәкен Жүнісов</b> .....	179
Ақырғы бәйге («Ақан сері» романынан үзінді) .....	179
<b>Тұманбай Молдағалиев</b> .....	184
Бауырлар .....	184
<b>Фариза Оңғарсынова</b> .....	187
Оюлар .....	187

## БЕСІНШІ БӨЛІМ

### ТУЫСҚАН ХАЛЫҚТАР ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН

<b>Айбек</b> .....	189
Қыр елінде («Балалық» повесінен үзінді) .....	190
<b>Ғафур Ғұлам</b> .....	192
Қазақ елінің ұлы тойына.....	192
<b>Абдулла Авлони</b> .....	196
Өтан .....	197
<b>Еркін Вахидов</b> .....	199
Жан айқай.....	200
<b>Абдулла Арипов</b> .....	203
Өзбекстан .....	204
Ақын .....	205
Күзгі көрініс.....	206

## АЛТЫНШЫ БӨЛІМ

### ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН

<b>Александр Пушкин</b> .....	207
Балықшы мен балық (поэмадан үзінді).....	208
<b>Даниэль Дефо</b> .....	209
Робинзон Крузо (романнан үзінді).....	210
Білімді сына .....	215
Пайдаланылған әдебиеттер .....	218

С 31 **Сейданов, Қ.**  
Әдебиет: Жалпы орта білім беретін мектептердің 5-сыныбына арналған оқулық / Қ. Сейданов, Г. Нишанова. – Т.: «O‘zbekiston», 2020. – 224 б.

И. Сейданов, Қ.

ISBN 978-9943-01-738-2

УЎК: 821.512.122(075)

372.882

КБК 82.3 (5Қоз)я72

*O‘quv nashri*

**Q. Seydanov, G. Nishanova**

**ADABIYOT**

*Umumiy o‘rta ta’lim maktablarining 5-sinfi uchun darslik*

*To‘rtinchi nashri*

*(Qozoq tilida)*

Суретші *М. Йулдошев* Редакторы *З. Абдиназарова*

Көркемдеуші редакторы *Х. Қутлуков* Мұқаба суретшісі *Д. Мулла-Ахунов*

Техникалық редакторы *Т. Харитоновна* Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Баспа лицензиясы АІ №158, 14.08.2009.

Басуға 2020 жыл 27 июлде рұқсат етілді.

Пішімі 70x90<sup>1/16</sup>. «Таймс» гарнитурасы. Кеглі 12, 10. Офсеттік қағаз.

Офсеттік әдіспен басылды. Шартты баспа табағы 16,38.

Есептік баспа табағы 10,32. Таралымы 5766. Тапсырыс №20-273.

«O‘zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.

100011. Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20. Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10.

*e-mail: [uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz](mailto:uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz) [www.iptd-uzbekistan.uz](http://www.iptd-uzbekistan.uz)*

## Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемдері негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.



С 31 **Сейданов, Қ.**  
Әдебиет: Жалпы орта білім беретін мектептердің 5-сыныбына арналған  
оқулық / Қ. Сейданов, Г. Нишанова. – Т.: «O‘zbekiston», 2020. – 224 б.

И. Сейданов, Қ.

ISBN 978-9943-01-738-2

УЎК: 821.512.122(075)

372.882

КБК 82.3(5Қоз)я72

*O‘quv nashri*

**Q.Seydanov, G.Nishanova**

**ADABIYOT**

*Umumiy o‘rta ta’lim maktablarining 5-sinfi uchun darslik*

*To‘rtinchi nashri*

*(Qozoq tilida)*

Суретші *М. Йулдошев* Редакторы *З. Абдиназарова*

Көркемдеуші редакторы *Х. Қутлуков* Мұқаба суретшісі *Д. Мулла-Ахунов*

Техникалық редакторы *Т. Харитоновна* Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Баспа лицензиясы АІ №158, 14.08.2009.

Басуға 2020 жыл 27 июлде рұқсат етілді.

Пішімі 70x90<sup>1/16</sup>. «Таймс» гарнитурасы. Кеглі 12, 10. Офсеттік қағаз.

Офсеттік әдіспен басылды. Шартты баспа табағы 16,38.

Есептік баспа табағы 10,32. Таралымы 607. Тапсырыс №20-274.

«O‘zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.

100011. Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20. Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10.

*e-mail: [uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz](mailto:uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz) [www.iptd-uzbekistan.uz](http://www.iptd-uzbekistan.uz)*